

Каз
М37

МАШҲҮР-ЖҮСИП



سید پیر سیب
۶


103
102

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

Мәшһүр Жүсіп

Шығармалары. 12 том



Павлодар 2008

УДК 80
ББК 83.3 Қаз
М-37

Редакциялық алқа:

Арын Е.М., Қирабаев С., Құсайынов А.,
Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. (жауапты редактор),
Қасқабасов С.А., Нұрғалиев Р., Әбусейітова М.Қ., Негимов С.,
Дәуітов С., Қамзабекұлы Д., Тұрышев А., Жүсіпов Н.Қ., Жүсіпов Е.Қ.

Рецензенттер:

А.С. Еспенбетов – М.Әуезов атындағы
Семей университеті профессоры, фил. ғыл. докторы;
Д. Ысқақұлы – фил. ғыл. докторы, профессор.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы

М-37 Шығармалары. 12 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008.
Т. 12. – 363 б.

ISBN 9965-08-310-X


Он екінші томда Мәшһүр Жүсіптің әдебиет, тарих, ғылымының басқа да түрлі салалары туралы айтқандары тікелей өз жазбалары бойынша қамтылды. 1-10 томдарда Мәшһүр Жүсіп еңбектері тақырып, сала, жанр т.с.с. бойынша жіктеліп беріліп келсе, 11-томда және осы 12- томда түпнұсқа тәртібін сақтап жариялау, яғни тақырып т.с.с. тұрғыдан жіктемей, қолжазбаның түптелу, сақталу реті бойынша бірінен соң бірін қалдырмай ұсыну жүзеге асты.

ББК 83.3 ҚАЗ

Араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, құрастырып, баспаға кітапты әзірлеген- Гүлназ Қуандыққызы Жүсіпова, филология ғылымдарының кандидаты, профессор.

М 4603020000
00 (05)-08

уқ 4183



ISBN 9965-08-310-X

Жаппардың пайғамбарды қонаққа шақырғаны

Көрсеткен көп халыққа мылжызатты
Хақ расул барша жаннан шарапатлы [1].
Патша боп Хақ расул тұрғанында,
Бар екен бір сахаба Жаппар атлы.

Белгілі жомарт, мағлұм сахаба еді,
Бай еді өзі жомарт, инабатлы.
Қонаққа пайғамбарды шақырмакка,
Бір күні эзірледі (хызырлады) сияпатты.

Шақырды шымыр иар (жар) мен пайғамбарды,
Бір койды кебеп (кибап) кылып бауыздады (бағызлады).
Ет пісіп даярланып тұрғанында
Қасында жараны мен жетіп кепті.

Кішкене ол Жаппарда екі ұғлы бар,
Хақ расул кеп отырды шарапатлы.
Далада екі ұғлы ойнап жүріп,
Үлкені кішісін жығып сапты:

– Сені мен әлгі койша соямын!- деп,
Бакыртып әлгі койша бауыздапты.
Тастапты шалкасынан мойнын қиып,
Шаһит боп кіші ұлы каза тапты.

Шешесі жас баланы іздеп барып,
Өліп жатқан баланы тауып апты.
Шыдамай ашуына кіші ұлы өлгенін,
Ұрмакка үлкен ұлын (ұғлын) ыңғайлапты.

Қашам деп шешесінен тамнан құлап,
Жығылып үлкені де дүние сапты.
Алланың әмірімен каза жетіп,
Шаһит боп екі бала өліп қапты.

«Пайғамбар мұны білсе, ренжір!»- деп,
Екеуін бет жасырып, жаба сапты.
Тағамын мейманына жегізбекке,
Суын құйып, ет әкеп даярлапты.

Дастарқанын жайып сап алдарына,
Алдына табакпен ет апарыпты.

Дұға қып бет сипап Хақ пайғамбар
Табакқа: «Бисмилла!»- деп, қолын сапты.

Жебірейіл сол арада келіп жетіп,
Қолынан пайғамбардың ұстай апты:
– Иа, достым, не себептен тоқтаттың?- деп,
Сол жерде қолын тартып тұра қапты.

– Бір Алла хабар айтты саған,- дейді,
– Жіберді: «Тез барғыл!»- деп, маған,- дейді.
Жаппардың (Иабырның) екі ұғлын қасына алмай,
Бұл тағам сізге жеуге харам!-дейді.

Пайғамбар айтты Жаппар ансарына:
– Ай, Жаппар, қайда сенің балаң?- дейді.
– Балалар әлдеқайда ойнап кеткен,
Қарамай жей беріңіз оған,- дейді.

– Баласыз жеу бізлерге халал емес,
Жемеймін бала келмей, тағам!- дейді.
Япырмай (шақырмай) Аюп ансар жауап берді:
– Шынымды мен айтайын сізге енді.

Тақсыр-ау, алаң болмай жей беріңіз,
Келмейді екі балам, өлді,- дейді.
Беріңіз тағамнан соң жаназасын,
Балаға тезтір ажал келіп еді.

Пайғамбар қолын жайып, қылды дұға,
Бір ғажайып қаза екенін білді дейді:
– Иа, Рабха, жетімді қабыл қылсаң,
Жаппардың екі ұғлына жан бер!- дейді.

Дұғасын Хақ тағала қылды ажайт,
Сол сағатта екі бала тірілді енді.
– Иа, Жаппар, балаң сенің келер ме екен,
Екеуін атын атап, шақыр!- дейді.

Атасы атын атап шақырған соң,
– Ләббай!- деп, екі бала жетіп келді.
Шатланды сахабалар бұл жұмысқа,
Баршасы бала бірлан тағам жейді.

Пайғамбар тағамнан соң жауап сұрды (сұрады):
– Иа, балам, не тамаша көрдің?- дейді.

– Ғаршы-Гүрсі лужыңа (лұхыңа) барып кіріп,
Ішіне сегіз ұрмақ кірдім!- дейді.

– Азырақ хор қызымен ойнап-ойнап,
Жәннаттың тағамынан жедім,- дейді.
Шақырған атамыздың даусы жетіп,
Амалсыз асығыспен келдім!- дейді.

Бұл істі көп халықтың көзі көрді,
Өлікке жан бергенін ғажап білді.
– Лә-ила-Алла, Мұхаммед-расул Алла!- деп,
Көп жөһит иман етіп, дінге кірді.

Көп жөһит иман етіп, дінге кірді.
Күннен-күнге кереметі артық білді.
Он сегіз мың ғаламды жаратқан Хак
Ислам діні бұрынғыдан көтерілді.

Сондай мұғжизалар бола берді...

Мауқай деген ақынның «Көгершін хикаясы» өлеңі

Мешітте Хак пайғамбар отыр еді,
Қасына сахабалар жиылды енді.
Тағы да бір азырақ хикая етіп,
Жазбаққа ақын Мауқай назым терді.

Әбубәкір сыдық пен хазірет Ғалы,
Хазіреті Ғұмар, Оспан жиылды баршалары.
Мәжіліс, уағыз айтып отырыпты,
Есіктен [бір көгершін] кіріп келді.

– Иа, тақсыр, бір шапағат қыла гөр!- деп,
Көгершін пайғамбарға зар еңіреді:
– Артынан бір қаршыға келді жетіп,
Ажалым енді менің жетті!- дейді.

– Өзі жас ұша алмайтын үш бала бар,
Мен кеткен соң, олар аштан өлер!- дейді.
Тамаша бір ғажайып болды жұмыс,
Отырған сахабаның бәрі көрді.

Есіктен бір қаршыға келді- дағы,
О дағы пайғамбарға зар еңіреді:

– Ей, тақсыр, қуып келген таға[мы]м бір,
Қылмаңыз маған қатты қиянатты.

Қылмаңыз қиянатты маған- дейді,
– Көгершін тығылып тұр саған,- дейді.
Үш күндей мұны аулап қуып жүрмін,
Зорлық қып бермесеңіз, келер шамаң!- дейді.
– Бар еді бес балапан бәрі нашар,
Бермесеңіз, аштан өлер балам!- дейді.

Құдайдың қараңыздар құдіретін,
Сол жерде қатты састы Мұхаммедім,
Бермесе, бес балапан аштан өлмек,
Көгершінді берсе, үш балапан қалар жетім.
– Қаршыға, көгершін қалсын сала[мат],
Берейін балаңа өзім малдың етін.

– Тақсыр-ау, қиянат қой бұл қылғаның,
Жемейді малдың етін балапаным,
Қылыпсыз көгершінге көп шапағат,
Көрмейсіз бес балапан неге жайын?!

Өзімнің аулап жүрген анымды бер,
Көз-жасым мойныңызда енді менің.

– Құданың (Құдайдың) кім құтылар құдіретінен,
– Қаршыға, қайтпайсың ба бұ бетіңнен?!
Етінен тәтті шығар көгершіннің,
Берейін өзім кесіп тән етімнен.

– Ендеше сізге мұны бағышлайын,
Өзіңіз кесіп берсең сан етіңнен.

Үш балапан хақы үшін бермек болды,
Бейшара жан болмаса жас жетімнен?!

Қолына Хақ пайғамбар пышақ алды,
Кеспекке сан етіне ыңғайланды.

– Ой, тақсыр, саныңызды кеспеңіз! - деп,
Отырған сахабалар көп зарланды.

Рахымы көгершінге келгеннен соң,
Санына:

«Бисмилла!»- деп, пышак салды,
Санына [бұ] пышакны салып еді,
Бір баспай болат пышак тұрып қалды.

– Япырмай, бұ шіркінге не болды?!- деп,
Тағы да тасқа жанып, қайта салды.
Ғажайып халайыққа болды жұмыс,
Бауырдай, екі пышак тасты бөлді.

– Насихат болды, сірә, бұған дейді,
Отырған сахабалар тамаша етті.
Санына үш мәртебе салған екен,
Пышағы «тасты жарған» бір кеспеді.

– Иа, таксыр, кеспей-ақ кой, ризамыз-[деп],
Екі құс көз алдында ғайып болды.

Мекайіл Исафил мен келген екен,
Шапағатын сынамаққа жүрген екен.
Бір Алла сынамаққа жіберіпті,
Достының жомартлығын білген екен.

Осындай шапағатлы, құрмет еді,
Қалғаны күндіз-түні тағат еді.
Намаздың қазасынан баян қылып,
Жазайын кисса қылып тағы да енді.

Умисәлім хикаясы

Расулдің Умисәлім қатыны еді,
Ғазғияш әулис-ай тұр еді.
Сол жұптының үйінде Хак расулім
Хазіреті Ғалы, Хак пайғамбар екеуі отыр еді.

Ғалының тізесіне басын қойып,
Хак расулім [демалып] жатыр еді.
Дамылдап біразырақ жатқаннан соң,
Сол уақытта ...

Таксырды әдеп сақтап оята алмай,
Екінді сол уақытта қаза болды.
Пайғамбар сол арада оянады:

– Намаздыгер болды ма?-деп, ойға алады.

– Иа, Ғалы, намазыңды оқыдың ба,

Екінді болды ма екен?- деп сұрады.

Ғалы айтты:

- Күн батты, оқымадым,

Мен сізді оятуға бата алмадым.

– Ұйқы дұшпан!- деп, ренжіді,

– Мінекей, зор кінәға мен де қалдым.

– Өз қазам өзіме жетер,- дейді,

– Сіздің де қаза[ң]ызды арқаладым.

Ренжіп осыны айтып отырып,

Батқан күнге қарап дұға қылды.

Алланың әмірімен жарық болып,

Батқан Күн орнынан қайта шықты.

Сыйынып бір Аллаға құлдық етіп,

Сол жерде таһарат алып даяланды.

Жарқырап Күн жоғары қайта [шық]ты,

Асықпай намазларын сонда оқыпты.

«Ғиаснак» кітабында айтар мұны,

«Өтірік!»- деп, күнәкар болма тіпті.

Мәдине, Мекке менен бәрі көрді,

Күн орнына қайтадан барып кірді.

«Ла ила, ила Алла, Мұхаммед расул Алла!»- деп,

Көп жөһит калима айтып дінге кірді.

Бір ағыраби хикаясы

«Ғиаснак» кітабында айтар еді,

Бір ағыраби пайғамбарға жетіп келді:

Бар еді өзі әйел жалғыз балам,

Жахиз қаза жетіп бүгін өлді.

Сақтап үйге [оны] қояйын ба,

Қабірге оны апарып көмдім!- депті.

Үйімде тағат қылып отыра алмай,

Сізге мен жылайын деп келдім!- депті.

– Тірілтіп сол баламды берсең егер,

Кіреп ем дініңізге өзім!-депті.

Расул айтты:

– Көрелік дұға кылып,

Қабірі ол кызыңның кайда?- депті.

Қабірге сол күні қойған екен,

Жетелеп пайғамбарды алып келді.

Шақырды үш мәртебе Хак пайғамбар

Тіріліп расулға жауап берді:

Бір мезгілде жан ашығын қатты көрдім,

Тірілтпе, Хак расулім, мені!- дейді.

Өлген қыз мұсылманның дініне кіріп,

Хақлығын пайғамбардың білді дейді.

Атасы қыз қабірін ашып көріп,

Қызының тірілгенін анық көрді.

Сөйлесіп атасымен кешу айтып,

Қызы өлді, бетін жауып қайта көмді.

Хак пайғамбар екен!-деп, калима айтып,

Ағыраби ислам тауып, дінге кірді.

Әлгі ағыраби ауыл-аймағымен:

– Ла-ила, ила Алла!- деп, калима айтты.

Кітаптан әр нұсқаны көзім көрді,

Сөйледім қадари хал назым теріп.

«Шапағат махшар кыла ма?»- деп,

Расулдің әр сөзіне болдым жерік.

Көрсеткен мұсылманға тұғырып (ту ғұрып) жолды,

Хисапсыз шықшуаны Тәңірім беріп.

Қариза соғысына шықпағына

Алладан бір күнлерде әмір болды.

Көп ғаскер су таба алмай, күн кеш болып,

Бір қобыз айдалаға келіп қонды.

Түн болды сол арада су жоқ болып,

Қалай жүрер білмеді барар жолды.

Ат ұшты сол арада күн ыстық боп,

Ренжіп: «Қайтамыз!»- деп ғажыз болды.

Хак расул алдырды бір торсықты:

«Торсықты қайтей[ік]?!»- деп, кеңес қыпты.

Ішіне сол торсықтың біреу секіріп,
Ішіне оң жақтағы қолын тықты.

Даланың су ізлеген әр жағынан,
Су ізлеп, таба алмаған жан-жағынан.
Торсыққа оң бармағын сұғып тұрып,
Ұшынан су ағызды бармағынан.
Ұшқалы жанның бәрі отыр еді,
Ыстықтың әбден шөлдеп зардабынан.

Торсыққа:

– Бисмилла!- деп, қолды тықты,

Су толып ауызынан тасып шықты.
Қайнардан шыққан судай тасып,
Күллі қол ыдысларын толтырыпты.

Қардан-суық, сүттен-ақ, балдан- тәтті,
Ғаскері шарапатқа ғажап қапты.
Ат пен кісі,- баршасы тегіс қанып,
Қандырды Хақ расул көп халықты.
Меслерін алып жүрген толтырып ап,
Бірталай әлгі суды азық қыпты.

Көшкенше сол торсықтан атқыған су
Көл болып, бір далаға ағып кетті.
Жаппар ансар сахаба айтқан екен:
– Бір мыңдай бар еді ғаскер,- депті.

[Жи]ырма бес түнеп Айзаны қамап жатып,
Дінге салып шаһарын харап етті.
Алған малы олжаға толып жатыр (атты)
Екі есе жаяуды бір ұлыс қыпты,

Жіберетін ғажыз болса келер еді.

Алладан уахи алып келгенінде
Иінлінің оң жағынан енер еді.
Оң жақтағы қой[ны]ның аузынан
Ғайыптан, хабар болса, берер еді.

Жебірейіл уахи алып келешегін
Ұжмақтың иісінен білер еді.

Алладан қуанышлы хабар болса,
Жымыып табасым бірле күлер еді.

Азырақ сөз сөйлеймін пайғамбардан,
Сактасын мұсылманды тамұқтардан.
Ғарасат майданында тергемекке,
Алладан күллі жанға болар пәрмен.

Жад еттім пайғамбар мен шаһариарды:
«Шапағат қыла ма,- деп,- сонда маған!»
Иа, расул, шапағат қыл сонда маған,
Күнәкар ғасы болған біз кәпір надан.

Шапағаты расулдің толып жатыр,
Нұскалап білгенімше болды тамам.
Мұктасар, Мүшәкат, Шариф, Ғабдықауқа,-
Қайтейін, білгенімше осы-ақ шамам.

Жад еттім пайғамбар мен шаһариарды,
Бірталай ауызға алдым әулиені,
Ғарасат майданына жияды екен,
Бір Тәңірім қазы болып күллі жанды.

Шайтанға имам Мағзұм қазы болып,
Мойнына артады екен бар күнәны.
Үстінен қыл сираттың (сүреттің) айдағанда,
Қор қылма шапағаттан сонда мені.

Ақ туды пайғамбарым көтергенде,
Соңынан ертеді екен үмбетлерді.
Қызыл ту шайтан Лағын о да тігіп,
Артынан ертеді екен мүшіріклерді.

Әбужаһил оттан тонын киіп алып,
Шерменде қылады екен Тәңірім оны.
Төрт шаһариар пендеге жәрдем қылып,
Андиды суретімнен таразыны.

Сол жерде Хак пайғамбар жылап жатар,
Үмбеті достыдан тілегені.
Қияды үмбет үшін перзенттерін,
Һәм тағы сұрамады ата-ананы.

Тозақтан бізді тілеп азат қылар,
Он сегіз мың ғаламның мейірбаны.
Жүгіріп төрт тарапқа барып тұрар,
Бір сонда тілегені- үмбет жаны.
Ғазазіл халқыменен отқа жанар,
Мойнына түсер сонда бар қылғаны.

Аяғы тамам болды бұ қиссаның,
Болады әлдекандай менің халім.
Он сегіз мың халайық жиылғанда,
Иа, расул, қолменен (қолымнан) тұт (тос) сонда мені.

Жігітлер, кате болса, сөкпе (сөкме) мені,
Азырақ осы болды бар білгенім.
«Маған-дағы бір дұға қыла ма?!»- деп,
Кімде кім бұ дұғаны оқығаның.
Өзінің барлық ісін жад (иад) еткен соң,
Шапағат қылмасын ба пайғамбарым?!

Қолыма бейсенбі (ишенбі) күн қалам тұттым,
Нұсқадан тәржімелеп, естіп ұқтым.
Мың тоғыз жүз алтыншы (1906)- қойдың жылы
Первой апрельде жазып біттім.

Дүйсенбі тәбәрік күн болған екен,
Расулім дүниеге келген екен.
[Миғ]ирасфіл айының он екісі,
Керемет пайғамбарлық берген екен.

Баршасы он екінші дүйсенбі күн,
Аят боп, Құран көктен енген екен.
[Дү]йсенбі күн екінші ол көшесі
«Қаба қау сайын мақмұн»- һәм көрген екен.

Тағы да дүйсенбінің ісі (кеші) екен,
Хижарат қып, Мәдинеге көшкен екен.
... он екінші дүйсенбі күн
Алланың аманатын берген екен.

Халыққа естіртейін мен затымды.

Тәубе (түп) ағашы (екінші нұсқа)
Пейіште тәубе (түп) ағашы, жапырағы зор [2].

Наурызбай туралы

Наурызбайдың жылы қой еді, жиырма төрт жасында жұмысы бітті [3]. Қырғызда «манап» - дейтұғын болады екен. Манап болатұғын себебі: қырық жігітке қатын алып беріп, мал малдандырады екен. Соны манап қояды екен. Сонда қырғызда Жанқараш, Жантай да – екеуі де манап екен. Және Жаманқара да манап екен. Және Жанқабыл, Тілеуқабыл- аға-інілі екеуі де манап екен. Жаманқараны елшілікке келген кезде Наурызбай өлтірген екен.

Қол оқпен қозы жаурын қойып алдым,

Өгіздей жон терісін сойып алдым.

«Ханыма қырын қарап сөйлейсің!»- деп,

Бүйірін наркескенмен ойып алдым,- деген өлең де бар.

Өздері: «Қашпаймыз!»- деп, қолға түскен соң, «Жаманқараның төлеу[і]» -деп, Кенесары ханды Жанқараш алған екен. Жанқабыл манапты соғыста Наурызбай өлтірген екен. Жанқабылдың ағасы Тілеуқабыл Наурызбайды алған екен. Тілеуқабыл Наурызбайға:

– Қаш!- деген екен.

– Бізге [қашу]- өліммен бір. Қашпаймын!- деп, қашпаған екен, «Тілеуқабыл манапта жазық жоқ екен»- депті.

Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер

Әуелі Адам атаның атын білуші жок [4].

Адам қолынан келмейтіндер туралы

(бірінші нұсқа)

Адам баласының білемін деп талаптанып, білмейтін нәрселері болмайды. [Мұ]ны айтқушы Құдай тағаланың қандайлығын, нешік екендігін ешкімнің ойы меңгеріп болмайды. Адам баласы нені үйренем десе де, үйренуге көнеді. Жалғыз-ақ көнбейтін- зеректік. Құдай тағаланың өзі зерек қылып жаратпаса, үйренумен зерек болмайды. Бір айрылып [к]еткен топ қайта қосамын дегенге көнбейтін нәрсе. Адамның жастық (иаслық) уақыты, жігітлік күні байлық кетсе және ғажап емес. Денсаулық кетсе, аурудан жазылып, қайта сау болып жүру[і] ғажап емес. Өлген кісіні қайта тірілтуден үміт бар. Ең

болмағанда, жалған тірілік болмаса, яки... Үміткер ғой деді. Жігітлік бір өтіп кеткен соң, онан үміткер болмаса керек.

Адамға алыс болғанда, не алыс, өткен өмір алыс. Оның жуықтасуынан үміт жоқ. Адамға жақын (иақын) болғанда, не жақын, ажал жақын. Мұны алыстату қолдан келмейтін жұмыс, түзетуге көнбейтұғын нәрсе. Бұзылғанды, біреудің қиялы бір нәрсеге ауып тұрса, оны түзетемін деу мүмкін емес, лайықты [емес], адам қолынан келмейтін нәрсе. Бір ешкім жолдас кылып... Бір-екі жолдас бар: бірінен-бірін айырып ала алмайды екеуі бір тұрған күнде. Құдай тағаланың құдіретімен не ажар-көрік береді, бірінен- бірі айрылса, дәнемеге тұрмай қалады. Ол екі жолдас- жан мен тән: бірінен-бірі айрылса, дәнемеге тұрмай қалады. Екеуі бір тұрғанда, қор болмасын ойлайды. Айрылған күнінде не бола[м] деп ойлайды. Біріне- бірі көз тайдырмай қарап, тұрған не нәрсе Құдіреттен бас[қа]?! [Тән мен] жан екеуі жұп болып жаратылды: бірінен- бірі көз [алмаса], өмір екен қаратып тұрған. Жер менен көк,- депті- бір Құ[дай] өлмейді...

Бұқарекен хикаясы

Төртуыл: Қаржас-Алтынторы-Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария өткен екен. Заманындағы сыншылар ол кісіні: «Көмекей әулие»- дейді екен [5].

Абылай хан түсі және өлімі (екінші нұсқа)

Абылай хан өзіне-өзі әбден келген соң:

– Ата жұртым Бұхарды аламын!- деп, үш жүздің баласы қазақтың «Сен тұр, мен атайын»- деген батырларын жиып аттанды [6].

Абылай ұрпақтары (екінші нұсқа)

Абылай ханның –Қарауыл қызы, алғашқы алған бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды [7].

Нышан белгі, әдет-ғұрып әңгімелері

Сәрсенбі күн шыңласа, перзент хикат қылғай, жұма күн шың[ласа], досты дидар болғай!

Намаз қате қылынған пенде- оқуға көңіл қойса, былай оқиды. Егер бір адам өмірінде қаза қалған намазын оқиян десе, былай қылсын: маш-

ла ерте намазынан соң, шырақ орнына төрт бас оқысын. Және бесіннен бұрын төрт бас оқысын. Және намаздыгерден бұрын төрт бас оқысын. Құтпан уақытында: мейлі бұрын, мейлі соң болсын, «Уаширақұт уатырилан»- жеті бас оқысын. Бірақ пәлен деп айтпасын. Бәрін де «Мұтлак каза»- десін. Және өзінен баска адамдардан саклансын, жасырып оқысын! Ириадан қауіп бар. Еге[r] онша намаз оқымаған[ын] тәубе кылып, қалған өмірін... егер өліп кетсе, қалас болады.

Шашын алу баяны. Сенбі, жексенбі, сейсенбі- шаш алуға жарамас. Бұ күндерде шаш алдырса, басынан пәле кетпегей. Дүйсенбі- шаһар, сенбі, бейсенбі, жұмға,- бұл төрт күнге шаш алса, жақсы болғай, ризык оразасын Алла тағала[ның] кең қылғай! Өз казынасынан тигізген береке бергей! Тырнак алудың баянын айтады. Сенбі, жексенбі, сейсенбі, шаһар сәрсенбі- төрт күнге тырнак алса, қолына құрт түскен және қолынан берекет кетеді. Бейсенбі күн тырнак алса, жұмаға тырнак мұбарак болғай! Дүйсенбі күн тырнак алса, заны артқай, мұбарак болғай! Тамата тамам.

Құлак шыңламақ баяны. Сенбі күн кеш[кі]сі құлак шыңласа, періштелер назар қылғай. Жексенбі күн шыңласа, әмірдпен пайда көргей! Дүйсенбі күн шыңласа, дәулет, ұлығ шатлық болғай! Сейсенбі күн құлак шыңласа, досжар диажұт болғай. Бейсенбі күн құлак шыңласа, до... ку құлак керек.

Екінші қажы сөзі. 1885-інші жылындағы қажылар сөзінің хикаясы.

Ізбас қажы

(бірінші нұсқа)

Мен өзім үйден шығып Далба бардым [8],
Ізбаска жолықпақты ойыма алдым.
Қажы алхырмайын жүзін көріп,
Суынан зәмзәм шәріп (шарап) ішіп қандым.

Далбаға бара қалдым кадам басып,
Ізбаспен жолықпаққа амандасып.
Көз көрген пірәдарлар жоқ болған соң,
Бола алмай бұрынғымдай кеттім жасып.

Сұрадым мен Избастан бастан-аяк,
Қалған жоқ менен айтпай сөзін аяп.
Шыбын жан шықпаған соң келген екен,
Өлімге, өлмесе де, келген таяп [9].

Ойына білген жанның түсті жара,
Салған соң басқа Тәңірім не дүр шара?!
Зырқырап елден жеке Избас келді,
Бөлініп бәйге атындай жеке қара.

– Бас қосып тамам қажы жүрдік,- дейді,
– Көрмеген тамашаны көрдік!- дейді.
– Ауру-сырқау, наукас болыңқырап,
Аман-есен Меккеге кірдік!- дейді.

– Қырық бір күн сол Меккеде жаттық,- дейді.
– Әр жерден бұйырған дәм таттық,- дейді.
– Күн ысып, кебін киіп, ыстық соғып [10],
Ауырып, қара ағаштай қаттық!- дейді.

– Үстінде Байтолланың қара жабу,
Байларға парыз екен сонда бару.
Күші жетіп, шамасы келген жанға
Жалғанда арман да екен бармай қалу [11]...

– [Мешіттің] төбесі ашық, іргесі бар,
Айнала қатарланған түрмесі бар.
[Байтолла ортасында қос төбелі,
Үстінде қара жабу пернесі бар].

– Байтолла айналасы мешіт, қорам (храм),
Ішіне жұғын болмас жүз мың адам.
Төрт жерде төрт имамның мешіті бар,
Айтайын қалдырмастан бәрін тамам.

Ішінде сол мешіттің- Зәмзәм Шәріп,
Суынан тояр ма еді сонда барып?!
– Шомылдық, төбемізге құйдық!- дейді,
Біз іштік еркімізше әбден қанып.

– Ихрам киіп, риданы біз байладык,
Жүгірдік қағыбаны жеті айналып.
[Зиарат қанша десең табылатын,
Тыныш тауып жата алмадық біз жайланып].

Жүгірдік Сафа, Маруа арасында,
Отырдық алтын тау панасында.
Көргенмен қанша айтып болар емес,
Сол күннің көз тойғандай шанасына.

– Екі тас ханнан менен сонда,- дейді,
– Бос жер жоқ зиараттан онда,- дейді.
– Дегені: «Қатим диуар»- есігі бар,
Осындай өз байқауым, молда!- дейді.

Есігі иракін деген- тастан қорған,
Әр жерде кәріп басқан- қада тұрған.
Есіктің биіктігі үш кез жерде
Сөйлесем үш күн, үш түн, айтып болман!

Есігі екі-ақ сағат ашылады,
Жабылса, кілт салғанда, басылады [12].
Ішінде рақғат намаз оқып,
Құдайға құлшылық қып бас ұрады.

Дәл қасында Қубайыс деген тау бар,
Барады соған жиылып барша жандар.
Сол күнді көзіменен көрмегенің,
Дариға, іште кетер көп армандар.

Жөнелдік түйе мініп Арафатқа,
Күндік жер екі ортасы жортар атқа.
Түйемен (екі) азар қонып эзер жеттік,
Жаңылыс- жазбаған соң бәрін хатқа.

Жолда бар Мұздалифа- таудың бірі,
Күнәның төгілетін сол бір жері.
Жігіттің қандай өтірік зина қып
Сол жайда төгіледі күнә, кірі [13].

С.Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсәмбаев
атындағы ғылыми
КІТАПХАНАСЫ

Гарафат, онан шығып тауға қондық,
Басында тамам қажы бүтін тұрдық.
Гарафаға шығып, қағбаға барған арманы не,
Жалғанда бара алмаған біз бір мұндық.

Пайғамбар бала күнде соған барған,
Аспаннан бір ақ құс сол жерге ішін жарған.
Басына бір қияттап қонып отыр,
Суреті сол орында сонда қалған.

Таласа қажылармен бірге бардық,
Бір күн, бір түн сол тауда тұрып қалдық.
Ертең біз онан шығып Мина келіп,
Бір-бір кой кісі басы құрбан қылдық.

Кой айдап келеді [екен] бәдәу-араб,
Кой алмай ешкім қалмас онан қарап.
Шалған соң құрбандығын, киім киіп,
Қажылар бет-бетімен кетер тарап.

Кірекеш-түйе келер бәдәу-араб,
Жайлысын дені саулар мінер қарап.
– Бармай-ақ Мәдинаға қайталық!- деп,
Сол жерде болдық [біздер] екі тарап.

Исабай шетке шығып, айғай салған:
– Бар ма,- деп,- сірә, үмітің пайғамбардан?!
– Бетіне қиямет күн қарай алмай,
Келіспес шапағаттан мақрұм қалған!-

Деген соң айтқанына бізлер көндік,
– Біз-дағы барамыз!- деп, сонына ердік.
Меккеден төрт шақырым [жер] шыққан соң,
Исабай опат болды, соны көрдік.

Қылмас па ек қайрат құрмет қылсаң, әні?!
Біздерге енді айналып келу кәні?!
Мекке мен Мәдинаның арасында
Шалқиман, өлді- дейді,- диуананы.

Қылған ісін халайық таң көріпті,
Бір емес, екеу емес сан көріпті.
Басында бір құдықтың тіке тұрып,
Таяғына сүйеніп жан беріпті.

Өтесің қорлық жырмен дүние бок,
Адамзат- аң сықылды, ажал- бір ок.
Басында сол құдықтың тұрып қалған,
Көзінен жығылғанын көрген жан жок.

Қолынан қойған жан жок жаназалап,
Не қылсын тұрғаннан соң Құдай қалап?!
«Ауру бар!»- деп, өздерін тоқтатыпты,
Тоқтатып ашы суға он күн қамап.

Талпынар күші жетсе, жұрт баруға,
Ойлайды шама келсе, кім қалуға?!
Қажыларға түрлі айла қылады екен,
Бәтшағар бәдәуилер ақша алуға.

Түйелер қатар-қатар тізіліпті,
Көздері жол үстінде сүзіліпті.
Төбесі Мәдинаның көрінгенде,
Жаябай түйе үстінде үзіліпті.

Апарып Мәдинаға қолдан көмген,
Дүние керек сол жерде- ақша берген.
Айдаболда: Жылқыайдар Майқараұлы
Жаннатіл Бакияның өзінде өлген.

Ауырып Мәдинада Төлжан қалған,
Малдыбай қайтпаслықты мойнына алған.
Мекке мен Мәдинада өлген жанның
Бар ма екен, уа, дариға, соларда арман?!

Әділше келіп өлген Орынборға,
Ауырып Избас келді әрең зорға.
[Жылқыайдар, Жаябай мен Исабайдың
Келмеді бір де-бірі біздің сорға].

Бактыбай сау-саламат аман келді [14],
Қаржастан жалғыз барған бұл бір ер-ді!
Жүре алмай наукасынан қатты болып,
Бұқабай өзгесінен шабан келді [15].

Жалғыздық жарасыпты бір Құдайға,
Ондай алыс жол түгіл, елде оңай ма?!
Тұқымнан-жалғыз, рудан жеке барған
Жарайды не деп айтсаң Бактыбайға [16]!

Исабай, Жаябай мен топырак тартып,
Жылқыбай, Малдыбаймен келмес қайтып.
Мінезін бастан-аяқ Исабайдың
Қоймайды қайта-қайта Избас айтып.

Әділше артық екен қара басы,
Мұнда[ғы] не бітірді іні-ағасы?!
Оны да өз жайынша мактап айтты,
Қасында бірге барған Баймолдасы.

Сөйлесе, бәрі шешен тілін безеп,
Қоспат боп кім қалар бойын тежеп?
Хұсайын, атакты Әкімбек пен Макан мырза-
Баруға енді қажыға келді кезек.

Жата ма Темірболат қарап жайға,
Қажы парыз емес пе екен Молдабайға?!
Қарақозы, Тайкелтір: Елеу, Есбай,-
Жұмысы ауыр салмақ түскен байға [17].

Исламның бес парызы: біреуі- иман,
Жақсы екен тірілікте нәпсі тыйған.
Қазаққа ғазатлық жок осы күнде
Қажы бару, осы күнде жанын киған.

Біреуі бес парыздың- бар- бес намаз,
Өтеді шолақ дүние: қыс пенен жаз.
Қажыға күшің барың талпынып бақ [18],
Талпынып әуре болма дәулетің аз [19].

Ораза, зекет пенен- екі парыз,
Мойнына құтылмасаң болар қарыз.
Тілеп қал жігітлікте тіл барында,
Құдайға өлмей тұрып қылып арыз (ғарыз).

Өлген соң тұтыларсың, тілек жүрмес,
Мал-жаның кимағанмен көзің көрмес.
Өзінде тұрғанда, кимылдап қал,
Өзіңнен дәрмен кетсе, түк те бермес.

Бірі: қажы- бес парыздың- малды адамға,
Төрт түлік төңірегі сай адамға.
Қолынан жоқ адамның не келеді,
Бай емес, парыз емес, жай адамға?!

Пайғамбар: «Байлар қажыға келсін!»- депті,
«Үмбетім мені келіп көрсін!» - депті.
«Шамасы келіп, маған келмеген жан-
Иа иһуд иа насараны болсын!»- депті.

Байлар-ау, мен айтайын, ғапіл қалма,
Тоймай ма әлі көзің дүние-малға?!
Құдайдың жалғыз досы- Хақ пайғамбар,
Тіл алсаң, кимылдап қал, ғапіл қалма!

Пендесі Құдай сүйген қажыға барар,
Күнәдан қажыға барған тазаланар.
Қабыл боп шапағатың барша жанға,
Жеті атаң жеті почетіне жарылғанар.

Сұқтанба: «Семірдім»- деп, семізіңе [20],
Көз салсам, бір мінің жоқ, негізіңе.
Келмейді ойлағанмен өзім шамам,
Обалым осы жүрген сегізіңе.

Төрт мырза заманында төрт үлкен бай,
Бәріне қанат жайған мен сор мандай.
Жоқ болса, өзімде жоқ, халқымда бар,
Біреуі апарар деп көңілім жай.

Құдайым несіп етсін үшбу жолды,
Көрсеткей талап қылған мүмін құлды.
«Ондай жер бұ жаһанда жоқ шығар!»- деп,
Сөйлейді аса мақтап Стамбулды.

– Аралап бір-екі күн жүрдік,- дейді,
– Көрмеген тамашаны көрдік!- дейді.
– Жауһардан өңкей шырақ орнатылған,
Мешіті «Айя софия» көрдік- дейді.

– Сол мешіт тауда,- дейді орнатылған,
– Шеберлеп не еткен ұста оны қылған!
Үш жүз тіреу, қисапсыз есігі бар,
Қадасы орнатылған саф алтыннан.

Ішіне жүз мың әскер кетер сыйып [21],
Кірген жан кетер емес көзі қиып.
Тәмамдап сөзбен айтып болар емес,
Көз көрген тамашаның бәрін жиып [22].

Салдырған мазмұнымен бәрі берік,
Баршасын пайымдауға зейін керек.
Әр есіктің екі жақ қақпасында
Су ағып келіп тұрған екі шүмек.

Шүмегі самауырдай бұрамалы,
Келтірген су ағызып бір амалы.
Келген су жан-жағымнан көрінбейді,
Түспейді, көрмеген соң, сұрап, әні [23]!

Терезе қатарланған тұр ма сонда,
Бір мін жоқ асты-үсті мен іргесінде.
Шайнектен ақ кесеге су құйылған,
Келтірген су ағызып қырдан жерге.

Таусылмас, қанша айтсаң да, мейірің қанар,
Не нәрсе көңілге алған болар даяр.
Ішеді Құдай айдап, дәм бұйырған,
Дәмін татқан жанның бәрі оған құмарланар.

Ойлайсың: «Жәннат кой!»-деп, көрсен, әні,
Адамның көзі түгіл, көрмек жаны.
Бес тас бар төбесінде орнатылған,
Жетпейді, берсе-дағы, дүние малы.

Пайымдап ұға алмадым барша қалпын,
Айтайын шет жағасын, ұқтым, кансын.
Үш жерден жылан тескен тесігі бар,
Бір табыт:ұзыны үш кез, һәммасы алтын.

Тұр, тау ғып, жол салыпты, біз түнде өттік [24],
Қай жол [бар] екенін білмей кеттік.
«Көк қайда, жер қайда?»- деп, ойламадык,
«Кетті,- деп, жолдан қайда?»- тамаша еттік [25].

Мәшһүр Жүсіптің «Мұхаммедканафия» дастаны

Әуелі Сүйіндіктен Қашыл барған [26],
Бұл өзі өтіп кетер қапы жалған.
Жаралған ең әуелі- Адам ата,
Қоймады дүниеге оны да [алған].

Жаралған онан сонғы- Нух нәби,
Біз түгіл, бәрі өткен, олар кәні?!
Бәрінің құрметі үшін ол жаратқан-
Мұхаммед расул Мұстафаны.

Мінеді патша болған алтын таққа,
Құдайдың кім таласы берген бакқа?!
Шарапатын Байтолла ауызға алдык,
Бір дұға кылып койын аруаққа.

Ғұмарсағит Хұсайынның басын нағанаға шаншып, асып қылан
келгені (келмегі) Харир Зейнелге әбден (габден) сұрағаны –Харирға
берген жауабы:

– Біле алман- біз тұрамыз, сізлер кімлер,
Сауда үшін келні жүрген кәріп (ғаріб) мұңлар.
Сізлерді білмеген соң, біз сұрадык,
Кәріптер жүгіңізді айтыңызлар.

– Сұрасаң, Хұсайынның мен баласы,
Көзінің жалғыз қалған ақ-қарасы.

Сен кімсің сұрап тұрған жетімлерді,
Тыйылмас ағып тұрған көздің жасы.

Бізлердің кім болады білер халін,
Кімге өтер, сөйлегенмен менің зарым?!
Жалғанда біздей болған кім бар дейсің,
Мінекей, көріп тұрсың мұның бәрін.

Сұрасаң, бабам аты- Хақ Мұстафа,
Біз көрдік қауарұждан мұнан (мұндан) жапа.
Атамыз Кербалада болды шаһит,
Анамыз Бибі Фатима қайыр алныс па?!

Ол Харир сол арада кірді ойға,
Жалынып, жалбарынды бір құдайға.
Өлтірсем- қазы, өлсем- шаһид,
Азатлық мұнан артық бізге қайда?!

Ол Харир кірмек болды бір майданға,
Есітіп аттаныспен қалды таңға.
Қылышын ішлерінен байлап алып,
Толтырды ништі (ишта) астын қызыл канға.

Ништіге (Естіге) кіріп алып, соғыс салды,
Судай ғып ағызады қызыл қанды.
«Махшарда шапағаты болады», - деп,
Ойға алып соғыс қылды пайғамбарды.

Қисапсыз қауарұждан қырылды сан,
Ұялмас кәпір болған пайғамбардан.
Харир мен Таған батыр қосылып ап,
Асқалан шаһарынан қуып шыққан.

Жөнелді Шамға қарай қауарұжданлар,
Бұларға медет берді Хақ Бірубар.
Айтайын Таған, Харир хикаясын,
Құлақ сап осы сөз[ді] тынласаңлар.

Екі батыр қауарұжданды алдына салып, койдай қырып-жойып,
Шамға бара тұрсын. ...Мұхаммед айынғадан сөз естің[із]. Иаминша
тығырынан Меккеге келгені. Сол жерде имам Хұсайынның шаһидлігін
естіп, әр тарапка кісі жібергені. Иама беріп, әр (тығыр) Шайдин жығы-
лып, Иазидустеге келгені. Харир илан туған батыр Асқаланнан Шамға
қашқан әскер илан шамға қашқан әскердің соңынан қуды. Әскерге
қосылып, Таған, Харир соғысының үстіне келгенінің баяны сол дүр.

Мұхаммедқанафия сөзі:

- Пида болсын жолына
Ғазиз жаным, Хұсайын...

Әдһам диуана және Ибраһим

(бірінші нұсқа)

Жаратқан жан біткенді жаббар халық [27],
Күнелткен аяғы жоқ суда балық.
Бұрынғы замандарда бір ғаділ хан,
Балыхта көп жыл қылған патшалық.

Бітсе де қанша дәулет көз тоймаған,
Өтерін бұл жалғанның кім ойлаған?!
Патшаның ғаділетлі заманында,
Қасқыр мен қой, жылан мен бала ойнаған.

Дариядан өтеді екен көпір салып,
Күншығыс, күнбатысқа даңқы барып.
Бұқар, Ташкент, Самарканд- бәрін билеп,
Қытай мен Үндістаннан алым алып.

Дастан боп жұрт аузына қалған сөзі,
Айтуға тұрарлық жан болып өзі.
Жалғанда арманы болып перзент,
Болыпты бір бойжеткен жалғыз қызы.

Ұялған, күннің көзі, көрсе көркін,
Тұрады кімге дүние емін-еркін?!
Перілер сұқтанысып қарайды еркін,
Басына шыкса киіп кәмшат бөркін.

Сипаты десең болар хорлығыайын,
Ажары арта берген күн-күн сайын,
Бетіне алақандай сыйғызыпты,
Құдайым шеберлікпен күн мен айын.

Көрмеген мұндай жанды көз мұнан бұрын,
Нәркес көз, ғұнша ерін мен пісте мұрын,
Жарық қып қараңғы үйде шам жақпаған,
Жүзіне рахман рахим төккен нұрын.

Жастықта біз білмедік нәпсі тыя,
Кез болып бір биік шың қызыл қия.
Сол қыздың ажар-көркіп түгендеуге,
Шак келмес қағаз, қалам, қара сия.

Ойласаң, бұ дүние кімге опа етті?
Айтуға екі ауыз сөз келді, кетті.
Мың ұлға бермейтұғын жалғыз қызға,
Алладан болып тағдыр, қаза жетті [28].

Қисайып құлап кетті қыңыр заман,
Бір қисайса, нәрсе жоқ мұнан жаман.
Басы жұмыр пендеде жан көрдің бе
Әуел ақыр өлімнен тұрған аман?!

Әркім-ақ бұл жалғанда дәурен сүрді,
Біреуге- ерте, біреуге кеш кеп жүрді.
Хан болсын, қара болсын- бәрі бір бас,
Өлген соң жататұғын қара жер-ді.

Қатындар жанталасып қызды жуды,
Қолға алып оң мен солға, құйды суды.
Үш қабат енді болған орап бөзге,
Тұмшалап бас-аяғын құрмен буды.

Таласып екі-үш қожа, сықат (расход) алды,
Бір өлімтік деуіне босқа қалды.
Жиылған жамағатлар көп күйінді [29]
– Алссалаты жаназа!- деп айғай салды.

Көтерді жаназасын оқып жерден,
Отыратын бұрынғы кетіп төрден.
[Апарып терең қазып көміп тастап,
Көп адам қоя барған қайтты көрден].

[Неше] гауһар қалмады жерде жатып,
Ыстық шілде жаз күнде мұз боп қатып.

[Бір] диуана бар екен оған ғашық,
Маңайына келе алмай жүрген батып.

[Жұлд]ызы оң боп, сәтті күн туған екен,
Екі бетін көз жасы жуған екен.

Диуананың ғашығын біліп патша,
Бұл шаһардың ішінен қуған екен.

Ықтиярсыз диуана кеткен екен,
Мұнша қаһар байғұсқа еткен екен.
Хан қызына ғашық боп, жетпей қолы,
Бұл ортада жеті жыл өткен екен.

[Қыз]дың өлген хабары бұған жетті,
Отыра алмай орнынан ұшып кет[ті].
[«Өлген»] қыздың моласын қори ма?!»- деп,
Шаһар жаққа түзейді енді бетті.

Аузынан- жалын, түтін дау-дау жанып,
«Иа, һу!»- деп, анда-санда тыныс алып.
Жаңа өліктің моласы ескіре ме?!
Ешкімнен сұрамастан білді танып.

Моласының басына келіп тұрды,
Қыз кашан тіршілікте мойнын бұрды?!
Пенде қайдан біледі көрсетпесе,
Шеберлікпен құдайдан келген сырды?!

[Жай]машуақ жаз болды, қақырап қауыс,
«Ырыс-жұғыс,- деген сөз,- ғақыл ауыс».
Көр күзеткен кісідей тұрғанында,
«Мені ал!»- деген үн келді қыздан дауыс.

Қыз дауысын естумен есі кетті,
Диуана боп жүргенмен несі кетті?!
«Шын дауыс па, өтірік бір нәрсе ме?!»-
Дегендей ғып дауысты тамаша етті.

[Бол]жайтұғын ғайыпты жіті көз жоқ,
Қанша басса, қызда қалған із жоқ.

[Бой тоқта]тып құлағын салып тосса,
«Мені ал, мені ал!»- дегеннен басқа сөз жоқ.

– [Мен] диуана ел кезген Әдхам атлы,
Кісі елерлік кісі емен, текті, затлы.
Бұл айғайың қай айғай, шыныңды айт,
Қай қылмысты пенде едің не сипатты?!

– Мойныма пенде ақысын артқаным жоқ,
Көр ғазабын өлгенмен тартқаным жоқ.
[Зор]лықпен сұмлық қиын-қыстау
Қысым көріп біреуден жатқаным жоқ!

[Өт]рік өлмей, шын өліп көрге түстім,
Алтын тақтан айрылып, жерге түстім.
[Ұйысқан] қан денемнен тарқаған соң,
Мен осындай тірілуге күйге түстім.

[Тірілуге] білмеймін көп күн өтті,
Айғайлаумен бар әлім құрып бітті.
Кім де болсаң, моламды ашшы жылдам!
Өлсем сенің, мойнында қаным кетті!-

Мұны естумен Әдхамда ес қалмады,
Бары-жоғының дүниенің ойға алмады.
Алақанмен топырақты шашып жатыр,
Кетпен, күрек, бір сайман қолға алмады.

[Сорғалатты мандайдан ашы терді,
Тас-топырақты лақтырып тастай берді].
Бір сағатта дал-дал қып ашып болды.
Кісі бойы қазылған терең көрді.

Құдіретіне құданың қайран қалып,
Бірде кіріп, есінен, бірде талып [30].
Лақат қылып қалаған кірпішлерін,
Бір-бірлеп тауысыпты бәрің алып.

Арылтқан соң моланың топырақ-тасын,
Қыз сілкінін көтерін алды басын.
Бұрын еркек көрмеген ибалы жас,
Дәрмен жоқ, қымтаған боп жатыр шашын.

– Кетіп қапты әл-қуат бәрі!- дейді,
– Он бес жаста болыппын кәрі!- дейді.
– Ата-анама көйлекшең көрінбеуші ем,
Алысырақ тұр, Жәке, әрі!- дейді.

Әдһам кейін шегінді бір-бір басып,
Тап-таза қып моланы аршып-ашып.
Екі-үш кабат ұмтылып тұра алмады,
Не қыларын біле алмай, жаман сасып.

Тұруға келтірмеді қыздың ебін,
Ашаршылық ап кеткен күштің көбін.
Бұлқынғанмен босатып жібермеді,
Оралып ширатылып қалған кебін.

– Жақсы адам, кел жақын бері!- дейді,
– Болғаным құрысын бүйтіп тірі!- дейді.
– Тұрғызшы қолтығымнан сүйеп мені,
Құдайдың бұл бір тосқан жері!- дейді.

Әдһам келіп тұрғызды сүйеп қызды,
Жаға- жеңсіз оралған қымбат бөз-ді.
– Жұрт көзіне түсірмей, жылдам жүр,- деп,
– Апар,- дейді- үйіңе енді бізді.

Басын буған бес қамыс баспанасы,
Соған зорға жетерлік қыз шамасы.
[Кө]рем деген мұндайды ойда бар ма?
Тәңірім басқа салған соң, жоқ шарасы!

– Базарға, кел кешікпей барып!- дейді,
Басқа жаулық қояйын салып!- дейді.
– Кебінімді өзіме көйлек пішіп,
– Ине мен жіп бір оймақ алып,- дейді.

Ине-жіп пен оймақты алып келді,
Базарға құр алақан барып келді,
Жоқтық шіркін арқансыз қолын байлап,
Қуанғаннан жүрегі жанып келді.

Көйлек киіп, басына салды күндік:
– Бұйрығына [31] құдайдың біз де көндік.
Бір молданы алып кел халалдыққа,
Саған тиген диуанам бұл бір теңдік!

Бір бейшара молданы алып келді,
Келген молда құтпасын оқып берді.
Ойда жоқтан қиюын келтірген соң,
Шеберлігін құдіреттің танып білді.

Оқыған соң құтпасын, молда кетті,
Бір-бірінен мұратын хасыл етті.
Игіліктің жоқ екен ерте-кеші,
Күдер үзген ойына қалай жетті?!

Жігітлер, бұл айтқаным кітап сөзі,
Еркі бар әр не қылса тәңірім өзі.
Қылған соң Құдірет тағдыр не талас бар,
Кедейге болса қатын ханның кызы?!

Көрсетіп шеберлігін Хак тағала,
Бере салды жылына жетпей және [жаңа].
Оң жұлдыз, ізгі сағат, сәтті күнде,
Туды енді сондай бір жақсы бала [32].

Баланың «Ибраһим»- деп, қойды атын,
Жаратып тәңірім өзі нұрдан затын.
Әркімнің маңдайына біте бермес,
Көтеріп мұндай ұлды тапса қатын.

Аз жылда жеті жасқа бала жетті,
Таң қалып көрген жанның есі кетті,
Молдаға оқытуға мұны беріп,
Көрген жан бұ баланы тамаша етті.

[Балалар жұма күні] азат болды,
Ойнаған көп балаға көше толды.
Көрген жан таң қалысып қарайды екен:
«Тапты екен қандай қатын мұндай ұлды?!»

Тояды ішпей-жемей көрген жүзін,
Көзге алып сүрме кылып басқан ізін.
Бір қатын бұл балаға қарсы ұшырады,
Емізген жас күнінде ханның қызын.

Моншаға барып қайтып келе жатып,
Баланы көрген туған таңдай атып,
Жаңа туған айдай боп жарқ еткен соң,
Қатын сорлы сіресіп қалды қатып.

Көзіндей құралайдың көзі жайнап,
Бала жүр көп баламен асық ойнап.
Бойы иіп, бұл қатынның есі кетіп,
Ағады емшегінен сүті саулап [33].

Баладан тұрды қатын көз айырмай,
Көрген соң тұрсың не ғып іші жанбай?!
Өз қолынан өсірген хан қызына,
Ұқсапты түп-түгел боп аумай-талмай.

Құшақтап сүйді қатын қысып-қысып,
Балаға пәруана боп мейірі түсіп.
От болып өртенуге жакындайды,
Жүрегі қуанғаннан алып-ұшып.

Үйіне қатын сорлы алып барды,
Өрік-мейіз, қант пенен берді нанды.
-Күнде-күнде келін жүр, қарағым!- деп,
Жолына құрбан қылып шыбын жанды.

Қалтасына ділда мен алтын салып,
Керек қылған нәрсесін береді алып.
Дүниесіне болмайды қатын ие,
Есіл-дерті балаға кетіп қалып.

Мұныменен алданып көп күн өтті,
Хан қызының орнына мұны күтті.
Баламенен басқаның ісі де жоқ,
Үш-төрт қатын жиылып кеңес етті.

Басты әр жаққа бастайтын көз болыпты,
Көп қаңғырған бір іске кез болыпты.
«Неге жақсы баланы көреді?!»- деп,
Көп қатынның аузына сөз болыпты.

– Бір кедейдің баласы- мұншы дәрі,
Үйір қып жүр бойына қайдан, әні?!
Құлағына ханымның салайық!- деп,
Қатын біткен жиылып барды бәрі.

– Ханым, сізге бір сөз бар сақтап жүрген,
Кісіңізден ши шықты мақтап жүрген.
Енекеңіз жасырын ойнас бопты,
Диуанамен ел кезіп ақтап жүрген.

Үйір қылып Әдһамның бір баласын,
Тауысатын берумен барлық асын.
Айналасы беретіні,-- сіздің дүние,
Кімнің-дос, ойларсыз кімнің қасын.

Дәнекерін біз білдік арасының,
Беріп жүрген арадан парасының,
Тамыр болып Әдһаммен алғандықтан,
Барлық асың аузында баласының.

Есіткен соң ханымды ашу қысты,
Өз-өзінен от болып күйіп пісті.
– Енекені- бұйырды- алып кел!- деп,
– Көрсетейіп оған мен теперішті [34]!

Бір қатын қуанғаннан жүгіріп кетті,
– Ханым шақырып жатыр!- деп, алып кепті.
Келісімен қолға алды отырғызбай:
– Жаным, сені неден жын қағып кетті?!

Бастан суың қай жакка кетіп қалды?!
Неден мұндай есінді құдай алды?
Көр күзеткен Әдхамның баласына
Қалай бергіш боп жүрсің пұл мен нанды?!

– Рас, мен беріп жүрмін пұл мен нанды,
Нан түгіл берсем керек барлық малды.
Мен нан берген баланың көрсең түрін,
Денендегі берерсің шыбын жанды [35].

[Сөз] қылсайшы баланы көріп өзің,
Қанша айт, онша айт, көр оның жүзін.
Қалай шыдап тұрасың сен нан бермей,
Аумаған дәл өзіңнің өлген қызың.

Қылған ісін құдайдың таң көресін,
Бір көрумен тоймайсың, сан көресің!
Дәл өзіңнің қызындай дегеннен соң,
Сүйіп- сүйіп құшақтап жан бересің [36].

Баланы естіп, ханымның көңілі кетті,
Жүрегіне от болып қайғы түсті.
«Өлген қызың секілді»- - дегеннен соң,
Мұның өзі сөз болды көкейкесті.

Жылады қызы есіне түсіп кетіп,
Өртенумен барады өмірі өтіп.
Абырахмат жаңбырын аспандағы
Шығарады дүр қылып садап жұтып.

Өлген қызын ұмытпай арман етіп,
Қайғыменен таусылып түгел бітіп.
– Қанттың шыққан қамысы қолында боп,-
Деуменен ынтызар боп есі кетіп.

«Аһ!»- дегенде түтіні ғарышка жетті,
Көрмей жатып балаға есі кетті.
Бір қатынды жіберді:

– Жылдам бар! - деп,
– Алып кел!- деп, баланы жарлық етті.

Тез барды отыра алмай есі кетіп,
Алып келді баланы дедектетіп [37].

[Дүниесіне болмады ханым ие
Есіл-дерті балаға қалды кетіп].

Ханым «аһ!»- деп, аузын бір-ақ ашты,
Не кыларын біле алмай жаман састы.

– Айналайын, келді,- деп, қызым қайдан?!
Жас баланы баурына қысып басты.

Бетіне сүйді дейді бетін таяп,
Не болады мал мен жан мұнан аяп?!

Неше түрлі жемісті қойды алдына,
Жан-жағына толтырып аяқ-аяк.

Телмірумен балаға көзін сүзін,
Көруменен жанынан күдер үзіп [38],

Күн болса, мал тиген ит неге керек,
Ауырмаса, беретін жаннан қиып?!

Ақ сабынмен қол-бетін жуындырып,
Алтын кемер белбауды буындырып,

Құдірет шебер емес пе қылып қойған,
Айдын көлден лашынға ку ілдіріп [39]?!

Басына алтыннан тәж, беріп гауһар таққан,
Бір жорғаны мінгізді судай аққан.

Неше түрлі үстіне тон кигізіп,
Патша деп ойлайды көрген баққан.

Жалған, шіркін, кетеді жанды қинап,
Әуре болдық кім үшін малды жинап?!

Жібереді баланы енді үйіне,
Қалдырмастан, баланы солай сыйлап.

Баланын тойды көріп нұр сипатын,
Жан білмес диуананың түпкі затын.

– Қызыма аумай-талмай ұқсап туған,
Тапты екен мұндай ұлды қандай қатын?!

Анасын шақырып кел, көрелік біз,
Қандай жан диуанаға боп жүрген кез?!
Тапқан қатын мынау ұлды тегін емес,
Аузынан есітейік бір жақсы сөз.

Құс екен қандай жерде ұя салған,
Ан екен өсіп-өнген қай аралдан?!
Құтан менен қытайдың киігі ме
Жүрген-тұрған жерінде жұпар қалған?!

Елшіні екі ортада қыздан салды,
Жасанып бірнеше қыз оған барды.

– Қарашада ханша болады екен!-
Бұлар да көркін көріп қайран қалды.

– Ханым сізді шақырады, қатын!- дейді,

– Көрдін бе өз баланның атын!-дейді.

– Барсаң, саған көп дүние пұл береді,

Зердің зерек таниды затын!- дейді.

– [Біз]дер қарға, ай, қыздар, сіз- бидайық,

Үйімізде ас-су жоқ сізге лайық.

Өз теңімен жүрсе әркім жарасады,

Ондай жайға біз барып не қылайық?!

Үйімізде ас-су жоқ жалғыз түйір,

Барсақ бізге, дейді ғой: «Болбыр, жыбыр!»-

Тең-теңімен жүрген жарасады,

Қарға мен бұлбұл болған қашан үйір?!

Отырмыз үстімізді жамап бүріп,

Көреміз ханның үйін қайтіп барып?

Ханым шошып кетпей ме, қарақтарым,

Осы түрмен үстіне барсам кіріп?!

Жолда көрген әркімдер күліп жүрер:

«Не алады,- деп,- сыйқы жоқ кісі көрер?!»

Бізді сыкак қылмаңдар, шырақтарым,

Отырған үй-жайым көрдін бәрін.

Біреудің кемлігіне біреу күлсе,
«Басқа келер»- бұрынғы айтып кеткен өткенлердің [40].
Қатын сөзді тауысты майда тілмен:
– Ісіміз жоқ біздің,- деп,- жұртпен, елмен.
Қызлар сөзін баян қылды, айтты барып,
Әңгімесін естіп көрген-білген.

Ханым айтты:

– Рас қой айтқан сөзі,
Суыртпақтық үйінде жоқ-ты бөзі?!
Үсті-басы жамаулы шоқпыт болса,
Ұялып отыр екен оның өзі.

Сілкіп киер үйінде жоқ-ты киім:
«Жүретұғын жоқ,- деп,- [еш] жай-күйім.
Бастан-шашым, аяқтан шуым шығып,
Қалай барып көрем,- деп,- ханның үйін?!»

Жаулық апар, жабылсын баста шашы,
Көйлек, қамзол, шапан мен кебіс-мәсі.
Қабат-қабат киімді апарыңдар
Асыл киім әртүрлі зор бағасы.

Және қыздар сауылдап жетіп барды,
Мұнан түгел жабдығын алып барды.
Бастан-аяқ киімнің түгел сайлап,
– Ап келдік біз жабдық,- деп айтып барды[41].

– Бармаймын, шырақтарым, қыспа!- дейді,
– Киімді кигенмен, келе ме нұсқа!- дейді.
– Аяқ басып жүруге дәрменім жоқ,
Әуре мені қылмаңдар босқа!- дейді.

– Дәмі жоқ құр ендігі айтқан сөзің,
[Жүрерге- аяқ, көретін сау ғой көзің!]
Ерік алдыға қоймастан ап кетеміз,
Жүре ғой абыройынды төкпей өзің!

Апармай қоймайтынын анық білді,
Киімді амалы жок, үстіне ілді.
Көркейтiп дүние жүзiн шыққан күндей,
Сәулесi жарк-жүрк етiп жетiп келдi.

Пендесi коз салмаса төңiрекке,
Жеткiзер Жаббар ием әрбiр кепке.
[Күдер үзген нәрсесi көлен етiп,
Кiрiп келдi жанған шам көбелекке].

Туралық, түзулiкте болса кiсi,
Оналар өз-өзiнен оның iсi.
Хан қызы Хақтан көнiл бұрмағаннан,
Басына қайта қонды дәулет құсы.

Анасы бүркеншегiн жұлып алды,
«Ах!»- деуге бiр-ақ келдi, есi танды.
– Өңiм бе, мұсылмандар, түсiм бе?!- деп,
Құраққа құлындағы даусы барды.

– Менiн өшкен шырағым қайдан жанды?!
«Көрем бе - деп пе едiм - мұндай атқан таңды?!»
Жетi жылдай жоғалтқан гауһар тасым,
Қайдан келiп қолыма түсiп қалды?!

Қарағым, тәнiм менiң, жаным менiң,
Түн болды жетi жылдай күнiм менiң!
Иа болмаса, ақылдан адастым ба,
Жынды емес, сау едi ғой денiм менiң?!

Қызы айтты:
– Мақұл, ана, айтқан сөзiң,
Мен сенiң жетi жылғы өлген қызың.
Алған құдай өзiңе қайта бердi,
Даусың қойып, бойыңды бекiт өзiң!

Ел-жұрты мұны естiп аң-таң қапты,
Патшаға сүйiншi деп, кiсi шапты.
Өшкенi жанып, өлгенi тiрiлген соң,
Көрге кiрген перзентiн үйден тапты [42].

Қандай боп қуанды екен ата-анасы,
Төрге кеп орнаған соң гауһар тасы?!
Жоқтан бар қылғаннан бұл киын ба?!
Аллаға шек келтіріп, болма ғасы!

Көрген соң ата-анасы нұр дидарын,
Жарықлық болған көрді раушанын [43].
Қыз өзі бастан-аяқ баян қылды,
Қалайша тірілгенін айтты бәрін.

Кім айтар: «Өлген қайтып келмейді!»- деп,
«Құдайдың оған күші келмейді!»- деп.
Әдһамға патша тұрып ашу қылды:
– Алған соң маған хабар бермейді!- деп.

Қызы айтты:
– Ей, ұлығлар, патшасы,
Әдһамның бұл турадан жоқ кінәсы.
Мен оны менсінем бе, теңсінем бе,
Киген соң үйге келіп атлас шаһы?!

Сөз қалды сөйлейтұғын тіл мен жақтан,
Пайда жоқ күн туғанда мал мен бақтан.
Апарып бір қараңғы үйге салды,
Айырып еріксіз құдай алтын тақтан.

Тірілдім өз-өзімнен көрде жатып,
Көрмедім жарық сәуле таңды атып.
«Мені ал, мені ал!»- деуменен күнім өтіп,
Шаршадым [көрде] жатып, сілем қатып.

Келді де, сырттан біреу көрімді ашты,
Білген соң қыз екенім қайта қашты.
Орнымнан тұра алмадым қанша ұмтылып,
Көтеріп алып едім жерден басты.

Жалындым:
– Ей, жақсы адам, бері кел!- деп,
– Қолыңның ұшын келіп, маған бер!- деп.
Тұрғызып мені көрден әрең алды,
Су ағып пұшпағымнан [44], тепшіп- терлеп.

Ойладым: «Мен жүгіріп үйге барсам,
Үстіне алтын тактың мініп алсам,
Бұл сорлыға әкем мені бермес!»- дедім,
Түрі мен нұскасына карап тұрсам.

Баска бір өзім теңді берер байға,
Бұл сорлы құр алакан қалар жайға!
«Қарсылық бір Аллаға қылдың!»- десе,
Не деймін сонырағы күн мен құдайға?!!

«Бізге көр жұрт: «Өлді!»- деп қазған екен,
Тірлікте менің пейілім азған екен.
«Тірілкен, көрде Құдай, кез қылған соң [45],
– Ойладым,- бұған Құдай жазған екен»!

«Қой енді бас бұрмайын мұнан!»- дедім.
«Ат болар шыкса құнан дөнен!»- дедім.
«Алланын жазуына қарсы болсам,
Басыма түсер кара тұман!»- дедім [46].

Сонымен бергізбедім сізге хабар,
Болмаса бұл байғұста не билік бар?!
Жүргенмен жылан канша иір-иір,
Ақырда шыққан ііін келіп табар.

Атасы бұл сөзді естіп, түсті дейді,
– Өзімнен болды балам есті!- дейді.
[Түспеген жұрт көзіне қайдан білсін,
Құдайдан болған пәрмен істі!- дейді].

Әдһамды баласымен алдырыпты,
Шырағын оның құдай жандырыпты.
Мүлкінің как жарымын бөліп беріп,
Өзі өлген соң тақ-бағын қалдырыпты.

Патшаның көп кешікпей болды опаты,
Берілді Ибраһимге дәптер хаты.
Бадақшан –балхы шаһарының патшасы боп,
Күншығыс, күнбатысқа кетті аты.

Неше жыл патшалықпен дәурен сүрді,
Қызығын дәулетінің ел-жұрт көрді.
«Қой үстіне торғайлар жұмыртқалап»,
Жыланмен бала бірге ойнап жүрді.

Құс салып, аң аулады мылтық атып,
Дүниеге бір күн қалқып, бір күн батып.
Кез болды көз ұшында бір құланға,
Жапанда жалғыз өзі келе жатып.

Сенімді астындағы аты жүйрік,
«Мұны ұрып алайын,- деп- болса бұйрық»,-
Алыстан қуып еді аттатпай-ақ,
Жақындап соғар желге келді жуық.

Ғайыптан құлағына бір үн келді,
Кісі жоқ сөйлеген[дей], сөз естілді:
– Аң қуып арсалаңдап әлі күнге,
Жүргенмен не бітірдің, айтсаңшы енді?!

Шаңына қашқан құлан көңіл бөлмей,
Жанның өзің қамын қыл көрге кірмей!
Басың- дүлдүл, аяғың бұлбұл болса,
Сөйткенмен қаласың ба ақыр өлмей?!

Өлімнің келмес бұрын жолын көзде,
Есіл ғұмырың өткізбей құры желге.
Пайдасы жоқ аң қуып шаршағанша,
Жаның барда кешікпей, Меккені ізде!

Жалт карады артына қашқан құлан,
Қағыстырып сөз айтты онан-мұнан:
– Аң қусын деп Құдайым жаратты ма?!
Өлмек үшін жаралған ол анадан.

Бұл сөзді естіп құланнан зәресі ұшты,
Ұмытпастай сөз болды көкейкесті.
«Аң кумаска енді- деп- олда-білдә!»
Ант етіп, қайтып келіп үйге түсті.

Ішсе, жесе, тамақтан өтпейді ас,
Тыйылмайды көзінен домалап жас.
Ұзын түнді өткізді ояулықпен,
Түні бойы жастыққа қоя алмай бас.

Көзіне жатқанменен ұйқы келмей,
Патшалығын өзіне дәурен білмей:
«Бұл дүниеде сүргенмен жүз жыл дәурен,
Қалам ба-деп-сөйткенмен ақыр өлмей?!»

Әуелден-ақ ұйқысын бөлуші еді,
Түн жарымы болғанда тұрушы еді.
«Жануарға обал,-деп- таң атқанша!»-
Өз қолынан атқа жем беруші еді.

Аттың жемін бергелі солай жүрді,
Өзге түннен бүгін түн ерте тұрды.
Тап-тап басқан кісінің табанының
Үй үстінен есітті бір тықырды.

– Өлімді ойлап жүрегім дүрсілдейді,
Жөніңді айтшы, бұл жүрген кімсің?!- дейді.
Қандай жаймен жүрген сен адам едің,
Үй үстінде не қарап жүрсің?!- дейді.

– Кірекеш едім мен байғұс, өзім араб,
Жоқ жоғалтып, ақылым алты тарап.
Түзде жүрдің, көзіңе түсті ме екен,
Түйеші едім, мен жүрмін түйе қарап?!»

Естіген соң бұл сөзді патша күлді:
– Мұнан артық болар ма адам жынды?!
Ол заман мен бұл заман,- үй үстіне
Естіп пе едің,- деген сөз- түйе келді?!»

Ақымақтығың білінді айтқан сөзден,
Іздесейші түйенді жапан түзден.
Ойласайшы, есіңнің кеткені ме,
Такта отырған, түйенді сұрап, бізден?!»

– Мен ақымақ емесінн- ақымақ өзің,
Болған жоқ па құдайды іздер кезің?!
Дәнемені көрмейтін көр болды ма,
Түздегі аңның тозаңы басып көзің!

Ішіп-жеумен күндіз-түн қарның тойған,
Жоқ нәрсеге сарп қып өмірін жойған:
Жатқан саған келе ме құдай өзі,
Кім құдайды орнатып таққа қойған?!

Қолда садақ болғанда, белде- қылыш,
Ит дүниеге қыласың күн-түн жұмыс.
Тақта жатып құдайды іздейді екен,
Бәрекелді, іс екен мынау дұрыс!

Бұл сөзіме қайыра жауап берші,
Құдай қайда, айтайын, жуық келші!
Өзің қылған жұмысында бәрісінен,-
«Түйешімін!»- дегенім болды ма ерсі?!

Жоқ жерден оқыс сөзді патша есітті,
Ықтиярсыз тағынан құлап кетті.
Тақты тастап, үйінен шығып кетті,
Құдай жаққа түзеді енді бетті.

Алтын тақ, бақытының бәрі қалды [47],
Талақ қылып тастады дүние малды!
Үш күн, үш түн жол жүріп жапа жалғыз,
Отарда толып жатқан малға барды.

Қотан-котан қойлар бар қосыменен,
Топ-топ жылқы ішінде жылқышымен.
Аяқ алып жүре алмай жатқан малдан,-
Сегіз күндей жүрінті осыменен.

– Қожайыным қанша елдің ханы!-дейді,
– Дәулетінің болмаған саны!- дейді.
«Кімдікі?!- деп сұраса, жолыққаннан:
– Ибраһим Әдһамның малы!- дейді.

Мұнша дәулет барлығы келмеді ойға,
Айналмастай боп кетті айт пен тойға.
Ол шеті мен бұл шеті көз жеткісіз,
Тағы келді бір бөлек отар қойға.

– Жұрт асқан патшамыздың ойы!- дейді,
– Тал шыбықтай бұралған бойы!- дейді.
– Онан басқа кімде мал болушы еді,
Ибраһим Әдһамның қойы!- дейді.

Бір кісіге аямай берген құдай,
Құдай берген кісіге бәрі онай-ай!
– Отар жатқан малының шеті осы ма,
Тағы да қойы бар ма, мұнан былай?

– Бұ көргенін жылқының қосы!- дейді,
– Дүние іздеген-шайтанның досы!- дейді.
– Мұнан былай малы жоқ отар салған,
Шаруасының ең шеті осы!- дейді.

– Енді қойшы аузынды адамға ашпа,
Айтқан сырды ішіне тық та, таста!
Айналасын дүниенің қыдырсаң да,
Ибраһим Әдһам жоқ менен басқа.

Талак қылып дүниеден безіп кеттім,
Құдайды іздеп дүниені кезіп кеттім.
Бір карауға артыма мұршам да жоқ,
Мен артымнан күдерді үзіп кеттім.

Азат қылып босаттым өз басыңды,
Емін-еркін тыныштықпен іш асыңды.
Өзің баққан қойынды алғыл жинап [48],
Ие болып меншікте енді осыны.

Шекпенінді қи маған, байғұс балам,
Атлас тонды киіп бол бір түрлі адам.
Алған малың өзіңе халал болсын,
Хақ жолына мен: «һу!»- деп бастым қадам.

Қараңыз қойшы олжаға батқанына,
Қой жүн шекпен атлас тонға сатқанына.
Әбден разы болғандай осы қойшы,
Неше жылдай қой бағып жатқанына.

Бір түн түнеп қойшыға жатып кетті,
Атлас тонды шекпенге сатып кетті.
«Жалғыздық пен жаяулық- құмар ісі,
Қарқ олжаға әбден-ақ батып кетті!»

– Көп жауғанмен не пайда қара тасқа,
Үйір болма бойына сіңбес асқа!
Кім сұраса, «Көргем жоқ!»- деп айтқайсың,
Бір өзімдей қаңғырған құлдан басқа.

Амандасып қойшымен жолға түсті,
Тұрғызбайды жүрегі алып ұшты.
Өз-өзінен бүлініп, әлек болып,
Лағын шайтан өртеніп күйіп пісті.

Жаны ашыған кісідей, келді жетіп:
– Бейшара-деп, мүсіркеп, аяп кетті.
– Соныменен жетесің сен қай жерге
Жүресің ғой қорлықпен өмірің өтіп?!

Не таптың желге тиіп, күнге күйіп,
Шықпапсың жөніменен киім киіп.
Түйең жоқ азық артар шаршағанда,
Табаның үш күннен соң қалар тиіп.

Торсығың жоқ су құйып алатұғын,
Қоржының жоқ ет пен нан салатұғын [49].
«Ас-адамның арқауы»- деген мақал,
Сендей жаяу әр-жерде өліп қалатұғын.

Сұлтан айтты:
-Барамын бұл барғаннан,
Бара алмасам, тұтылдым мен арманнан.
Тәуекелді тамам қып өлген артық,
Жан шығара үйде жатып құр қалғаннан!

Жетеді пенде қайдан түйе мініп,
Хайуанға алданады хайуан сеніп.
Бір құдайдан басқаға көңіл бермей,
Ғұмырды өткізейін жаяу жүріп.

Азығын алған жандар ала берсін,
Баласына алданып қала берсін.
Азык артып жанымды қинамаймын,
Оған шыққан жан болса, бара бара берсін [50].

Өзінді ойлап, іздеп шықтым, құдай,
Қылма мені рәсуа, Раббым-ай[51].
Бір басқанда, екі бас намаз оқып,
Мұнымен барайын,- деп,- жүріп солай.

Осы үшеуін серт қылдым өз басыма,
Ортақ қылып жүрейін кімді асыма?!
Насихатын осылай айтып кеттім,
Болсын куә періште көз жасыма.

Насихатын осылай айтып кетті.
Мұны естіп Лағын (шайтан) түнілін қайтып кетті,
Қылған серттен табанын тайдырмастан,
Бұл жүріспен арада төрт жыл өтті.

Мұндай бізге таң қайда анық атқан,
Жарық сәуле көре алмай күн-түн катқан?!
Көп керуенмен біраз жер жолдас болды,
Жолы бір боп бәрінің бара жатқан.

Жылдан-жылға барады заман өтіп,
Қалып жатыр жаманлар, жақсы кетіп.
«Көңілін алаң қылайын, алдайын!»- деп,
Лағын шайтан бір күні келді жетіп:

– Тәуекел осылай ма, сертің қайда?!
«Міндетім- деп құдайға айтқан сертің қайда?
Өлмес камын, бейшара, ойлапсың ғой,
Ойламаймын- деуші едің –жанға пайда!»

Жан сактапсың керуенге жанасалап,
Бак конбаса, не керек таудай талап?!
Өлмейтұғын қамыңды ойлапсың ғой,
Артылғанын бұлардың ұрттап жалап.

Барамысың бұлардан алып сабақ[52],
Шортан жесе, тиеді саған шабақ.
Көз көрген соң сені аштан өлтіре ме,
Табылды бейнетсіз саған тамақ.

– Көз сүзбес ең бұларға үйден алсаң,
Әуре болма бұлайша маған нансаң.
Көлігіне мінгізіп ап кетеді,
Жол үстінде міне алмай шаршап калсаң.

Сені есіркеп керуеннің аяп іші,
Жұрт үстінен күнелтер құнсыз кісі.
Бұл қалыпты болмаса керек еді,
Тәуекелді шын қылған ердін ісі.

Айтқан сөзі малғұнның ащы тиді,
Айырылуға керуеннен көңілі сүйді.
Жолсыз жермен қаңғырып жалғыз жүріп,
Тірі пенде көреді әр бір күйді.

Үш күн, үш түн ас ұрттап, ішпеді су,
Жан қиналып басынан шығады бу.
«Қаңғырып өлсін елсізде!»- деп айтқан ғой,
Ескі дұшпан, ежелгі жаны қас ку.

Таңдайына жабысып тілі қатып,
Бір ұрттам су таба алмай, көзін сатып.
[Аяқ басып жүруге дәрмені жоқ,
Айдалада әлсіреп қалды жатып].

Телміруге шама жоқ, көзін сүзіп [53],
Бір шыбындай жанынан күдер үзіп.
Аяқ-қолын серпуге шамасы жоқ,
Дәнемені білмейтін болды сезіп.

Шыбын келіп үймелеп қонып жатыр,
Тышқан келін, киімін жұлып жатыр.
Қара шіркей, сары маса ұзын аяқ,
Бір кісіге білгенін қылып жатыр.

[Инелік пен көбелек ол да бірге,
Женіп алған бұрыннан бит пен бүрге].
Ит пен құсқа жем қылып қалдыра ма?!
Енді құдай мүсіркек келді жерге!

Айтатұғын ауызда сөз болыпты,
Баста ми барша жанға тез болыпты.
Бір бәдәуи астында түйесі бар,
Құдай айдап үстіне кез болыпты.

Бізге құдай осындай таңды атыр,
Таң атырсаң, болар ек біз де батыр.
Тірі-өлісін, дал болды, айыра алмай,
Нұры балқып бетінен шығып жатыр.

Айдалада айқайлап сүрен салды,
Құр шулатып құлақтың тынышын (тыйышын) алды.
Өкпесіне қараса колын салып,
Шығар шықпас кеудеде жаны бар-ды.

Біле қойды жатқанын аштан қатып,
Демі құрып сілесі қатып калып.
Іші-бауыры елжіреп тұра қалды.
Мөлт-мөлт төгіп көз жасын іркіп алып.

Бәдәуидің домалап көзден жасы,
Не көрмейді ат пенен адам басы?!
Қайда барса өзінен қалдырмайтын,
Шырын-шәрбәт бар екен сусын асы.

Бір қызырға жолықты жолы құтты,
Кеуіп жатқан аузына құйды суды.
Кеңірдек пен өңеші жібіген сон,
Ар жағы күш алып, сылқ-сылқ жұтты.

Жүрегіне дәнекер корек барды,
Денедегі тасытты кызыл қанды.
Есін жиып, бір уақыт көзін ашып,
Біраздан соң өзіне келіп қалды.

Көзін ашса, бір пенде қасында отыр,
Жан ашыған кісідей басында отыр.
[- Не керек?- деп, жанында ебелектеп,
Пәруана боп иіріліп, басында отыр].

Есін жиып өз-өзіне әбден келін,
Құдіреттің шеберлігін әбден біліп.
Қылған ісін құдайдың тамаша етіп,
Ие болмай аузына, сақ-сақ күліп.

[Мұны көріп бәдәуи есін танды[54],
Тізесінің үстіне басын салды.

– Құп, диуана екенсің ғажап,-дейді.
– Арсыз күлкің қай жерден келіп қалды?!].

– Құп, диуана емеспін, есім бүтін,
Сыртым бүтін болғанмен, ішім түтін.
Ойда жоқтан құдайым береді екен,
Бұрмай жүрсе құдайдан пенде бетін!

Сенбегендер Құдайға қалады екен [55],
Шын сенгендер олжаны алады екен.
Айдалада қалса да ассыз-сусыз,
Тамақ әкеп аузына салады екен.

Бұл бәдәуи араб оқыған ғалым еді,
Аят оқып тәпсірден мағына берді.
«Қылған еңбек қалмайды бекер босқа,
Тәңірім босқа қалдырмас талапты ерді!»

Бұл бәдәуи кісі екен жақты, жанды,
Түйесіне мінгізіп алдына алды.
Жайылып- жастық, иіліп төсек болып,
Меккетұлла шаһарына алып барды.

Барса сұлтан, Байтолла орнында жок,
Деп ойласты: «Екеуіміз жол жаңылдык!»
Іздеп келген нәрсесі жок болған соң,
Күйіп кете жаздады, жалын, шок боп.

– Ешкім нанбас жок деген сөзімізге,
Біздің мұндай кез болды кезімізге.
Жансыз нәрсе орнынан қайда кетер,
Жабысты ма бір нәрсе көзімізге?!

Аң-таң болып бұлардың есі кетті,
Сүйген құлға Хак жолын несіп етті.
Не кыларын біле алмай тұрған шақта,
Құлағына ғайыптан әуез жетті:

– Аң-таң болып, Ибраһим, тұрып қалма,
Бір басылған аяқты кейін салма!
Құмар болған жалғыз-ақ сен бе екенсің.
Жүре берсең, көрерсің: жок па, бар ма?

Бір достымыз бар еді бізге құмар,
Несын саған қылайын ұзын-сонар?!
Іңкәрлігі өзгеден артылған соң,
Шығып соның алдынан кеткен шығар!

Мінәжат қылды сұлтан мұны естіп,
Өзі өзінің есінен шығып кетіп.

– Мен құрмалдық тоқтысы болар едім,
Жолықтырсаң, мені оған душар етіп!

Қандай күнде жараттың оның өзін?!
Көзге сүрме қылайын басқан ізін!
Құтты өзінді көргендей қуанайын,
Өзің сүйген достыңның көрсет жүзін!

Кім есептеп жүреді өткен күнін,
Шауып тастар қисық деп кім өз мінін?!
Көргенімше көңілім дауаласын,
Маған таныт күні бұрын аты-жөнін.

– Құдіретіме ертерек жеткен даты,
Баспа шығар бір-екі қалған хаты.
Баһара деген шаһардан шыққан жалғыз,
Туысы- әйел, ісі-еркек, Рабиға аты.

Мұны естіп түседі сұлтан жолға,
Тәуекелдің таяғын алып қолға.
Рабиғаға кез болды жол үстінде,
Ит алданар әр жерде қалған тұлға.

Дария болар су ағып тастан сайға,
Көтерілер ат белден асқан сайын.
О да екі бас келеді намаз оқып,
Әрбір жерге аяғын басқан сайын.

Бір құнақта екі жүз жерді басып,
Басқанынан екі жүз намазы асып.
Жерде жатқан күндей боп жарк-жұрк етіп,
Домаланып келеді нұры тасып.

Жаратқан Құдайына көңілі кетіп,
Шыбын жанын жолына құрбан етіп.
Қажылардың ихрамды байлайтұғын-
Тақалғанда орнына жаңа жетіп.

Жаннан кешіп барады ердің ері,
Арманы не пенденің жетсе тірі?!
Ихрамды байлайын деп тұрғанында,
Бойына келіп қалды етек кірі.

Ихрам байлап, қажылар рида салды,
Керек қылмас дәл бұл күн ешкім жанды.
Намаз бенен рузасы дұрыс болмай,
Байлай алмай сол жерде жалғыз қалды.

Жатқанында арманға жаңа жетіп,
Тәңірім мұндай баруан су бара етіп.
Айдала бұл күймей, кім күйеді,
Есіл еңбек бір жайға босқа кетіп?!

– Отыра алмадым жеті жыл: «Жаншы, жан!»- деп,
Жарлық қылдың жаңбырға: «Жауа сал!»- деп.

– Менікін қалдырма бұл парыздан,
Болмаса,- налыс қылды –жанымды ал!- деп.

Алла тағала дұғасын қабыл етті,
Тап-таза боп бойынан дерті кетті.
Құйынуға су іздеп аласұрды,
Су таба алмай елсізден, шаршап бітті.

Су іздеген кінктей жортып желді,
Бір құйынар су болып арманы енді.
Көріп қойған кісідей көп бұлтармай,
Бір құдықтың басына тура келді.

Қауғасы жоқ алады қалай суды,
Шешіп алып көйлегін мес кып буды.
Кесіп алып шашбауын арқан қылып,
Су құйынып, етінің кірін жуды.

Керек қылмай кеткен соң жұрт пен елді,
Тәңірім қылды болыстық, мұнан білді.
Шөлдегеннен аузына тілі сыймай,
Екі көзі төрт болып бір ит келді.

Көйлегімен су алып итке құйды,
Емін-еркін ішіп ит әбден суды,
Екі көзі шырақтай жанғаннан соң,
Итке тәңірім салды ғой бір жақсы ойды.

Құдайына ит ұлып каксады зар:
– Көңілінде бұл пенденің не мақсат бар?!
Мені қандай қуантса, сондай қылып,
Ынтығына жеткізіп, жүрегін жар!

Иттің қылған дұғасы қабыл болды,
Жазы жапан айдала нұрға толды.
Жаңа киіп көйлегін тұрған шақта,
Басына кеп Байтолла орнап тұрды.

Ілтипат қып Рабиға көз салмады,
Келді ме, келмеді ме ойға алмады.
Шам-шырақтай келеді қатын жайнап,
Қолшатырдай басынан қозғалмады.

Ізі басқан жазылған хаты болып,
Тау менен тас түп-түзу саты болып.
Қабығы жоқ қолында ағаш таяқ,
Бір алланың аузында аты болып.

Қарасы көрінгеннен, шайтан қашқан,
Жері алтынның кені боп, аяқ басқан.
Хазіреті Мұсадай қайрат қылып,
Тор тауына өрмелеп келе жатқан.

Сондай болып Рабиға келе жатыр,
Қағбатұлла басында болып шатыр.
Дастан болып артында қалған сөзі,
Жынысы әйелден шыққан демесең,- бұл- бір батыр.

Қол қусырып алыстан, тағзым етіп,
Еріген майдай болып, толқып кетіп.
Қажылардың бәрін де соңынан ертіп,
Қарсы алдынан Ибраһим келді жетіп.

Домалантып көзінен төкті жасты,
Әйел демей, алдына қойды басты:
– Ұлы сәске тал түсте тұрған күндей,
Көзге түсіп, қалайша бағың асты?!

Қағбатұлла алдыңнан қарсы шыққан,
Мың сан ақын алдыңнан қойдай ыққан.
Керек қылып оған сен көз салмайсың,
Тәкаппарлық болмай ма ұлығтықтан?!

Рабиға айтты:
Көңілден кетсін дағың,
Шірімесін сөз айтқан тіл мен жағың!
Айтып тұрсың әншейін маған жорта,
Артық екен менен де сенің бағың!

Машақатсыз келіпті Қағба маған,
Қылған істен пайда жоқ қызбай табан.
Ерте піскен жемісте дән бола ма,
Жетік молда бермеген тағлым саған.

Әр нәрсені қадірлер берген колы,
Болмасын деп кім айтар жүрген жолы.
Мехнатсыз, машақатсыз қолға түскен,
Нәрсенің, сірә, болмас қадір құны!

Тарау-тарау сөзім бар әр бір кептен,
Көріп тұрған пайдам жоқ қауым көптен!
Және сұлтан сұрады Рабигадан:
– Қағбаның шыққаны алдыңнан о, неліктен?

– Сөзге- сөз келіп қалса- сөз атасы,
«Сөзден-сөз туар»- дейді жоқ қатесі.
Байтұлланы басымнан айналдырған,
Бұралқы түзде жүрген ит батасы.

Бір ауыз сөз жауаппен бұ да бітті,
Көп адамдар қажы қылып қайтып кетті.
Рабига да қайтыпты өз жұртына,
Ибраһим қалды – дейді, – көр, не етті?!

Бір орыннан қозғалмас Темірқазық,
Басы жұмыр пендеде көп –ті жазық.
Мың алтын берді бір бай Ибраһимге:
«Өлгеніңше өзіне қыл,- деп,- азық!»

Тамақ-олжа; бір күнгі қарны ашка,
Қой жүн шекпен киген, сатып атласқа.
– Өмірімше шашымды алып тұр!- деп,
Мың алтынды беріпті шаштарашка (шаштаразға).

Қайыр сұрай бір кедей сонда келді,
Мың алтынды шаштараз түгел берді.
– Бірін берсең, жүрмей ме құдай үшін,
Неге бердің біржола бәрін?!- деді.

– Саған берген бай оны қайдан берді?!

Маған қылған жақсылық- пайдаң!- дейді.

– Құдай үшін көп пе екен мыңды берген?

Сендей жүз мың иеледі жайдан!- дейді.

Мұны естіп Ибраһим қайран қалды:

– Шок тәубесі бір ғой,- деп, аузына алды.

Айтқанына өкінді пұшайман боп:

«Жүр екем,- деп,- ұмытпай әлі малды!»

– Қате қылдым жаңылдым, мен адастым,

Жаксы көрсем, жалғаннан неге қаштым?!

Көңілге алып, дүниені көзге іліп,

Не аяқты хақ жолдан қисық бастым?!

Аллаға ғашық еді, кім шамалар,

Қолың қанша былғанса, су тазалар.

Қас пен көздің, кірпіктің арасында

Талайлыға тікен боп тіл қадалар.

Күн өткізді Меккеде жазы-қысы,

Құлшылықтан басқамен болмай ісі.

Тауға барып бәйшешек, жантақ теріп,

Бір белгілі отыншы болды кісі.

Бір арқа отын тауға барып алып келіп,

Оған алған тиынын үшке бөліп.

Жетім-жесір, міскінге үлестіріп,

Қайда дәруіш бар болса, тамақ беріп.

Жарасады жүк артса шалқұйрық нар,

Айыр өркеш түйе мен болады пар.

Ұзын түнді өткізіп ояулықпен,

Құдайына мінажат қылумен зар.

Жалғаннан біреу келіп, кетіп жатыр,

Жабдығын ақыреттің етіп жатыр.

Кейбіреулер жанын тыйыш сақтай алмай,

Бәріне де бір құдай жетіп жатыр.

Дүние-коян, арсалаң, адам- тазы,
Бар да, жоқ та тұра алмай, өтіп жатыр.
Қаракшыға жете алмай жолда қалып,
Мұнымен таусылып бітіп жатыр.

Ақылсыздар бейнет қып дүние жиып,
Дұшпанларын семіртіп күтіп жатыр.
Кейбіреулер бар-жоғын ойламастан,
Жүндей сабап дүниені түтіп жатыр.

Айналасы кереге, төбесі- уық,
Сол сағатта төбеңде көк те жуық.
Екі күн бірдей болып тұрмайды еш,
Бір күн ыстық болғанда, бір күн-суық.

Ер басына не келіп, не кетпейді,
Күнбе-күнге, ертеңге көз жетпейді.
«Бұл жалғанды -деймісің -мәңгі баки,
Күн мен жұма, ай мен жыл,- деме- өтпейді».

Зар болып қалар бір күн бар, бір күн пұлға,
Үнемі түсіп тұрмайды дүние қолға.
Бақ пенен тақ, патшалық қалды жатып,
Ескерусіз есікте жүрген құлға.

Баяны жоқ жалғанның ісі ғайып,
Байдың кедей болуы оңай, қолдан тайып!...
Көбең малдай оскырып елендейді,
Жалғыз атты кедейден- жүрген байып!

Бір күн семіз боларсың, бір күн –арық,
Отыз күні бір айдың жарымы- жарық!
Өткен күннің, кеткен өмір- белгісі жоқ,
Маған десең қырық жыл қыл патшалық!

Жан көрдің бе өлместен жүрген тірі,
Ер басына қазулы тұрған көрі.
Кім келмейді, жалғаннан кім кетпейді,
Адам ата, Нұх нәби,- сонан бері?!

Мәңгі бақи дүниеде қалған жан жоқ,
Құр алақан, дүниеден алғаны жоқ.
Жетсең де арман жалғанда, жетпесең де,
Құдайды іздеп өлгеннің арманы жоқ!

Сұлтанның артында қалған баласының хикая баяны

Бұл сұлтан құдайды ойға алып еді,
Оң жолға құдай бастап салып еді.
Зұлхия алған жары жүкті болып,
Қыршын жас деген күнде қалып еді.

Тірідей қалды да тұл, күйді бақты (бакыты),
Болды да біреуге олжа алтын такты (тағы-тақыты).
Кеткелі үйден патша көп күн өтті,
Жүзі айдай, көзі күндей бір ұл тапты.

Айырылып бақтысынан қалды қатын,
Сарғайтты сана менен нұр сипатын.
«Тұлпардың артындағы тұяғы!»- деп,
Баланың Сұлтанмахмұт қойыпты атын.

Бар екен әуелден-ақ тумак-өлмек,
Баска құдай не салса, пенде көнбек.
Әркімді әр нәрсемен жұбантады,
Қатынға туған бала болыпты ермек.

Баһары қаз алатын лашындай,
Тік тұрған сандалдың ағашындай.
Мінезі, ісі, [түсі], [дәл] атасына
Ұқсапты сауысқанның баласындай.

Көк шыбық солқылдаған өрім талдай,
Мінезі тәп-тәтті боп ғылуа балдай.
Алмадай екі беті үзіліп тұр,
Туады мұнан артық бала қандай?!

Аузынан сүті шыққан уыз күні [56],
Жаралған түп-түгел боп, жоқ боп міні,
Отырды үй үстінде бір күн бала,
Қурайыштың, ертең айт деген күні.

Болған соң айт ақшамы, шырақ жағып,
Адам қалмай қабірге бәрі барып [57].
Көрмеген мұндайлықты бұрын бала
Сұрады анасынан үйге барып.

Жүгіріп өз үйіне барды бала [58],
Балаға көрінген соң, түсті сана:
– Әрқайсысы қабірге шырақ жағып,
Не себеппен келеді бұлар, ана?!

Аузына қарай қапты анасының,
Сөзіне таң қалады баласының.
– Ата-анасы әркімнің өлген болса,
Басына шырақ жағар моласының.

– Отырмыз бізлер бүгін мұнда не ғып?!-
Көзінен домалады жасы ағып:
– Қабірін ол атамның көрсет маған [59],
Екеуіміз де келейік шырақ жағып.

Анасы аһ ұрады есін танып,
Аузынан жалын, түтін дау-дау жанып.
– Атаңның бұл шаһарда моласы жоқ,
Келесің жігер күшім тек[ке] барып.

– Ай, ана, менің атам жайы қайда[60],
Көрем бе жатқан жайын бұ жалғанда?!
Атамның зиаратын тауып берші,
Дұға қып, шырақ жағып келейін де.

Баланың жасқа төлды екі көзі,
Аузында атасы боп айтқан сөзі:
– Не дейсің, қайда кетті дейсің, ана,
Мал емес жоғалатын атам өзі.

Көзіңше кетіп пе еді атам тірі,
Жан еді не сипатлы кескін, түрі?!
Мен тумай тірі ғайып болған [болса],
Естідің бе, бар ма еді бір хабары?!

– Атаңыз патша еді алтын такты [61],
Құдайым беріп еді мал мен бақты.
Әдеті түн аударып тұрушы еді,
Сол тұрғаннан келмеді, ғайып болды.

Сол тұрғаннан көрмедім,
Іздеп кеткен хақыны (хақты).
– Бір хабар бар ма сонан бері
Аулында кеткен екен,
Не дейсің, ғазаптана айтшы сөзің,
Қалайша тоқта[та]сың енді мені?!

Анасы айтты:

– Құлақ сал, балам,- дейді.
Айтайын саған жайын тамам,- дейді.
Атаңыз бір түнде ғайып болды,
Келмейді дүниеге ондай адам!- дейді.

– Атаңыз осы жұрттың еді ханы,
Жок еді дүниесінің ешбір саны.
Мен-жесір, сен тумай жетім тастап кеткен,
Дүниесін иеленіп кеткен құл-құтан, әні!

Есептен кеткен екен асып дүние-мүлкі,
Құс салып, ит жүгірткен, ойын-күлкі.
Бітсе де қанша дәулет, желікпеген,
Жаралмас ондай болып адам, тіпті.

Ұйқысын бөліп бір күн түнде тұрды,
Ешкімге шығармады ішкі сырды.
Мен жаттым: «Тысқа шығып келеді»- деп,
Келмеді, сол кеткеннен ғайып болды.

Көрген-бакканым менің болды сол-ак,
Көз жасым бола берді болып бұлак.
«Меккеде аман-есен жүр,- деп,- тірі»,
Айтады барған-келген ұзын құлак.

Жалаң аяқ, жалаң бас, төсін ашып,
Жаяу таудан аркалап отын тасып.
Алған пұлын әркімге үлестіріп,
Кәріп-касер, міскінге пұлын шашып.

Танданыпты анық түрін әркім көріп [62]:
«һу-һу!»- деп, жүреді екен отыншы боп.
Бір Алладан баскадан жұмысы жоқ,
Қолына түскен пұлын үлестіріп.

Анадан тумас енді ондай кісі,
Аумаған дәл өзіннен өңі-түсі.
Күндіз-түні қылғаны- бір құлшылық,
Онан басқа қыларлық жоқ жұмысы!-

Шешесі қозғағаннан сөздің басын,
Жіберді төгіп-төгіп көздің жасын.
Орнында отыра алмай, сандалады,
Ұмытып ұйықтар ұйқы, ішер асын.

– Ай, ана, жіберсейші жабдық беріп,
Атамның қуанайын жүзіп көріп.
Мен барып, тірлікте бір көрейін,
Көңілімде арман қалмасын, кетсем өліп.

Анасы айтты:

– Жанымнан шырын балам,
Тірі жалғыз артыңда не ғып қалам?!
Атаң үшін күйгенім аз ба менің,
Енді сенің артыңда қалай жанам?!

Енді сенен айрылсам, не боламын,
Қарашығым- көзімнің, көрген ұлан (ұлдан).

Ай, балам, кім бұзады азалыны,
Шаршайын несін айтып ол гүзалыны?!
Өртеніп от боп жанып, енді күйіп,
Оқыды сонда анасы бұл ғазалыны.

Зұлхияның баласына зарлағаны

Бұ не қасірет, бұ не күлғат,
Бұ жалғанда жоқ боп ұлғат.
От боп өртеніп кеше-күндіз,
Өзегімді өртер нар пырақ.

Үйірімде жоқ іс еді,
Сүйген жарда жуа болмақ!

Кім еркімен болған өзі,
Әр не қылса, Құдай қылмақ.
Алланың қылған ісіне
Пендеден дүр риза болмақ!

«Қиямет күн қатты!»- дейді,
Көзі жеткен қырағылар.
Қиямет анық сол екен-
Мейірбаннан жүдә болмақ!

«Тозак оты қиын!»- дейді,
Жұрттың бәрі солай сөйлеп,
Мұнан артық от болар ма,
Зағыпырандай жүзі солмақ!

Баланың сөзі:

Баласы айтты:

– Мейірбан мошфық анам,
Көрінбейді көзіме ешбір адам.
Мені жерге қаратпай, ризалық қыл,
Жан барында әкемді іздеп табам.

Балалардын өзімдей әкесі бар,
Мен көшеде жылаумен тұрамын зар.
Енді жүрер жолыма бөгет болма,
Өткелсіз су болмайды, кешусіз-жар.

Жата алмаспын бұл үйде мен жайланып,
Аяқ пенен қалмаса қол байланып.
Барайын да, қайтайын, кешікпейін,
Пәруана боп жолынан бір айналып.

Анасы бұза алмады бала сөзін,
Көрген соң жаспен толған екі көзін.
– Бар,-дейді,- болсын, балам, - жолың,- дейді.
– Аманат бір Құдайға бердім өзін (өзінді).

Үстінде жақсы болып тұрса заман,
Атаңа есен-аман барсаң, балам.
Бір-екі күннен артық тұрмағайсың,
Айтқайсың мен сорлыдан көп-көп сәлем [63]!

Қарағым, жаным менің, көз қуанышым,
Тыйылмас сені көрмей көзден жасым.

Жүрекке басылған мөр атаң-дағы,
Анаңның болды жуық өлер шағы.

Қайғысын айтты қалдырмастан баласына,
Баласы риза болып анасына.
Екеуі елсіз жерде қоштасқанда,
Екеуінің жер-көк жылар наласына.

Бір жолға тәуекел деп басты байлап,
Жөнелді ықтиярсыз Тәңірім айдап.
Екі-үш күн ас пісіртіп [кір жуғызып],
Жүретін жол азығын алды сайлап.

Баласы анасынан сұрайды сөз:
– Атама барып ұшырассам кез.
Айдалада құр кімге жабысамын,
Жазып бер түсін-түгін қағазға сіз.

Анасы айтты:

– Меккеге барсаң, балам,
Базарына отынның бассан қадам,
Белгілі топ ішінде түрі бөлек,
Бір араға бас қосса жүз мың адам.

Ұзын бойлы, шырайлы, қызыл жүзлі,
Көрінгенге күлумен қарап көзі.
Қара сақал, қыр мұрын, ат жақтылау,
Тілі тәтті, сөйлесе, шырын сөзі.

«һу-һу!»- деп келер өзі жалаң аяқ,
Сәлдесі басында, қолында болар таяқ.
Анадайдан танырсың көрген жерден,
Жан-жағыңа алаңдап қарамай-ақ.

Намаз оқыр екі бас әр басқанда,
Ешкімменен ісі жоқ, көзі аспанда.
«Осы екен!»- деп, танырсың көрген жерден.
Жетім-жесір, міскінге пұл шашқанда.

Алдына тұрсаң егер жетіп барып,
Көргенде, қуанарсың жүрек жарып.
Айтқайсың бастан-аяк көргеніңде,
Сұраса: «Аман ба,- деп,- анаң кәріп?!».

«Басып тұрып, жүруге жоқ дәрмені,
Кеудеде құр шықпаған шыбын жаны!»-
Айтқайсың анаң кәріп осылай деп,
Ұзын ғұмыр, жас керек сөйлеуге, әні [64]!

Деген соң, қайдан болсын көңіл бүтін,
Аузынан «Аһ!»- дегенде, шығар түтін.
Кетеді қаптап ісі тамам жұртты,
Кісінің анау-мынау шарпып бетін.

Қаптайды бір қараңғы тұман болып,
Күніреніп шаһар іші кетер толып,
«Аһ ұрған Зұлхияның лебі ғой!»- деп,
Айтысар жиылған жұрт сонан біліп.

Тұмандай басылады барып-барып,
Лапылдап бірде сөніп, бірде жанып.
Бауырынын (бағырынын) күйген исі мұңкіп шығып,
Исіндей қуырдақтың мұрнын жарып.

Айтқайсын мына сөзді әуел ақыр:
«Сары дала болып қалды мидай тақыр!»
Аманат көп-көп ғарызын айтып,
– Дегейсің - қалды зарлап анам пақыр!»-

[Не] айтса, бала бәрін ұғып алды,
Анасы кош айтысып, жолға салды.
Айрылып, амалы жоқ, жалғызынан,
Екі көзі телмірумен тұрып қалды.

Дүние-ай, күнің екен бұл бір харап,
Боласың [сен] жағымды жұртқа жарап.
Бала белден асканша көз айырмай,
Артынан жылап боздап тұрды қарап.

Қой (құй) жыла, қой жылама, кетті өз тұсы,
Көрген-баққан қызығың болды осы!
Көзіңді шелей қаптап кеткенінде
Қолыңнан бір кеткен соң дәулет құсы.

Айрылды жаннан артық сүйгенінен,
Жалаңаш қалды- үстіне кигенінен.
Денеден құр шықпаған жаны барда
Жыр жырлап, ғазал айтты күйгенінен.

Екінші Зұлхияның айтқан жыры

Сонда ғазал жыр айтқан,
Есіткен жанды мұнайтқан.

– Тірі айрылмақ от екен:
Қуа[н]тып, мұнша сарғайтқан!

Аллаға айтқан наласы,
Ұлғайып жүрек жарасы.
Шөлдеп қалды шаңырқап,
От болып толған шарасы.

Ақты еріп, су болып,
Бауырдың кесек парасы.
Батып кетті жоғалып,
Көздің ақ пен қарасы!

Алланың қылған ісіне
Пенденің бар ма шарасы?!
Ғұмырында көрген сәулесі-
Кеткен соң жалғыз баласы.

Аязды күні айналған,
Бұлтты күні толғанған.
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен.

Һимейік жуып ғұмырымда
Денемді өртеп алған от!
Айырып алтын тағымнан,
Бақытымды бастан алған от!

...Алтын едім, мыс болдым,
Гауһар едім, қыш болдым,
Жылы жаз едім күншуақ,
Зымстан суық қыс болдым!

Жаһанда бұлбұл құс едім,
Түспейтін қолға кісі едім.
Қара пұлға өткісіз
Далада босқа қалдырып,
Жапалақ пен байғыздай
Кебекке бүктеп салған от!

Ұжмақтың едім тауысы,
Адамның едім дәрісі.
Ұзақтың салып күніне
Жұпардың едім иісі,
Таудың едім биігі,
Жонның едім киігі!
Һәммасын басқа жастантып,
Күл болып сөніп жанған от!

Бакшада қызыл гүл едім,
Базарға шықпас пұл едім!
Тірідей жесір, тұл етіп,
Сүйгенімнен айырып,
Көріме берге кірген от!

Жас бала кетті жаяу жолмен жүріп,
Екі етегін беліне алды түріп.
Есен-сау ауырмай, сол сырқамай,
Меккеге көп күн жүріп барды кіріп.

Белгілі ішіп жейтін ас және жок,
Қорғалар жаңбыр жауса, баспана жок.
«Шаңыркап, шөлдеп қапсың!»- деп айтатын
Мүсіркеп маңайында ата-ана жок.

Жаяулық, жалғыздық пен бастан кешіп,
Қатып [дәл] кара ағаштай бала жастан.
Жол азабы жоктықпен қабаттасып,
Жаңа туған айдай боп бүгілді аштан.

Бәйге атындай бүгіліп әбден жарап,
Ақыл-ой жан-жағына кетті тарап.
Базарына отынның барып бала,
Кешке шейін ертенмен тұрды карап.

Әрқайда базарлы жер-ұлы жиын,
Тамақ алып жейтұғын, кәне, тиын?!Сонша жаннан бір жанды танымаған,
Бұл жалғанның жүзінде бұл бір қиын.

Құса болып ішінен бала тынды,
Жоқшылық сау кісіні қылар жынды.
Телміріп көрінгенге көз салса да,
Кез болмады анасы айтқан сынды.

Бір мезгілде қарайды көзін салып,
Екі жоқтық бір келіп, қабаттанып.
Бір аһ ұрып жіберді жылап бала
Мөлт-мөлт төгіп көз жасын іркіп алып.

Сонда баланың айтқан ғазалы:

Аһи мұңлы басымды
Базарға салған-жетімдік!
Ойнап күлер шағымды
Қолымнан алған- жетімдік!

Табаным жерге тигізіп,
Ыстық бір күнге күйгізіп,
Әр түрге салған жетімдік!

Ішерге жоқ қып асымды,
Ағызып көзден жасымды,

Елден-елді кездірген,
Туған жерден бездірген,
Жұртқа көзім сүздірген,
Жөргекте соққан- жетімдік!

Жерімде қалып па едім жарыстан,
Келіп едім алыстан!
«Осында бар-деп- арыстан!»-
Көрсетпей қойдың, жетімлік!

Әкем, бір жаным, қайдасың,
Оттай жанып жайнасын!
Тауыстың ғой хайласын!
Жалғызың көрді жетімлік!

Айрылып кала бердің мал ту[a]рдан,
Жаспенен екі бетті көз суарған.
Жапырақ күз болғанда куарады,
Айдында көкек, шілде біз бір тұрған.

Жолында көрдім бейнет жазы-қысы,
Ешкімнің меніменен жоқ жұмысы.
Аштық, тоқтық, алыс пен жуықтықты
Білетін бұл сөзінен қандай кісі.

«Әкем!»- деп, ынтам құрып келіп едім,
Ойланып мен ұйқымды бөліп едім,
Көре алмай атам жүзін қалғаным ба,
Әдейі көрейін деп келіп едім.

Жылады өксіп бала бұ сөзді айтып,
Жыларлық іс болған соң, тұрсын қайтіп?!
Кім жылар, біз жыламай, дүние зар,
Қойған соң жастан құдай [шын] мұнайтып?!

Толықсып біраз тұрды есін танып,
Кісіге өткен-кеткен көзін салып.
Мең-зең боп, орынында тұрып қалды,
Көруден- [көз, сөйлеуден] тіпті қалып.

Көркейіп нұрмен толды базар іші,
Көзіне жылы ұшырай беріп түсі.
Жалаң бас, жалаң аяқ, ұзын бойлы,
Келеді: «hy-hy!»- деп, қызыл жүзлі кісі.

Үстіне кигені де қара киім,
Өзіне нардың жүгі болмас бұйым.
Алып келген отынын базарға үйді:
– Апарып жүрер мұны жоқ,- деп үйім.

– Ла ила ила Алла!- айтқан сөзі,
Қызыл жүзге жарасып нәркес көзі.
Әр басқанда, екі бас намаз оқып,
Өзге жұрттан бір түрлі бөтен өзі.

Әкесін айтуменен танып тұрды,
Лапылдап тал отындай жанып тұрды.
Елжіреп, іші-бауыры (бағыры) алып ұшып,
Жуықтап маңайына барып тұрды.

Базарда тұрып сұлтан айғай салды,
Үйіліп, топ-топ болып отын қалды.
-Халал еңбек сіңіріп алып келдім,
Алыңдар қиянатсыз (қинатсыз) халал малды.

Бір адам үш құршыға отынды алды,
Үймелеп кедей біткен жетіп барды.
Жетім-жесір, міскінге үлестіріп,
Алған жанның бәрі де мәз боп қалды.

Бұзылған сұлтан келді ханасына,
Мәз болып Аллаға айтқан шынасына!
Есіктен сәлем беріп бала келді,
Қиялап атасының панасына.

– Уағалейкум уэссалам, балам!- дейді,
– Көп бөтен келмеуші еді адам,- дейді.
– Кіріп келдің бас салып, танығандай,
Оңға қарай басылсын қадам!- дейді.

Өксіп бала жылады танығандай,
Көздің жасын көл қылып бұлай берді.
-Мен сықылды түрің бар, жылы ұшырайсың,
Қайдан жүрсің, жаным?- деп, сұрайды енді.

Баланың берген жауабы:

– Алыстан аңқам құрып келдім өзім,
Енді арманыңды айтшы, екі көзім [65]!
Тапсырған аманатты: «Сізге айт!»- деп,
Бар еді айтатұғын ғарыз сөзім.

Сонда сұлтанның жауабы [66]:

– Шырағым, жүрексіңбей, сөйле сөзің,
Жөніңді, тоқтатып айт, кімсің өзің?
Аяқ-қолды бір уыс қылып кеттің,
Ішімді елжіретіп барады көзің.

Баланың [сөзі]:

Жылады өксуменен бала зарлап,
Екі көзден бірдей жас акты парлап.
– Шайқалмай жұмыртқамда қалған жанмын,
Дүниенің келіп тұрмын жүзін шарлап!

Және сұлтанның жауабы:

– Су ішіп, отын жактың қандай жердің?
Ойыңда мені өзің кім деп келдің?
Аузыннан сүті шыққан жас баласын,
Кісінің, перзенті едің, қандай ердің?

Баланың сөзі:

– Шыққаннан жолда қалды талай атты,
Ат түгіл, жету қайда құс қанатлы?!
Өзге түгіл, өзімді [67] танымаймын,
Шаһардың перзенті едім Балых атты.

Сұлтанның сөзі:

– Менін де тұрған жерім еді Балых,
Құр сөйлеп өткен күнді не қылалық?!
Қай дінде және кімнің баласысың?
Жөніңді айт, сұрасалық, танысалық.

Баланың бұл сөзді естіп, кетіпті есі,
Бұзылып, бір түрлі боп өң мен түсі.
Өз әкесі: «Кімсің?»- деп сұрап тұрған,
Құдайдың бұл бір ғажап бір жұмысы [67].

Біраздан соң бала есін жиып алды:

– Туған шешем артымда жалғыз қалды.
Өзім іште жатқанда, қашып әкем,
Алтын тақ пен тастапты мал мен жанды.

Патшалықты, қалдырып, алтын тақты,
Көңілге алып, көзге ілмей, мал мен бакты.
Зұлхия атлы жолдасын тұл қалдырып,
Жапа-жалғыз іздеп кеткен Хакты.

Мен шарана қалыппын іште жатып,
Өмір бо[йы] түн менен таң және атып.
Кедейлікке байлықты айырбастап,
Атлас тонын шекпенге және сатып.

Қатынды- тұл, баланы жетім тастап [67],
Бағын, тағын қойып, қолына таяк ұстап,
Мекетулла шаһарына отыншы боп,
Патшалықты бұ күнге айырбастап.

Естідім: «Бұл шаһарда бар,- деп,- өзі»,
Әңгіме (аңдолма) бұл заманғы жұрттың сөзі.
Алыстан: «Әкем бар!»- деп, аңсап келген,
Мен-атамның тұғырында қалған ізі.

...Бұл сөзді естіп сұлтанның есі кетті [68],
Көл дария көздің жасы жуды бетті.
Атадан туса бала, сондай тусын,
Жалал ұл- халал жанға несіп етті.

Сұлтанның сөзі бұ дүр
Алыстан келіпті ғой жақсы балам,
Жігіт деуге жарарлық болған адам.
Ибалы жас, иманды кәрілерден,
Біз көргеннен жан аман ба тегіс аман?

Сұрамай мені қайдан білдің танып,
Көп жерден келіп тұрсың арып-ашып.
Тірідей тұл қалған күйік тартып,
Немене, сорлы бар ма [анаң] кәріп?!

– Өлген өліп, өлмеген калып жатыр,
Хабарыңыз тірліктің барып жатыр.
Қайғымен қан жұтып кеш[те] күндіз,
Бейшара болды мұңлық анам пақыр.

Ертеден-кеш ақылдан адасады,
Қай түрлі ғып айтсам да, жарасады.
«Аһ!»- дегенде, аузынан шыққан түтін
Ғаршы мен Күрсіге таласады.

Түтінмен кетер толып шаһар іші,
Танымал болған бұған үлкен-кіші.
Деседі бір-біріне танымал жұрт:
«Бауырының Зұлхияның күйген иісі».

Сұлтанның есі ауды мұны естіп,
Жаны ашып, естумен, іші күйіп.
Есін жиып, бір аз ғана тұрғанында,
Бір дауыс құлағына келді жетіп:

– Ибраһим, алдандың ба балаңменен,
Болды ма сенің көңілің алаң менен?!

«[Бір] кынға екі кылыш сыйғызып бак,
Өзіңнің бар күшіңмен, шамаңменен.

[Балаң]мен бол, болмаса, не бізбен бол,
«Екі жарлық бір тойда [жоқ]»- білесің сен.

Менің де келіп қалды сүйер ерім [69],
Бойыма қоршап келді ғайып, пірім.

----- деген жері,
Қалды ма ажалсыздан зорға тірі?!
Қайтармақ сөзге жауап қиын емес пе,
Қысылып, маңдайынан шықты тері:

– Сен деп, безіп едім алтын тактан,
Лағып қалып едім мал мен бактан.
«Еңбегімді- еш, тұзымды сор қылмаса»,
Адастырмай, оғымды тигіз актан!

– Шарабын махаббаттың іштім!- дейді,
– Сені ізлеп мен жолға түстім!- дейді.
– Боламын, не болсам да, өзінменен,
Ырзамын, балам[ды] мен кештім!- дейді.

Хак жарлығы осылай болып қалды,
Кім дүниеге толықсып тұрып қалды?!

Ғазірейіл бұйырлып Хактан келіп,
Тырп еткізбей баланың жанын алды.

Дүниеге келгеннен соң, бір күн өлмек [70],
Мың күнгі жанған шырақ бір күн сөнбек.
Жарлығы бір Алланың және түсті:
– Баланы көп сақтамай, жуып көм!- деп.

Сұлтанның зары:

– Келіпсің: «Көрейін!»- деп, балам мені,
Бас салды кәріплікте ажал сені.
Қиылған қыршыннан, құлыным-ай,
«[Бір] көрем!»- деп, ізлеп келдің мені.

Лап ұрып [лепіріп]: «Атам бар!»- деп, келдің тасып,
Тау асып, дария кешіп, тасты басып.
Бейнесіп, жігітлікте кеттің, балам,
Бірінен қылығыңның біреуі асып.

Құмарың тарқамады-ау мені көріп,
Еңбегің еш болды ғой келген жүріп.
Көк шыбық, өрім талдай дер күнінде,
Ағаштай майыспастан кеттің сынып [71].

Тапсырдым бір құдайға сені балам,
Жоқтан бар қылған әуелде Алла тағалам!
«Өлді,- деп кәріплікте»- соны ойлаймын,
Болмаса бір өлмек бар туған адам.

Анаңның жол үстінде екі көзі,
«Балам қашан келер?»- деп зарлап өзі.
...Хабарың сенін өлген барса жетіп,
Таусылар сол арада бітіп демі.

Қан жұтып, қайғыменен зарланады [72],
Өртеніп, іші-бауыры от жанады.
«Дүниеден өтіп кетті!»- дегеннен соң,
Зарланып, қайғыменен ах ұрады.

Қан каксап, бұл сөзді айтып, жылады зар,
Зарлатқан сүйген құлын Қадір жаббар.
Меккеде «Сұлтанмахмұт зиараты»
Осы күнде басында күмбезі бар.

Баласын жуып салған сұлтан өзі,
Көр болар жылауменен екі көзі.
«Қалдан ла-ила ражиғун»»- деп,
Қойып көрге езіліп [73] айтқан сөзі.

Сұлтан[ның] ғазалы:

Іздесем сені таба алман,
Қайдасың, ботам, балам-ай?!
...Күйігіңмен бұлбұлдай,
Сайрасын атаң, балам-ай!

Көргелі келдің жүзімді,
Сағынып, аңсап, балам-ай!
Не кыларым біле алмай,
Қалдым гой шаршап, балам-ай [73]!

Қияметтің күнінде
Қаранды көрсем, балам-ай!
Аузымнан шыққан жалын от,
Қаптар бір жұртты, балам-ай!

Алланың ісі- хақ өлім,
«Өлді!»- деп, оған күймеймін.
Мерзімді жетпей уақытың,
Қазаң бір болған, балам-ай!

Жүрегім талды үзіліп,
Көзім жасы тізіліп.
Еріп ақты езіліп,
Күйігіңмен, балам-ай!

Ойлаңдар мені: «Жанбады,
Ақыл-естен танбады!»
Сөйлерге шамам қалмады,
Дәрменіп кетіп, балам-ай!

Ойымнан кетпес өлгенше,
Басылмас көңілім, балам-ай!
Түспейтін қолға асыл тас,
Кетіп қалдың қыршын жас!
Өмір бойы таусылмас,
Қасіретің сенің, балам-ай,

Ғарасат болмай көру жоқ,
Күйгенмен қанша өлу жоқ.
«Жақсы[ға]- деген- жүру жоқ!
Шын екен хақ, балам-ай!

Көзімнен жасы сорғалар,
Жан таппас жерде қорғалар.
Даусым менің жете ме,
Естілмес саған, балам-ай!

Жаңбырдай жауған көз жасы,
Жүректің дерті, қозғалшы!
Қызарып шыққан қызғалдақ,
Көзімнің қаны, балам-ай!

Жылаумен күн кешеді,
Мінезің көкей кеседі.
«Мұндай зор қайғы- қасіретті
«Ұмытпақ жоқ!»- деседі.

Ұмытайын десем де,
Күнде зор қайғы боп өседі.
Ұмытпайтын іс [қылып],
Өртеп кеттің, балам-ай!

Мен шыдамсыз ер ме едім,
Нәпсіге тізгін бермедім.
Кәр[іп]лікті көп іздесем,
Қиынлық қанша кез болса,
Өзгеге көңіл бөлмедім.

Жаңылтып ақыл-есімді [74],
Күйіктен ауыр нәрсе жоқ.
Жан болып өзім көрмедім,

Шын кәріптік осы екен.
Білмедім енді, балам-ай!

Жүрегімнің қоры едің,
Көзімнің раушан нұры едің.
Жанымның кескін түрі едің.
Көп қайғы[ға] жолықтым,
Жалғанда уаһи мың,
Ізлеп кеп өлген, балам-ай!

Жалғанда менің жиғаным
Мекетоллаға келгелі көрген миһманым [75].

...Қонағасы ішпестен,
Аттанып кеттің, балам-ай!

Көркейіп қалай [76] өскенің,
Жемістей болып піскенің.
Көзіне әркімнің түскенің,
Өксітіп көкей кескенің,-
Дүниеден татпай сыбаға,
Қу жақсыз (қу иақсыз) кеттің, балам-ай!

Ғажайып мұндай қарайып,
Көрініп таудай сарайып,
Созылып тұрдың мұнайып.
Кәріп боп келдің алдыма[77],
Жана түсіп шоқ болып,
Көріне түсіп жоқ болып,
Жасында кеткен балам-ай!

Қанлы жас жуып жүзімді,
Көл теңіз қылып көзімді,
Дариядай ағып қайнасам,
Тауыса алман айтып сөзімді!

Өлгенмен мұнан құтылман,

Көрде жатып, ах ұрсам,
Кебінімді өртеп, күл қылсам,

Күйдіреп көрде өзімді!
Көз алдымда елестеп,
Көрініп кеттің, балам-ай!

Көзімнен кетіп шынарым [78],
Қалмады сабыр қарарым.
Қоярға жанды [жер] таба алмас,
Білмедім қайда барарым!

Мерзімді жерге жете алмай [79],
Көзімнен кетті шатағым.
Қармансам қолды, жоқ екен,
Сабырдан басқа пайда жоқ [80],
Мидай тақыр жер бо[лып].

Раббым, қадір, жан Алла [81],
Атаға бала ермек-ті,
Қызығын бала көрмек-ті!
Пендесі оған көнбек-ті!
Жарлық екі бола ма [82],
Пе[н]делігін білмек-ті!

Раббым жаббар өзіне
Айналып соңғы келмек-ті.
Жаратқан өзіне де
Ізгі бір көңіл бөлмек-ті.
Қыларға қайрат күшім жоқ,
Сабырдан басқа ісім жоқ.
Одан титтей пайда жоқ,
Біздің табар [83] хайла жоқ,
[Аман бол енді], балам-ай!

Балтакерей Тұрсынбай батыр (екінші нұсқа)

Абылай хан бір жорыққа аттанғанда, құс ұшпас, құла дүз
Бетпактың сары даласында бір қаракөк кез болды [84].

Қазыбек би елшілігі (екінші нұсқа)

Абылай қазаққа хан болып тұрған кезде Қалдан Шерін[ге] елші
жіберген екен [85].

Абылай заманындағы батырлар (екінші нұсқа)

Абылай заманындағы қазақ жұртынан шыққан батырлардың аты: Қаракерей Қабанбай... [86].

Абылай тұсындағы заң-жоралғылар

(үшінші нұсқа)

Абылай ханның хан болып, дәуірі жүріп тұрғанында құнға кесім кылдырған [87]. Тамам сөздің үстінде қаратып бітім айттырып, билік кылдырған би- Күлік –Шобалай баласы Жаңабатыр би. Ол кісінің құнға кылған кесімі: «Қара құн»- отыз жылқы, он екі «жаксы»; «сүйек құны»- елу жылқы, алты «жаксы». «Өнер құны»- «токал құн» болады: тоғыз «жаксы» [То]ғыз дегеннің басы- «жетім»- қалы кілем, қара нар, мылтық...- сондаймен «тоғыз» болады.

Едігенің алғашқы билігі

(бірінші нұсқа)

Есенбай (Есембай), Еспембет деген жауынгер қосыннан шық [қан] батырлар екен [88]. Ошақты бұл сөзге ығыспапты, құн бермепті.

Замандарда заман өтіп, кеше Шоң, Торайғырдың әкесі Едіге ат аркасына мінген соң, он төрт жасында осы құнды іздеп, атқа мініпті. Сонда Едігенің соңынан Арғынның аткамінері еріп, бірге барыпты. Шу деген өзеннің бойына барып түскенде, Арғыннан барған тоғыз үй кісі болыпты. Ұлы жүз Үйсіннен де, Кіші жүз-Алшыннан да кісі келіпті. Үш жүздің баласы бас қосыпты. «Қазақта осы құннан басқа «токты дау[ы]» жоқ екен,- дейді,- халықтың тыйышлығы сондай екен!»- дейді. «Бұрынғының тыйышлығы сондай екен!»- дейді. «Әділ патшаның елін жау араламайды, // Әділ бидің елін дау араламайды»- деген емес пе?!

Бесіннен төмен намаздыгерден жоғары- жұрт бас қосып, бір-бірімен аман-есен айтысып, мәз-мейрам болысып кенеліп отырысыпты. Намаздыгер уақытында үш жүздің таркай берген қарсаңында Ұлы жүздің тобының ішінен ұзын бойлы, ер қара кісі- үстінде нар жүн[д]і шекпені бар Едігеге тіксіленіп туралап айтты дейді:

Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен?! Алмасың болса, мойыным бар, асылың болса, қойыным бар. Бұл сөзімді ойлай бер!- деп, жүре беріпті. Сонда Едіге айтты:

– Биеке, кішкене мойыныңызды бұра кетіңіз,- дейді.

Әлгі сөзді айтқан кісі тура келіп, мойнын бұрыпты. Сонда Едіге бидің сөзі:

– Дейсің-ау,- депті,- кигіз кімдікі болса, білек сонікі. Ар кімдікі болса, сөз шыққан жеріне қайта сыймайды,- депті.- Жарлық өзіңізден болғанда, жабдық та өзіңізден болсын!- дейді.

Ұлы жүз кісісі кетіп қалып, Орта жүзден барғандар отырысып қалған соң:

– Әлгі ұзын бойлы, ер қара кісі кім болды?- десіп отырғандар сөз қылып, бірінен-бірі сұрасыпты. Сонда танығандар:

– Ұлы жүздің Төле биі- осы!- десті.

Едіге би айтыпты:

– Төле би болса, мен біттім!- депті.

Жиылған көп сұрады:

– Қалайша біттің?-деді.- Не алмақ болдың?- деді.

– Ертең ертемен: «Алты атаның ұлы Арғынға жол!»- деп, алты ат бастатқан «тоғыз» келеді. «Төрт ата» Төртуылдың [жолы]»- деп, төрт түйе бастатқан «тоғыз» келеді. Оны қылса, жалаңаш мінгестіріп қыз береді. «Жарты құн»- деген сол болады,- депті.

Сонымен кеш батты, жұрт ұйықтап, таң атты. Таң атқан соң, ерте: «Бірлан алты ата Арғынның жол[ы]!»- деп, алты ат бастатқан «тоғыз» келіпті. Төрт атаның ұлы «Төртуылдың жолы»- деп, төрт түйе бастатқан «тоғыз» келіпті. Қолынан ұстап, жалаңаш қыз беріпті. «Ердің құны- есебін тапқан кісіге екі-ақ ауыз»- деген- осы Үйсін- Төле мен Едігеден болған екен. Бұл екеуі де он жетінші ғасырдағы адамдар,- депті.

Қазақ шежіресі (алтыныны нұсқа)

Айдабол бидің бәйбіше қатынының балаларының ең үлкені- Малқозы [89]

Едігенің көрген түсі

(төртінші нұсқа)

«Шоң туарда кара бүркіт ұстадым [90]. Жемін екі канатымен бүркеп жеді. Паракор болар,- деді. Екінші- Қиғара туарда қырғауылдың қоразын ұстадым. Мал баққан[нан] басқа дәнемеге жарамас!- деген екен. Үшінші-Шорманда (Шарманда) тот басқан қылыш тауып алдым. «Тотын кетіремін дегенше кім бар, кім жоқ!»- деген. Төртінші-Торайғырда сұңқар ұстадым: көлдің бір шетінен кірді, бір шетінен шықты. Алған құсын бір шоқымады, басып, кешке дейін отырды. Адамның сұңқары, адамның сұңқары болар!»- деген екен. Бесінші-Қосдәулетте қаршыға ұстап едім, жапалақ болып кетті!- деген екен.

Әкесі-Едіге, шешесі-Борсық бәйбіше де[й]ді.

Торайғырдың күн беруі (бірінші нұсқа)

«Жаздың күнінде ел жайлауда отырған мезгілде Торайғыр, Шоңның жылқысына түнде жау тиді», - депті [91].

Торайғырдың тапқырлығы

(бірінші нұсқа)

Торайғыр ауырып жатқанда, жалғыз баласы Әбеттің сөзі. Өлсін деп жатқанда, Әбет деген жалғыз баласы бар екен: өзі мырза, өзі шора. Атасы Торайғыр бидің қасына келін:

– Әке, қалай боласыз?- депті.

– Қайдан білейін, мұнан бұрын өліп көріппін бе?- депті.

Сонда Әбет мырза жылаған екен дейді:

– Біз енді кімді әке қыламыз?- деп.

– Жылама, балам, жылама. Жақсы болсаң, өзін жұртқа әке боларсың. Жаман болсаң, әкесіз болам дейсің бе? Кім көрінген әке болар,- депті.

Асың барда ел таны беріп жүріп,

Атың барда жер таны желіп жүріп.

Бұ дүниенің өтерін білген сабаз

Малың барда сұлуды ал көріп жүріп,- деген сөз

Торайғырдан қалған екен үлгі болып.

Ер Олжабай өлерінде балаларына өсиет қылған екен:

– Дау десе, көмейлерің бүлкілдер, // Жау десе, көтендерің үлпілдер!- деп. Айтқандай болды, [осы] күнде көз көрді...

Жиренше шешен (екінші нұсқа)

Өз Жәнібек деген ханымыз қырық жігітке: «Өтірік пен] шын арасын айырып беріңдер!- деп қысым қылып [92].

Абылайдың алғаш көзге түсуі (екінші нұсқа)

Абылайдың жиырмаға жетпеген бала боздақ күнінде қасында Ораздық деген сарт жолдасы бар, Есіл бойында ... жылқышы болып жүріпті [93].

Арыстан Тобылбайұлы (1811-1880) дерегі

[Тобыл]байдың баласы қолға түскенде, Кенесары ханға айтқан екен:

– Уа, хан, жақсы көрсең, қарашыңмын,

Жек көргенмен, өзіңнің алашыңмын!

Атаңа алты қатын алып берген-

Атығай, Қарауылдың баласымын!- депті.

Сонда өзін өлтірге[лі] [о]тырған екен, хан көз жасын төгіп-төгіп жіберді де:

– Батыр, [қала]ғаныңды ал!- дейді де, астына- ат, жетегіне- түйе, мойнына пер[ен] мылтық, қасына отыз жігіт жолдас беріп, еліне алып барғыз[уға] [шығар]ып салған екен.

Абылайдың қазаққа алғаш хан болғаны... екен де, өзі өлгенше, өмірі таусылған[ша] Көкшетауда болған. Бұл сөзді Арыстан ақын:

Қылады Мекержіде байлар сауда,

Топ бұзар батыр [жігіт қалың] жауда.

Сұрасаң, Абылайдың тұрған жерін,

[Хан болған] қырық бес жыл Көкшетауда- деп.

Абылайдың тұтқын болуы (екінші нұсқа)

Бұл Сарыарқаны бұрынғы уақытта Ноғайлы билеп-төстеп, қоныс қылып: «Он сан Ноғай: Орманбет би өлгенде, сол Орманбеттің елі бір алаша тайдай бүлініпті»- деген сөз бар [94].

Абылайдың бір жорығы (екінші нұсқа)

Абылай хан қарақалмақ Қатысыбанға қол жиып, шеру тартып барғанда, Абылайға кісі салды дейді [95].

Жұлдыздар туралы

[Т]емірказық деген жұлдыздың маса... тұратын Қыбырат деген жұлдыз айрылмайды екен. Екі жұлдыз кісінің қолына түссе, еккенмен, бітпейтін, қуғанмен жетпейтін не нәрсе? Ол- ашу[ы] келгенде, сабыр. Күйе тимей, сия тимей, кісіні кірлейтін, былғайтын не нәрсе? Ол- орынсыз жердегі ашу. Көзге көрінген нәрсе тұрған орнында тұрады. Үш нәрседе сенім жоқ. Ол не десен, дәулет үнемі баста тұрмайды. Екінші- жан денемен дүниеде бірге жүрмейді. Көңіл сыры ойланғанмен, орнында тұрмайды.

Үш нәрсе

Үш нәрсе шыққан орнына қайта кірмейді [96]. Ол ... бірі- атылған оқ, бірі- жайын балық, бірі- ауыздан шыққан сөз.

Үш арсыз нәр[се], үш дауасыз бар. Ол... Үш қадірсіз бар.

Үш арсыз бар: әуелі- ұйқы, біреуі- тамақ, бірі- күлкі. Үш дауасыздың бірі-... тпаз, бірі- кәрілік, бірі ажал. Үш қадірсіз: [бірі]- денсаулық, бірі- жақсы қатын, ...

Үш нәрсені [қы]лу жарамайды. Бірі- нақак қан төгіскен, бірі-кісі малын нақак алмақ, бірі- ата-бабадан қалған ескі жұртты а[й]тамыз.

Адам атадан қалған үш жақсы бар. Бірі- дүниеге көңіл берме[й], дүниені сен қимасаң да, дүние сені қиып кетеді. Екілші- қатын тілін алма деген, үшінші- көңілдің сүйігіне ере берме. Ойына келген сөз болса, жар достыңмен машурат қыл,- дейді.

Бөрібайдың «Әудемжер» өлеңі

[Әудем жер] жүре алмаймын белім ұйып [97],

Өздігімен кісі өлмес жанын қиып.

Ебімен бірер тиын пайда қылып,

Жас кісідей жүреміз дүние жиып.

[Ен]ді біз не боламыз тірі жүріп,
Тірі жүрген кәріптің бірі болып.
Екі бетім табақтай қайран күнім,
Қу сүйекке жабыстың сірі болып.

[Ен]ді біз не боламыз жүргенменен,
Қызығы жоқ өмірді сүргенменен?!
«[Ауз]ың ашып, аяғың баспа!»- дейді,
Қотаншы иттей қораға үргенменен.

[Кәрілік]- қатты соққан жынменен тең,
Көзім көмес болғанда, құлағым-кем.
[Кәріні: «Аурусың!»]- деп, бақтырмайды,
Елден бақ[сы] ізлесе, табылмас [ем].

Мәшһүр Жүсіптің «Салақтық дерт» өлеңі
Кіршіктен тап-таза ғып үсті-басын [98].

Мәшһүр Жүсіптің «Мақұлға айтқаны» өлеңі

Екі ауыз өлең жаздым, інім Мақұл,
Ау деп, әр кен (ерген) түгел сізде білім ақыл.
Сыртыңа ішің лайық болса егер,
Екі жаһан абыройынан болма ғапіл.

«Сейітбаттал» оқып көрдім хикаясын,
93(23) жыл көп көрген уақиғасын.
Ғажайып аса кәріп тамаша екен,
Жеріне Алла өзін қылсын...

Мәшһүр Жүсіптің «Хаятбақшы» дастаны

(бірінші нұсқа)

Неге жала жабысты саған, Мәшһүр [99]?!
Мойныңа алмай жаланы ақталып көр!

Атка сенсең каларсың жерге карап,
Жеріңе қонатұғын ұмтыла жүр!

Сипап жүрме, бос калып, сақал-мұртың [100].
Құр ауызда, дәнене жоқ, толтырма ұртың.
Жалған Мәшһүр болма [сен], шын Мәшһүр бол,
Қыла көрме өтірікші тамам жұртты!

Қараған жарқыратпай, жап көзінді,
Тілді қойып, көңілден, айт сөзінді!
Танығанмен көп жұртты, не табасың,
Көзін болса танымал, таны өзінді [101]!

Не бар дейсің жарқырап тұрған көзде?!
Тышқаншы иттей лағып жүрген түзде.
Ол итінді шынжырлап байлап қой да,
Көрсететін бойынды айнаны ізде!

Жарық жансын шам десең, түндікті жап,
Қоршап келген жау болса, өзіңді тап [101]!
Өз бойыңнан не көрсең таң-тамаша,
Қолдан соғып шығарған ұстаны тап!

Елден шықтым мен аулақ өңашаға (тамашаға),
Келмесін,- деп,- қасыма бала-шаға.
Айдалаға тіккейім алтын шатыр,
Жан бар ма шығатұғын тамашаға?!

Өлік болсаң, қайтейін, эне, көрің,
Жеген-желім, ішкенің болып ірін.
Меніменен сейілге шықпайсың ба,
Жалғыз-жарым ішінде болса терің?!

Менің айтып жатқаным- жанның ауылы,
Соқыр, шал бара алмас өңкей даулы.
Алтын деймін айтуға онан асыл,
Қазықлары иаупардан, гауһар баулы.

Сендер сөздің жүрсіндер тортасында,
Халық сыншы ешкім жоқ дүр тасында.

«Менің тіккен шатырым қайда?!»- десең,
Фирдаустың бағының ортасында.

Жайды мұндай [кім] көрген салтанатлы,
Ат түгіл, жету қайда құс қанатлы!
Көрем десең айтайын, саған орнын,
Жерді тапсаң, табарсың Ғадун атлы!

Анау-мынау деп жүрме, бір үлкен жай,
Жетемін деп жілікте қалмады май.
Так Сүлеймен сықылды ол майданда,
Болғанына есікші дейді алақай!

Барып қайтқан кісі жоқ оған қыстап,
Алынбаған түлкіні тұрмын ыстап.
Ескендір Зұлқарнайын даяшы онда,
Келген-кеткен кісінің атын ұстап.

Мың таздан бір таз барар солай асып,
Жолшыбай қалғандар көп аузын ашып.
Хазіреті Дәуіт барып тамашаға,
Жіберер музыкантка басып-басып!

Аты екен ол майданың «Хаятбақшы»,
Жай болмас мұнан басқа ондай жақсы.
Таптым деп зор дәреже ойлайды екен,
Хызырлар пияла ұстап, болса аяқшы.

Жіберіп барлығынша мидың күшін,
Ал, енді тамаша еттім іші-тысын.
Осындай [жай] түзеліп, орын жасап,
Бүлінді бұлар мұнша, бұл кім үшін?!

Тігілді оның үшін алтын шатыр,
Қоймастан көп зор етіп, келдім ақыр.
Екі ғалам шырағы: Шаһи, Мираж [102],
Енді сырғып дүниеге келе жатыр.

Ішінен алтын шатыр шықтым тысқа,
Сөйлейін көп ұзартпай, қылып қысқа.

Жіберді құдіретімен сайлап өзі,
Күншығыс, патша қылып құнбатысқа.

Ибраһим халал төкті көздің жасын,
Арман ғып: «Көрмедім,- деп, дүрдің тасын».
Мұса, Ғайса, Дәуіттер жолын тосып,
Сокпағына омака қылып басын.

Әнбие айтып өткен мұрсал нәби:
«Жарайды, болсаң бол,- деп,-пәлі, пәлі!»
Көктен түскен сакаба- жүз жиырма,
Мақтауменен сөйлеген бәрі де, әні.

Таурат, Інжіл, Забур мен Құранды көр,
Қуа келсек, бәрінің сокпағы бір.
Мақтағаннан баска жоқ айтар бөлек:
«Шарапатлы туар,- деп,- бір ғазиз ер»!

Кітап оқып көргеннің бәрі жазды,
Жалғыз түрткен мен емес ақ қағазды.
Бүтін дүние жиылып жазса-дағы,
Қара малдың төбелі онан да аз-ды.

Нұхтың адам жаза алмас мыңнан бірін,
Аз болса да сөзімнің байқа түрін.
Жарк еткізіп тастайын, отырған жұрт,
Ай мен Күндей анадан туған жерін [103].

Меккеде – туган жері, шаһар іші,
Жарк етті өзгеше (өнгеше) боп өні-түсі.
Анасына көрінді сәулесімен,
Шамдай жарық болып іші-тысы.

Көп қалдыра [бер]мейін сөзден шартық,
Аяғында көзі мол, емес тартық.
Анасына көрінгенде мұндай сәуле,
Ғарыш ағлага [104] түсіпті онан да артық.

Есепке алмай бала болып ата-анасын,
Сәждеге туысымен қойды басын:

«Азат қыл үмбетімді отыңнан!»-деп,
Төгеді мөлт-мөлт көздің жасын.

Балқытты көздің жасы таудың тасын,
Былғаған шаң-топыраққа кірпік-қасын.
Жалғыз [қыл] секілді иіліп кеп,
Аяғына кеп қағба қойды басын.

Әрбір түрлі сөзі бар буын-буын,
Базар қызды, білемін, тігіп туын.
Қара жердің жүрегі қак жарылып,
Қуаныпты ессіз боп қалмай буын.

Нұр жарды дүрс еткенде жерге түсіп,
Жер қозғалды орнынан тайды көшіп.
Қуанған, қорыққанымен бәрі бірдей,
Кете жаз-ды қара жер аспанға ұшып.

Олай-былай қара жер аударылды,
Тар мықынды неме ғой, кең қарынды.
«Жеті ғажайып тамашаның бірі!»- дейді,
«Айуан кәсірі» дүрс етіп қак жарылды.

Шаң берген әр кітапқа көзге түсіп,
Көп шығар мұз үстінен күткен көшіп.
Дүдәмал ғып, дүмбілез иттей (еттей) қылмай,
Түсіндіріп кетейін әбден шешіп [105].

«Кәсірі»- деп айтады екен Ғажам ханын,
Білмейді, көкте екен, адам санын.
Пай тақыты патшаның Бағдат екен,
Наушеруан ғаділ екен патшасы оның (анын).

Мұндай еш жан қоспаған жұрттың басын,
Өңшең саңлақ жинатқан сайдың тасын.
Бір айуанды жасатты дүние шашып,
Қалдырам деп артынан тамашасын.

«Айуан» деген – тамаша салған сарай,
Жұмсалған есепсіз мал оған талай.

Биіктігі пәлен кез деп болмайды,
Созылып кете берген көкке қарай.

[Беті ашық сайын дала- бір жағы оның,
Жанбыр мен күн тигізбес үсті соның].
Жүз мың кісі болса да болмас жұғын,
Отырарлық жай болған асты мұның.

Кірпіш болып қалан[ған] алтын, күміс,
Адамзатқа не керек, бәрі тегіс.
Анау-мынау патшалар қылдыра алмас,
Дүние малын шашса да мұндай жұмыс.

Көк күмбез жиырма мың мұнарасы,
Сықылды асқар таудың бір дарасы.
Басындағы кетеді боркің түсіп,
Хисабы жер мен көктің екі арасы.

Неше түрлі орнатқан шөптің гүлі,
Сайраған сондай жайда бұлбұл үні.
Бәрінің де құлапты мұнарасы,
Хак пайғамбар дүниеге келген күні.

Сегізі құламастан тұрып қапты,
Іс болды таң-тамаша бұл бір бапты.
«Мұның жайын білерлік жан бар ма?»-деп,
Дүниенің төрт бұрышына кісі шапты.

Бір ғажайып тамаша тұрмастай көз,
Талай жұрттың аузында болыпты сөз.
Бір кілемнің өзінін ұзындығы-
Саудагердің кезімен жүз сексен кез.

Бар екен Наушеруанның көрген түсі,
Құдіреттің бұл бір ғажап болды ісі.
Нұғман деген арабта бір патша өткені,
Кең ойлы, аса білгіш, милы кісі.

Наушеруан жіберіпті оған кісі,
Жібергенде не дейді:

– Барып келші,

Бұл айуанның мұндай боп құлағаны
Берекесіз іс болды жаман ерсі.

Нұғман деген патшаға кісі барды,
О да естіп дал болды бұл хабарды.
«Мұның иажын (сырын) білетін жан бар ма?»- деп,
Дүниенің төрт бұрышына хабар салды.

Бөгелместен безейін мен тілімді,
Көтеріліп соғатын мезгілім-ді!
Ол заманда ілінген жұрт аузына
Сатық деген бар екен бір білімді.

Жатады екен ел-жұрттан ол оңаша,
Мұны біраз сөйлейін жұртқа ұнаса,
Құдайдың құдіретімен жаратылған,
Мұның өзі жан екен бір тамаша.

Бір жан екен білімге іші толған,
Мөлшері жоқ аруақтың оған қонған.
Екі қатын болумен асты-үсті,
Шеберлігімен құдіреттің бала болған.

Ағытылып барады біткен тиек,
Тұра алмады ие боп жақ пен иек.
Былқылдаған мыс екен Сатық өзі,
Өн бойында жоқ екен жалғыз сүйек.

Бұл жалғанда ісім жоқ шатылмаған,
Маған құдай бір танды атырмаған.
Сүйегі жоқ ет болып жаралғанмен,
Себебі бір еркекке қатылмаған.

Жатады екен бұл өзі шеткі жайда,
Жұрт көзіне ондай жан түсу қайда?!
Өмір бойы сонымен өткен екен,
Тысқа бір-ақ шығады он екі айда.

Жүреді екен кілемге оны салып,
Шығады екен есіктің алдына алып,

Бір жылғаша не келіп, не қояды,-
Айтады екен біліммен бәрін танып.

Данқы кеткен жан екен алты алашқа,
Ғақылы кең ойлы екен қарындасқа [106].
Айтқанындай болып сөзі келеді екен,
Бір ауыз сөзі далаға кетпей босқа.

Патшалардың елшісі оған келді,
Келген елші сөзін айтып сарнай келді [107].
Сөзін бастап айтқаннан түсе (түсіне) қалып,
Ағытылып Сатекен сайрады енді:

– Уа, біз білсек,- сұмдықтың басы!- дейді,

– Патшалардың берілер асы,- дейді.

– Пайғамбардың таусылған сарқыншағы
Келген екен бұл жұрттың қасы!- дейді.

– Шыққан екен бибаһа садаптан дүр,
Патшалардың бәріне қазылды көр.

Ақтан туды көтеріп дін исламға
Шарапатлы туар,- деп,- бір ғазиз ер .

Көп құдайға болмады бұл іс жақсы,
Айрылады жынынан балгер, бақсы.

Дін исламның базары көтеріліп,
Жаудыратар көздерін оның нақышы.

Амандассын тағымен патша мен хан,
Өлетұғын жанларға еш жоқ –ты сан.

Ғажам деген хан (қан) туды күшті жұрттан,
Енді патша болады сегіз-ақ жан.

Болғанмен бірлі-жарым жылдан аспас,
Біреуіне біреуі болар қастас.

Не жүйіктің қан түсіп аяғына,
Мұнан былай келіспес аяқ тастас.

Жерде қалар домалап талай бастар,
Көл дария боп төгілер көзден жастар.

Жеті ықылымды билеген патшаларға
Бактысына ол ердің болмайды астар.

Патшаларға сәлем де, демін бассын,
Енді ұйқыдан оянып, көзін ашсын!
Тас біткенді лақтырсын айдалаға,
Бір құдайдан баскамен амандассын!

Көп құдайдың заманы толды жасқа,
Ешкім енді сенбесін жансыз тасқа!
Белгісіне әр жерден шаң береді,
Толып жатыр шындығы мұнан басқа.

– Бар, тұрма, жөнел!-дейді,- сыбаған сол!
– Бұ дүниеден тап-таза жуылды қол.
Көптен күтіп тұрғаным бір осы,- дейді,-
Енді мен де кешікпей жүрермін жол!

Мұны естіп салбырап қайтыпты елші,
Айтқан сөзі- Сатықтың болыпты ерсі.
Жанбыр жаумай, бәрі де су болыпты,
– Жарамайтын жұмыс!- деп, барыпты елші [108].

Қаза жетіп көп тұрмай Сатық өлді,
Бұл турадан алған соң енді тілді.
Бұл айтылған Наушеруан шаһарына
Хазірет Ғұмар уақытында тура келді.

Бұған шейін жетеуі өлген екен,
Сегізінші ажал Хысырауға келген екен [109].
[Заманында Хысыраудың қырғын тауып,
Бордай тозып, быт-шыт боп бүлген (бүлінген) екен].

Ғалы бас боп баршасы барып келді,
Наушеруан шаһарын алып келді.
Жүз сексен кез кілемнен таксыр Омар,
Жайнамаздық Ғалыға кесіп берді.

Ондай ұл тумас анадан Ғалы атты,
Туысымен кәпірге тиді қатты.

Алсымен колына жайнамазды,
Мың ділда қызыл алтын пұлға сатты.

Алғанмен қай орынға жаратыпты,
Бағындырып көп жұртты қаратыпты.
Қалтасына салмастан жалғыз тиын,
Жетім мен міскінге таратыпты.

Кешке таман Ғалының күні келді,
Ғаны (кәні) қылып жатқан соң тамам елді.
– Бүгін түндік базардан ас алуға
Керек болып қалды,- деп – тиын енді.

– Тиынсыз боп жүргенмен, өлгенім жоқ,
Түрі қандай болады, көргенім жоқ,
Қолыма ұстап тұрайын, қайдан соны [110],
Сенің жетім келерің білгенім жоқ.

Тиын сұрап шығарма өнерінді,
Бекітіп ал күн бұрын індерінді.
Келерінді білмедім, қалды түгесіліп [111],
Бар, көре беріңдер күндерінді!

Һәмматына пар келмес ол күһі қап,
Бет алдынан бұзылған неше мың сап.
Барлық малы дүниенің қолға түссе,
Шашып-төгіп бір күнде қылады сап.

Жомарт болсаң, жарандар, Ғалыдай бол,
Туа қалмас анадан ондай боп ұл.
Бір тарамен лағып [ұлағып] кетіп қалып,
Қала берді-ау лағып бұрынғы жол.

Тағы қайта түсейін жолға барып,
Біз ат емес: қалатын мінсе арып.
Сұрап алған біреудің сомасы ғой,
Естігендер кенелсін әбден жарып.

Дүниеге хак пайғамбар қай күн келді,
Алған соң әлдеқашан [мұнан] тілді.

Сол күнгі тамашаның бұл да бірі [112],
Жок болып, суе дария жерге сінді.

Жиырма төрт шақырым шамасында,
Шіркеу қанша [кінше] көп екен дарасында.
Бір үлкен жұртқа таныс дария екен,
Хамадан шаһары мен Манары арасында.

Жок болып жалғыз түнде кетті батып,
Ішінде ауқат кешірген көп жан жатып.
Шөлдеп өліп қаларлық болды дейді,
Таңдайына жабысып тілі катып.

Дағдарды тамам кәпір су таба алмай,
Күн түсіп бастарына заман ақыр.
Сықылды неше жылғы оттың орны,
Бір түнде болып қапты мидай тақыр.

Шіркеу сала беріпті мойнын созып,
Жаңылды жалғыз түнде күйісін бұзып.
Шөлдеп өліп қалсын ба айдалада,
Бордай боп, быт-шыт боп кетті тозып.

Қолдан соғып кәіірлер жасаған пұт,
Бәрінің уақыты бітіп, болды быт-шыт!
Бәріне ту боп тұрған ол бір шіркеу,
Сөнбестен жанып тұрған мың жылдай от.

Пайғамбар туған күн қалды сөніп,
Бір жанбапты жақса да қайта келіп.
Таркасып бет-бетімен кетті бәрі,
Құдайдың қылғанына еріксіз көніп.

Жаңылды сасканынан су ағысын [113],
Ұмытып қап бұрынғы демалысын.
От пен судан осындай білдірмесе,
Мұның мұндай кеткенін кім танысын?!

Нұрдың оты дүниенің отын жақты,
Көздің жасы көл болып жылап ақты.

Су от болып өртенді күйгенінен,
Кететінін білген соң дәулет бақты.

Өшіп қалды ұмытып от жанысын [114],
Алып кетті жылатып қолдағысын.
Зар жылап кәпірлер кетті тозып,
Шіркеу бұзылып, басында үй құлағасын.

Келіп жатыр бір-бірлеп сөз сарасы,
Ақ пен қара айырылып екі арасы.
Құлап жатыр сатырлап талай жерде
Не қақиған шіркеудің мұнарасы.

Жауһарымда бір каяу болып жарық,
Және кез боп ысқаяк болды шарық.
Бу мен түтін қабындап екі жақтап,
Болмай тұрған бір кезі шамның жарық.

Көңілдегі, колыма, түспей есік,
Онша ұзармай, болып тұр тілім кесік.
Жерге кетіп жатыр ғой есіл суым,
Бір туыста болған соң екі тесік.

Жауырлықтан ер мінбей, мініп желком,
Күнде бір ат мінбес пе ем, болса жылқым?!
Аяқ ақсак болғанда, құйрық-шолак,
Келе жатыр бір тұлпар жұлқым-жұлқым.

Мұның әрі бір түнде болған іс-ті,
Қараңғылық жоғалып қарасы өшті!
Үш жүз алпыс Қағбада пұт бар еді,
Бәрі үзіліп, саудырап жерге түсті.

Қараңғы екен бұ дүние, бұрын тұман,
Көрген кісі жоқ екен сәуле мұнан.
Періштеден сөзді естіп алып,
Шығады екен көктерге шайтан сонан.

Жоғары өрлеп аяқты басады екен,
Қараңғыда қалтылдап қашады екен.

Періштенің сөзлерін естіп алып,
Дүниеге кеп жария ғып шашады екен.

Бүгін ондай болмады, болды жарық,
Көзге түсті бадырайып айқын анық.
Қуаланды болыпты әрбір жерден,
Бой тасалар жер таппай қылар салық.

Текке шауып болдыртты шайтан атты,
Тіпті, түн жоқ жап-жарық бір таң атты.
«Ұжынаһар ұжманла шайтан!»- деп,
Тұс-тұсынан жұлдызбен патырлатты.

Атылған ок жұлдызбен патырлатыр,
Оттай жанған ұшқыны кетіп жатыр.
Өртте қалған тезектей опыр-топыр,
Көбі жерге домалап түсіп жатыр.

Желкесінен талайды ок кесіп жатыр,
Бірнешесі күл болып өшіп жатыр.
Дүние жүзі жұлдыздан ок жауған соң,
Көбі жерге топырлап тиіп жатыр [115].

Енді көкке шығудан күдер үзді,
Бір сұмдықтың болғанын біліп сезді.
Ібілістен көп шайтан ақыл сұрап,
Тамаша айтқан-білген айтты сөзді.

Дүниені айналыңдар тегіс жүріп,
Неден мұндай тәубеден (төбеден) Құдай ұрын [116]?!
Мен білдім: көрмесем де не болғанын,
Нанарсындар: келсендер, көзбен көріп!

Аспан менен жоғары жортып желді [117],
Күншығыс, күнбатыс пен кезіп елді.
Нұры көкке тіреліп тұрғаннан соң,
Тамаша етіп Меккеге бұлар келді.

Нұр шығады бір үйден аспан көкке,
Нұры түсіп сәулесі төңірекке.

Жыбырлапты шабактай періштелер,
Қарасады құмар боп бір көрмекке.

«Сүйінші, сүйінші!»- деп, ала қашып,
Бірінен бірі сұрап анталасып [118].
Жеті қат көк қуанып, сегіз ұжмақ,
Қор қызлары қуанып, есік ашып.

Мұны көріп шайтандар қашты дейді,
Барып койды Ібіліске басты дейді.
– Бізден дәурен өтті!- деп [бір] аһ ұрып,
Төгіп-төгіп жіберді жасты дейді.

– Бұл бір ер пайда болған бұ ғаламға,
Айтқан сөзің қабыл болсын әрбір жайда.
Мәнгісіндей құланның қаңғып қалып,
Бізге енді баяғы дәурен қайда?!

– Бұрынғыдан болып қалдың өзге,- дейді,
– Мыштай болып көріндің көзге,- дейді:
– Бұрын мұндай мұнайып томсармаушы ең,
Бұл жолы келді кезек бізге?!- дейді.

Ібіліс айтты:

– Пәле екен келген бізге.

Енді біздің мәніміз болады өнге.
Мұнан ауыр біздерге тіпті күн жоқ,
Түсіндіріп айтайын, түссен сөзге.

Пайғамбарлар ішінде жүзбан қасы,
Қап қосайын адамнан дәрежесі [119].
Он сегіз мың ғаламның баршасынан,
Асып туған бұл ерің мәр[мәр] тасы!

Мұның діні қуатлы өзге діннен,
Жұрттан артық жері бар әрбір жөннен.
Анық атқан бұл бір таң адамзатқа,
Жарық болған сәулесі ай мен күннен.

Бар ғұмырында боп жүрсе біреу кәпір,
Құлшылықтан дәнене жоқ, таза тақыр.

«Мұхаммед!»- деп, өлерде ауызға алса,
Апарады пейішке еріксіз ақыр.

Кейбіреу мейлінше болса пасық,
Өмір бойы құлшылықтан болса қашық,
Шын көңілмен оқыса бір салауат,
Сегіз ұжмақ есігі оған ашық.

Дәл табады құдайды мұны сүйген,
Қармап тауып алады талай күйген.
Шапағаттың билігі махшар күні,
Хақ патшадан бұйырылып оған тиген.

Маған десең, біреуді азғыр жүз жыл,
Ертіп алып соңыңнан, күшіктей қыл!
Таңда махшар күнінде ара түсіп,
Жібермейді тозаққа үмбетін бұл!

Өмір бойы қасыңа жүрсең алып,
Айырыласың жолдастан «Дат!»- деп қалып.
Бөліп алып кетеді ерікке қоймай,
Өз басыңа мың түрлі пәле салып.

Жалған емес, шын осы хақ Мұхаммед,
Таудан үлкен өзіне берген хәммат.
Жібермеске тозаққа жарлық алған,
Мейлі ит болсын, болғанды- аты «үмбет».

Жұртты жалқау тауыспан, сөзді тауыс,
Қыркүйек бол, қараша, болмай қауыс.
Мұны естіп көп шайтан аза тұтып,
Ойбай салып, бет жыртып, қылды дауыс.

Бақыты күйіп, шайтанның өлді байы,
Оларға- түн, бізге боп күн мен айы.
Пайғамбарға сүйінші бермейсің бе,
Мұхаммедтің үмбеті, қыл құдайы.

Білмегенге білдіру маған парыз,
Рапорт жасап үстімнен, қылма арыз.

Қуандырып «Сүйінші!»- деп мен жатырмын [120],
Қуанбасаң, қылмаймын тіпті қарыз.

Қол жалайын мен-дағы жазған хаттан,
Пәрмен қылып үйейін тон мен аттан.
Үмбет болсаң, көрсет бұған һәммат,
Қашқандарың жүре бер «үмбет» аттан.

«Қой, козы!»- деп кішірейтпей, жылқы мата,
Әркім шамаң келгенше атын ата.
Құр ала[қан] болғаның үмбет емес,
Ат-түйеге бергісіз берем бата.

Тудың- нұрын жарық етіп дүниені алды,
Қараңғылық зым-зия кетіп қалды.
Ай мен күн бәрі бірдей қуанысып [121],
Ойламады ешбір адам ол күн малды.

Ай мен күннен жарық боп нұры келді,
Он сегіз мың ғалам қуанып бәрі күлді.
Адамзаттың ұрпағы көтеріліп,
Пейіштің ішіне, көр, нұры кірді.

Билеп кетті жаһанды нұры алып,
Дүние айналған мұқиттай шыр айналып.
Жан мен [дене] балықтай суға жүзген,
Бір жариды мейірі әбден қанып.

Бұ ғаламға жарқ етіп нұрың келді,
Он сегіз мың, қуанып, ғалам күлді [122].
«Аяғымен бір басар күн бар ма?» -деп,
Қара нәркес көзінен су төгілді.

Неше түрлі құлпырып нұрдың назы,
Ақыры бұл заманның шықты жазы.
Бұ жаһанның [123] құрылып бау-бақшасы,
Айдын көлде аққу мен жүзіп қазы.

Сөздің теріп сөйлейін сарасынан,
Маңдайдың қасқасы- қарасынан.

Барып тұрған алтынның ең тазасы,
Асыл кен шықты [енді] арасынан.

Мұнан артық сөйлейін қандайынан,
Сөздің теріп, сөйлейін, шамдайынан.
Бұ дүниеге бір гауһар жаратылды,
Садаптың жаратылды қандайынан?!

Бір гауһар су құйылды алтын тасқа,
Көзге түсіп көрініп айдай қасқа.
Таңдайынды суырап, дәмін татсаң,
Сортаң жердің суынан болып басқа.

Түсіп сәуле бұл нұрдан шаш сүнбілге,
Киік білді, білмеді онан өңге.
Жұпар болып аңқиды соның үшін,
Исі кетпей мұрнынан әлі күнге.

Маңдайынан аққан тер тамып жерге,
Тікен кірді құбылып әрбір түрге.
Мұрынға хош тиген соң хаты (заты) иісі,
Соның үшін жұрт ынтық қызыл гүлге.

Қамыс-тағы иіпті шұлғып басты,
Домалатып көзінен төкті жасты [124].
[Қамыстан қант қардай боп бораған соң,
Жеп отырған аузынан тастады асты].

Бұл дәулетке «Әлхамдулла!»- дейін,
Салла ғали, Мұхаммед мұнан кейін.
«Мыңнан бірін орнына келтіре алман,
Жүз жыл тамам сөйлесем танбай»- дейін [125].

Шамдай болсын ортада мақұл сөзің,
Қанбағанның, сусынды, қандыр өзін.
Бұрын-соңғы,- бәрі де болды арманда,
Әбден ынтық, іңкәрі болып жүзің.

Көп құмардың біреуі: біз- шын құмар,
«Көрмеймін»- деп, кісі жоқ, көзін жұмар.

«Көремін»- деп, көре алмай, күйгендіктен,
Желмен ұшқан шыдамай сағым шығар.

Туғаннан соң, қылыпты Құдірет тойды,
«Тапты екен- деп таңданба,- қайдан қойды?!»
Достысының ғаикы құрбанына,
Жәһит пен насараны түгел сойды.

Қолқасы екен Құдайдан алған тілеп,
Үмбет екен құдайдан алған қалап [126].
Көк қошқардың есебі қылды оларды
Мұхаммед үмбетін арашалап.

Керек қылмай жалғанда көбін-азын,
Үмбет үшін қыс қылды жылы жазын.
Алшысынан тымағын салып кейін,
Лағымүрәк басына киіп тәжін.

– Тамаша қыл құдіреттің күшін,- дейді,
– Отындыктан шықты [оқтық] мүсін,- дейді.
– Бастан аяқ құдіретпен қылған ісім
Бір сенің тірлігің үшін!- дейді.

Мұнан басқа айтпаған жанға мұны,
Әр қайда асқан жерлер қадір құны.
Лаулақ ламма халқата палак болған
Хак расул дүниеге келген түні:

«Сенің үшін жараттым мұнша көпті!»-
Анар салнак хақында аят кепті:
«Дүниеге келтірмесем сені-ай Мұхаммед,
Бұ ғаламды жаратпас едім!»- депті.

Құранда бастайын Таһа аятын,
Аятпенен айтып тұр хикаятын.
Тоғызғы бес болады он төрт,
Шақырған он төртінші ай деп атын.

Атының тәңірім қойған бірі «Иасин»
Бастаған құрметі үшін сөздің басын.

«Иасида лабашыр»- деп шақырған,
Егер білсең Иасиннің мағынасын.

«Уалшымыс узаиһа»- деген сөзін,
Мұны махшұқ атаған ғашық өзін.

«Уаллайыл зайғышы»- шашын айтқан,
Аңғартайын түймедей түйін сөзін.

Мөлдір тұнық, лайсыз су ішірейін,
Тілмаш қылып тілімді түсірейін.

Аят пенен хадистен аят тастамай,
Ағызып отқа жібермей, пісірейін!

Қайдан құлақ шығарсам, өзімде ерік,
Ұстаз пірдің нығметі болып серік.

«Немен соғып жатыр?»- деп таңданбаңдар,
Тілім-балға, тісім- төс, аузым-көрік.

Айналайын құдайдан қылған мұндай,
Соның үшін жалғанда жүрмін тынбай.

Қара темір дәуітке (дауудка) қандай болса,
Балқып кетті әр мағына маған сондай!

Ал, енді бұл сәждеде жату қанды,
«Уэлсуфә иұғтика»- қолқаны алды.

– Шапағаты «Аһи лил ғаламин» -деп,
Мен үмбеті»-деп, аузымен айтып салды.

Бірі аят, бірі хадис,- шын сөз анық,
Мағына білген жанларға емес танық.

Жаны жоқ құр қақайған сурет болсаң,
Не керек бары- жоғы соған жарық.

Туды енді көк пен жерге шашып нұрын,
Кенелді кеңсірігі ашық мұрын.

Арманда өз әкесі кеткен екен,
Келер жаннан кетер жан алты ай бұрын.

Тізейін өңшең сөз дүрдің тасын,
Ауыздың дәмін алып бір қанасың.

Үш күннен соң құдіретпен таниды екен,
Жас бала жаңа туған ата-анасын.

Көз қарауға келген соң жалт-жұлт етіп,
Арғы-бергі жағыннан көзі өтіп.
Ата-анасын көргенде ыржақ қағып,
Қуанады мәз болып, есі кетіп.

Арба жатыр бұзылған бір сынар жақ,
Ата-анасын көргенде қағады ыржақ.
Бір күрсініп қойыпты біліп жоғын,
Сәлемдеме құдайдан ең тұңғыш дақ.

Бұл күрсіну күшейер күн-күн артып,
Түнеріп бұлтты күндей құр мұнартып.
Басым бола береді күн-күн сайын,
Жарк-жұрк етпей [қабағы] кірбен тартып.

Байға бұйрық түсіп тұр: «Кедейге еп!»- деп,
«Кедей келсе үйіне, көрме жек!»- деп.
Іші-бауыры қалады болып мұздай,
Қатын-қалаш сүйгенде: «Жетімек!»- деп.

Міне, кара- құдайдың сүйген құлын,
Өзі білер достықпен қадір құнын.
Тайға таңба басқандай жетім болып,
Жетімдікпен жаратып қылды молын [127].

Қалай қылса, еркі бар тәңірім өзі,
Айтып, кәне, өтеді кімнің сөзі?!
Жетімдіктің тозаңы жүзіне ұрып,
Іштейінде үйренген жасты көзі!

Қашан жетім көркейген көңілі өсіп,
Күнде зауал, басына күнде түсіп.
Періштелер аузында сөз болыпты,
Қылысқанда әңгіме: «Жетім!»- десіп.

Жетімлікпен құдайым ғазиз қылды,
Қайғы ғамға көп салмақ сүйген құлды.

Әр не қылғанына болып риза (ырза),
Пенде қысқа ұстаса керек тілді.

Тәңірім айтты:

- Әрқашан басыңдамын,
Жетім қылдым досымды жасында мен.
Кімде-кімнің көңілі болса сынық,
Әне, соның түні-күні қасындамын!

Жеткізбей-ақ қойыңдар сендер мақтап,
Періштелер, сендер де сөйле шақтап [128].
[Жай жетім емес достым, дүр жетім,
Әлі-ақ адам қыламын өзім сақтап].

Көрсетіп тұр құдіретімен шын құдайлық,
Денсаулық адамзатқа о да байлық.
Ай басына бітіріп жылдың ісін,
Бала болып талпынды алты айлық.

Жаңа тұтап келеді от шаласы,
Көбі кейін әлі бұл аз ғанасы.
Жазу тағдыры Алланың осы болып,
Дәл алты айға келгенде, өлді анасы.

Мен де талай қыдырдым мұсылманды,
Су орнына көп іштім қызыл қанды.
Ерітетін балаға жанды тапшы,
Ата-анадан шапағатлы мейірбанды?!

Атасын анасымен бірдей алып,
Сасқан шығар, жалтаңдап, жетім қалып.
Асыл (Есіл) гауһар жүрді екен көп толқында
Әлдекімнің қолында жұлмаланып.

Ата-анадан бірдей айрылып қалды дейді,
Қараңғы күндер басына салды дейді.
Дос бергеннің түсіне карамады,
У берсе де, бал көріп алды (ішті) дейді.

Таңып салған бойымен жатқан бала
Бесігінен басқа басында жоқ баспана.

Тамақ үшін жыласа шырт ұйқыда,
Кім ұйқысын бөледі соған бола [129].

Патша құдай болады өзі пана
Ашитұғын пенденің білер және.
Қанша айтқанмен бұл сөзден түгеспейді,
Жас балаға емшекті керек ана.

Ол заманда болады екен көшпелі ел,
Көшпелі елден алады бұлар бір тіл.
Емізуге баланы жалдануға
Тұрады екен мезгілсіз келіп жыл-жыл.

Жүреді екен әр елден бала тасып,
Бала асыраған жалданып, қылып кәсіп.
Бай кісінің баласы душар болса,
Болады екен бұларға үлкен несіп (нәсіп).

Көшпелі ел көшкен екен көшіменен,
Бала-шаға үйің жоқ ішіменен.
[Бала туған үйлерді қыдырады,
Онан өзге ісі жоқ кісіменен].

Жүгіреді қатындар анталасып,
Баласына байлардың жанталасып.
Бала туған үйлерді қыдырады,
Онан басқа ісі жоқ қылар кәсіп [130].
«Атасы анасымен бірдей жоқ»- деп,
Жоламады таксырдан бәрі қашып.

Біреуге біреу қылса зорлық,
Біраздан соң шығады бір камқорлық.
Қатындардың жоламай қашқандығы-
Жетімдіктен артық іс жоқ, онан қорлық.

Қиын екен дүниеде жетім қалған,
Ата-анасы бар баланың жоқ-ты арман [131].

Аска, тойға барғанда көзге түсіп,
Әкесі бар бала жілікті бұрын алған.

Кісі болмас, болмас көзін салған,
Көзін сүзіп мұнайып тұрып қалған.

Әкесінің жоқтығын сонда біліп,
Сырты бүтін болғанмен, іші-жанған.

Жетім емес баланы әркім алған,
Маймұндай ғып ойнатар дүние жалған.
Халима атты бар екен сүйкімді әйел,
Қатарына ере алмай кейін қалған.

Тақыр екен тап-таза дүние малдан,
Бір кебежесі бар екен иген талдан.
Түйе жалғыз: өзі арық қотыр екен,
Жергілікті айрылған өркеш-жалдан.

Бұ жалғанда кетеді озып малды,
Болғандықтан қол ұзын бұрын алды.
Нашарлықтан бұл байғұс көшке ере алмай,
Жаяу жүрін Халима кейін қалды.

Күнді аударып Халима келді дейді,
Бұрын келген сықақтап күлді дейді:
– Бар баланы үлесін алып қойдық,
Қалған бала жоқ шығар енді,- дейді.

– Ойлап па едім: «[Мен] кейін қалайын!»- деп,
«Мұндай атақ жалғанда алайын!»- деп.
Өзім теңді нашардан қалай шықпас,
Не болса да, әр үйге барайын,- деп.

Үйден-үйді қалдырмай іздеді енді,
Кеш боп қалған асығып күнді көрді.
«Қайдан қатын келеді?!»- деп отырған-
Бір ақсақал бабайға тура келді.

Баба айтты:
– Бар менің бір балам,- дейді.
– Ата-ана жоқ теп-тегіс тамам,- дейді.
Алып соны бала ғып баурыңа сал,
Қанша берсем, аларлық баған,- дейді.

Өзіңнің де бар екен балаң,- дейді,
Екеуіне келе ме шамаң?- дейді.

Қанша дүние сұрасаң, аямаймын,
«Ата-анасы жоқ!»-деп, болма алаң!- дейді.

Қатын айтты:

– Бір жанмын малдан біткен,
Ерікке қоймай жоқтық, шіркін, тентіреткен.
Бір басыма- бір емшек: о да өлшеулі,
Оң емшегім бұрыннан құрып кеткен.

Аузым тола ішетін үйімде ас жоқ,
Төртті-бесті балам бар, артық бас жоқ!
Бір байым бар қақайып қатып қалған,
Онан қатты дүниеде қара тас жоқ.

Жаудырап нәресте жатыр өзі,
Кісіге ішпей-жемей қарайды екі көзі.
«Бір жетім бар: соны алып жүрмегейсің!»-
Деп байымның бар еді айтқан сөзі.

Бесікте бір балам бар емшек емген,
Екі көзі баланың маған төнген.
Сыбағасын мен бұған қидым,- дейді,
Өз баламды есебі қылдым өлген.

Шыдамады балаға көзі түсті,
Іші-бауыры елжіреп алып- ұшты.
Сол емшегін қойнынан суырып алып,
Нәрестенің аузына тақап тосты:

«Болып кетті ақылым алты тарап,
Қайтсем жұртқа жағамын іске жарап?!»
Емшегіне қатынның көзін салмай,
Өксіп-өксіп жылайды теріс қарап.

«Жатырқады»- деседі көрген жандар,
Маңайында жоқ болып мейірбандар.
Окыс-окыс жердерде ой бұзылып,
Сия орнына езілді қызыл қандар.

Мұны көріп қатында қалмады жан,
Шығып кетті есінен жейтұғын нан.

Оң емшегі бұлақ боп келе жатыр,
Үш жүз алпыс тамырдан қозғалып қан!

– Сенен үзбен, шырағым,-деп,- күдерді,
– Оң емшегін шығарып қатын берді.
Емшегі бақтысына көл болған соң,
– Өз несібем!- деді ме, еме берді.

Енді дүние бола алмас қатынға кат,
Маған десең, зым-зия көрінбей жат.
Жарқанатқа күннен жоқ ешбір сәуле,
Білген жанға бұл өзі бір мұғжизат.

Бұ қатынның түйесі болды семіз,
Қосакталып әр нәрсе келді егіз.
Дәулет құсы басына қонғаннан соң,
Келе берді тіркеліп бірден сегіз.

Құрып жатқан бұлақтың көзі ашылды,
Құдай қолға берген соң бір асылды.
Халима жан ділімен мұны күтіп,
Айырып барып беріпті сүттен суды [133].

Тек емесіп білді де, мұны күтті,
Сүті жоқ оң емшегін емізіпті.
Жауқазындай (жаукасындай) аршыған болды аппақ,
Өзі ішерлік ауызы асқа жетті.

Емшектен айырып, аузы тиді асқа.
Өзі теңді баладан формы басқа.
Бабасына әкелін тапсырыпты,
Аяқ басып шыққан соң алты жасқа.

Сөзді бастап келемін қозғап түртіп,
Ақсақ құлан жосыған күйін шертіп.
Бағып, қағып жүріпті пәруана боп,
Енді Ғабдол Мүтәлаб қасына ертіп.

Көшетұғын қоңырауын керуен қакты,
Қимылдауға келтірмей тіл мен жақты.

Бабасы да жөнелді ұзын жолға,
Ағаш атқа мініп кетіп төрт аяқты.

Күні құрысын баланың ата-анасыз,
Құдіретіне Құданың таң қаласыз!
Дауыл соғып, басынан үйін алды,
Қала берді сопайып баспанасыз.

Мұсылмандар, тұтынлар бұған аза,
Өлген жанға намаз бар бір жаназа.
Бұ жалғанның жүзінде бір болыпты,
Бір құдайдан баскадан тақыр таза!

Бұған шаттық (шадлық) жері жоқ [бір] жуысқан,
Қайғы бастас болғанда, бала- бостан.
Отырарлық бас қосып мұңын айтып,
Тым болмаса емшектес жоқ туысқан.

Ойлай берсем, езілер бауыр-етім,
Қылған ісі жөн өзіне Құдіретім!
Анадан туғаннан соң күйге түскен,
Мұхамедтей бар ма екен болған жетім?!

Бұ жалғаннан жан емес тұрған жарып,
Болған, сірә, жан бар ма мұндай кәріп?
Жамыраған козыдай, [әр] койға бір жүгірген,
Зар қақсаған козыдай жетім қалып.

Өз-өзінен жүрген-ді от боп жанып,
Күйіп-піспей, сонда да біздей налып!
Екеуінің әкесі бір туысқан,
Мұхамедті қолға алды Әбутәліп.

Қуындай боп шақпақтың от алыпты,
Қасірет оты ішіне тұтаныпты.
[«Екі дүние шырағы»- хақ Мұстафа-
«Әбутәліп жетімі»- атаныпты].

Бұған, Мәшһүр, тарылып, болма қапа,
Әуелден-ақ жалғанда жоқ-ты опа.

Бас -аяғы [болған соң] кәріп (ғаріб), халат,
Алты екіге бөлінсе, болар жапа.

Айнасынан көңілдің кетір шанды,
Қашан көрдің жалғанда түнсіз танды?!
Шаттықпен ғам емшектес ағайынды,
Бірін бастан кешірсең, келе берер біреу енді.

Бұ қайғының дариясы шыннан кеткен,
Ар жағына адам жоқ жүзіп жеткен.
Бұ жалғанның жүзінде бір кісі жоқ-
Аман-есен құтылып мұнан өткен!

Біреуге- үлкен, біреуге келіп кіші,
Естімейді қайғысыз болған кісі!
Сүйген құлға қайғыны баса салмақ-
Құдіреттің өзінің тамаша ісі!

Сүйгенінен, сүйкеніп қылған назы,
Көбі-оларда, қайғының бізде- азы!
Емес пе еді Мұхаммед құдай дос-ты?!
Он сегіз мың ғаламның баста тәжі.

Әнбиелер ішіпде жүзбан қасы,
Қанби қаусайын ауадна дәрежесі.
Он сегіз мың ғаламға жанған шырақ,
Артық болып туғаннан мәртебесі.

Қанша қайғы келсе де, қайғы білмей,
Қайғы, шаттық пара-пар бәрі бірдей.
Басқан жерден табанын тайдырмаған,
Сіңіп кете беріпті қара жердей.

Бірде семіз көк дөнен, бірде арық,
«Байыдық!»- деп, бас тартпай, жарысалық!
Опасы жоқ дүние әлі-ақ өтер,
Баяны жоқ шіркінді не қылалық [135]?!
Бір жаңадан ай туар болып қылдай,
Болатын күндер бар: бір күн- жылдай.

Он төртінен туған ай кандай толық,
Бір күн сондай бұ жалған, бір күн мұндай.

Бұл кітаптан бұл сөздің көбі кетті,
Қарағанда, әр түрлі тамаша етті.
Он төрт жыл жүріпті қойды бағып,
Өйтiп-бүйтiп жиырма жаска жетті [136].

Алдымыздан құдайым ашса бір жол,
Аяндайық, тұрмайық ұстасып қол.
Бір-ақ ауыз сөзбенен болды тамам,
Бір дем құрлы болмады он төрт-ақ жыл!

Жәрдем беріп, тигізер тәңірім қолға,
Не бар қарап тұратын он мен солға?
Арқам соқпақ болғанда, бас-омақа,
Талапты ерлер бар болса, шығар жолға.

Түсе берме жалғанда ұзын ойға,
«Сенемін,- деп- құр қалған түйе бойға».
Бұ жалғанда екі күн жас жасасан,
Килігерсің бір күн ас, бір күн тойға.

Бұ дүниенің жоқ екен қадір құны,
Еш адамның болмайды мұнсыз күні.
Опасыз бұ дүниенің баяны жоқ,
Еш нәрсенің дүниеде болмас жөні [137].

Болып кара, бозбала, бір күн малсыз,
Ашып [Ішіп] байқа құр суды, кәне, нансыз!
Талай ғазиз өткен мүліктен,
Кәріптікке (ғариблікке) түспей-ақ ықтиярсыз.

Ол- Мұхаммед, Мұстафа- хабиб Хак,
Көңілі сүйікті пендесі Құдайға нақ.
Отырып Әбутәліп қылды уайым-
Болғанда мүкі- тақы күнкөргіш-ақ.

Қамықты Мұхаммедтің қамын ойлап:
«Қашан көңілі өседі?!»- деп- күліп-ойнап.

Малым болса, бір қызды әпермес пе ем-
Келе жатқан өсуге жаңа бойлап?!

Шақырып Әбутәліп отырды енді,
Көңіліменен шарқ ұрып көк пен жерді.
Таңертеңгі хош есіл таң желіндей,
Жарқ етіп хақ Расул кіріп келді.

Әлі Расул болған жоқ жадағай кез
Сөйлемейді сонда да несие (несиан) сөз.
– Айналайын шырағым, бойыңнан- ай,
Сенен аулақ болсын тіл менен көз!

Біз партия болып тұрмыз жылқы, қойға,
Онсыз керек теңелмек терең ойға.
Буының өсіп, бұғанаң қатқан екен,
Жарасарлық әр киім кисең бойға.

Кәне, саған айттырсақ бір сұлу қыз,
Болып қалса алғара қиғаштан кез.
Бота көз, ақ мамық қалыбында,
Қолға түссе, тастаймыз қайсысын біз?!

Ешкім «Тең!»- деп, бермейді өзіне сай,
Мал болса,- «ит пен құс» катынға бай.
«Көтін жу да есектің, мал тап»,- деген,
«Қыздың байы-[мал]»- деген,- дүние, уай-хай!

Жоқтық деген желкеден бір түспейді,
Жастан басқа екі көз су ішпейді.
Екі қырық қыс, әне, көрдің, балам,
Алтын қорек астынан жел еспейді.

Жетімлік сүйегің[нен] кеткен өтіп,
Жұлыныңды кесуге таяп жетіп.
Жалған дүние, осымен кетесің бе,
Көңіл, шіркін, қуанбай, бір селт етіп?!

Дегенбайдың өзіміз: [ой]- көп, қой-жоқ,
Соның үшін біздерге бір де той жоқ.

Терең су да болады тұңғиықты,
Ондай суға омыраулар бізде бой жок.

Мен бір ақыл айтайын, саған жақса,
Мың ауыз сөзден бір тиын артық ақша.
Түк өнбейді құр сөзден, қол кимылдат,
Сөзден түсер нәрсе жок, мың жыл қақса!

Қол ойнамай, ауызың ойнамайды,
Ой түбіне еш нәрсе бойламайды.
Ұзын ойға түскенмен, ешнәрсе өнбес,
Мұны неге бозбала ойламайды [139].

– Балам, бүйтіп мұнайып отырмалық,
Қармағы жок, ұстатпас, суда балық.
Қолымызға белгісіз не түсуі,
Олай-бұлай тырбанып, тыпырлалық.

Дейсін ғой: «Мал мал табайық барып қайда?
Басымызға қыламыз қайтсек пайда?»
Бір бай қатын миллионшік жұрт асып тұр,
Онан асар бір жан жок бұ манайда.

«Шынжыр балақ, шұбар төс»- шыққан заты (ері),
Жер жүзіне тұрған жан жетіп даты.
Тамам жұрттың таңдайы так-тұқ етіп,
Жұрт аузына ілінін Хадиша аты.

Неше түрлі зейнетлеп салдырған жай,
Екі иінінен дем алып, болып тұр бай.
Күллі ғараб жұртына болып ұйтқы,
Күндіз болса Күн болып, түн болса-Ай!

Хадишадан күн көріп талайлары
Күнін көрген ғараб деген елдің бәрі [140].
Селтеңдеген бұқашық, текешіктің,
Көбі соның піркәншік, малайлары.

Тұл қалған қосылмаған ешбір жанға,
Қор қылған патшалар мен тимей ханға.

Байға тимей отырып алған өзі,
Мойын бұрып қарамай ешбір жанға.

Тамам байлар өзінен көтерме алып,
Дәулетінен көбі ішін-жеп жүрген жарып.
Үш-төрт жылда кетеді дөңгеленіп,
Қалжыраған, қарны ашқан соған барып.

Саны жоқ жиған құлға, салған тамға,
Жейтін ауыз табылар оңай нанға
Бозбаланы ай кесіп жалдап жатыр,
Жүк жөнелтіп Бағдад, Бахра, Шамға [141].

Әбутәліп сөйлейді сөз ұқтырып,
Ер жігітті пайдаға қызықтырып.
Томағасын бүркіттің сыпырғандай,
Жалтаң жерден түлкіге көзіктіріп.

– Болады екен дүниесіз бұ қол тартық,
Қолы қысқа қалады болып шартық.
«Мехнат көрмей, рақат көрмес»- деген,
Пайда қайдан табылса, барған артық.

Оны місе тұта ма бала жетім,
Есер жетім емес қой, дана жетім.
Соңына мал табудың мен түсейін,
Бір жапырақ денемде қалғанша етім.

Ала алмас біреуден өтірік алдап,
Өтірік айтып қайтеміз, оны малдап.
Пайда тапқан жігіттен мен кем бе [екем]?
Ертіп барып, жіберші мені жалдап!

Мұхаммедтің талабын жақсы [иәкшы] көрді,
Тәңірім сондай қылар ондар жолды.
Хадишаның жалдауға керуеніне
Қасына ертіп інісін жолға кірді.

Екеуі сүлтік кәрінлікпен келе жатыр,
Жалға жүрген кедейде құн бар ма ақыр?!

Келген-кеткен кісімен жұмысы жоқ,
Сонда үйінде Хадиша ұйықтап жатыр.

Құдайымнан көресін көп қызық іс,
Болатұғын нәрсе жоқ Құдіретке күш.
Әбутәліп, Мұхаммед келе жатса,
Ұйықтап жатып Хадиша көреді түс.

Хадишаның оралды қол мойынына,
Кіріп келді көктегі Ай қойынына.
Адамдай боп Айменен құшақтасып,
Түшіркеніп мейірі қанды ойынына.

Ұйқысынан Хадиша тұра келді,
Айдың түске кіруі көңіл бөлді.
Түс жорушы бар екен бір ағасы,
Жылдам кісі жіберіп, алғызды енді.

Жорытты ағасына көрген түсін:
[-Көргенің рас болса бұ түсті шын:
Келеді ақыр заман пайғамбары-
Үйіңе саған күйеу болу үшін.

Түгелдеп айтып берді түгі-түсін):
– Ұстай ал бұл сықылды келсе пішін.
Құдайдың құдіретімен жаратқаны,
Ғаршы-Гүрсі, жеті қат көк, жеті қат жер,
Сирратілі Мұнтаһаның [құрметі] үшін [142].

Бір жүзік кидің қолға асыл тастан,
Бұйрылды саған несіп әуел бастан.
Беріп қой сүйіншіні күні бұрын,
Айтқаным құтты болсын осы бастан!

Ағасы қуантты да, шығып кетті,
Бір шатлық Хадишаға мінез бітті.
Қуанғаннан мүлде есі шығып кетіп,
Ұмытты ішер ас пен жейтін етті.

Жан сүйсінбес құр [ет жеп] ішкен[мен] шай,
Қанша айтқанмен еркексіз, белгілі жай.

Бұ жалғанның жүзінде ең керекті,
Еркек[ке] әйел зарәт, катынға- бай.

Бұ жалғанның қызығы- ұйқы-тұйқы,
Ұйқы-тұйқы болмаса, қиқы-жикы.
Бірін-бірі иіскеп жатпаған соң,
Түпкі бойы елегізіп, келмейді ұйқы.

Мылжың боп жүрме, сөзді ұзартып,
Үсті-үстіне күнәны жамап артып.
Аға-іпілі екеуі кіріп келді,
Қаһ арбадай (кәп арбадай) шөп-шарды еріксіз тартып.

Әбутәліп жетімі- Мұхаммед-ті,
Мұхаммед деп айтқаным қандай тәтті?!
Айтқан сайын аузыңды аямасаң,
Анда-санда айтып-айтып қой салауатты!

Келгенін екеуінің қатын білді,
Көргеннен соң орнынан тұра келді.
Дастарқанын қолына ала келіп,
Жылы жүз, жақсы сөз бен шырай берді.

Түнде көрген түсі ойға түсіп,
Ағасының жоруымен көңілі өсіп,
Мұхаммедті көргеннен болып іңкәр:
«Арманым жоқ болады, бұл маған болса несіп!»

Қонақ қылып сыйлады, қуанғаннан,
Шығып кетті жей алмай бұлар наннан.
«Наннан шықты»- дегенге танданбандар,
Шықты безіп Хадиша мал мен жаннан.

– Жолдар болсын, жоғары астыңыздар,
Біздің бақты қыдырып аштыңыздар!
Бастан-басқа басатын аяқтарды
Біз кәріптің (ғарібдің) үйіне бастыңыздар!

– Жол болса, әлей болсын бізден!- дейді,
– Жол қылмақтың тетігі сізден!- дейді.

– Мына бір жас талап қып келіп отыр,
Еркектік қып, ойы бар түзден дейді.

Жетімлікпен көңілінде болған қаяу,
Жуас қана бала еді, өзі баяу.
Жоқшылықтың жалғанда күні құрысын,
Өлмесе де, өлімге жақын таяу!

Талап қылып, талпынып жалданғалы,
Шырмау үшін аяғын қамданғалы.
Тапқан малың қалыңға беру үшін,
Болмаса, қызыкпаймын малданғалы.

Бір сапар керуеніңе қосып қара,
Бұрын жолға шықпаған бозаң бала.
[Іске жарап, көңілге қонып кетсе,
Жұрт қатары берерсің еңбек және (жаңа)].

Алданыш жоқ артында алданатын,
Несіп болып тұр едің талайларға.
Мен жүрмін өліп-өшіп тойын малға [143],
Жияды, қанша болса, шыбын жанға.

Ұрсып, жекіп жүрмесін, озбырлық қып,
Қадағалап тапсыра гөр малайларға!

Деп айтпайын: «Ақысын мен алайын!»
Шырмау үшін аяғын, қамданайын.
Жал-құйрығын бір сапар созып тұрмын,
Сынамаққа өзінің бақ талайын.

Хадиша айтты:

– Сөзіңіз кетті батып,
Аргы- бергі жағымнан кетті өтіп.
Көп жалдама жігіттің бірі қылмай,
Алтындай қып сақтайын құрмет етіп.

Кигізейін үстіне жақсы тонды,
Шамам келсе қылайын мұны құнды.
Аман келсе қыламын айтқаныңдай,

Бірді берсем өзгеге, бұған берем онды.

Ер жігітке мал таппақ – жақсы талап,
Құр алақан талапсыз қалар қарап.
«Қабағы мен қасына қарандар!»- деп,
Тапсырайын бәріне қадағалап.

Өз көңіліме көргеннен кетті жарап,
Бәрі мұның қолынан тұрсын тарап.
Алған-салған ақшаның кілтін ұстап,
Баршасының үстінен тұрсын қарап.

Керек десе, қыз алып берем өзім,
Қалжыңы жоқ ішінде, бұл шын сөзім!
Бұл сапарда сөз болсын- осынікі,
Құтты өзімнің емес пе бұл сын көзім?!

Әбутәліп қуанды мұны естіп:
Іс ілгері басса,- деп,- кырсық кетіп.
Аплах деген тапсырды бір құлына:
– Жүріңдер,- деп- құрметтеп, жақсы күтіп!

– Менің айтқан, Аплах, ал тілімді,
Сені менен менен де де көп білімді.
Мұның аты Мұхаммедәмин болса,
Көбінен бұл адамның- бұл сенімді!

Аманатқа киянат қылмайды бұл,
Мұны күтіп келіндер [бір] сапар жол.
Мен есепті, келгенде, мұнан алам,
Бәріңе де тапсырып, айтқаным-сол!

Бәрің бұған беріңдер бұған [төрден] орын,
Мен десең, болмаңдар оған қырын.
Аман-есен қайтсандар ойнап-күліп,
Алдарыңнан оздырып жібер бұрын!

Хадишаның сөзіне көңілі толды,
Тәңірі осындай қылады оңдар жолды.

Қара таяк малайдың есебі жок,
Хат пен шот білетіні үш қос болды.

Үш қосында- үш кісі- керуенбасы,
Біреуі- Әбубәкір- жан жолдасы.
Бірі- Хамза- керуеннің бақташысы,
Біреуі- Әбужаһил- діннің қасы.

Дұрыс емес әуелі мұның ісі,
Аяйын деп жүрген жок, асса күші.
Бұзықтыққа келгенде жан шыдамас,
Мұнан қайта бір жасы шайтан кіші.

Кәне, керуен түйесін жолға салды;
Шыға қалды шаһардан жүктің алды.
Жөнелгенін керуеннің тамаша етіп,
Қатын-бала қадалып қарай қалды.

Әкелінің әкесі шықты бірге,
Шығарып сап баласын біраз жерге.
Сүйемелеп түйесін айдасады,
Тырмысқанда бір кезең биік өрге.

Шешелінің шешесі жүгіріп кеп,
Бала үшін пәруана боп көңілін бөліп:
– Айналайын, шырағым, аман бол!- деп,
Қайта оралып кетеді төнін-төніп.

Кейбіреудің туысқан бар ағасы,
Інісі үшін ағып жүр көзден жасы.
«Айналайын, шырағым, аман бол!»- деп,
Бірдің-апа, біреудің- қарындасы.

Жан көп болды керуенде жыбырлаған,
Бәрі әшкере, бір жан жок қыбырлаған.
Жан-жағына караса нұр Мұхаммед,
Құлағына бір жан жок сыбырлаған.

Жалғыз жетім екенін жаңа білді,
Іркіп алып көзінің жасын енді.

Қоршап алған жан-жағын бұлттай болып,
Заңғар биік таудай боп қайғы келді.

– Жаяу түйе жетелеп шықтым өрден,
Тұз татарым белгісіз қандай жерден?!
Әкем-шешем, шыныңмен қалғаның ба,
Бір көтеріп қарамай басты [көрден]?!
1

Аман бол, тұрмасаң да, ата-анам!
Жат елге, танымайтын жұртқа барам.
Артымнан қарап қалар бір кісім жоқ,
Болғанша көзден таса менің қарам!

Жұрттың әке-шешесі қарасып тұр,
Қарасқаны жалғанға жарасып тұр.
Маған қарай көз тіккен бір адам жоқ,
Менің көзім алақтап адасып тұр.

Айтар кісі маған жоқ: «Жол болсын!»,- деп,
Қол алысқан бір жан жоқ: «Әкел қол!»- деп.
Бір айтарлық кісі[нің] болмағаны-
Қиын екен: «Шырағым, аман бол!»- деп.

Бір ілгері, бір кейін жұрт далақтап,
Жан-жағына қарасып, арсалақтап.
Жан-жағыма қарасам, дәнеме жоқ,
Екі көзім төрт болды текке алақтап!

Өліп қалған жақсы екен бір-ақ жола,
Меніменен бастас [бол], маса-сона!
Енді айналып келгенше, кім бар, кім жоқ,
Аман-есен болындар жатқан мола!

Сендер де аман болындар, таудың тасы!
Сарқыраған бұлақтар, судың басы!
Қара жолдың аман бол екі жағы,
Қоштасады бәріңе көздің жасы!

Жөнелді тау мен тасқа мұңын айтып,
Керуен кетті, жұрт кетті, тарқатысып.

Ата-ана, жер-сумен амандасып,
Керуенмен кетті расул зар жыласып [144].

Ыстық шілде тамыр екен жаздың күні,
Бұл жолдардын белгісіз сусыз шөлі.
Малдың, жанның тер ақты пұшпағынан,
Шөлдегеннен аузына сыймай тілі.

Ыңғайланып әр нәрсе келе жатыр,
Келгенінің алды- осы, мына батыр.
Көп бұлттан айрылып бір ак бұлт,
Мұхаммедтің басына болды шатыр.

Келе жатыр көшімен енді достан,
Ескен жел мен жарысып, ұшқан-құстан.
Тәңірім сыйлы жаратқан пендесіне,
Жазық-жапан, айдала- болар бостан!

Әуелден-ак біреуге біреу несіп,
Күллісі айтылған себептесіп.
Судан кемдік көрмейді қарап тұрсаң,
Арқасымен күріштің күрмек ішіп.

Келем десең, бұл сөзді, байқа жансыз,
Кемпір де жоқ, қыз түгіл- калың малсыз.
Жолда көрген әңгіме тамашасын:
Бірді-екілі күріш бар, күрмек-сансыз!

Қарап жана әр нәрсе бермен басы,
Бел астық, ендігі жер- құламасы.
Жол үстінде жай салып жатыр екен,
Насариннің бір үлкен ғұламасы.

Алып байқа аузыңның дәмін енді,
Бұрын татып көрмеген бір ас келді.
Жетпіс құлаш шыңыраудың су шығарып,
Егінжай қып қойыпты сусыз шөлді.

Молда екен жетпіс екі білген тілді,
Бір өткізген алты жүз санап жылды.

Ғайсадан соң осы екен заманында
Бастан-аяқ жат білген ол інжілді.

Арқауылды құба жон қылған тұрақ,
Жұрттан бөлек, жеке өзін қылған жырақ.
Өзі ғылымның бұлағы болғаннан соң,
Ықтиярсыз ағызған шөлден бұлақ.

Берер болсаң айтайын сөзге қонақ,
Аузың дәмін алып байқашы, естіп құлақ.
Судан безер боларсың қанбаған соң,
Жаңа саулап келеді менен бұлақ.

Хазірет Ғайса айтыпты оған бір күн:
– Кімге опа қылады дүние, шіркін!
Құдай досты Мұхаммед пайғамбарды
Көресің,- деп,- жолығып емін-еркін!

Көп-көп сәлем айтарсың, ұстап қолын!
Лағымірек тәж киген соң ләуләк тонын!
Шек күмәнсіз кез болып жолығарсыз,
Керуенін Меккенің тоссаң жолын!

Белгісі бұлт болар- оның басы,
Оған қарай домалар таудың тасы.
Ағаш біткен иіліп, сәжде қылып,
Қу ағаштың көгерер және басы!

Көлеңкесі, көрінбес, көзге түсіп [145],
Ағаш барар орнынан оған көшіп.
Қу ағаштың отырса қақ түбіне,
Миуаланып көгерер жеміс пісіп.

Түсі сондай өзінің, түгі сондай,
Айтқан сөзбен ұқтырып әбден мұндай.
Естіген соң құмар боп жан-ділімен,
Жатқан екен сол үшін құба жонда-ай!

Санап қолдан өткізіп айды, күнді,
Қосып алып ол және күндіз-түнді.

Жол үстіне көз салып, керуен тосып,
«Келетұғын болды,- деп,- мезгілі енді».

Қарап тұрса, бір керуен келе жатыр [146],
Бір ақ бұлт басында, бар қолшатыр.
– Іздей берсе, бір жету бар ғой, -дейді,
– Жүре берсе, таусылар мидай тақыр.

Көрсімен қуанып жерге түсті,
Бір шой кара бар екен құлақ кесті.
– Келе жатқан керуеннің алдын тос!- деп,
Тапсырыпты анықтап оған істі.

– Әр түрлі ас даярлап пісір,- дейді,
– Қонып қалса ол жерден көшір,- дейді.
– Мал түгіл, адам жерлік от пен су бар,
Жақынырақ бір әкеліп түсір!- дейді.

Құл бастап кеп түсірді бау ағашқа,
Азық пен тон аш пенен жалаңашқа.
Аузы бардың жейтіні,- бәрі түгел,
Табылатын керекті жаннан басқа.

– Қозғалмаңдар тырп етіп осы тұстан! [147]
– Ұры, өтірік, мұнда жоқ- дейді дұшпан!
– Көздеріңе көрінген бәрі мұбах,
– Бәрі тегін сатусыз бәрі бостан!

Басын түріп жіберді бұлар малды,
Тақалыпты ұшуға жұрттың алды.
Көлеңке мен жемісі, суы- суық,
Бәрі бірден душар боп, мәз боп қалды.

Ыстық шілде кезі екен, күннің аптап,
Мал мен жан жайылып кетті қаптап.
«Бәрін қонақ қылам - деп,- керуеннің»,
Пісіртіпті әр түрлі асты баптап.

Шөлдеп келген көп керуен шаңырқасып,
Кенеліпті арқасын тыр-тыр қасып.

– Неден мұндай иіп тұр құдай мұны?!-
Танданысты, сөзіне таңырқасып:

Бұрын да өтіп еді талай жүріп,
Бүйткен емес еш жанға мұндай бұрып.
Бір шыбығын кессең де ұстатпайтын:
«Қайтып берем өзіңе,- деген,- көріп!».

Бұлар мұнда отырсын бет карасып,
Берекесіз жұмыспен құр таласып.
Ғұламаның бір құлы жетіп келді,
Көйлектерін киісіп қалды сасып.

– Біздің қожа шақырды сіздерді асқа,
Бас-басыңа даярлап орын басқа.
Қадағалап жіберді қайта-қайта
Жалғыз жанды үш қостан тастамасқа.

– Қалған бір жан жоқ аяқтыда,
Еріп жүрді тайлы да, таяқты да.
Жасы жеткен кәрісі қалды келмей,
Күн кешірген жасынан абақтыда.

Меймандарды қолынан алды күтіп [148],
Көремін деп, ынтығы тұрған кетіп!
Керек қылған өзінің кісісі жоқ,
Бақылдасты текелер жоғары өтіп.

Қосында [тұр] керуеннің топтанып шок,
Тысқа шығып қараса, ақ бұлт жоқ.
– Мен һәм жасап жатырмын бір қияпат,
Ішпей- жемей, естумен боларсың ток!

Қанша созсам құлаштап жетер қарым,
Бидай қайда, бұл әлі- арпа, тарым.
Хазірет айтты керуенге жұмбақ сөзбен:
– Қоста қалған бар ма ,- деп,- жалғыз жарым?

Әбужаһил айтады:
– Болды, болды,

Келістіріп келгенге кылсаң жолды.
Қос күзетіп бір жалғыз-ақ калды бір құл,
Кісі дейтін кісі емес құнды-пұлды.

– Сен саулама, сақалдым, аузыңды ашпа!
Мұнда ешкің жоқ, бакылдар жерің басқа!
Көрмесем де мен соны танып тұрмын!
Алшысынан көріп айдай қасқа!

Айта берсем, бір талай шемен жатыр,
Қостарына дәулет құс қонып жатыр.
[Бұ күнге сый-сыяпат жамандарға-
Құрметі үшін бір соның болып жатыр!]

Мең сөйлемей, кеңеске жарымайсың,
Бұл сапарда ашығып арымайсың!
Жарқанатқа жарықтан не пайда бар,
Соның үшін сен оны танымайсың!

Аузың барып, ұялмай дейсің: «Құнсыз!»,
Айтқан сөзің әр жерде болар пұлсыз.
Бір сол үшін шашылып, мен жатырмын,
Халал емес тағамым, жесең онсыз.

Қиып тастап кеттіңдер қосқа онда,
Шапшаң барып біреуің ап кел мұнда.
Онсыз құның бәріңнің бір-ақ тиын,
Менің көзім сол үшін қарап жолда.

Емес екен қос тағы тым онша алыс:
– Шырағым, жүре ғой!- деп, барды Харыс.
– Біз айтпасак, өзіңді біледі екен,
Қайда жүріп болды екен оған таныс?!

Харыспенен қосылып келді бірге,
Көлеңкесі түспейді оның жерге.
Келген жерде қолынан ұстай алып,
Отырғызды апарып дәл қак төрге.

Мұндай молда болды екен қандайынан,
Дүр төгілген кісі екен таңдайынан.

Тысқа шығып қараса, бір ақ бұлт,
Келіпті бір ақ бұлт оның маңдайынан.

Көзі жіті қырағы барша жаннан [149],
Озып шыққан қырағы мың-мың саннан!
Төбесімен тік тұрып қылды қызмет,
Айырылып дәл есінен қуанғаннан!

– Мен неше жыл бұл ердің тостым жолын,
Танымайтын кісі көп оң мен солын.
Хазірет Ғайса тапсырып ауызба-ауыз:
«Менің үшін,- деп еді,- ұста қолын!»

Сөз[ге] түспей керуенлер аң- таң қалып,
Тұрған шамды көре алмай саулап жанып:
Керек болған кісіңіз бұл екенін,
Біз айтпастан білдіңіз қайдан танып?

– Сендер нені білесің, өңкей соқыр [150]?!
Тамағыңа той-дағы, тып-тыныш отыр!
Молда оқиды танығанын ақ қағаздан,
Надандардың көзінен қарға шоқыр.

Таксыр Ғайса білдірді маған тілді,
Жылдан асып алты жүзге жасым келді.
Шаһарынан Меккенің шыққан күні
Күшіктей боп ақ бұлт соңына ерді.

Жер қуанып жүрегін жарып жатыр,
Басқан ізі дәрі боп дарып жатыр.
Анадайдан қарасы көрінгеннен,
Шөбі мен ағаш алдына барып жатыр.

Қозғалыпты орнынан бәрі көшіп,
Байқап тұрдым алыстан көзім түсіп.
Бір ағаштың түбіне отырса бұл,
Миуаланып көгерер, жемісі пісіп [151].

Көлеңкесі түспейді мұның жерге,
Қайда барса, ақ бұлт жүрер бірге.

Қырық жасына келгенде, пайғамбар боп,
Бұ дүниені салады басқа түрге.

– Саған қарар қайылмын, хақ Мұхаммед,
Қолындамын сізге болдым үмбет!
Қай күн ажал құдайдан маған келсе,
Жаназама келгейсің, кылып һәммәт!

Аттандырды керуенді сыйлап күтіп,
Естен қала қоймастай құрмет етіп:
– Сак болындар бұл ерге, ұйтқың- осы,
Мұны жалғыз, жүрмендер, тастап кетіп.

Біркатар жер шығарып келіп қайтты,
Білген ақылын бұларға бәрін айтты.
Аты-шулы Мысырға керуен кірді,
Не тамаша іс болды, енді қайтті?!

Бір араға керуендер косын тікті,
Таудай кылып тастады тиеп жүкті.
Тұс-тұсынан сауданы істеп жатыр,
Алшы- тәйке, айырмай шік пен бүкті.

Қыбырлаған жан біткен бәрі тыста,
Ер атымен әрбірі бір жұмыста.
Дәнемемен ісі жоқ нұр Мұхаммед,
Отырады мұнайып жалғыз қоста.

Шаһарға жұрт аттанып, барып келіп,
Өз есебін жоқ жүрген бір жан біліп.
Біреу үшін біреу боп қызыл өңеш,
Ұшқын есіп, талай жан қалады өліп.

Әуел бастан бұл заман- сондай заман,
Мұнан кеткен кісі жоқ есен-аман.
Бір күн өкше көтерді шаһар жаққа:
«Барайын,- деп,- мен-дағы солай таман!»

Келген екен шаһарға сейіл құрып,
Жатыр екен бір ұста шық-шық ұрып.

Төсі менен балғасы балқып кетті,
Аузын ашып аңкиып қалды тұрып.

Темір біткен балқиды болып майдай [152],
Мынау ұста ұйқысын ашты шайдай.
Мұғжизаттың әуелден басталғаны-
Толықсып он төртінен туған айдай.

Мұны естіп, жиылды ұста біткен,
«Шық- шықпен!»- әуре боп, есі кеткен.
«Не себептен болды,- деп,- темір мұндай?»
Таң қалысып тамаша тәптіш еткен [153].

Мұхаммедке тікіленді сұрап жөнін,
Іркілместен саулатты бұ да жөнін.
«Бәни һәшім, Қурайыш- қыбыласы»-
Және өзінің танытты кім екенін.

Жөйт деген пәле жұрт дуылдаған,
Бір жиылыс боп қалды шуылдаған.
– Біздің дінді бұзатын- осы!- депті,
Керуендердің жүрегі суылдаған.

Шапыр-шұпыр төбелес болып қалды,
Базар іші кісіге толып қалды.
Хамза батыр ақырып жетіп барды,
Жөйттердің қолынан тартып алды.

– Шаһарға енді қайтып кірме!- дейді,
– Жұрт көзіне көп түсіп жүрме!- дейді.
– Андып тұрған ісі екен өздерінің,
Кәпірлерге көп көріне берме!- дейді.

Елден көп пе, жолаушы жаман сасқан,
Талай толқын болыпты Хамза басқан.
Қостан келіп тінтетін болғаннан соң,
Қапқа салып арқалап ала қашқан.

Әбубәкір бұл істі қылып жүрген,
Десін деп: «Қап арқалап тезек терген!»

Жетіп келіп:

– Не еді арқандағы?-

Деген жанға шын сөйлеп жауап берген:

– Мына тұрған керуеннің қосы,- дейді.

Іздегенін шығар сол құдайдың досы,- дейді [154].

– Көзінді ойып өзіне жегізетін,

Керек болса, Мұхаммед- осы!- дейді.

– Бізді жолдан құр бөгеп қалдырғалы,

Өңгімемен сөйлетіп талдырғалы.

Кісі арқалап кісіні жүре ме екен?!

Айтып тұр ғой бізлерні нандырғалы!-

Деп, нанбастан бұ сөзге жүріп кетті,

Құтылуға түзеді бұлар бетті.

– «Мұхаммед»- деп, неге айттың әлгілерге?!-

Бір кішкене өкпелеп ашу етті.

– Өтірік айтып жоқ жерде бар ма жыным,

Көргенім жоқ өтіріктен титтей тыным.

Қашан болса береке шында емес пе?!

Аман-есен құтқарған айтқан шыным!

Қасиет шында екенін анық білді,

Атанды: «Әбубәкір шыншыл»- енді.

Неше күн, неше түндей жүріп керуен,

Бір белгілі бұрыннан суға келді.

Сөйледі сол арада Мұхаммедім [155]:

– Саклады (сактады) бір ажалдан күдіретім.

– Сыдығым!- деп айтыпты сол бір жерде

– Махшарда қолдайды екен көп үмбетін!

Қолыма «Бисмилла» айтып алдым қалам,

Сөйледім бір хикая пайғамбардан.

Шын бір ауыз сөздің мұнша қасиеті-

«Шыншыл»- деп, Әбубәкір ат атанған.

– Артық екен батырдан жолы,- дейді,

– Әбден көңіл бұ жолда толды!- дейді.

Хадишадан сүйінші сұратуға
Оздырмақшы біреуді болды дейді.

Аплах айтты:

– Тапсырған маған сөзі,
Есепті қып жіберген, міне, көзі.
«Мұхаммедті жібер!- деп,- сүйіншіге»,-
Әуелде арнап айтқан бар-ды сөзі.

– Олай болса, Мұхаммед барсын!- дейді,
– Бір нашарлау түйені алсын!- дейді.
– Жүкке керек болады семіз түйе,
– Астындағы түйесі қалсын!- дейді.

Айта берсек бірталай шимай жатыр,
Мұхаммедтен ешкім жоқ болған пақыр [156].
Әбужаһил кү[r]кіреп қосқа сыймай,
Жөні бүтін түйені бермей жатыр.

Арық түйе бар екен, болған қатпа,
– Жолда түсіп, дамылдап,- дейді,- жатпа.
Ыстық қылып ішем- деп,- әуреленіп,
Қара судан басқаны әр кез татпа.

Қатпа қотыр түйеге мініп алды,
Түйе болды сеп-семіз өркеш, жалды.
Жұнттай болып жазылды қотырынан,
Көргендердің бәрі де аң-таң қалды.

Күні бойы жолменен жалғыз жүрді,
Түн болды, біле алмады барар жолды,
Әбужаһил лағынның апасының
Жағып қойған әр жерден отын көрді.

Ұмтылды: «Барайын,- деп,- соған таман»,
Жоқ боп сөніп қалады келген заман.
Бұйдасынан түйенің біреу келіп,
Ұстай алды айтысып есен-аман.

Бұрып ала жөнелді қыңыр жолға,
Алды-артына қаратпай оң мен солға.

Екі езуін жия алмай бара жатыр:
«Оңай түсіп қалды,- деп-не ғып қолға?!»

Патша құдай патшалық көрсетті іс,
Жебірейілге бұйырды:

– Тез, жылдам ұш!

Адастырып қылмастан әуре сарсаң,
Кетіп қалды достымның қолынан күш!

Екі қылмай әмірін, жетіп келді [157],
Желкесінен малғұнның бір түйді енді.
Сонан бері: «Мойыным!»- деп алас ұрып,
Сарнауменен өткізді күн мен түнді.

Кіріп кете жаздапты сонда жерге,
Қарынбаймен барабар болып бірге.
Дүниекорлар тұрсын деп сабақ алып,
Соның үшін қалдырған көрге, жерге.

Жебірейіл бір бәдәуи кебін киді,
Көзжасын достысының тәңірім иді.
Алып келіп түйесін жолға салды,
Әңгіме айтып әр түрлі, шертіп күйді.

– Ассалаумағалейкум, хак Мұхаммед [158]!
«Құдай» досты»- дегенге көңіл бітпек.
Келіп, ала жөнелді Жебірейіл,
Атын ашып (айтқанда) айтыңыздар бір салауат.

Кісі емес ол қаңғып жүрген босқа:
– Түр шығады сөзіңнен әрбір нұсқа.
Бұрын ешкім айтпаған әңгіме айтып,
Жылдай түнді қылсайшы сөзбен қысқа!

– Жарайды, енді құлақ сал, ұйқыңды ашып,
Үйір болдық біраз жер жолдастасып.
Анырағаны адамның- жусағаны,
Сөйлемесек, кетеді ұйқы басып.

Жолдастықтың белгісі- жол қысқарту,
Онан-мұнан сөз қылып әңгіме айту.

Не ғып асып кеткенін білмей қалар
Қатпар-қатпар белдерден арту-арту.

Жалғанда не көрмеген дейсің бұл бас,
Көрмеген дәнемені: сен- уыз жас.
Өзіңіздей жолығып бір кезеңде,
Періштемен Ғазірейіл болдық жолдас.

Сөйледі Хақ расул Жебірейілге [159]:
– Еш әңгіме Ғазірейілден сұрадың ба?
Естіп білгеніңше әңгіме айтшы,
Естіп әңгімені білейік те.

– Жақсы жолдас әркімге болмас несіп,
Несіп болса, кетеді мауқын басып.
Жолдастықпен сұрадым Ғазірейілден,
Бұ жалғанда үйір боп, жуықтасып:

– Жан біткеннің қолыңа кілтін берген,
Сенің қолың ұстаған сеспей өлген.
Қанша жанды қиратып алып жүрсің,
Аяр кісің болды ма рақымың келген?!

– Бізді қылды жауынгер өлер жанға,
Жек көрсетіп қойыпты көп наданға.
Жан аларда ойыма түк келмейді,
Екі жерде қиналдым екі адамға.

Бірі- сол: бір кеме жан суға кетті,
Толқын соғып, кемені быт-шыт етті.
Бір тақтаймен бір қатын қала берді,
Буаз екен, табатын уақыты жетті.

Сүнгіп зорға келеді толқын жұтып,
Және қинап келеді толғақ қысып.
Құрғағына дарияның тақалғанда,
«Жанын ал!» - деп,- бір бұйрық келді жетіп.

Келсем, қатын өкпесін соғып жатыр,
Толқын су мұрнынан ағып жатыр.

[Бір жас бала шырқырап тамақ іздеп,
Ықтиярсыз зорлықпен шығып жатыр].

Жәкен сонда катынның жанын алды,
Шырқыраған бойымен бала калды.
Қатын өлді, іштегі бала тірі,
Не болғанын білмеймін: кетті, барды.

Бір кеме жұрттан қалған жалғыз бала,
Шырқыраған бойымен туып және.
Маңайында мүсіркек жан жоқ еді,
Не қылғанын білмедім Хак тағала.

Тастады ма өлтіріп құмға тығып [160],
Иа болмаса, кетті ме толқын соғып?!
Иа болмаса бір нәрсе жеп қойды ма,
Қайтіп адам болды екен, қалай шығып?!

Не болғанын білмедім ақыр-соңы,
Онан күшті бола ма қайғы- мұны?!
Енді бір рақымым [келіп] аяғаным:
Әңгіме қып айтайын енді соны.

Бір кәпірдің патшасы дүниені алды,
Берді тәңірім аямай бак пен малды.
Асып-тасып құдайлық дағуы кылып:
«Мен де жай қыламын!»- деп сарай салды.

Дәурен сүрді бұ патша тоғыз жүз жыл,
Дүниемен арасынан өтпеді кыл.
«Мен бір пейіш жасаймын дүниесе!»- деп,
Он жылдай алтын-күміс жидырды бұл.

Ұста- жүз, әр ұстада шәкірт- мыңнан,
Өңшен [қу] өткерілген неше сымнан.
Бір шарбак бау-бакшалы кылдырды жай,
Ағызып жерді қазып, суды тыннан.

Алтыннан су жағалай алтын тікті,
Зәбіржат пен жақұттан жапырақ екті.

Судың ағар жолына гауһар төсеп,
Құм орнына меруерт пен маржан төкті.

Бір кірпіші – алтыннан, бірі- күміс [161],
Міне, осындай бір шаһар бәрі тегіс!
Анау- мынау патшалар қылдыра алмас,
Дүние-малын шашса да мұндай жұмыс.

Дүниенің бір өзіне келген шағы,
Зор күшті арман болды мұның -дағы.
«Ирама ирамазат илғым адилаты»- деп, құранда айтқан,
Осы екен аты шулы Иран (Ирам) бағы.

Есеп жоқ төккен бұған шашқан пұлда,
Және сан жоқ жұмыскер күң мен құлда.
Жүз мың ұста жабылып бітіріпті,
Дем алмастан бітірді үш жүз жылда.

«Бітіріп болды!» - деген хабар жетті,
Енді ойланды патша көруге үйді.
Он жылдай тағы соның жабдығы үшін,
Адамға керектінің бәрін жиды.

Толтырды дүниемен іші- тысын,
Ұшырды сандуғаш пен бұлбұл құсын.
Бәрін соның түгендеп бітірген соң,
Ырғып-жырғап жөнелді көру үшін!

Мұның өзін шын құдай атқан екен,
Тастай шырап дүниеге батқан екен.
«Әбден тамам болғанда көремін!»- деп,
Өмір бойы бір көрмей жатқан екен.

Ат-тұрман әбден түзеп тұрды дейді,
Жер қайысқан әскермен жүрді дейді.
Жарқ –жұрқ етіп күнмен шағылысқан,
Иран бақты алыстан көрді дейді.

Басында екен патшаның алтын шатыр,
Мұнан асқан бұл күнде жоқ-ты батыр.

Сырнай-керней койдырып неше жерден,
Жер дүниені күңіrentіп келе жатыр.

Мұны қалай қылады тәңірім енді,
«Мынау жөнсіз- деу қайда,- мынау жөнді!»
«Көрсетпестен бұл үйді ал жанын!»-деп,
Хактан маған асығыс жарлық келді.

Бір сарайша секілді бола қалдым,
Басыма көнетоздан сәлде салдым.
Көптігімен күштілік қыла ала ма,
Қарсы алдынан қасқайып жетіп бардым.

Мені көріп селк етіп шошып қалып,
Өңменінен барады көзім өтіп.
– Сөзін болса айт!- дейді,- [алыс] тұрып,
Онша төніп қасыма келмей жетіп.

Жаратпайды сені онша менің ойым,
Әлсіз болып барады тұла бойым.
Бейнетпенен салдырған пейішіме
Күнім еді қылатын бүгін тойым.

Мен айттым:

– Кісі қорқар жоқ жаманат,

Ел- бейбіт, жұрт- тынышлық, сау-саламат.
Алдыңызға мен келдім арыз айта,
Бір адамға қойса біреу бір аманат!

Сөйлей берсем,сөзімнен табылар нас [162],
Қойып едім біреуге бір асыл тас!
«Аманатқа- қиянат»- дұрыс па екен?!
Тамам жұртқа паш етіп жарлығың шаш!

– Аманаттың иесі келсе сұрай,
Оған айтар не сөз олай-бұлай?!
Сөзге келмей, бас бұрмай беру керек,
Бізге салса, закон мен жарлық солай!

– Пәлі, берген төрене тоқта!- делім,

– Өз бойында аманат жок па?!- дедім.
– Күткармайтын мойнына түсті кұрык,
Салынады басыңа нөкта!- дедім.

– Мынау сөзден жүрегім дүрсілдейді,
Тайсалмайтын не кылған ерсің?!- дейді [163].
Пері мен періштенің бірісің бе-
Аты- жөнің айтшы өзің, кімсің?!- дейді.

– Періштемін жаралған нұрдан затым,
Жан алуға колымда бұйрық хатым!
Жарлығымен құдайдың келіп тұрмын,
Ғазірейіл- жұртқа таныс менің атым!

Болып кетті батырдың өңі сары,
Буын-буын әлсіз боп, босап бәрі.

– Бір көрейін салдырған мұкамалды,
Оған шейін тұр,- дейді,- тоқтап әрі!

Мен айттым:

– [Деп] тұрмысың күн баяғың?!

Олай-бұлай қарауға жок сияғын!
Ат үстінде жұмысын бітсе керек,
Енді жерді баса алмас екі аяғың!

– Біраз ғана босатшы аял беріп,
Мен жанымды берейін үйге кіріп!
Пәленше жыл салдырған мұкамалды
Тым болмаса кетейін көзбен көріп!

– Жок, енді сөйлеп ауыз ашпа!- дедім,
– Сен болдың бұрыңғыннан басқа!- дедім.
– Қайымдасып сенімен тұрамын ба?
Қан алғышты қадаймын басқа!- дедім.

Атынан түсейін деп ыңғайланды,
Бір аяғын шығарып жерге салды.
Бір аяғы тұрғанда үзенгіде,
Жарлық болып солайша жанын алды.

Сылк етіп харам дене жерге түсті,
Келіп қалса, өлімнен не бар күшті?!
Мал-мүлкі, қанша жұрт қалды иесіз,
Елжіреп іші-баурым жерге түсті!-

Деп еді ол газірейіл маған мұны,
Естіген соң қынжылдым мен де соны.
Қанша көп болса да, дүние шіркіп,
Күн туғанда жоқ екен титтей құны.

Мұны естін хақ Мұхаммед күлді дейді:
– Бір жерге сөз аяғы келді!- дейді.
– «Екеу» деп сөйлегені- бір-ақ кісі,
Білмеген соң «екеу» деп білді,- дейді.

Шеберлігін көрсетті Хақ тағала,
Бұған жетпей білімі жүрген және.
Осы екен,- деп- айтады,- аты- Шадат,
Баяғы тактайдағы анасы өліп, туған бала.

Жел тигізді тактайды такыр жерге,
Жарлығымен Құдайдың айдап өрге.
Өлген қатын тактаймен ағып кетті,
Бір бөлек тактаймен шықты бала бірге [164].

Бір шаһарға тұспа- тұс шығып жерден,
Тауып алды бір патша анда жүрген.
Жас баланы кұндақтап алып кетті:
«Несіп екен бізге,- деп,- тәңірім берген!»

Кім бұзар Құдіреттің қылған ісін,
Біреу жемес біреудің несібесін!
Бірі екен тау мен тасқа бас ұрғанның
Екі көзі төрт болып перзент үшін.

Патша өлді дүниеден ажал жетіп [165],
Таусылып, ажал жетіп, демі бітіп.
Патша өлген соң, орнына болды патша,
Тамам жұрттан бақыты(бақтысы) асын кетіп.

Күншығыс, күнбатысқа даңқы барған,
«Иран бағы қылам!»- деп сарай салған.
Патша болып сарып қып дүниені алып,
Есіл еңбек бір жанбай босқа қалған.

Бір жоңқа мен бір аз күн қалдырғаны,
Аз ғана күн шырағын жандырғаны:
«Сен емессің, құдай- мен, танып қой!»- деп,
Қалай жанын жоқ жерде алдырғаны?!

Жебірейіл таңырқады қайран қалып,
Есебі өз сөзінен өзі ұялып.
Жөнеліп хош айтысып, кете берді,
Түп-тура адаспастай жолға салып.

Діңкілдетпей: «Көш, көш,- деп,- күн бұрын көш!»
Көр мен жерге айналсаң, күн болар кеш.
«Түс оңалмай, -деген сөз бар,- іс оңалмас»-
Хадиша ұйықтап жатып көреді түс.

[Түс жоруы белгілі: әркім білді,
Екі көзі жолда боп, телмірді енді.
Ақ бұлттан басында қол шатыры,
Мәдина мен Меккенің көркі келді].

Соңғы керуен,- олар да келіп қалды,
Қаңғыр-күңгір думан қып жүрген жерді.
Екі көзі төрт болып бәрі қарап [166],
Сағынған ата-анасы, баршасы жылап келді.

Асығып біреу кіріп, біреу шығып,
Өз есебін тұрған жоқ ешкім біліп.
Малайлардың есебін шотқа қағып,
Толық қып бәрінің ақысын беріп.

Ақы алғандар қалыпты шала байып,
Көбең малдай едіреңдеп, адырайып.
Мұхаммедке ақы жоқ, аты аталған,
Көп ішінде құр қалыпты, бір күн байып.

«Не берем, не бермеймін»- деген сөз жок,
Болжайтұғын ғайыпты игі көз жок.
Құр алақан аяндап қайта берді,
Тым болмаса, белбеулік жалаң бөз жок.

Әбутәліп демей ме:

– Ақың қайда?

Жастың бәрі өзіндей тапты пайда!
Қолы ұзындар қол созып алып жатыр,
Қолы қысқа құр қалмақ әрбір жайда!

Әбутәліп мұны көріп ашу қылды [167],
– Не ғып онай біз болдык мұнша енді?!
«Ауызба-ауыз жолығып, білейін!»- деп,
Хадишаға аяндап өзі келді.

Хадишаның алдына келді жетіп,
Ұйтқып соккан борандай түтеп кетіп.
– Мұхаммедті мұнайтып, бос жіберіп,
Сенің жүрген кісің кім мазақ етіп?!

Мұндай бұрын сұмдықты кім бар көрген,
Жеті атамнан емес ем жалға жүрген!
Қолындағы ноктасы- жетімдіктен,
Ат болса да, басынан кетпей жүрген!

Қожасымыз арабтың, ата терсен,
Таныр едің малсыз боп байқап көрсен!
Жалға біз жүреміз бе, болса дүние,
Ақың кетпес өзгеден артық берсен?!

Келгенін ашуланып білді дейді,
«Бұған қысқа ұстайын тілді!»- дейді.
Әбутәліп сөзіне әуел Хадиша,
Шек-шілесі қатқанша күлді дейді.

– Менің мұным болды ма сізге ерсі?!
Мұхаммедтің өз басын маған берші!
Асқан сұлу бір қатын алып берем,
Өз қасыма қояйын қылып көрші.

Онан аяп не етемін мал мен жанды,
Қашан бізге ат ерер Тәңірім таңды!
«Кекеп мені отыр!»- деп, Әбутәліп,
Хадишаның сөзіне ашуланды [168].

– Анау-мынау біз сенің қазағың ба?!
Ойының ба, шының ба, мазағың ба?!
Жұрт қатары ақысын бермегенің:
Біз секілді нашарға азабың ба?!

Әбутәліп теріс қарап, мойнын бұрды,
Қайдан білсін, айтпаса ішкі сырды?!
Енді сізге шынымды айтайын,- деп [169],
Әбутәліптің қасына аяңдап Хадиша өзі.

– Ойын деп ойламаңыз, шын менікі,
«Өзіндікі- дейсің ғой,- өңгенікі!»
Жер мен көкті жаратқан, құдай куә,
Мал түгіл, мал иесі мен соныкі!

Менде жан жоқ белгілі, дейсің- «қатын»,
Сізге сөздің айтайын хикаятын.
Оныменен сіз туысқан бауырсыз ғой,
Сізден де артық танымын оның затын.

– Шын деп қалай ойлаймын, ойын демей?!
Жаңа ғана келеді босап көмей.
Не байларға тимедің, не ханларға,
Саған қайдан пұлданды күнсыз кедей?!

Хадиша айтты:

– Жетім ғой, рас нашар,
Сонда да онда мінез бар көңіл ашар.
Оған ғашық болғаным әлдеқашан,
Ойнап жүрген күнімде жеті жасар.

Бала күнде мен өзім бір түс көрдім,
Көргеннен-ақ сол түсті көңіл бердім.
Күллі Иемен жұртынан жан жақтырмай,
Сол түсімнің жоруын шын деп білдім.

Жаңа келді орнына көрген түсім,
Мұнан былай оналар менің ісім.
Былтыр мен биыл емес- ойлағаным,
Бала жастан бұл менің кұмар кісім!

Ал енді, үйіне бар, тұрма тоқтап,
Сізден артық жүргем жок оны жоқтап.
Мен бір жолы жұрттын ішін күйдірейін,
Аузына әлі жетпей жүрсін боктап.

Түсе берме қиял боп, ұзын ойға,
Мен ұнамды кісімді таптым бойға,
Жіберетін күйеуді кам қыла бер,
Көңілге алған кісімді шақыр тойға!

Әбутәліп естіп састы дейді,
Екі аяғын ұшынан басты дейді.
«Хадишаның тойы бар кол ұстатар!»-
Деген сөзді дос-жарға (нарға) шашты дейді.

Мұны тегіс есітті Мекке халқы,
Жұрт көзіне бір түсті гауһар нарқы.
Дүние бетін көрсеткен күннің көзі,
Диірменнің айналып оңға шарқы!

Естіген соң: «Той бар!»- деп, жұрт жиылды,
Жалғыз-жарым әр жерден дос сүйінді.
Әбужаһил көніркеп жанып іші,
Онан баска болмады еш күйінді.

Керней, сырнай Хадиша қойып жатыр,
Түйе, қойдан есепсіз сойып жатыр.
«Пұлсыз астан бір сұғын»,- деген мақал,
Бар да, жоқ та кенеліп, тойып жатыр.

Имансыздар күн бұрын кашып жатыр,
Апалары жібермей басып жатыр.
Қуанғаннан мүлде есі шығып [кетіп],
Бұ күн малды Хадиша шашып жатыр:

– Тастамастан жатырмын келгенді ойға,
Баратұғын талапкер жоқ па тойға?
[Табынғандар құдайға ұмтылындар,
Шокынғандар қала бер жылқы, қойға].

Толып жатыр кезеңдер, алдында-асу,
Жындылық-ты орынсыз малды шашу.
Иман масы, ессіздің бастарында
Бар болса, даярлай бер тойға шашу.

Мұнан артық асыл тас айамда жоқ,
Жеміс түгіл, көбіне саям да жоқ.
Осы тойға қуанбай қалғаныңа,
Қызық түгіл бармағанға қ...м да жоқ.

Бұл сөзімнің кешіргей Хақ қатесін,
Мұсылмандар бергей-ді ақ батасын!
Мына тойдан мақрұм боп қалмағаның,
Көк өгіздің етінен бір татасың!

Енді күйеу кісісін даярласын,
Әбубәкір сыдықты қасына алсын!
Білген білер, білмеген қарап қалар,
Көп өлеңнің ішінде кетсін, барсын!

Жерде болар құрулы, көкте- шатыр,
Мұндай бір күн қызықты отыз жылға татыр.
Кедейліктің берген жүгін бүгін алды [170],
Оңға басып ит дүние келе жатыр.

Күйі түсіп жақсылар судай тасты,
Жамандардың салбырап құты қашты.
Төрт жүз құл, күңмен алдынан шығып тосып,
Бастарына күйеудің шашу шашты.

Тіке тұрып көк пен жер болып ларзан,
Жаманға қат мұндай сый, жақсыға-арзан.
Құрт аралас бауырсақ емес екен,
Лағыл, жақұт, зәбіржат, гауһар, маржан.

Келетұғын жолына кілем жайып,
Тастан түсіп кететін шыбын тайып.
Бай мен кедей болысып опыр-топыр,
Шала түгіл калыпты бүтін байып.

Хадишадан дүние, мал табылғандай,
Көрінбейді бұ тойдан анырғандай.
Күйеу кірер үйіне көз тұрмайды,
Көрген адам есінен жаңылғандай.

Құтты болсын айтындар екі жасқа,
Қуанбаған, қуанған басқа-басқа.
Хадиша да әйелдің ғақығы еді,
Ұнап кетті үйлесіп асыл тасқа!

Жарастықты, қолайлы екі жасты,
Бірдей қылып ұста да жасамас-ты!
Абрахмет жаңбырдың тамшысына
Бір садаптан кім оның аузын ашты[171]?!

Мәшһүр Жүсіптің «Күндіз бен түннің айырмасы» өлені

Күндіз тозақтан алынған, түн ұжмақтан (жұмақтан) алынған [172].

Дүниеде тас табылар, қымбатлы бас табылмас...

Ноғай ақсақал сөзі

Күлік байы- Қуанның кенжесі Ноғай ақсақал сексен бір жасында дүниеден қайтқанда, өлейін деп жатқанда, айтқан бір насихат сөзі [173].

Ол өзі ескі законде ат арқасына мінген, кеше Мұса, Секербай заманында ауызға ілінген бай болған кісі. Алғаш жаңа закон болғанда, бірнеше жыл болыс болған. Өзі тірі күнінде баласы Тайшық хәм көп жыл болыс болған. Осы күнде немересі- Баспақ Тайшықұғлы Сыйтаға (Ыстыға) елінің болысы. Бұл Ноғай ақсақал сексен бір жасқа келіп, жаңада дүниеден қайтты.

Ауруы күшейіп ажал жастығына басын қойғанын білген соң, балалары өзімен жерлес ауыл арасында ауыл жоқ, Күлік – Самай қа-

жының немересі- тасқа табынған қалмақтай-Қаракесектің табынып тұрған пірі хазіреті болып тұрған, Әбділда Ғайсабек баласы Троицкіде Зейнолла ишаннан халфе болып шыққан,- сол кісіні алып келіпті. Сонда Ноғай марқұм басын көтеріп алып, балаларына қарап:

– Жарықтығым, бұл Әбділданы қайда алып барасың?- дейді.

Балалары:

– Әке, сіздің наукасыңыз төмендеп кетті. Қол тапсырыңыз, бала болыңыз! Сізге пірлікке алып келдік,- дейді.

Онда Ноғай ақсақал айтады:

– Жарықтығым, менің пірім- диуана, кожа. Ерсұлтан ата-бабам қол берген, пір тұтынған- Құлболды ішінен. Бұл кожа емес, күні кеше қой бағып, көтен жегенге мәз болып, жер арасын қорғаштап, қой қуа беретұғын қара бала ғой! Мекке, Мүкәрәма, Медине, Мүниреге барған жоқ. Бұхарай Шәріпке барған жоқ. Шам, Шәріп, Бағдад Шәріп- жеті Шәріптің бірде-біріне барған жоқ ең болмағанда.

Құрт жинаған жаман диуаналар барып келіп жатқан хазірет Сұлтанға да барған жоқ қой! Жұрттың малын алдап алу үшін Орыстың қаласына барып, оқып келген, өзіміздің қолымызда өскен, аузынан сілекейі, мұрнынан боғы салбырап ағып отыратұғын қара бала ғой! Қайда барып ағарды?!

Бұған мен қол тапсырмаймын! Тіл алсаң, менен соң өзің де тапсырма, қайтарып жібер! Иманды тәңірім өзі береді, молда әпермейді. Бұған бүгін қол тапсырып, пір қылсам, күні ертең ұзын мойын, қу ауыз Ахмет салып жетіп келеді: «Піріңнің жақыны- мен!»- деп. Мұны арқа тұтып, бір қараңды алады. Онан соң құтылмастай пәлеге қалғаның: мал ұстап отыра алмайсың. Қой, жаным, мен малымды тірідей талатпаймын, мүридім бейшара аман-сау қалса, «кедей»- деп, жанымның қалуына тілеулес емес. «Өлсін, малын аламын!»- дейді.

Кеше Молдабайдың ұрпағы- біреуінің басы ауырса, Әбділданы алып жетіп келетұғын еді де, тек мұның келген ауруы тіл тартпай өлетұғын еді. Бәрін өзім көріп едім ғой! А, Құдай, ауырсам, Әбділданы көрсете көрме!- деуші едім. -Жаман Жапалақтың жисні-ай, мені алатұғын аурудан бұрын сен маған қылдың ғой! Мұның әкесін де білемін. Ол дін қысып, құдай үшін кеткен жоқ еді. Амалдық сопы күн көрсетпейтін болған соң, соның зарпынан қашып кетіп еді. Бұған әулиелік қайдан келді? Күні кеше екі ауылдың арасында жер қорып,

күнде қойымызды оттатпай қуалай беретұғын қара бала емес пе еді?! Шығар үйден, арман ап кет, мына пәленді басыма орнатпа! Жанымды Құдайға өз еркiммен берейiн!- деп қайырып жiберiптi.

Әбдiлда үйден шығып кеткен соң:

– А, Құдай, жалғанда ендi мың жыл дәурен сүргiзгендей көрейiн, менiн жанымды қинамай ала гөр! Жаным қиналса, мына жамандар соның қолында бiр нәрсе тұрғандай тағы жалпылдап соған шабады гой! Ендi соның қарасын көрсетпей ала гөр, Алла, аманатынды!- дегенде, аузынан демнiн ақыры бiрге шығыпты.

Құдай рахмет қылсын Ноғай Қуанұғлына! «Иманды Құдай бередi, молда әпермейдi!»- деген сөзi сөз-ақ емес пе?!

Бұрынғының кiсiсi- бәрi әулие. Тiлеке Жанкiсiбаласы 85 жасында өлейiн деп жатқанда баласы Белдiбай:

– Әке, сiзге не жаратайын, көзiң тiрiде айтып кет,- дегенде, айтқаны:

– Балам, маған иман сатып алып беруге малың жете ме? Иманға жететұғын малың бар ма? Сен мал бергенмен, иманды молда бермейдi, Құдай бередi. Маған бұл малынды шығарып, шығындама!

Құлбайдың сөзi:

Бұрын намазбен жұмысы жоқ кiсi екен: дәрет не, ниет не,- намаздың дәнмесiн бiлмейдi екен. Бiр көп бас қосылып, жиын-топ болғанда, өзi қатардан да қалмайтұғын кiсi болса керек. Жұрт намаз оқуға ду түрегелгенде, оқиын десе, намаздың ретiн, дәретiн, ниетiн бiлмептi. Оқымайын десе, көптен жалғыз қалуға ұялыпты. Сонда ұшып түрегелiп, қолын көтерiп, құлағын қағып айтқаны. Бар күшiмен қатты дауысын жұртқа естiртiп, жариялап сөйлептi:

– Құлбай, «Құдай!»- десеңшi,

Құлбайдың қамын жесеңшi!

Құлбай: «Құдай!»- деген соң,

Перiште мен пайғамбарымыз:

«Уай, бәрекелдi!»- десеңшi!- деп, жығылыпты, жан тәсiлiм қылыпты.

Әне, жарылқанған құл!

Тарихи бір дерек

Қазақтардан:

– Кімді сарт дейсіз?-деп сұрағанда, Тәжік байғұстар:

– Сарт не?- дер.

– Не үшін сарт дейсіз?- дегенде,

– Бізді шолда (сонда) алдап жүргені үшін, қазақ ила суда етқушілерді: «Мырадайдыр сарт»- дейміз. Қатты табыстылығы үшін сарт дейміз. Сұм, қулығы үшін дейміз. «Қу сарт»- уамталы жауаптар алынды.

Шора, 19 ғыдыр, 280-інші сахиғада.

Сөз[дің] шек-қарнын ақтарғушылар «сартқа» «сарығы- ит»- дегеннен басқа дәнеме таба алмапты.

«Қазаққа қазақ қаз сықылды емін-еркін бетімен жүретұғын жұрт»- дегеннен басқаны таба алмапты.

Молда Шерғалы лашын сөзі.

Махаббат туралы

Лаланы көрдім: бығридадағылар бұлбұл қапаста шымында сайрай дүр захилар дәл шишасында сансыз сыдықлар сахарادا, лалабақтарда (бағларда) екен. Ғашық- иракта (жырақта), біз мұнда қайран. Жан не кылсын- қасында болмаса жаннан?!

Лала деген қызыл шөп, қызғалдақ рушылы. Қызғалдақтан зорырақ. Алыстан әдемі, жақын барсаң, онан да әдемі. Дәл өзегін қарасаң, кап-қара. Мұның мағынасы: «Бір махбопқа (махаббатқа) көзін түсіп, сыртынан қызықсаң, оның жүрегінде кайғының қараңғылығы бар. Не үшін десең, басыңа түскен дерт оған да түскен- [со]ған дәлел. Ибраһим ақынның (хақының) бұл сөзі:

Сөз дәлденбей, хабар дүр,

Санамасыз жан[ын]- ай!

[А]шпак (ашмақ) ол ғырза дүр,

Көр, а[й]тшы [көрсетні] сөзін-ай!

Ғашық оты әуел түсер мағышқа,

Онан (анден) ғашқа.

Шымығ көркім жанбайынша,
Жакпады біреуіне-ей!

Яғни сенің жүрегіңнің жанғанынан- ол жан[ан]ың хабарсыз емес. Бірақ сыртына шығара алмай, ішінде болады.

Шам- әуел өзі: лапылдап жанады. Не үшін? Пәруанаға жаны күйгені үшін, мен лапылдап жанғам: «Мені көріп пәруана келер ме екен?»- деп.

Ғашықтық оты әуел мағшоққа түседі. Сонан тұтанып, ғашыққа түседі. Солай болғаны үшін шам әуел өзі жанды. Сонан соң пәруананы күйдіреді.

Қызыл гүл сықылды махбопларға ғашық болғушы бұлбұл сықылды жаны күйгендер дүниенің қызығында болады. Ұзақ, қарға сықылдылар гүлдің бостанды ет[пе]кке үшін қонып жүреді. Қызыл гүлдің қарғамен жұмысы жоқ. Бұлбұлдың жоқлығынан қорланып, ескен желмен хызан болып қалады. Сондайын махбоплар өзінің ойлаған жаны күйген кісісі манайында болмаған соң, басқа ұзақ, қарға сықылдыларды не қылсын: «Ғашықлығын сыртына шығара алмай, ішінде жасырамын!»-деп, не ойлағанына жете алмай, не бол-маса өз ойынан өзі шығып кете алмай, құса болып, жоқ жерде өліп қалады. Соның үшін айтқан: «Ғашықлық бір мерез дүр: қатты, ашы. Құшақтасып, өбу шекпек дүр ғылажы».

Егер де ғашық-машық құшақласып, сүйіспесе, ғұмырында қосыла алмаса, өлін кетеді. Мүтшахак – қасида бірденің бір бетінде айтқан: «...»

Ай, міне, ғашық!

Бұл ғашық махаббат ғұзары болған. Мұның мағынасы Кайман уалаятында «Ғұзары»- деген бір ел болған екен. Қыз- бозбаласы әдепкіршілікте бірінен-бірі өтеді екен. Егер де жаслық-маслық ауа-сымен (уасымен) бір-біріне құштар болса: «Зина қылмаймыз!»- деп, бірінің-бірі көңілін жыға алмай, жақсы көрісіп жүрумен ақырында өліп кете береді екен. Аса жақсы көргендерден бас салып жатуға қимай, бірінен-бірі ұят ап, ойын сақлаймын деп. Мұнан мағлұм болды: ғашық ықтияр емес, биықтияр- Құдай тағаланың зинаменен болатұғын нәрсесі екен.

Ташкентте жүргенде, біздің басымызға уақиға болды. Сонда жаны ашыған ғұламалар айтты:

– Ай, жігітлер: «Мұндайлықты Алла тағала достың түгіл, дұшпаныңа һәм бермесін!»- деп тілендер!»- дейді.

Дүниеде бұл ғашықлықтан қиын нәрсе болмайды екен. Жалғандағы пәленің зоры екен. Бұған тахмал қылып, сабыр қылып, шыдағушыларға зор қасиет бар екен.

Хадис Шарип «...»: Жауда өлген шаһид мұның қасында дәнеме емес екен. Бұл шаһид хақиқы екен. Кәпірлермен соғысқан- «Жиһада сығыр»- дейді. Нәпсісімен соғысқан «жиһаткер»- дейді. Бұл ғашық хақиқыға мыбытыла болған адам нәпсісімен күн-түн жиһаткерде болады екен. Алла тағала әр қию пендесін ғашық үмбеттен мақрұм қылмасын!

Ғыл Алла қасында (қашында) ғашық үмбет аса сүйкімді кереклі жұмыс. Адамның қалыбы, жүрегі- бір асыл шыны, іші- дариядан һәм кең. Оның ішінде саны жоқ садап. Ол садаптың ішінде қанша бибаһа қымбат дүрлер бар. Мұны алуға кімнің күші жетеді? Лала сахарада болады, райхан бақшада болады. Қайда екеуі бір жерден табылады?!

Ғашық-машық (мағшұқ) һәм осындай. Бірі- лаладай, бірі- райхандай жанлар. Бірін -бірі танысып, ғашық-машық болысады. Бірақ екеуінің бір араға жиылуы аса қиындықпенен болады. Дүниеде қосылысса, ғашық мижасы болады. Егер дүниеде қосыла алмай, арманда кетсе, о[лар] ғашық хақиқы болады. Ондай күйге түспегенлерге жанансыз жанның керегі болмайды.

Яғни алысты-жақын, жатты таныс қылатұғын ғашық: о[л]- махаббат дүр. Егер де ерлі-байлы болғанмен, бірінің-біріне ғашық махаббаты болмаса, бір көрпенің ішінде болмақ түгіл, бір көйлектің ішінде бір денедей болып жатса да, бірінен-бірі алыс есепті.

Хазірет сопы Аллажар айтқан: «Кел-ай, сәлік, ғырт билан аш!» Махаббатсыз кісіден құс болып қаш. Көңілде ғашық махаббаты жоқ адамнан құс болып қашу керек. Хадис Шарип: «Ла ла иман тын ла махаббат ла»- махаббат Һилының жояны болғыл үшіл кім ұшырады, құрбаны болғыл!..

Өнер дүниесі туралы

Дүние екі түрлі: бірі- табиғат, бір түрі- өнер. Табиғат әуел жаратылыста Құдай жаратып қойған: тау, теңіз, орман, тас, ағаш, бұлақ

көк, жер- адам колынан келмейтұғын нәрселер. Құдай адамға ғақыл берді, өткір зейін, терен ой, сезім машиналарын күшті қылды. Адам бұлардың қуат-күшімен үй салатұғын болды, арық ағызып, құдық қазатұғын болды. Етік тігіп, арба жасап, ки[г]із басып,- керекті нәрселерді қолмен жасап алатұғын болды. Адамның қолы жетіп, күші араласқан нәрсе «Өнер дүниесі»- делінеді.

Бұл күнде де табиғат дүниесі тұрған- тұрған бойымен жай қалды. Өнер дүниесінің жұмысы өсіп, артылып кетті. Өнер дүниесі екіге бөлінеді [174]: бірін «Тірнек»- дейді, бірін «Көрнек»- дейді.

Үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, кигіз басады, ыдыс істейді, тағысын- тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды. Бұлар- күнкөрісіне керек шаруа. Мұны істегенде, «сұлуынан жылуы»- дегендей, көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жайын көбірек көздейді. Тірнек- осылар.

Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сурет (сүгірет) салады. Әдеміден: әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Бұлар жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгеннен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер.

Алдыңғы тірнек жұмысы- адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер. Соңғы нәрселер- адамның жан қолтау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер тіршілік үшін жұмсалатын «Тірнек өнері» болады. Соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер көркемшілік үшін «Көрнек өнері» болады. Көрнек өнері бес тарау болады: «сәулет»-дейді, «сымбат»- дейді, «кескін»- дейді, «қошәуез»- дейді, «әдебиет»- дейді.

Бірінші- тастан, кірпіштен, ағаштан, яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәулетті сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады, Еуропаша- архитектура.

Екінші- балшықтан, иа металдан құйып, тастан иа ағаштан жоньп, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сынбатын келтіріп, сурет (сүгірет) жасау өнері. Бұл сымбат өнері болады, Еуропаша «скульптура».

Үшінші- түрлі бояумен нәрсені сын түрін, түсін, кескін- келбетін келтіріп, суреттеп (сүгіреттеп) көрсету өнері. Бұл кескін өнері болады. Орысна- живопись.

Төртінші- әуезенің түрлі дарайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін: ән салу, күй тарту өнері. Бұл әуез өнері болады. Еуропаша- музыка.

Бесінші- нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, сынын сөзбен келтіріп айту өнері, бұл «сөз өнері» болады. Қазақ: «асыл сөз», арабшада-«әдебиет», Еуропада- литература.

Өнердің ең алды- сөз, сөз өнері деп саналады. «Өнер алды- қызыл тіл»- деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін –шама-қадырынша сөз өнері атқара алады.

Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, иа кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән, күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, тануға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді.

Өмірбаяндық деректер

Далбада Айдос бұлағының басында: «Мешіт қыламыз!»-деп салдырған үйдің фоланты: ұзындығы- қырық кез, көлденеңі- жиырма бес кез. Бала оқытатұғын үй- бес бөлме. Осының аяқсыз қалуына екі кісі зор (зүр) берді. Бір Байдалының Исасы (Ғисасы), бірі- Ақбалтақтың Баймолдасы. Кірпішінің өзі қырық қой, екі теңгеге салынған. Жұмағали- мұның әкесі- Әбіш. Мұның әкесі-Жәшке, мұның әкесі- Досымбек.

Мырзабайдың Бекбауы, мұның баласы- Сұлтанғазы. Мұның баласы-Жұмаш, Төкей болса керек дейді.

Бұл соңынан салынған малқора: бес үйді [үйден] құралады. Өз күшімізбен жауып, үш-төрт жыл қыстадық. Жалғыз мешітті ел болып жабуға ынтасы болмады. Үшқұрт – Айтқожа-Байсалбай: 1. Қалша. 2. Баутан. 3. Басмақ.

1914-інші жылында 23-інші августе Павлодар бардық. Сондағы ағайындарды аман-есен көріп, [сау]-сәлемет үйге қайтып келдік. 2-октябрьде ағайындардың ағайыншылығы- бір арба алып мінгізіп қайтарды: сайманымен түгел. Бұл һәм бір шүкірне нығметтен болсын үшін жазып қойдым.

Әуел басы-Алытаба (Әлітебе) баласы 15 сом, Бекмұхаммедбай баласы 10 сом, Қали Естібай баласы 10 сом, Қожамжар Табе баласы- 5

сом, Бекіш Байдәулет баласы 3 сом, Әубәкір Әуезбілде баласы 3 сом, Құсбек Әбдірасыл баласы 3 сом, Байбол Сотмір (Сүтемер) баласы 3 сом, Біржан Мырзатай баласы 2 сом, Бәкі Үкі баласы 2 сом, Ыбырай Анатай баласы 1 сом, Иүсіф- 1 сом, Жұмабай- 1 сом, Мұрат Тиынбай баласы бір жарым (1,5) сом, Жолтай ақсақал Сүйіндік баласы- 65 тиын, Имамәлік- 5 сом, Найман- Дәрменбай баласы- 5 сом, Тілеу Иүсіф кажы- 3 сом.

Арбаға жұмсалған пұлдардың иелері осылар. Бекмұхаммед Әбділдадан бір казак қолы ноқыра божы алдым. Орманшы- Қорғанбай баласы Біләл өрген, 5 сомға тұрады. Икрамнан бір божы алдым 3 сомдық, о да өрген божы. Баска мейман қылған үйлер: Орманшы- Ұзын Жақып, қатынының аты-Жазира. Екі баласы бар: Нұрғали, Елеусіз. Түбі-Тама: Айдабол ішінде өсіп-өнген Алпысбай соқыр. Имамбек, Исмака- Ақылбекпен қосып қонақ қылды...

Бұлардың ішінде екі мал сойып қонақ қылған: Әлі менен Имамәлік. Жатар орнымыз- Әлінікі болды. Қожамжар, Әлі казак орыс жерінде. Сырым, Әбсалам-Найман: Тулақбайменен көршілес екен.

Түбі Найман –Батұшевтарға ағайын- Айбас деген Құрман тұзының басында желілеп бие сауып отырады екен:

– Қонақ болып, бір мал жеп кетіңіз!- деп, көп ғызыр қылды.

– Қайтып бір келемін,- деп,- сонымен жұбатып кеттім. Бір ашық, ақпейіл жан көрінеді. Тірі болса, кісінің есінде жүрерлік...

Тобықты шежіресі үзiгi

Тобықты- Олжабай балалары: Ырғызбай, Жігітек, Боккөт. Ырғызбайдан- Өскенбай, онан-Құнанбай. Бәйбішеден Құнанбай жалғыз. Өскенбайдың токалынан –Майбас жалғыз. Құнанбаймен он бір жыл дауласқан- Бөжей- Жігітектен. Базаралы, Бағаналы, Қарымсақ, Шопан- бұлар да Жігітектен.

Осы ағайынды төртеуін де Ибрай [Абай] айдатқан. «Абайың жақсы кісі болған болса, // Қасқырдай өз күшігін қалай жеген?»- делінген сөз осылардың турасында айтылған сөз.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ»- дегенің мәнісі (екінші нұсқа)

Жер иреті Сарысу өзені. Жазғытұрым судың тасып жатқан күні екі құс салып жүрген елсізде өзеннің екі жағында тұрып сөйлесіпті. Кім болса, ол болсын, біреуі насыбай атады [175]. Онда екінші біреуі айтады:

– Өзім барып насыбай атуға судан өте алмай тұрмын. Мен үшін маған арнап насыбайыңды енді бір атшы!- дейді.

Бұл насыбайын атқанда, бұл оның тілін алып, шақшасын ерінің қасына қағып-қағып жіберіп мазаттанып, шаттанып, насыбайын атқанда, ар жақта көріп тұрған анау аузынан суы ағып, елітіп:

– Ризамын-ризамын (ырзамын) өзіңе де, шақшаңа да, атып тұрған насыбайыңа да! Екеуіміз дос болайық, тамыр болайық. Су тасуы қайтқан соң біздікіне келмесең, осы сөзімді сыйлағандығыңның қолқасын алмасаң, ризалығым жоқ,- деп, өлердей сөзін айтып, қонаққа шақырып кетеді.

Судың тасуы қайтып, басылған соң, қонаққа барады. Тамыры да тікесінен тік тұрып күтіп алады.

Қалағаныңды алып кет, алмай кетсең, ризалығым жоқ!- деп, ерік әліне қоймаған соң, жүзіктің көзінен өткендей бір қара жорға тайы бар екен, соны қалап алып кетеді. Сонан соң жұмысы жоқ та болса, тек мұның шақшасынан насыбай атуға құмарланып, келін, кетін жүреді. Бір күн[дерде] біреуден аласы адал ақы бір қозылы қой[ын] алып келе жатып тамырыныкіне қонады. Ертең жүрерінде: «Бір қозылы қойды қайдан айдап жүресің, маған тастап кет!»- деп, онысын да алып қалады. Бұл жолы емес, әйтеуір бір келіп жүргенінде, қолқа қылып сұрап алғаны емес, мұның шақшасын алып кетеді... Төртті-бесті жыл арада өтеді. Қара жорға тай топ бұзар ат болып, ас болса, жорға бәйгесін бермейтұғын атақты жорға болып шығады. Оның түпкі иесі көрген сайын іші күйіп, ел-жұрты, ауыл-аймағы: «Осындай жорғаны беріп, әлі сен онан не алдың? Сал қолқанды, ал қалағаныңды! Қолқана тұрмаса, жорғанда не ақысы бар?!»- деп, о да бұ да айта берген соң, тамырына қолқа сұрата қатынын жібереді. Бұл келген қатынды қонағасын беріп, сыйлап күтеді де:

Қолка алудың реті менікі еді, ол оны білмей жүр екен,- деп, құр алақан қылып қайтарады.

Бұ да қатынын жібереді:

Барып қолка алып кел!- деп.

Сонан соң кара жорғаның иесі ашуланып, Бағаналы-Барлыбай биге барып [оны] шақыртыпты.

Екеуі жүгініске барғанда, кара жорғаның иесі айтыпты.

– Кара жорғасын және козылы койын ал[ыпсың]. Бұларды алған тамыр, сен не айтасың?- дегенде:

– Рас, мен мұнын бұл айтқан малдарын алып та жүрмін, осы күн астымда мініп те жүрмін. Және козылы койын да алып малдандым. Бірақ, бұл қолкасын алып еді. Алған күнде, керек қылып алса да, бұл күнде оған көңілі толмай, мына атына қызыққаннан дауласып жүр!- депті.

– Сенен мен не алып едім?!- депті.

– «Не алып едім?»- деп, Құдайдан қорықпай, адамнан ұялмай, қалай айтасың? – депті.- Шақшамды алғаның қайда? Мен саған тамыр болғандығың үшін кимастықтан бергенім қайда? Басқа кісіге, көріп берейін десе, ұстатам ба?- депті.

Отырған жұрт мұнын сөзін ерсі көріп күлісіпті. Сонда кара жорғаның иесі:

– Қыстың қатты боларын лақ (олақ) білер, күннің суық боларын құлақ білер. Берген нәрсең тұтамдай сиыр мүйізі. Төрелігін Барлыбай –екең өзі-ақ білер!- депті. Онда шақша иесі айтыпты:

Қыстың қатты боларын тоқты білер,

Қара құйын жайылымы құтты келер,

Пара беріп қоймасаң, Барлекене,

Айтылған сөз мәнісін боқты білер!- дегенде, Барлыбай би

«Боқты білер»- деген сөзге шамданып:

– Жаным, шақшанның не артықтығы бар еді?- дегенде, шақша иесі айтыпты:

– Шақшам серке мүйізінің тақысы еді, козылы қой өзінің ақысы еді. Орай салған жезі бар еді, тоқсан маржан көзі бар еді. «Толық бір тай-ды, соны же»- деп, маржандаған ұстаның қолкасына берілген кезі бар еді. Және: «Өзін сатса, бір түйе, бір атқа алар едік-ау!»- деген әркімнің сөзі бар еді. Және онымен қойды ма?! Бір шақшаны

істеп бергендігіне тайды азсынып: «Тау жайлаймын»- деп, наршамды алды, «Ой қыстаймын»- деп, шотымды алды, «Қыр қыстаймын»- деп, балтамды алды. «Қалауым»- деп, бөрте атымды алды, «Жау шауып кетті!»- деп, төрт атымды алды. Қайқы келген қара атымды алды, тілік құлақ сары атымды алды. Сары аттын енесі кішкентай ғана бием еді, әкесі тұлпарға жиен еді.

– Енді сол шақшамды өзіме қайырса, мен кара жорғасын да, қозылы қойын да өзіне қайырып беріп, шақшамды өзіме бергендігі үшін, үйге ертіп барып, қалаған атын мінгізейін, үстіне тон кигізейін!- дегенде, отырған жұрт: «Бұған не айтасың?»- дегенде, отырған жұрт: [«Сөз тапқанға қолқа жоқ!»- депті].

[Құс салып далақтап жүргенде, шақша түсіп қалып, жоғалған екен де, Нау оны білін: «Токта бәлем, аузыңа бір құм құярмын!»- деп, ішінен ойлап жүреді екен].

Мақалдар мәнісі

«Ала қарғада аласың болсын!» Бұл мақал алған қолдан берген қолдың жақсы екенін аңдату үшін айтылған сөз. «Шариф адал Ғалия хайыр мен еділсағали: «Өтірікшінің үйі күйсін». Бұл һәм Құранда бар сөз. Қазақ сөзінің асылдығы- қарасаң, Құраннан табылады да отырады. Сүре талмада жетінші параның алдыңғы жағында екі қағаздай «Уузанад итім әли-әл салауат тыхыз уһа әр уа уалғиба».

Медине, Мүниреде: «Бір тірса мүсін шыһдан ла- ила –ила Алла уашаһдан Мұхаммед расул алла»- дегенде, Мұхаммедті «расул Алла»- деп айтады. «Жалған айтады»- деп, мұзыны жалғаншыға са- нап, өтірікшінің үйі күйсін!»- дейді екен.

Бір түн Тырсаның өз қызметкері түн ішінде от жағып, бір жарық қылып жүргенде, бір ұшқын ұшып түсіп, Тырса ұйықтап жатқан жерінде үй-іші, қатын-бала- бар мұкамалымен өртеніп, күйіп кетіпті...

«Жер ауызды жемес ауыз байлайды»- бұл һәм Құранда бар сөз...

Мұхаммед пайғамбар туралы

Ан хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғалайссаламға қырық жасында ужиһандырылып пайғамбарлық берілді. Ең алдымен Хадиша анамыз инанып иман келтірді. Онан соң кідірместен хазірет Әбубәкір сыдық ризалығына инанып иман келтірді. Онан соң он жасар бала хазірет Ғалы каримолла ужиһа инанып иман келтірді. Он үш жыл Мекке-Мекірмеде тұрды. Отыз үш еркек, алты қатын тілін алып, мұсылман болды. Хазірет Ғұмар рызиаллағына қыркыншы болды.

Ан хазіретіміз Әбубәкір сыдық рызиаллағына екеуі жаяулап қашып Медине-Мінураға барды. Артынан жиырма (икірма) атты (атлы) кісі «Салт басты, сабау қамшылы»- болып соңынан барды. Медине халқы төбесінен тік тұрды. Бідір соғысы болды. Сонда мішіріклер жаман қырғын тапты. Әбужаһил лағын сол соғыста өлді. Пайғамбарымыздың әкесінің ағасы Ғаббас ризаллаға бастығы (башлығы) жетпіс (итміш) кісі сиір болып қолға түсті. Бұлар өздерін өлтірмей, босатуына құнын төлеп құтылу үшін підия беруге көнді.

Ан хазіретіміз сахабаларымен ақылдасты. Хазірет Әбубәкір сыдық рызиаллағына сөйледі:

– Үшбу қолға түскен әсірлер (әскерлер): кәрісі бар, жасы бар- өз ағайын туысканыңыз. Әрқайсысы өз шамасына қарай- бары барынша, жоғы жоғынша підия берсе, бергенін алып, өздерін босатсаңыз, ынтымаққа көніп, икемге келіп, мұсылман да болар. Және мына алынған мал мұсылмандарға ат-тон, азық болуға молайып, мұсылманның күш-қуат артылтуына жақсы болар еді»- дейді.

Хазірет Ғұмар әлғарука ризаллаға айтты:

– Иа, расул Алла тағала ғалайссалам болар, кәпірлер[ге] бұйырыңыз- мойындарын киюға! Құдая шүкір, әлхамдулла Құдай тәбарік тағала сіз підия алудан мыстығыны қылды ғой! Бұлардың бұ дауына төлеу алу- дүниеге қызыққандық болады. Құдай сізді: «Дүниеге қызықпасын!»- деп, пайғамбар қылды!»- дейді.

Ансарылардан Ғабдолла баһаруаха рызиаллағына сағдин мығаз ризаллығына олар айтты:

– Шарт қылыңыз: бұл от жалындай дұшпандарды қылыштың от жалынымен өртеп күйдіруге!»- дейді.

Ан хазіретіміз рысалат пінат ғалиассалам хазірет Әбубәкір сыдық рызиаллағының сөзіне пейіл қылды. Підия алуға қарар берді. Підия алынып, босатуға ыңғайланды. Қазір сол сағатында хазірет Жебірейіл ғалиа- алсалам уахи келтірді:

«Ағуз биламин ал-шайтан ал-ражим...»

Бұл аят келген соң, ан хазіретіміз хазірет Ғұмар рызиаллағының жүйрік Құдай әміріне муафик екенлігіне хакикат[қ]а тоқтап, мұсылман болғанын қойып, болмағанын өлтіруге бұйырды.

Сонда пайғамбарымыз підия алып, босатуға жарамағанда, Құдай алдындағы сырларды підия алып босатуға қолынан келіп, күші жетін тұрған қандай қожа-молда?!

Оны күнәсынан құтқарамын деп саудаласу дұрыс емеслігін кәлам мешіттің неше жерінен қарап көріп оқып, тығбідір әлхал Құдайдың білдіруімен біліп тұрмыз. Ендеше не берген садақанды саудаласпай, міндетсіз, саудасыз... ..болмады, лайық болмады, о, жарамады. Еш пайғамбар үшін егер оның қолына сырлар (сиірлер) түссе, олардан підия алу дұрыс та болмады. Та[ғы] оларны өлтірсін жер жүзінде басын малмен құтқарып, жер басып жүруіне риза болмасын. Мышыр қарірге зыллыт оқылат[ын] болсын да, өмужіп ғыззат сіләм өтһөр шөкіт бірәр табылсын.

Сізлер ойлайсыз: дүние пайдасын, дүниені мақсат тұтынасызлар. Дүние мақсаты- сирахалыгуал.

Құдай ойлайды сіздерге ақырет пайдасын. Ақырет пайдасы- жұмак (жұмак), оның нығметлері-лайзал.

Құдай тәбәрік тағала күшті: достарын-дұшпандарынан ғалиб қылуға және пенделерінің пендешілікпен қылғанының бәрін білугедана...

Егер болмаса еді - хакім пәрмен (опырман) Құдайдан. Хакім пәрмен мұның алдында ілгері болды. Әлбетте тұтар еді, сіздерді өз үйлеріңізбен підия алғанлығыңыз үшін ұлықтап рауаят келтіріп дүр. Кім хазірет расалат пенен Ғалия алсалауат уассалам бұйырды. Егер қазап келсе еді.

Хазірет Ғұмар лығарук ризалығына илан сағдин Мағаздан басқа қалмас еді. Оның (аның) үшін ол екеуі мәшкерлеріні өлтіруге разы болды. Підия алуды лайық көрмегенлік үшін бұл аят келген соң, сахабалар Бәдір (Быдыр) соғысында түскен олжаны алудан қашты,

корықкандығы сондай болды. Сонан соң бұл аят «Кериме» келді: «Ағузы билламин ал-шайтан ал-ражим фікуэмма ғынтым хала-алла тибә уатқу ліпсан Алла ғұзұр рахим!»

Хазірет Ғаббас ризалығына сол жерде мұсылман болды:

– Менің шын мұсылман болғанлығыма дәлел болсын үшін!- деп, өз үйіне, өзіне ағайын-туысқанлары үшін, құл, күн азат қылып, Құдай жолына бағышлады. Және көп мал: «Сахабаларға ат- тон, азық болсын!»- деп, сый, қылды.

– Мал жаннан аяулы ма, жанды қиған Құдайға малды қимайтұғын не бар?- деп.

Хазірет Ғаббас ризалығына өлімнен қорқып, мұсылман болған жоқ. Құдайдан сыр (пір) көріп, мұсылман болды. Себеп сол- ан хазіретіміз оған айтты:

– Иә, ақсақал, мен ағайындық қылып, сені өлтіруге қимай, қанша бөгеп тоқтағандықтан, Аллаға ғасы болып қала жаздадым. Сен ағайыншылықты ойына бір алмадың-ау! «Өзің, өзіңмен бірге қолға түскен үш бауырыңның балалары үшін підия беріп, басыңды босатып ал!»- дегенде, - Ана үшеуі үшін мал беруге сараңдық қылдың-ау!- дейді.

Онда хазірет Ғаббас ризалығына айтты:

– Өзің кедей болғаныңмен тұрмай, қаратаяқ әкендей болған ағанды [ағаңның]- кедей болғанын жақсы көргендігің,- осы да ағайыншылыққа келе ме? Кедейден туысқан да қашады, алаш та қашады. Кедейдің кісілікке сәні бола ма?- дейді.

– Онда ан хазіретіміз салиалла тағала ғалия уассалам айтты:

– Өзің үйіңнен шығарда Фазылдың анасына аманат тапсырып кеткен алтын тұрғанда: «Қайткенде кедей боламын?!»- деп ойлайсың?- дегенде,

– Оны саған кім айтты? - дегенде,

– Жаратқан Құдайым білдірді,- дейді.

– Ендеше осы алтынның барлығын сол қойнымда жатқан қатыным да қолына бергенде біліп еді. Онан басқа біліп, сезген бір жан жоқ еді. Өз аузымнан шықпаған сөз. Қатын болса, үйде, оның аузынан бұл күнгеше жанға шыққан жоқ. Себебі: «Байым өлі келе ме, тірі келе ме? Өліп қалса, ешкімге ортақтастырмайын, өзім иеленейін!» - деп, жанға сездірмейді. Мұны саған білдірген Құдайға тоқтамаған

жан қайда барып оңбақ?! Міне, мен Құдайдың құдайлығына, сенін шын пайғамбар скендігіңе инандым [иландым]. Және инанғанлығымның раслығы үшін, төрт кісінің құнына көндім. Құдайға жанымды, малымды түгел берейін!- [деп], өзі шын көңілімен, жан ділімен мұмин мұсылман болды да: «Құдай жолына бергенім!» - деп төрт кісінің құнын және берді.

Құдай тәбәрік тағаладан хазірет Ғаббас ризалығының хақында бұл «Аят кериме» келді: «Ағузи билламин, ал-шайтан ал-ражим! Иа ирһалыны құлмын фи идігім мен ласири ан игилымалла фи қылубікім хирану хирамма хизмікім ұйғығырлікім. Уалла ғұғұр рахим!»

Хазірет Ғаббас ризаллығына- өзі тірі күнінде айтып кеткен екен:

– Құдай үшін төрт ердің құнын төлегендігіме Құдайдан төрт түлік артық сыйлық алдым. Бірі- жиырма құлым бар. Әрбірі жиырма мың ділданың саудасына ие. Бірі- сықая зәмзәмнің билігі. Барша ғарабта болған дәулеттен, бактан- өзіме бұл артық!- деген екен. – Бірі- нәсілімнен халифалық шығады. Дүниені тітіреткен һарон Рашид сықылды халифалар хазірет Ғаббас нәсілінен болатынлығы!- деген екен. – Бірі- уағда мағрипат жақсылығын көрмей, білмей, нанған Құдайға! Енді көрген соң, нанбаймын ба, нандым, Құдайға, нандым!- деген екен...

Көп аузынан естілген сөз- Құдай аузынан естілген болады. «Плач народа- плач божи!»- хазірет Ғайса рухолла сөзі «Інжілде».

Мұхаммед пайғамбар сөзі: «Дүниеде кім өлсе (өлерсе), өлсін; өзінің кадiрінен (хыдырынан) фірат өзре [өзіне] тыжауыз еттім. Ғаділ мұтлақ болған жынаб хактың анаштілі, зырбасы уақиға болар! Бұ бір тайран хи хақиқат дүр!».

Сыбайласының наукасын көрмегенге салынып, өз кигайын [қайғысын] бұзбаған кісілер білу керек. Олардың қайғыда тез бұзыла білер. Дүниеде істерінің жылаған көздеріне жаны ашымаған кісілер өз көздерінің мықты болуларына тіпті инанбайсың!»

Адам мүшелерімен Жүсіп пайғамбар өмірін байланыстыру

[Б]ұдан бұрын жолдастасқан екі жолдас: жан мен дене.

[Дене] орнында- жүрек, мұның бір аты- көңіл. Мұнымен емшек-тес туысқан бауыр бінімен көңілдің сыры. Басқа он ағалары: ашу, шаһуат, тәкаппарлық, күншілдік, хырыс дүние, кекшілдік, өтегендік, өрлік, далбасалық, ғұбеб ұғырұр.

Ан хазірет Жакып ғалайссалам. Және хазірет Жүсіп (Иосиф) ғалайссаламның анасы- Рахил[а]. Бұл екеуінің ортасынан туған сүйікті бала- хазірет Жүсіп (Иүсіп) ғалайссалам.

Сонан соң бұл он батыр хазірет Жүсіпті сахара тамашасымен қызықтырып, хазірет Жакып ғалайссаламнан алдап алып кеткендей-мейірбан (міһрбан) Құдай тәбәрік тағаланың құзырынан ғауа қылып ертіп алып кетіп: «Уажмыған ихбиғылда фи ғиабет хыбып»- қараңғы қабірден жаман шыққан ғапілдік құдығына тастады да жіберді. Көңіл бейшара ғапілдікте қалған соң, қынғанын (қағанның) шөлінде сусыз құдықта қалған хазірет Жүсіптей болды да қалды. Бұл білді енді: бір жан мен тәннен басқа дүниедегі жолдастардың бәрі бір туысқан, бауыр болса да, қастығы, дұшпанлығы зор екенін біліп, аузы күйіп:

– Әй, бәрекелді-ай, өзіме-өзім қылдым!- деп, өкініп тұрғанда, қаңғып жүріп, шөлдегі құдыққа кез келген Мәлік дұғыра есебінде қуат-мүфакерре, көңілді- баста орнап тұрған миға қатынастырды.

Бір уыс қанның ортасында орныққан нәрсені бастағы миға апарғаны Қынғанның шөлінен Мысыр шаһарына алып барған есебінде болды.

Хош, енді Мысырға барған соң, Зыликаның қолына түскеніндей, нәпсі-ауаның (һуаның) уысына түсті.

Ол нәпсі-ауа өзін неше түрлі зейнетпен бұған түрлендіріп: «Айтқанымды қылмайсың, айдауыма жүрмейсің!»- деп, өзін ойдың (үйдің) терен зынданына салды, жіберді. «Табиғат зынданы тозақтан һәм бетер!»- десе, кісі жалғаншы болмаса керек. Қысқа переводтағанда, жаман қатын- Қынғанның шөліндегі сусыз құдықтың түбі. Онан туған бала- көңілге зындан.

Бір Құдайдан басқаның бәрі дұшпан екенлігін таңдайына татыған соң, маңдайына [тиген] соң, бұл сізді өкінді (өкіндірді), бұл сезуі- қасиет шарига болды. Бұған сезіп, біліп, түсіну орнаған соң,

Алла тәбәрік тағаладан қуат, құдысия берілді. Бұл екеуі «Одхыл мыға лысыбын фітиан»- орнында болды. Өз тарапынан табылған сезу дәнемеге жарамай қалды да, Құдай тәбәрік тағалада[н] берілген қуат, құдысия мұны зынданнан шығарып, мәлік Риянға ұшырастырды. «Қиссадан (қысмадан) кисса»- мұнан ғибрат алайық.

Ай, жігітлер, Алла тәбәрік тағаладан қанағат байлығын сұрандар. Егер қанағат байлығы берілсе, сол байлықтың арқасымен пенде Құдайды табады.

Егер біреуге Алла тағала қанағат байлығын берген болса, ол- қанағат көзіне көрінген дәнеме жоқ, көңіл байлығы. Онан соң бұл адам бұл қанағат байлығын тастап (ташлап), Құлмытах алдына қылыл. Аят Кериме сыйла- мізмұх паниы Олаш улан дүние қазынасына- ұмтағына айырбастаса, яғни қанағатсызлық заһар қылып, дүние ізлесе, екі жаһан бағасына (баһасына) жетпейтұғын хазірет Жүсіп ғалиассаламды төрт теңге қырық тиынға сатқан есепті...

Осы, міне, адамның бойынан табылғандығы. Онан соң патшалықтың бес хуасы болады: саки, хыбиз, хажиб, зынданбан, мирақор.

Қол астындағы халқынан ең сыйымды кісілерді осы орынларға алады.

Адамның бойында: көз, мұрын, ауыз, құлақ, қол. Көз- саки, мұрын- хаббаз, құлақ- хажыб, ауыз- зынданбан, қол- мирақор. Көздің саки болатұғыны- қазақта бір мақал бар: «Ат ауыздықтан су ішеді, // Жігіт көзінен су ішеді»- дейді. Не нәрсеге болса да, көздің мейірі қанбай, адамның мейірі қанбайды.

Мұрын хаббаз болатұғыны- «Тірі кісінің тіршілігі- нанменен, // Дене тіршілігі- мұрыннан кіретұғын, шығатұғын демалыспен».

Ауыз зынданбан болғаны- ауыздан кірген нәрсе- қарын зынданына барады да жатады.

Құлақтың хажыб болатұғыны- құлақта- «Хасміштірік»- деген бір тентек бар. Керек сөзді адамның ішіне қарай алып, керек емес сөзді шығарып тастап [т]ұратұғын [қ]ол мирақор болғаны.

Дененің бар күші, бар жұмысы қолменен бітеді. [Де]не шаһар болғанда, көз- баласайгі, құлақ- телеграм[ма], ауыз- телефон, мұрын- жансыз жаспос (жасос) [қо]л- ақ таяқ шабарман, аяқ- пароход.

Осы бес хуасс һәм хуас мида бар...

Бұ дүние- бір кәрі касқыр: тісі өткірлігімен жемейді, алдап-арбап уысына түсірумен талайдың сілесін құртқан. «Аузында бір тіс жоқ, біздің немізді жейді?»- деп, жанның бәрі койнын ашып, құлашын жазып, үйір-шүйір болады. Білдірмей талайдың басын шайнайтұғын кәрі касқыр- ку дүние.

Жеті семіз сиыр менен жеті жасыл бидай (бұйдай)- кетік бас уақыты. Адамның жас күнінде басына қыхатшылық бар ма, не нәрсеге кемшілік бар ма?! Мұндай тоқшылық, мұндай абадан махмұрлық қайда?!

Жеті арық сиыр мен жеті қуарған бидай- кәрілік уақыты. Бұл кәріліктен- қахатшылық, мұнан- тарлық, мұнан асқан жарлылық, мұнан асқан зарлылық не болсын?!

Қахатшылықтың қандай болған- жеті жылы: ашу, шаһуат, тәкаппарлық, күншілдік, хырыс дүние, өтегендік. Бұл жетеуі бір басында тұрғанда саған жалғаннан кеңшілік, рақат жоқ. Ақырет те және жоқ.

Бұл қахатшылық – не жоқ қылып, абадан махмұр қылатұғын: шапағат, ғызат, хикмет, хілім, рыса, қанағат, сабыр,- бұл жетеуі бір бастан табылған жанға жалған дүниеде бір таршылық жоқ. Ылғи жалғанның жарық дүниесінде райыста болады да отырады.

Кімде- кім жоғарғы айтылған қахатшылықта қалдыратұғын хылақа зыммадан балкүйе құтылып, пайғамбарлық, абадалыққа айналдыратұғын хылақа шымидамен мытсаб болса, мұның денесі мүшһірі көңілі хазірет Жүсіп ғалиассалам болып, «Окалад хылуамсаран»- шалламенен дидар отыра...

... яғни мытиғ болма, ол нәпсі мен шайтан ғалия лағынаның әр кісіні (кісіне). Ол екеуі саған әрі даугер, әрі төреші де болады. Өзі даугер болып және өзі төреші болып тұрған тіпті сенің найдана хүкім қылмайды. Сен таныдың- әрі даугер, әрі төреші болғанның қадайының (кедейінің) қандай екенлігін. Зылиха хазірет Жүсіп ғалайссалам хақында өзі даугер болды:

– Қарашы, мына құлдың есіріп, тайдай тал түсте: «Қойныңа ал!»- деп, зорлықпен маған не жұмыс қылайын деп жүргенлігін!»- дейді де, және өзі:

– Мұны зынданға сал, сөйтіп қарасып өшір!»- дейді.

Бұл жалғанда Қынғанның шөліндегі құдыққа, хәм Зыликанын зынданына түспеген жан жок. «Дүние, дүние!»- деп, дүние қуғаның – Қынғанның шөліндегі құдыққа түскенің. Жаслығыңда көңілдегісін тауып тұрған күнінде өз катының Зылика да, сен оған сүйкімді хазіреті Жүсіптейсің. Қартайып оның көңілін дауалатудан қалған соң, ұл-қызын патша есебінде тұтып, сені қадірсіз қара құл орнына жұмсап, аяғың қылдан тайса, сені ұлы мен қызына жамандап, өзі даугер, өзі төреші болады да тұрады.

Құдай рахмет қылсын, Көтеш ақынның бір сөзі келіп қалды:

Қартайғанда, катының дұшпан болды [176],

Хазірет сұлтан Лығарфин (Алғырфин)- кожа Ахмет Иассауи шаһынша әулие айтты:

Мал, перзент бұ дүниенің көркі ерер (ерүр),

Аз уәж кім: «Ғадауат!»- деп, хабар берер (берүр).

Әкесіз адам ұғлы көрге кірер

Мүлік емес (лүміт) есебіне кірмек үшін!

Алла тәбәрік тағала: «...- бір ноқаты далаға кетпей, бәрі адамның қаракан басынан табылатұғын болғанлығы [ү]шін бізге кисса қылды: «Өкәну фиамен әліз дидин»- өз сыбағама жеке қара»,- [де]гендіктен, өзін басқалап переводтадым.

Оның мағнай шарифы: «Хазірет Жүсіп ғалайссаламды он ағасы Мәлік дұғыраға саудаласып тұрған уақытында уашырауау башман нәжіс керексіз нәрсеге сатып алынды»- делінгені.

Хазірет Жүсіп ғалайссаламды ағалары да керексіз қылып қашып тұр: «Ортамызда болмасын, көзі жоғалсын, қарашығы батсын, көз көрмес, құлақ естімес жерге кетсе екен!»- деп, болмаса: «Мұны сатып, пайда қылайық!»- деп, пұлына қызығып сату емес, солай болғаны үшін арзан бағаға беріп тұр: «Кішкене қымбаттатсақ, алмай кетеді!»- деп.

Керуенлер де керексіз қылып қашып тұр. Ағаларының айтуына қарағанда, өзі қашқак, өзі ұры (ұғры). «Аяк- колын босатпа!»- дегеніне нанғанлықтан: «Бір абайсыз, аңдаусызда түйемізді мініп, қашып кетсе, қайдан тауып, аламыз?!»- деп, «берсең, пәлен пұлға, әні; бермесен, әні!»- деп, сол себеплі төрт теңге қырық тиынға қынжылып, зорға алып тұр: толық қойдың да құны емес.

Айналайын Құдайдың шеберлігі қалай, қандай нұрлы, қандай онды, қандай пұлды?! Пендесін болмашы нәрсеге саттырып, кейінгіге мұнша тамаша ғибрат кылып қалдырғаны.

Бұл күндегі адамлар біз пақырдан һәм осындай «Өкенуа фиамен эла һыдин» болып тұр. Неге десең, анық ру, шын үйлескен жері-туысым Күлік болса да, Айдабол ішінде тұрмын. «Ел ортасында емес, далада қаңғып жүрген біреу!»- деп Қызылтаудағы Күлік керек қылмайды. «Хат-шоты, қылымы басқа. Мұның бізге не керегі бар?!»- деп, бұл Айдабол керек қылмайды.

Жалғандағы бір жаман нәрсе- «Бір келіп кетші!»- деп, бір жанның керек қылмағаны. Бұ да бір ауыр жұмыс екен. «Манайыма жуықтап кетсе, бір нәрсемді сұрап алып қояды ғой!»- деп, байлар керек қылмай қашады. «Көрініп тұрған кара- құраң мол болмаған соң, өзінен артылып берері жоқ!»- деп, кедей керек қылмай қашады. Қатын- баланың сыры- ол әркімге белгілі жұмыс қой. «Қыз кетеді байына, // Ұл кетеді жайына».

Бала деген: «Ата-анам бар-ау, мен бұлардан тудым ғой!»- деген мақал түгіл, зәредей, иненің жасуындай ойла[ры]на кіріп те шықпа[йды].

Адам денесін ай, жылмен салыстыру

[Бір пікір]: «Алла тәбәрік тағала ғарышты суға көтертіп, суды желге көтертті»- дейді. Соған кісі нанар ма? Суды жел қалай көте[реді]?!

Міне, Құдайдың шеберлігін танып, білу үшін, өз бойыңа кара. Нанар с[ебебің]: күллі денедегі сүйек, былқылдаған ет, іште толған бір қап қазурат,- Мұның бәрін қаңға көтертті, қанды желге көтертті. Сен қалай нанбайсың- Ғарышты- суға, суды желге көтерткеніне?! Өз бойыңда тұрған жоқ па? Шын зейін (заһин) салып қарасаң, адам денесі ай, жылға салыстырғанда: жылда төрт фәсіл бар болса, адамның денесінде: хылат, рыба, былхым; жазғытұрым секілді (шакіллі)- өзі иууыш, өзі салқын; сағра (сахара) жаз, шілде секілді- өзі ыстық, өзі құрғақ: дәм- күз фәсілі секілді өзі ыстық, өзі иууыш; сауәде, қыс хәсілі секілді өзі құрғақ, өзі суық.

Жазғытұрым- сәби балалар; жаз шілде – жігіттер (икитлер); күз фәсілінде- мосқал, қырық-елуге аяқ басқанлар; қыс фәсілі – кемпір-

шал. Бір жылда он екі ай болса, денедегі он екі даруаза. Бір аптада жеті күн болса, денеді жеті қылым (айлым) орнында тұрған ағзалар. Бір жылда үш жүз алпыс күн болса, денеді- үш жүз алпыс тамыр.

Мағамлат ағашы

«Мағамлат»- деген бір ағаш. Ол ағашты әуел баста пайғамбар егіп шығарды. Оның жемісін төрт жарлар сахабалар жейді. Онан соң пайғамбардан [кө]ріп, өзі тұсында төрт жар (иар), сахабалар екті. Оның жемісін өз тұсындағы халық жеп, тіршілік қылды. Олардан соң табиғат табығын сылға- салхынлар екті. Олар да жеміс шығарып, өз тұсындағы халыққа жегізіп, пайдаландырды. Сонан келе-келе сол ағашты қалай егу, оның жемісін қалай шығару ретінен адасып қалып[ты].

Бұрынғылардың аузынан дәмі кетпейтұғын, бір татқан кісі: «Екінші татсам, арманым жоқ болар еді!»- дейтұғын жемісдерді егіп, шығаруын білмеді.

«Алма орнына- күшала; өрік, мейіз орнына бұрыш егіп, баяғы замандағы таза бидай (бұйда) шыққан орынға қайта-қайта соның үстіне егумен бидай шығуын мүлде ұмытып: «Ермен, жусан,- соны бидай орнына жұртқа жегіземін!»- деп әуреленіп[ті].

Адам аузына алмайтұғын, жеген кісі түкіріп тастайтұғындарды егіп: «Жұртқа жегіземіз, қызықтырамыз!»- деген болып еді. Тамақ тойғызарлық, ас болуға, денеге қуат берерлік дауа болуға жарамаған соң, жұрт жиреніп, ықылассыз, көңілсіз болды. Жегеннің өзі улап, нашақор сарттай- не дүние, не ақырет пайдасын шығара алмай, бынахур (бінкәхорр) болған- нашабінд сарт сықылды.

Шошқа аушысы бұ дене- торғай аушысы болып, «Тығиыр лішкілла жіла ләкіл»- құлқын тамақ үшін түсін бояп, өзін өзгертіп: «Шошқаны аулаймын!»- деген өзін шошқа түріне салды.

Бұ «Дене аулаймын!»- деген өзін дене қылды, «Торғай аулаймын!»- деген өзін жынды торғай қылды. Бұрынғының сөзі бар еді: «Оқу жарты ғақылдыны бүтін қы[лады], бүтін ақылдыны дана қылады. Тіпті ақылсызды жынды қылады».

Бұл оқу оқығандардың бәрі де: «Менің бойымда ғақыл деген бар екен-ау! Оны бір іске, жұмысқа жаратайын!»- деп ойлаған жалғызы жоқ. «Оқу, оқу!» - деп ынтасы құрып: «Сарп оқимын!»- деп, сасып кетті. «Ныхуауғоймын!»- деп ахуа болды. «Мантық оқимын!»-

деп, тантық болды. Оқыған кітаптарының аты мынау: «Исакожа», «Шәмсия», «Молда Садық», «Шәмисмұхаммед», «Ғабыхақим», «Жылы кыһстаны»- әлдеқашан өліп, атам заманда сүйегі қурап, шіріп қалған сарттардың аты. Өлген сарттың аттарын алып келіп, қазақ баласына оқытпақшы. Онымен қалайша оңады, қалайша жұрт болады?!

Мың сөзден бір сөз. Бұрынғы имамдар, бұрынғы ғалымдар заманасында ағаш екен екен. Онан жеміс шығарып, өз тұсындағы халқына жегізген екен. Бұл күнде ол ағашқа жеміс шығып, онан жұрт жемек түгіл, ол ағаш өзі қуарып, отын болуға да жарамай қалған. Солай болатұғұнлығы үшін пайғамбарымыз Мұхаммед әл мұстафа ғалия әл салауат уассалам: «Нахтылған хәкім бахытыла палызман жақсылық хәкім бахтылапа» - деген. «Заман басқа болумен Хәкім де басқа болады» - деген. Ендеше «Мағамлат» турасында әркімнің өз заманасындағы мүфтиінің пәтуасы керек»- деген.

Ағаш егіп, заманасында жұртқа онан жеміс жегізгенлер- сексен миллион мұсылман халқы бар һүндістаннан шыққан шайхы Жамалдин Лафғаны. Он миллион мұсылман халқы бар Мысырдан озған алаяқ- Шайхы Мұхаммедғәбді. Өзіміздің Россияға қараған мұсылманлардан шыққан- Ғалымжан Лабаруды, Ризалдин мен Фаһыралдин, Ғабдірашид Ибраһимов. Қазақтан дәл осы күні жеке кара болып тұрған- Ғұмар Қарашев.

Бұл Ғұмар Қарашев өзі мұсылманша, орысшаны түгел оқыған, шаригат, тарикат жолдарын басынан кешірген. Областной ахон, мүфти, хазіреттерінің пәрмені бойынша үш нәрсені «бадигат»-деп пәтуа (фтуой) таратты. Бірі- бетін жауып қойып, асқа Құран оқыту. Бірі- бедел қажы қылдыру. Бірі- сход (ысқат) пидия дүр қылдыру.

Бұл кісінің пәтуасын (фтуисін) ноғай ғалымы Ризақазы «Шораның» 16-інші номерінде басып таратты. «Қазақ» газеті (газитасы) 75-інші номерінде басып таратты. 24-інші августе басылған газет 1914-1912 –інші жылда кешегі бір схоластик болған уақытларда соқыр молда қияли ишанлардың тұсында «Халия шыриғ»- деген бір қарғыс пайда болып: «Фабрикант байларын» - теңгесіне- он тиын, жиырма тиын төлеп алдырғандай- Құдаймен екі араға алдау жұмысы дұрыс емес!»- дейді. «Пәленше баласы түгенше үшін»- деу, ол ат атау, әкесінің аты кім екенін сөйлеу- мекемеде орыс алдында керек нәрсе, Құдай алдында оның керектігі жоқ. Кім үшін бергенің, не

үшін бергенің- ниетінде болса, Құдай өзі біліп тұр, тек[ке] қыстың. Құдай үшін садақа- не бергенінді, кімге бергенінді жан білмесін, жария болмасын. Жария болған соң, рия болады. Ғұмар Қарашев бедел қажы турасында бір рысала бастырыпты. Онысын ноғай ғұламалары һәм құп ұнатып тәслім болыпты.

04-інші сахиғасында

... Не дүниеге, не ақыретке пайдасы жоқ ғалымлықтарды үйрену-схоластик дәуірінде шыққан, адасқан жол. Оның енді қалатұғын заманы болды.

Жылы қыһстаны жамиғларыңыздан заманы кешкен, ләзімсіз пәтуалар- көшіруден басқа билан мышқұл болмаушылар мұсылманлықтан, мұсылман молдалардан бүтіндей шетте тұрушы. Әрбір міли мәселелерге дұшпанына кір түсіруші қара бід табиғатта мыбтылар болып қалғандар.

Жидебай батыр (бірінші нұсқа)

Орта жүз: Арғын- бес Мейрамның біреуі Қаракесек болады [177].

«Мағрипнама» – кітабына байланысты ойлар

... Осы он екі хайуан екі жылға хәкім қожайын. Оны не қылған жаратушы Алла өзі [178]. Адам баласы осы айтылған хайуанлармен мінездес болады. Жыл билеп кетеді, ерікке қоймайды. Біреудің жылы тышқан болса, тышқан тәрізді көрді-жерді жинампаз болады. Біреудің жылы сиыр болса, сиырша қасақы мінезлі болады. Біреудің жылы барыс болса, біртоға, бірбет: өз дегені болмаса, икемге көне бермейді, ыңғайшыл болмайды. Біреудің жылы қоян болса, қоянша үрейі, қорқак болады. Біреудің жылы ұлу болса, мақұлықта тілсіз, мылқау балық қой. мылқауырақ болады. Біреудің жылы жылан болса, жыланша шағып алатұғын тілді болады. Біреудің жылы жылқы болса, жылқыша үркек елең-селең болады. Біреудің жылы қой болса, желмен қозғалған шөптің басынан үркетұғын мінез сол адамда болады. Біреудің жылы мешін болса, маймұндай (маймылдай) еліктегіш болады. Біреудің жылы тауық болса, тауық мінезді: түзге шығуға қа[жеті] аз, үйкүшік болады. Біреудің жылы ит болса, қанағатсыз, болмашыға жүгіріп кететұғын болады. Біреудің жылы доңыз болса, қорсылдақ болады.

Шоң мен Тіленші

(бірінші нұсқа)

Екі елдің дау-жанжал, барымта-сырымта, «Ердің құны, нардың пұлы»- сияқтыларды Қаракесек-Төртуылдың билері бас қосып, бітім-тыным сөйлесіп, ел арасын тыныштандырып, жайластырады екен [179]. Қаракесек биі Тіленші, Төртуыл биі Шоң би,- екеуі бас қоспақшы болып, Қаракесекке қарай бет алып, жүрмекші болып: «Айдабол-Тайкелтір бидің Өрік деген тоқалынан туған Өтеп сақауды ала жүрейік!»- деп барса, Өтеп кедейлікте қарақасқанын өзі екен.

– Атым, тоным жоқ кой!- деген соң, Тайкелтір-Мантен байдан-торы жорға атын алдырып, мінгізіп, бір шұға шекпенін алдырып, кигізіп, ертіп алып жөнелді.

Сонда Өтеп сақау айтыпты:

– Алдынан буа сөйлейін бе, артынан куа сөйлейін бе?- дегенде, Құдай рахмет қылсын, Шоң би:

– «Артынан қуамын!»- деп, жүргенде, жеткізсе, жақсы. Шалдырмай, шығып кетсе, қапы соғып қаларсың! Не болса да, алдынан буа сөйле!- депті.

Билер бас қосып, сөз қозғағаннан-ақ Өтеп сақау ешкімге сөз бермеді, Тіленшінің аузын ашырмады. Сонда Тіленші не дерін білмей:

– Мынау өзі- жағасы кір-кір немең кім өзі? –депті.

Сонда Өтеп сақау:

– Көйлек кірі, жуса кетер; көңіл кірі, айтса кетер; сүйек кірі қайтсе кетер?!- дегенде, Тіленші:

– Менің сүйегімде не кір бар: Әкем-Бекболат, бабам Қазыбек,- [деп] Бошанға, Болатқожаға шейін шұбыртып сөйлегенде, ата-бабасынан кім кір табады, сонда Өтеп сақау:

– Әкең айсыз қараңғы түн еді; жерошақтың басында, көгеннің қасында жататұғын шешең Сұлымқара күн еді,- дегенде,

– Ай, Шоң-ай, мына сөзді- биті быжынаған, құрты құжынаған жаманыннан есіттірмей, өзін-ақ айтып, тынсаң етті,- дегеннен басқа дәнеме айта алмапты.

Сол Қазыбектің ұрпағында: «Кімсің?»- дегенге-«Кешекпіз»- дейтұғындары бар. Онысы: «Біз Сұлымқарадан емеспіз»- дегені. Кешек- катынның аты болса керек. Болмаса, кімнен туғанын кім біледі?

Зілғара өлеңі

Атығайдан мен шыққан Зілғара едім [180].

Үшкілбай Сасықұлы өлеңі

Бойында Шөптікөлдің Үлкенащы [181].

Мәулана Жалалдин Руми...

Арғын-Сүйіндік Қаржас тарауы

Сатылғанның ең үлкені-Тілеуімбет [182].

Мәшһүр Жүсіптің «Қанағат туралы жұмбақ өлең» туындысы

Бір патша көп қосынды жауға айдады [183].

Сараңның барып тұрған сараңы

Бір келіншек катынға біреу:

– Енең келеді,- дегенде,

– Енем інге кірсін!- депті[184].

Бір кедейдің сарандығы

(екінші нұсқа)

Бір кедей, Жансары, өзінде ұл жоқ [185]. Жалғыз қызын Қозғанға ұзатқан. Жалғыз қызы төркіндеп келгенде, айтқаны:

– Бір сиырым алабас, айдауыңа жарамас. Бір сиырым қашқан жоқ, сен түгіл бұқа етегің ашқан жоқ. Енді біреуі- қашып кеткен қашар, айдауыңа нашар. Бірді-екілісі- тайынша; о да айдау-байлау көрмей жүргендігін жақсы көреді жайынша,- деп, қызын құр қайтарыпты.

Ақырында: «Өлер шағым болды!»- де[п], қызын шақыртып алып, бір бұзау тайынша беріп қайтарыпты.

Үшкұрт (үшінші нұсқа)

Ақбура- Есен тентек бір ауылдың сыртында қонақ болып отырса, бір бала қасына жүгіріп келіпті [186].

Мәшһүр –Жүсіптің «Момынның әйеліне шығарғаны» өлеңі

Қозғанға татулықты ауызға алдым [187].

«Көкалташ» атауы туралы (бірінші нұсқа)

Бұхарай Шәріпте жақсы Ғабдолла ханның он қол уәзірі Арғын руынан шыққан «Құлбаба» деген [188].

«Колеба батыр» жыры

Колеба неше күндей сонда жатты [189].

Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған?

(төртінші нұсқа)

[Ескерту: басы жоқ. Үйсін батырдың әкесі Майқы биге майтқан әңгімесінен басталады.

... – Құсбегі пішіп тіккен томағадай құнысып тұрған бір бала [190]. Өзінде әзірейілдің анық бір түгі бар, маңайына жан батып бара алмаса керек.

[Майқы би сөзі]:

– Сенің мына айтуыңа қарағанда, баяғы «Сағымнан пайда болған» Шыңғыстың шын ұлын да көріп едім. Мынау сонан соңғы «Жалғанға жалғыз қара» болып келген жан екен.

Айтушылардың айтуы:

– Сол Шыңғысты жиырма жеті жасында [Ш]үршіт ортасында хан сайлап, таққа отырғызғанда, [ә]р жұрттан билер жинап, көп ынтымағымен хан қойған екен.

– Сонда осы Майқы би арбасын жаяу кісілерге тартқызып барып:

– Сендер төрт аяқты айуанға мініп келдіңдер, міне, мен өмірімде айуан мініп көргенім жоқ. Бәрінен артықтығым- осы!- деп, «Төбе би» болған екен,- деседі. «Түгел [сөздің] түбі бір, // Түп атасы- Майқы би»- атанған Майқы би-осы.

... Бұлар келген соң, бұрынғы келгендер:

– «Қайт!»- деген сөзді бізге айтпа, өздерің де қайтпа! [А]ты бестісінде қартаятұғын, жігіті жиырма бесте қартаятұғын; тауықтан басқа құсы жоқ, көк шөпті жұлғаннан басқа ісі жоқ; еркегі ат болатұғын, ұрғашысы жат болатұғын; тымақты такняға айырбастан,

пышақты қасыққа айырбастап, тәлімі бидайдың нанынан жегенге, ... көженің суын ішкенге құтыратұғын, бітгә (битте[й]) бөденейің бітгә санын жегенге күпті сарттың- жаз болса, тұзын; қыс болса, отыны мен көмірін тасығаннан басқа көретін қызығы жоқ жерде не ақыларың қалды?- деген соң:

– Рас-ау, рас!- деп, шақыра келгендердің өздері де қайтуды керек қылмады.

Қызыларыстан хан қайта-қайта кісі жібере берген соң, Қоғамұлы Алшынды жүз жігіт қосып, тағы жіберді. Он үш ақсақал қосты: «Есеп сан үш жүз он үшке (313) жетсе, дүние жүзі жиылса, биттей шыдамайды»- деген, деп. «Үндемесе де, үйден шықпаса, «Бабыр еңбегі»- дегендей, ақсақал-шал жатып жұмысты жайлап жатқандай аңызы бар. «Түгел сөздің түбі бір, // Түп атасы- Майқы би»- аталған кісі осы болса керек.

Бұлар:

– Енді ел болғанымызды, жұрт болғанымызды жұрт көзіне түсірейік!- деп, баяғы ала баланы алашаға салып, Ұлытаудың басына алашамен көтеріп шығарып, хан сайлады. Оған: «Алаша хан!- деп ат қойды.

Бастапқы бірге келген жүз жігіт, оның бастығы- Үйсін[ді] «Ұлы жүз- Үйсін»-атап:

– Түп қазығы- салықшы: жауға шапқанда, бұлар шаппасын, тас-түйін болып тұрсын!- десті.

Ортаншы келген жүз жігіт, оның бастығы- Болатқожа болсын. [Бұлар] [то]сқауылшы: орта буында жүрсін, ханның бакташысы болсын!- деп: «Орта ж[үз]- Ақжо[л]»- атады. Соңғы келген жүз жігіт, оның бастығы-Алшын. Беті қайтпайтын, жажү[рек], [жан] [қа]дірін білмейтұғын бұлар кезеуілші болып, қарсы алдында жүріп, жауға шабатұғын болсын!- деп: «Кіші жүз: Алшын»- ат қойды. Қазақтың «Үш жүз» -аталған жері- осы.

Бұрынғы заманда қазақтың «Жүз» деген де аталарының аты болған, «Алаш» деген де аталарының аты болған. «Жүз» деген атты-руға, «Алаш»- деген атты ұранға қойып: «Жауға шапқанда, «Алаш, Алаш!»- деп шабындар. «Алаш»- дегенді әкең де болса, ұрып жыға бер!»- деп, бата қылысыпты.

«Кеше Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда; үйіміз-ағаш, ұранымыз Алаш болғанда, үш жүздің баласы қазақ емес пе едік?!»- [деп] айтылған сөз сонан қалды. Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, жұрт болып, көзге көрініп, ауызға ілінген емес, өз алдына отау тіккен емес, әр жұртқа бұратара, қонсы болып жүрген.

Дінге қатысты деректер

Бір мың тоғыз жүз жиырма (иғырма) үшінші (1923) жыл хазірет Ғайса рухолланың туғанына бір мың үш жүз қырық бірінші (1341) жыл. Ан хазіретіміз Мекке-Мікірмеден Медине Мүнәраға һижрет қылғанына үшбу жылда марттың он алтысына, Ережеп, әлміржіптін жиырма сегізі жұма (жымға) күн болып дәл келді. Жыл қаракиік-жыл еді.

Бір мың үш жүз қырық екінші (1342) жыл- Мұхырраме басы дүйсенбі болды. Мұнан былай мұсылман сынасы, «қырық екінші» - деп саналады.

1926- жыл ғинуардың 22-сінде жұма күн ережептің сегізі болды. Үшбу жылда іс басы екі жұлдызбен бір келіп тұр.

Мың тоғыз жүз жиырма төртінші (1924) жыл, жанаша ғинуар басы сенбі, ескіше дүйсенбі, жананың он сегізінің, ескінің бесі болады. Жұма күн қаракиік жылы жымады, алақырайының үлгі. Онан да жанаша февраль басы- жұма, ескіше февраль басы- бейсенбі.

Ибрай Құнанбаев сөзі

Қазақ: «Қылығым Құдайға лайық болса екен!»- [д]еп, қам жемейді, жұрт қылғанды қылып, жығылып тұрса бәлғаны[191].

Қожа Хафиз сөзі [192].

Қазақ сөзі

Барлы, барлы, барлы тау,
Басы есеннің малы жау.
Ұйықтамаса, кабак жау
Ішпей жүрсе, тамақ жау.
Арық атқа қамшы жау,

Жыртык үйге тамшы жау.
Ұрысқақ болса, ұлын жау,
Керіскек болса, келін жау.
Қашқақ болса, атын жау,
Тіл алмаса, катын жау.
Кетеген болса, түйен жау,
Тебеген болса, биен жау.
Ұл он беске жеткенше,
Қолға ұстаған қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың.
Көкпектен өліп қалмаса,
Жасында күйеу алмаса,
Бәрінен өткен қызың жау.

Екеуі екі заманда сөйлеген, қалай сөзі бір жерден шыққан?

XXX

Жақсылар қорғасындай ауыр келер [193]
Көзі-соқыр, құлағы сәуір келер.
Жарлының жаздай мінген шолағындай
Аяғы- ақсақ, арқасы жауыр келер.

XXX

Сөзді айткыл ұққанға,
Жанды жанға сұққанға.
Айтып-айтпай немене
Мақтаменен құлағын тыққанға.
Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер,
Ұқпа құлаққа айтсаң, ұғып кетер.

Мығной шарты, Қожа Хафиз...

Бұқар жырау өлендері

Ежелгі дос жау болмас,
Шернауышта хаты бар [194].

«Ат жаманы жорға болады, адам жаманы молда болады».

Қожа Хафиз сөзі:

Достар (достлар), мені саха айламан (ойламан). Мен бір пақыр диуанамын. Диуана деп ғыып (ғайып) айламан. Алла үшін пәруанамын. Пәруаналық (пәруанадік) жылдың құны халыққа (құллыққа) қызметің құны не болды? Құрметің құлдар (қыллар) ара әпсанамын. Мен ұлық шамнан жатып, елік аяғым ұзатып, жансыз өліклер дік катып, күн шыққанда ойға немен жақсы кісі болды? Атым араста болды, сортым тамам иам, құрметім тастай (ташлай) алмай, сарсана мен ғаклытта тоймадым. Жатып шайтан билан сұқбат (сахбат) етіп, өткен ғұмырымны жад (иад) етіп, иемді (иімді) жаман толғанамын. Мен дүниеден кештім, иемді тапқаймұ. Мен жарып «иарып) сені қайдан табай[ын]?! Іздеп (ізлеп) сені нәпсіге көп ойланамын. Бір тар-тмойым мұсылман болғаны жоқ дүр.

Бегі мен заһарымда шайхы заман батынымда үйренемін. Хафиз, жүрдің неше жыл иемді иқан тұт, тәубе қыл! Пірді (періні) аяққа жығыл (иқыл) қылсам, өмірде немін?

Естесім (истасым) ғаламда сендік жар болғай, болмағай! Болса, болсын! Керсендікте дар болғай, болмағай! Кер (кір) жүрер (иүрер) болсаң, көзім үстінде жүргіл дей ме?! Өзге жолдар нақһан һәмуар болғай, болмағай! Хала кем [кім] ол ат астында дүр. Шөлдерді кез, нақһан ол ат астында болғай, болмағай!

Қаршыға(й) иелігінде дүр, аула көңіліңнің шаһарын нақһан. Ол қаршыға далбайға келгей, келмегей дем будым дүр. Достарым, бір-біріңді ғазиз (ғызаз) еттін, дем будым дүр. Өзге дем нақһан болғай, болмағай!

Үшбу дүние шаһарын білсең, егер базары бар құл бұ суда не? Және ерте базар болғай, болмағай! Жан билан тән- екісі (екеуі) бір үйдің ішінде бәрі де нақһан. Ол екісі бір үйде болғай, болмағай! Ел-халкың жиылып (иғылып) үш қари бөзден тон пішер. Нақһан ол тоныңның жағасы болғай, болмағай! Ағайының бас қосып, бір ағаш атқа мінгізер. Нақһан ол атыңның аяғы болғай, болмағай! Халайықлар шуласып (шұғласып), бір қара үйге кіргізер. Нақһан ол үйінің түндігі болғай, болмағай! Хафиз, шырын сахин сөзле тіліңнің бәрі де нақһан келсе, ажал-тіл- сөзде болғай, болмағай!

Ғалымдар шешендігі

Бұл сөзінің мағынасы: «Патшалардың мәжілісі бір дария есебінде лұлу маржан асыл тас дарияның түбінде жатады. Шөп-шар, сабан-сұбан бетінде қалқып жүреді»- дегені екен.

Сонда Сағдалдин (Сағдин) жұлып алғандай, кідіріп қалмай: «...»- дейді. Әмір Темір күліп жіберді, Мірсейіт Шәріп ұялып қалды, жаман терледі. Ұялғаннан өзіне-өзі айтты сол жерде: «...»- деп, шығып жүре берді.

– «Қоянның бойын көр де, калжасынан түңіл»- дегендей, қаралдың кісіден артық емес. Кебісті басқа кигенменен, бөрік бола ала ма? Дәнеме емессің, бірақ болсаң, боларсың! Мақтымның құдайының нысығы шығарсың!»- деген екен.

Басқа түсе (түсіне) алмай қалды. Әмір Темір (Міртемір) сөзге түсіп, күліп жіберген екен.

– Мұқтымның құдайы- Мұхыр. Мұхырдың нысығы-Хара. Адам болсаң, былай шык!»- дегенде, жүгіріп төрге шығар едің. Адам болмай, есек болғандығыңнан, қорынып, төрге шықпағаның сол ғой!»- деген екен.

Мірсейіт Шәріптің [195] өзіне-өзі айтқан сөздің мағынасы: «Сен бұл мәжіліске келгенде, өзінді зор санап: «Сол жерде отырсам да, танытармын өзімді!»- деп, кәбурәді тәкаппарлықты көлік қылып, мініп келген едің. Енді оған бір ноқат қосып, соған мініп қайттың, бәрекелді!»- дегені екен.

Кебірге бір ноқат қосса, кер болады. «Кер»-деп сарт тілінде қолға ақты айтады екен. «Алған олжаң – сол қолыңды ұстап қайттың!»- дегені екен.

«Бай бастас, би құлақтас»- дегендей, Мірсейіт Шәріп- қожа Баһауалдин[ге] жолығып, өзінің жоқ жерде орын таппай отырғандығынан жығылып қалғандығын сөйледі дейді.

Қожа Баһауалдин қожа намысына тартып:

– Әмір Темірге арыз (ғарыз) бер: «Бір мәжіліс жасап, екеуімізді екі жағына алып отырып, бір сөйлестір»- деп. Және мұны арызыңда қоса бер. Оның шәкірттері көп, әрбіреуі өзіндей болып жетіліп қалған. Ғұлама Тіптазаның өзінен басқа бір де бірі сөйлемейтұғын болсын! Сонан соң ойыңа алған сөзіңді сұра. Мен о бәкіменің

алқымынан алайын. Аузы анқиып, сөз сөйлей алмай, анырайсын да, калсын!- депті.

Мірсейіт Шәріп Әмір Темірге арыз қылыпты. Сонан соң Әмір Темір зор сияпат (зиапат) жасап, ғалым, ғұламалардан жан қалдырмай, бастарын қосып, екеуін екі жағына алып отырыпты. Және ғұламаның шәкірттеріне жарлық қылыпты:

– Бір де бірін бір ауыз ләм-мим деуші болмаңдар. Егер сөйлесеңдер, тілдеріңді кестіремін!- депті.

– Ал, сөз бастаңдар!- дегенде, Мірсейіт Шәріп Тіптазаныдан:

– Ғалым қай мақалладан (мақполадан)?- депті.

Білгені не керек, аузына сөз түспей, анырайып тұрыпты да қалыпты.

Сонда Тіптазанының бір шәкірті шыдай алмай:

– Кәйфа бір иад сіт иаша [196] биар еді- депті.

– Мәрсейіт Шәріп:

– Әне, әне, айтып қойды, киғамыз кетті ғой! «һаша келтіріндер!»- деп отырғаны- оның киғы кетіп, һаша сұрағаны емес, ғылым киға мақұласынан еді, ұстазы дағдарып тұрып қалған соң, аузына сөз салып отырғаны,- депті.

Әмір Темір сөйлегішінің тілінің ұшын кестіріп, сонан ол «Имам кестілі» атанып, Ғықайдыға көп ширых сөйлеген. Мұнан былай бас қосылса, екеуі ақындарша айтысатын болыпты, жұрт сүйсініп, ұғып алатұғын болыпты.

Сонда Әмір Темір:

– Бұлар сөзге келгенде, бірін-бірі аямай, айтысады, анхышында бірін-бірі қандай көріседі екен?- деп, байқау үшін бір күн Тіптазаны жоқта Мірсейіт Шәріпке айтыпты:

– Тіптазаны семіз, зор кеуделі, жуан қарынды, күптей (күбідей) кісі екен. Тегін тамақ табылған соң, аясын ба, ішіп-жеп семіре берген ғой! Өзі де тамақ жегенде, он кісінің жейтұғынын бір-ақ өзі жеп қояды. Анау қарын толған ...[боқ] қой! Соның ғылымы қай жерінде тұрады дейсің?! Жұрт басына көтергенмен, ауаланып кеткен ғой!- депті.

Онда Мірсейіт Шәріп айтыпты:

– Жоқ, олай емес. Құдайдың құдіретінің шеберлігімен: «Ғылым-білімге толық сауыт- сауыт болсын!»- деп, әдейі арнап жаратқан бір жаны. Егер сонда мұның бойына орнаған ғылым-білім басқа бі-

реуге орнаса, жарылып өлер еді. Құдай білмей жаратты деймісін?! Бұлар- бұ заманға екінші келмейтұғын жанлар,- деген екен.

Хош, бір күн[і] Мірсейіт Шәріп жоқ жерде ғұлама Тінтазаныға айтыпты:

– Жарықтықтың қожалығынан, ата-бабасының аруағынан қорқып, пәлен-түген дей алмаймыз. Онан басқа – қаралдысы анау, өзі шұркұлтайдың ұясындай: ғылым-білім сыярлық бөтегесі жоқ, қай жерінде оқу тұрады соның?- депті.

– Қой, олай деменіз, адам адам болғанда, немен адам болмақ? Екі жапырақ еттің арқасы емес пе: бірі –тіл, бірі-жүрек. Бұл өзі жаралғанда, өн[е] бойында бір жапырақ арамы жоқ: өзі-тіл, өзі- жүрек болып жаралған жан. Жалғыз-ақ айыбы- қанағаттың жоқтығы. Егер қанағаты болса, ұшып кетер еді. Осынша Құдайдың берген өнерінің арқасында не ғып ұшып кетпей жүргеніне мен хайран- асырмын!- деген екен.

Ақан сері де Есімсейіт Сәрік қажы баласына айтыпты: «Мәшһүр не ғып ұшып кетпей жүр?!»- деп.

XXX

Хазірет Ғалы Кәрімалла ужһаның ұғлы Хасен (Хұсайын) ризаллағына сақаллығы зат екен. Хазірет Мағауия ризаллығына көсе екен. Сондықтан бұл Мағауия хазіреттері: «Сақалы көп, ақылы жоқ»- деп, аңыз қылып жүреді екен. Бір күні бір мәжілісте Мағауия хазіреттері айтты дейді: «...»- байлаған күйектей сақалды ақымақ адам иегіне асып жүреді. Оған нуаре сүйкеп, сындырып алып тастауға керек!- деген екен.

Сонда Хасен ризаллағына бұлайша жауап қайырыпты:

Халифа Ғабасиядан һарон Рашид Бағдат, Быһшит, Абадка пайтахыт құрып, халифа руизмен болып тұрған күнінде ан хазіретіміз Мұхаммед- Мұстафа ғалия ал салауат уассалам зат Шәріптің мүбәрақ аузынан өз құлағымен естіген жанлардан бұл күнде табыларлық болса, мен де бір естісем-ау деп арман қылған екен.

Және де қалам мәжидте түзілген сүрелерінің әуел ең дүр үлкені- «Ақыра басым раббынланды халық»- болды.

– Ан хазіретіміздің мүбәрак аузынан шыққан Хадис Шәріптің алғашқысы қайсысы екендігін сұрасам!- депті.

Сонда бір мәжілісте отырғанның бірі сөйлепті:

– Басра уалаятында Әнес пен Мәлік хазіреттері бұл күнде тірі, сәлемет.

Ан хазіретімізге уыз жасынан үйір болған, күн-түн хадислерін де тікесінен тік тұрып қайыр патшаларын алған. Өзі ақын, өзі шайыр, естігенін ұмытпайтұғын, кеудесі хат болған. Білгенінің бәрі хат болған, білгенінің бәрі хат болған. Сахаба Керімнің ақыр-тақыры, серке жияр сол кісі бар,- дейді.

Һарон Рашид халифа елші жіберді, көп жалынышты сөзін айттып:

– Келе көрсін, бізге ан хазіретімізден естігендерін есіттіре көрсін!- деп.

[Ол] келмеді, шақыртқанын керек қылмады. Екінші қайыра сәлемдеме- көз тұнжыратарлық көп бұйым, тарту-таралғы жіберді: «Келе көрсін!»- деп.

Әнес ибн Мәлік хазіреттері жіберген дүниелігін: «Ан хазіретіміз: «Құрметлеттір!»- деген»,- деп, сүйсініп алып: «Халифаға бармасак болмас,- деп тахыт руан мініп келе жатыр»- деген хабары халифаға естілді.

Халифа һарон Рашид сүйсініп, көз көрдім жерден келетұғын жолына кілем төсетіп, анадай қарасы көрінген жерден алтын-күміс-эртүрлі асыл тастардан шашу шаштырды. Бір-ак жерде шаштырып қоя ма, өз әліне жеткенше қар-жаңбырдай толассыз жаудырды.

Сонда Әнес хазіреттерінің жас шамасы жүз жиырмадан асқан кезі екен. О жақ, бұ жағына түскен шашуларды қарбандап, жалбажан алып қалтасына салып жатқанын халифа руазимен көріп, күліп, тамаша қылып отырды дейді. Қасына келген соң ұшып түрегеліп, құшақтап алып:

– Ан хазіретіміздің мүбарак уысына тиген уысыңыз осы ма?- деп, қолдарының іші-сыртынан бірдей сүйіп, көзлерінен сүйіп, тағзым-тікірімменен тахытка отырғызып, алдына шарт жүгініп отырып:

– Мархаба, сіздің келмегіңізге ынтызар болғанлығыма- бағыт сізден. Бір мұсыл ұлына шық мәмлеміз (мамұлымыз) болған еді. Ол былай тұра тұрсын, өзіңізді көруменен екі нәрсе хатұрыма тахтыр етті. Рұқсат қылыңыз, әуел осыны шығарып жібермесем, баска сөзге жол беретұғын емес,- дейді.

– Рұқсат!- дейді.

– Жанжым һыдайт, біз пақырыңыз мағзұр- дейді.

– Бағыш шөлге шырых мыстыхым; мойнымызға бұғау, аяғымызға тұсау салып, тахынт үстінен қозғалып, олай-бұлай жүруге рұқсат қылмағанлықтан, екі парыздан қалып отырамыз. Бірі- хыжым, бірі- ғызат. Олай болмағанда, сізге мен басымды аяқ орнына жұмсап, төбеммен жүріп барсам керек еді. Бұл ғызырымыз жынап шәріпларыңызның мағлұмы. Өзім сажып ғызыр болғанлығымнан сізді: «Халсалла Алла ризалығы үшін келсін!»- деп едім, келмедіңіз. Қайта қайыра таққа һыдия жіберіп едім, келдіңіз. «Құдай үшін ан хазіретіміздің пәрмен һумаюнларыны бізге есітіру үшін келмей, дүние үшін келгендей болды-ау!»- деп, көңіліме келді:

Екінші сонша жерден шақыртып алдырып, сізді бос құр алақан қайырам ба? Өзіңіздің осы отырған қаралдыңыздай жүз, иа мың алтын-күміспен қайырмақ- біздің озғамыз. Сіздің келген қуанышыңызға көз тұтушылар қуансын деп, аяғыңыздың астына алтын-күміс, гауһарды шашар қылдырған едім. Аппақ сақалыңызбен, мұбарак қолыңызбен балалар алатұғын нәрсені алып, қалтаңызға салғаныңыз үшін: «Жас ұлғайғанмен, бала жұмысы қалмайды екен-ау!»- деп, көңіліме келді. Осы екі мішкілімді жел қылдыңыз- дейді.

– Мақұл сауал еді. Сен «Келсін!»- деп, елші жібердің. Мен келмедім. Не үшін келемін? Сенен ешбір қажетім жоқ. Өзім онан мыстығынымен ан хазіретіміздің пәрмен һумаюнларын есітіруге кісі таба алмай тұрмын ба? Дүниенің о шеті мен бұл шетінен талап орағыплар күнде кіріп естіп, алдымды босатпайды, шаңырқап, шөлдеп барғанлардың сусынын қандырып, алдыменен тойғызып шығармай: «Мына жақта бір мешел жатыр екен!»- деп, оған несіне тұра жүгірейін?! Хош, екіншілей таққа һыдия жібердің, келдім. Себеп шөлге ан хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғалия салауат уассалам: «Лансан ғибад лахасан!»- деген. Ғауазсыз отасы жоқ дүние жібергенің хысан болды. Сен хысан қылған соң, мен енді құл мұшабасында бол-

дым. Құл кожа шақыртса, келмеске не хадды бар?! Өзім құлағыммен есіте тұрып, хадис нәбиге ғамал қылмайын ба?

Екінші сөзіннің жауабы: жасым жүз жиырмадан асса да, бала жұмысын қылғаным- ан хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғалия әл-салауат уассалам хадис шәрип сөйлеген: «...» Адам баласы қартайды, сонда қартайғанда, өнері, мінезі, бойындағы бар нәрсесі түгел қартайды. Бірақ бойындағы нәрселеріпен екі нәрсе жасаңғырай береді, қартаймайды. Бірі- дүниеге хырыслығы, бірі- таусылмайтын ұзын ойы. Жас жасап, шаш-сақалымыз ағарғанмен, жастықтағы қалыптын бәрі өзгергенмен, дүниеге хырыслық, ұзын ой бала күнгі қалпынан зораймаса, кішіреймейді. Оның себебі- сол,- дейді.

– Асыл мақсат қылған мішкәм ан хазіретіміздің мұбарак тілхатларынан ең әуел шыққан «Хадис Шәріп» болды екен деп, сұрар еді,- дегенде,

– Менен бастапқы сұраған сөзіннің жауабы сонымен ада болған еді. Бос шақыртқанда келмей, һыдия жіберген соң, келгенім - мақсатың сонан табылып қалсын үшін еді- деген.

Үшбу екі хадис шәріпні Әнес пен Мәлік хазіреттері һарон Рашид халифаға сөйлеп есіттірген екен.

Қазақ мұны естіген де емес, иа кітап Құраннан көрген де емес. Бірақ бұрынғы өткен өрнекті хан, үлгілі билер айтып кеткен: «Өзінді кім сыйласа, машайығың сол. Әркім- жақсылық қылғанның құлы»- деп.

Адамның жас күнінде жалған дүниенің жүзінде өзіне не керектің бәрі артында болады, қартайса, алдына түседі. Оның мәнісі- жастықтың мастығымен жас күнінде дәнемені керек деп ойламайды да, қартайған соң: «Енді біз қайдан тауып аламыз?»- деп, ойға түсіп, дүниеге махаббаты зорая береді. Және «Өлсек, енді біз өлеміз ғой!»- деп, жасай бергенін жақсы көреді. «Солай болғаны үшін, жастықта- бір бала, қартайғанда, тағы бір бала»- деседі...

Біз сол Мейрам [Жанайдарұғлы] кажының тірлігінде өз хұзырында жазып алдық.

«Хадис шәріптің әуелі осы екен»- деп айтқандықтан.

Мұса Шорманұлы айтқаны

Бала күнде Мұса Шорман би ұғлынан естіп едім:

Қарадан хан қойса,
Қасиеті болмайды [197].

Үлгісізден би қойса,
Өсиеті болмайды.

Кәлимасыз пір болса,
Кереметі болмайды.

Алалы тұяқ, арам мал,
Берекеті болмайды.

Атадан қалған адал мал,
Әрекеті болмайды.

Тоқтышақтан тон кесе,
Желді күні тонбайды.

Қарғыс алған атадан,-
Егіз-екі оңбайды.

Үш ай тоқсан түспесе,
Үлкен теңіз тонбайды.

Қатын шайпау болмаса,
Ер жалғыз үй қонбайды.

Мыңды беріп, бірді алсаң,
Бір байырғыдай болмайды.

«Мың олжадан- бір байырғы»- деген жоқ па?

Айтқыл сөзді ұққанға,
Жанды жанға сұққанға.

Айтып-айтпай немесе
Мақтамен құлағын тыққанға?!

«Батыр»- деп, оны қайтесің,
Түйе үстінен бұққанға?!

«Дос»-деп, оны қайтесің,
Есікті қатты серпіп шыққанға?!

«Жақсы»-деп, оны қайтесің,
Амалын ішіне сақтап,
Көтіңе қолын тыққанға.

Қанағат дағы-ғиын сылда жохының ғайыны. Егер ол ғайыннан айрылса, канат болады. Олай болғанда, аспанға ұшырады. Тымғы-корлық заһары. Онан ләззат алғанлар өзін-өзі ащылыққа, бейнетке салады. Қайғы көзінен кан ақса да, ғыззаты бар. Тамұқ- алтын тахытта отырса да мызлыты бар. Ғашық-машықлық пиала іліктірі. Екі ғашық қаһарба іліктірі. Екі мағшық: миламыт, шыһырт, һыжырт. уардат, риакзыт.

Мәшһүр Жүсіптің «Нанайын ба?» өлені

Қаранғы түннің жарық таңы атар ма [198]?

Хыжаж бен Иосифтің зереклігі

Сағит ибн Жебир ризаллағына махыпханадан лықыптан бас қосылған жерде Хыжажды оңдырмай сөйлеп отыратығұнның бірі болғандықтан, алдына алдырып сұраған:

– Мені қалай деп білесің?- деп.

Сонда Сағит:

– Жебир ризаллағына аң қасыт ғаділ,- деген.

Қазір мәжілісте отырғанлар таң қалып:

– Хыжажды мактады!- деп сүйсінген.

Онда Хыжаж айтқан:

– Сендер нені біліп сүйсініп отырсыңдар? Бұл мені сыртымнан айтқаны былай тұрсын, бетпе-бет көз алдымда өзімді табандатты. Мені: «Қасұт»- дейді... иадында тұрды. «Ғаділ»- дейді. «Ғаділ» мағынасын берді. «Ғаділ ғынжак»- дейді. Түрін басқа қылып айтқаны болмаса, «Ең жар өзім!»- деп тұр,- деп, өлтіруге бұйырды. Құдай рахмат қылсын, мигғырт айлсын! Тайсалмай, сөйлеген Сағит ибн Жебир ризаллағына һәм қылып еткізбей сіз оқыған Хыжаж ибн Иосифке. Бірі-бұрынғы заманның «әулие»- деген кісісі, бірі бұрынғы заманның «залаым» атанған атақты залымы.

Бұл заманның «ғалым» һәм «ғаділ» дегені- оның бір тырнағынан садаға кетсін!..

Ғибрат сөздер

Сенімен байланысқан өмір жолдас- бес жолдаспен түзу отыруды білсең, қорлықта қалмайсың. Мұны білмесең, һөлек боласың. Құдай тәбәрік тағаламен муафықыт: «Әр не бергеніне, әр не қылғанына риза болумен отыр. Нәпсіге мынхалғыт: шамаң келгенше хылапына тырыс. Шайтан ғалия лағынамен ғадауат дұшпан екенлігіне анық сен. Дүниеден хазара, дүние махаббатынан жырақ (ирак) бол, халықпен шығқыт...

Мәшһүр Жүсіп өмірбаяны

Қазақ-Арғын-Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Мәшһүр Жүсіп (Иосиф) Көпеев қой жылы, ережеп, әлміржіп айында жұма (жұмға) күнінде Қызылтауда дүниенің жүзіне келген. Мың сегіз жүз елу сегізінші жылда болса керек. Бес жасында Баянаулада Байжан хазірет салдырған медреседе Нәжмеддин (Нажмалдин) хазіреттің алдында «Ағуз Бісімілла» тартып, Шар кітаптан бастап (башлап), сегіз жасында (иасында) тағы Баянаулада Қамардин (Қамаралдин) ахонның алдына отырып, «Сарыпты» бастап, тоғыз жасында ғылым фика, мұхтасар, лукаяға шырық кылып, наһу, мантық, ғықайыд, фірайыз басларынан бір-бір қағаз жаттап (жатлап) он бес жасында шағырлық илан шәкірт тауып, жиырма тоғыз жасында Бұхарай-Шәріп барып, медресе Шұқырда ысткамит етіп (идоп), мырза Ұлықбек медресесі- дамолла Хамза қожадан пай астанада ноғай Мідіріс Сыраждин (Сыражалдин) мағтыдан дәріс оқып, Мерекенде хазірет ишан Миан, Мәлік, Сахыпзада биниресінің тәрбиесінде болып, отыз жеті жасында Ташкент шаһарында Бесағаш махалласында Әбілқасымхан, Ишанхан қасында тұрып, бинирелері Әкірамхан төреден тағлым алып, жүріп-тұруы көп болып, оқып-білуі аз болып, Сахарай мірік апаты илан ғайырмұғиқлықта [199] қалған: «Хызал ғылыммен фуалыржал қағда киеге біна». Әркімдердің аузынан алған сөзін нұсқа кылып, қағаз жүзінде калдыру үшін бір мың тоғыз жүз он екінші (1912) жылында Қаракесек өтіп, қаптесер ат арқасына мінген күнінде он бірінші мартта үшінші хамалда жексенбі күні қолдан жасаған мажамыхларына «Мес кітап» ат қойып, өзі елу төрт

жастан дәмелі отырған күнінде заманы фәтретке болып, опадар Қаракесектің талауының ортасында жүріп, солардың қорғалатуынан қолы босанбай отырып жазған сөздері (сөзлері): «...»- «Дүние толған жан хырыс дүние болғанлықтан, жікши иғымы ой сымиға дәл келгендіктен, тума соқырлардың ортасында шам болғаныңнан ... болғанын артық. «Уақытсыз ерден-бақытсыз ұрғашы артық-тын» мәнісі- осы.

Құдайдың бір фазылына алғаны

... Құдай тәбәрік тағала өз фазылына алған баз пенделеріне наमारын печатты қылып жібереді екен. Бұлар қылған күнәларын өздері де ұмытып, жазатұғын періштелер де ұмытып, намадан тазарудан, Сираттан қосақ арасында бос кететұғындар да болады екен. Сонда Құдай тәбәрік тағала пенделерінің айыбын ашпас үшін, бетіне баспас үшін, періштелерге де сездірмей, ғафу жарылғасынына алғандықтан, солай болады екен...

Шайхы Зуалнұн Мысыры бір күн ботадай боздап, жылап отыр екен. Сәлем бере, көре келген мұриттер сұрады:

– Не себептен мұнша жылауда болдыңыз?- деп.

Шайхы Зуалнұн Мысыры сөйледі:

– Ұзын түн сәждеде жаттым, хығытын оқып жатқаннан таң атқанша басымды көтермедім, көтеруге мұршам келіп, қолым тимеді. Бір түс көріп- таң-тамаша, хайран-асыр, сонан әлі жылаудан есімді жия алмай отырмын,- дейді.-Түсім бұл: ғалам Алааухта Құдай тәбәрік тағала һәма аруақларды жаратып:

– Өзім Құдай патшалығыма арнап екі той жасаған едім. Соған сендерді қонаққа шақырғаным: «Аяғың барғанша, жүр. Қолың бос, аузың бос,- ұнатқандарыңды ала бер!»- деп.

Әуелі дүние базарын жасап аралаттым. Аруақлар он бөлек болды. Тоғызы көзі түсіп, көңілі қалағанын ала бастады. Бай- малды, ғалым-ғылымды, ұста- темір мен көмірді, етікші- тарамыс пен қайыңның тұзын, балта ұстаған-ағашты, тезек терген- көн, шанашты; мерген-мылтықты,- әркім өз құмарына ынтықты.

Қалған бір бөлек жанлар Құдайдың: «Ласату- бір бекем (бегім)»- деген дауысын естумен «Осы дауыс қай жақтан шықты? Даусы мұндай

әдемі, өзі қандай екен?»- деумен есі-дерті соған кетіп қалып, дәнемен жұмысы болмады. Жалған базарының ешбіріне қызықпады.

Құдай тәбәрік тағала бұлардың алдына ақырет базарын құрып, сегіз ұжмақ (жұмақ) жасап, көркейтіп, қызықтырып, жайнатып салды. Аруақтар он бөлек болды. Тоғызы көзі түсіп, көңілі қалағанын ала бастады. Халла тонға, пырақ атына, хор қызына,- бірі оған, бірі бұған жармаса бастады. Тоғыздан былай бөлініп қалған бір бөлегі сексигеннен (шекшигеннен) сексіп тұрып қала берді. Сонан соң Құдай тәбәрік тағала бұларға тозақты жасап, қорқынышты қылып, дүрілдетіп, қыздырып, отын шалқытып, түтінін қаптатып еді. Бытшыт болып, он бөлек болды. Тоғызы тырым -тырағай үркіп, лағып (ұлағып) қашты. Бір бөлегі отты, сотты қырау құрлы көрмей, тырп етіп, бүлк етпей тұрып қала берді.

Сонда Құдай тәбәрік тағала бұларға айтты:

– Бірі- дүние, бірі-ақырет,- алдарыңа екі дастархан жайдым. Ол жайған дастарханнан бірден алып, ауыздарыңа салмаңдар, керек қылып дәнеме алмаңдар. Бергендігімді білмей, сыйлап, құрметтегенімді керек қылмай тұрған соң: «Отпен үркітіп, азаппен қорқытып, зәресін ұшырайын!»- деп, тозақты қыздырып, тулатып едім, үрікпедіңдер, саспадыңдар, қорықпадыңдар, қашпадыңдар. Енді сендерге не керек, айтыңдар!- дегенде, бұлар айтты:

– Иа, раббы, пәке, пәруәрдігер, бізді жоқтан бар қылып жаратқан өзің! Бізге не керек екенін білмей тұрсың ба? Несін айтайық!- десті.

– Жүрегіңнің басында не барын айтуға кимай тұрсың ғой, көргенінді айт!-дейді.

– Көргенімізді айтсақ, дүние базарын араладық. Алып жатқан, тұтып жатқан, ішіп жатқан, жұтып жатқанды көрдік. Өрік, мейіз, қант деген тәтті тамақтары болады екен. Оның қадірі- көзбен көріп, қолмен алып, ауызға салғанша ғана екен. Жалған дүниенің «бал»- деген тамағы болады екен. Оның өзі бір шыбынның тышқан боғы екен. Жібектен жасалған әдемі киімі болады екен. Ол бір құрттың тышқан боғы екен. Біреуді біреуге қызықты қылып көрсетіп, құмарландырып қойғандығы- болмашы бір-екілі берген ойыныңның иттігі- айтуға ауыз бармайтұғын жаман нәрселерінің су ағар жолы екен. Тіршілік бар, өлімі даяр. Жастық бар, артында кәрілігі даяр. Денсаулық бар, артында ауруы даяр. Байлық бар, артында жоқтығы даяр. Соқыр-

саңыраулар соқтығысып жатыр, оптығып жатыр. Бізге құлак, көз берген- өзіңсің. Көре тұра, ести тұра- оның несіне қызығайық?!

Ал, ақыретінді көрдік. Қанша қызықты болғанмен, сарттың сызбау ағашы сыкылды: төрінде каскиып отырған иесі жоқ. Адыра, тұл қылған иесіз мүлік сыкылды. «Мұның иесі қайда?»- деп, есі- дертіміз сол қиялға кетіп, мең-зен боп тұрып қалғанымыз- сол!- десті.

– А, сендер, «Мұның иесін тапсақ!»- десеңдер, асуы жоқ тау бар, кешуі жоқ су бар. Құс болып ұшсаң, құрулы даяр торлар бар. Жүйрік болып шапсаң, қазулы даяр орлар бар. Бір күні тымығы жоқ, қара боран дауыл бар. Жайма шуағы жоқ қаһарлы бұршақ жауын бар. Ұшы жоқ ұзын бейнет бар. Мөлшері жоқ машақат бар. Қайғының қалың қордасы, ғам күйініштің зор ордасы бар. Оттан ыстық, қардан суық жолдар бар. Соның бәрінен асып өтсең, табасын!

– Жарайды, жарайды, оны іздеушіге осынша машақат, михнат беріп, мұның үстіне үйіп-төгеді екенсің, өзің қайда боласын?

– Өзін білмей, жанын аямай, бұ жолға түскенлердің жатса, басында; отырса, қасында боламын!

– Олай болса, енді бізде арман жоқ. Ал, түстік, кеттік!- деп, қанафиалла, бакибалла болады да кетеді екен.

Алсыт қымызын ішкен маслар- диуаналар:

– Бізге бір өзің керексің! Өзіңнен басқаның бізге керегі жоқ, иа, һу!- деп, мысит-мыстығырық өмір бойы есін жия алмай кеткен кәріп (ғарыб)- ғашық дәрғаһынге лайықтар осылар екен.

– Алғашқы дүние базарында алданып қалғанлар: «Дүние, дүние!»- деп, алас ұрып, баянсызға бас ұрып қалушылар ақымақтар екен... «Егер ақымақтар болмағанда, дүние харап болар еді!»- делінгені сол екен.

«Екінші, халла тон, пырақ атқа, хор қызына алданғандар- жаннат нилының көбірегі ақымақтардан болады»- делінген екен. Үшінші, «Не деп айтарымды білмедім, жан қадірін білмейтін жансебіл»- дегеннен басқа зіл (әзел) күнде аруақ, рух иені қостап (хошлап) алған болса, жалғанға келген соң, әркім соның соқпағымен жүрмек.

Дүние- бір сұлу қыз, оның қалыңмалы- жан, иман. Жан, иманнан, ұят, ардан кешкен бай болмақ.

Хазірет сұлтан Ғарфин (Алғарфин) жожа Ахмет Иассауи шаһынша әулие айтқан:

Қымұғы дүние жыққанларды (иққанларны) уа, Алла, көрдім,
– Олар ұқситта қалайсың?- деп, халін сұр[а] дым.

Шайтан еді, иманға шеңгел ұрдым,

Жан шығарда жылай-жылай (иғлай-иғлай) кетер, достар!

Хикмет

Махаббаттың жамын ішкен диуаналар,

«Алла!»- десе, от ағызатын шашар достлар,

Құдіреті илан жаратылған жеті тамұқ,

Ғашықтардың нығыра сидден кашар, достар!

Мұхаммедия [205].

Фирдоуси өмірі деректері

«Шаһнама» ғыжым патшаларының тарихи уақиғалары хақында парсы тілінде алпыс мың жолды зия дерек шағырларны мыштамал болған зор бір тарихи кітап дүр. Мұлға хәкім Әбілқасым, Хасен ибн, Ысқақ ибн Шарапшат туыс хазіретлер дүр. Фирдоуси демекле мағұрып дүр.

Иран шағырларының рысыбы өліп дүниенің зор шағырлардан дүр. Хорасанда Тос шаһары жанында, Рызан қариясында 210(320) тарихларында дүниеге келмес дүр.

Бір себеп- бір лағызына шаһарына барғаш. Сұлтанмахмұт Фирдоусиге «Шаһнама» кітабын тәліп етерге талап (тігіліп) еткен. Фирдоуси байтақ-ғына жылдар оздырып, «Шаһнама» тіклагын тамам еткеш. Сұлтанмахмұтқа тықдым еткенде, Сұлтанмахмұт «Шаһнаманы» бек жаратып, әрбір жол шығыры бір-біріне бір алтын берерге уағда қылса да, Сұлтанмахмұтқа Фирдоусидің қас дұшпандары (дүдшымынлары) Фирдоусиді шиғалік, орапізлік бірле тыһиет қылып отырлы баһа налыр тауып бермеске маслихат бергенлер білге алпыс мың күміс бердіргендер Сұлтанмахмұт тарапында алпыс мың ғыдыр күміс ақша Фирдоусиге жіберілгенде (иберілгенде), Фирдоуси хамамда болғанлықтан, ол ақшаны да сонда (шонда) алып барғанлық бірінде Фирдоуси ақшаның күмісін (кемішін) ғибрат (ғибарт) еткін білгеш алпыс мыңның бір ұлысын (ұлышын) хамамшыға берілсін, ақша елтушіге (іілтушіге) берілсін, сонда болған шәрбат сатушыға

үйірғыштар байтақ заманнан соң, өзінің отаны болған туыс шаһарына барғанын естіп, Сұлтанмахмұт алпыс мың алтын жіберіпті. Алтын барған күні жаназасының намазы болыпты. Салхаузаһта қызына бір руайтта һымшырасына тапсырса, олар да алмапты. Алып барған Хиырат сауабы рухына боларлық орынларға жаратыпты. Сөйтсе ол һыдия колына тигенде де, өзінің жұмсаймын деген орынлары сол екендігі сөйленген сөзінен табылыпты. «Шаһнама» - немісшеден орысшаға (росшаға) Руховский тарапында тәржіме етпес дүр [201].

Пайғамбарға берілгендер әнгімесі

Құрттай бала күнде оқыған ұстазымыз Қамардин ахонның рақымынан көшірілді- парсы тәпсірден.

Асхап сұғға қырыш мыһажырынларынан бас құралып, онан-мұнан жиылып, үйсіз-күйсіз соқа басы жүргішлерінің есеп саны төрт жүз болған, дін тәлібінде саһи қайрат қылған осылар болған.

Медине, Мүнәреде туған-туыскандары жоқ, пайғамбарымыз Мұхаммед әл- Мұстафа ғалия ал-салауат уассаламның қаралдысын көрумен тойып тұрып қалғандар баспанасыз, пайғамбар мешітінің айналасында жатып- тұрып, күн кешірген. Кісі жалдап жұмыс қылдырушы табылып қалғанда, бірі қалмастан жабыла барып, тапқан-таянғанын, еңбегін ортаға салып, бәрі бірдей болып жейді екен. Дүниеге иненің жасуындай қызықпайды, пақыр, мұқтаждықты өздеріне бір шын тигендей сүйсініп, шатланып, қарқ-қарқ күлісіп жүреді екен. Түсіп қалған, ешкім керек қылмаған хұрманың сүйегін жинап, соны үгіп майдалап суға салып, ішіп ауқат қылады екен. Сонымен жүрек жалғап, құрсақ құр жатпағанға мәз-мейрам болысады екен, қатын-қалаштын боктыққа тастаған хаза қанына батып, дәнемеге жарамай қалған тартқыларын жинап алысып, жуып, тазалап, киімдеріне жамау-жасқау қылады екен. Сөйтін мұртларын жауып жүргендігін әлдеқандай байлық біледі екен. Дүние тауып тоқ болуға, киімді болуға титтей қызықпайды екен. Пақырлығын ешкімге сездірмейді екен. Бай кісідей тойып, мелшиіп жүреді екен. Жокшылықты, мұқтажлықты өздеріне бір мереке біледі екен. Осынша мехнат, машакатқа шыдағандығы ан хазіретіміздің мәжілісіне, сұқбатына тойып, сонымен мәз-мейрам болғанлығынан және ғы-

лым-білім үйренуге, соғыс болса, даяр тұруға құмар болғандары сондай екен... Бәйгенің алдын алғандығы осыдан екен. (Тәпсірден алынған сөз).

Мәшһүр Жүсіптің бір наза болғаны

Екі ғалым бас қосқанда, сөйлесіп отыратұғын- тіл. Өзіңнен басқа білуші жоқ болған соң, жалғыз ағаш, жалбарынсаң, жанбас, бықсып жұртта қалған бір шаласың-дағы. Мұндай тірліктен иман ба, сәлемет болып өлгенің көп артық. Бірақ сұрасаң, Құдайдың бермей қасарып кететұғындығы бар. Жауға барып өлуге жас емессің. Өзіңе-өзің пышақ салуға жынды, мас емессің. «Қатын қайраты- аузында, еркек қайраты- қолында»- деген. Қатын болып қалған күнім ғой. С...н, бұл түрлі тірлікті, сені көтті сүртейін!

Астапыралла, лығзым асқаныма, тасқаныма! Тәубе, тәубе, тәубе!...

Молда Ғали, молда Жармұхаммед, молда Мәшһүр Жүсіп,- үшеуі бір бас қосқанда, бір сөйленді...

Дінді бұрмалаушыларды сынау

1914-інші жыл, 24-інші август, 75-номер- «Қазақ» газетінде бастырылған сөз.

«Біздің елдегі дәуір (дүр) жүргізіп өлген адамның күнәсын кешіру, қазбасын түсірулер сияқты- табақтағы асқа құран оқытып, «Тие берсін» айту сияқтылар, - мұны шарифаттың ашық пітнесі жорып, бұйрық етіліп, иа болмаса тыйылатын нәрселер- осылар. Бұл турада айтатынымыз (айтануымыз) мынау: «Діни істердің шығатын бұлағы, таянатын негізі- Құран кәрім һәм мық анық расулымыздың айтуы ответ болған Хадис Шәріп. Бұл екі бұлақтан қайнап шықпаған, бұл екі негізге таянбаған істер дін емес, бәдғат ғамал болып табылады. Дүр жүргізу, асқа бата оқу, бедел қажыға бару,-осы жолменен быдғат ғамалдардан саналады. Басшы адамдар бұларды қалдыру жағына жыһад сарп қылу, жыһад фи сыбал

Алла хукімінде болады. Саф дініміз мұндай шірік быдғыттарға боялып, ажарын кетіріп, көркін жойып алуға жақындаған Еуропа ғалымдарының: «Ислам діні тырқыға (тарихқа) кедергі»- деулері осы дурыптіл сияқты мағынас быдғыттарды «Ислам бұйрықтары»- деп түсінгендеріне айтылған сөз.

Міне, шырағым, сұрағандарыңның жауабы осы ғана. Қыскартып айтқанда, бұлар «Айта Керимеде» айтылған мықтыбыры хадистермен бұйрық етілмеген, сондықтан бұлар- быдғыт.

«Дүр қашан шықты, не себепті?»- дегеніңізге айтатыным- пайғамбар заманасында емес, сахабалар заманасында емес, кешегі біраһыл Исламның бастарынан бақыт тайып, аят хадистің орнына ертегіге иланып (инанып), көзін жұмып, көрген түстерін дәлелден санаған надан молда, кияли ишандардың заманасында шыққан зат. Сол соңғы заманда «Хила шырғия»- деген бір қарғыс пайда болып, Ислам дінінің сафлығын жойып, ғали жоғарылығын кетірген бәнгі- рүт болып сынған саудагерлердің сом орнына тиын төлеп, Мәскеумен келіс жасағандай-ақ бұл соқыр молдалар да: «Он сомды он қайтара берсең, жүз сом болады»-деп, Алланы алдап, келіс жасап, өлгеннің күнәсын кешірмекші болған. Мұндай ертеклерге иман келтіретін молдалар да бұл күнде жеткілікті. «Шырағым, Жүсіпжан, менің (менім) сұрағанымнан бір бүйір лағып (ұлағып) ертекшіл молдаларға түсіп кеткенің не?!- деп, қоңырайма. Бұл сөздерді саған жазғандығым «Сөз көбейіп, ермек болсын үшін»- емес, ертеңгі күн бір молда: «Бұл дүр хақында сондай бір ертегіні колына ұстап, көпіріп шыға келсе, оған иланба (инанба). «Аят керимеде»- бар ма, «Мықтыбыр хадис шәріп[те]» бар ма, болса, ап кел (әкпел). Болмаса, ертегіңе берекет берсін, жөнің анау!»- деп, колыңды бір-ақ сілте!»- дегенім- ахон Ғұмар Қарашұлы. Ішкі орда.

Қамардин хазіреттен естілген сөз

«Қазақтың жаны- азапта, наданның жаны-тозақта». Тозак деген адамның өз бойында: дүниеге хырыслығы, өтегендік, омыраулық, кінәмшыл, кекшіл болу, күншіл, күндестік, ашулы болу, шаһуат тәкаппарлық.

Бұлардың жеті есігі: көз, құлақ, тіл, қарын, ұят жер, қол, аяқ.

Надан надандығымен осы айтылғандардың залалынан қашуды білмегендіктен, өзін-өзі тозаққа күнде салып, өртеп отырады. Осы айтылғанлардың бәрінен сақтанып, алыс жүрген, өзін-өзі жалғанның жүзінде пейішке орнатып отырады.

Бұлардан алыс болу-ғылым-білімге ие болып, ұжданынан айрылмаса! «Ұждан» деген адамның өз бойынан табылатын бір табиғат. Бұл ұжданына ие болушы (болғұшы) мыңнан біреу-ақ болып табылады.

Пайғамбарлар неден пайғамбар болды? Ұжданына ие болуға жарағандықтан, пайғамбар болды. Әулиелер неден әулие болды? Өз бойындағы ұжданына ие болуға жарағандықтан әулие болды. Ғараб тілінде «Тауфик»- дейді...

Ғаділ Құдірет бақшалық фиық ұстат аузынан естілген сөз. «Ұстат» сөзі- Құдай сөзі», - делінген хақ Урасыт екен.

Бала күнімізде Қамардин хазірет қоймай айтып отырушы еді. Ойласақ «әулие» екен: «Балам, басыннан кешкенде білерсің!»- деп айтады екен.

Ибраһим пайғамбар жауабы

Заманасындағы бұзықтар (бұзріклар) Сұлтан Ибраһим дыһамнан (әдһамнан) сұрадылар:

– Құдай тәбәрік тағала өзі уағда қылды, дағуаны ыстыжып ләкім бұйырды. Біз канша тілеп, дұға қылсақ та, қабылдық (қабыллық) жоқ, не хикмет?- дестілер.

Оған жауап па, сауап қайырды:

– Сізлер Құдай барын білесіздер, оған тағат, ғибадат қылумен жұмысыңыз жоқ. Пейішлі ұжмақ жасалғанын білесіздер. Мұтығлар үшін мұтығ болып, оның талабында жоқсызлар. Тозақ жаратылыста бар екенін білесіздер- күнәһар, ғасылар үшін. Онан қашып сақтанумен (сақланумен) жұмысыңыз жоқ. «Шайтан ғалия лағына сізлерге дұшпан»- дейді. «Ан шайтан кәлим ғыдупа тахында ғыдуа»- дейді. Сізлер оны дұшман деп ойламайсыз. Білке онымен досыт болып, айдауында, байлауында жүресіздер. Тумақ хақ, өлмек хақ, өлім барын білесіздер. Өлім жабдығын қылмайсыздар.

Атан қайда, анаң қайда, балаң қайда, туған-туысқаның қайда? Бәрі топырақ болды. Жоқ, сен өлмейсің ғой, өлім көрмейсің ғой. Ойыңда: «Мен өлемін-ау!»- деген дәнеме жоқ. Бейғайып бір Алла: «Ай кірсіз, Құдай мінсіз». Сендер өздеріңді ғайыпсыз, мүлтіксіз, кіршіксіз білесіздер. Өз айыбынды көрмейсіңдер, ойламайсыңдар. Басқаның айып-қайыбын- ат тезегін аударған атшыдай- кеулеп ақтарып отырасыңдар. Жер басып жүрген жанның бәрі осындай болып кеткен соң, дұға қалайша қабыл болсын! «Дәруішлерінің дұғасында жабыт жоқ»- делінгеннің мағынасы- осы,- депті.

Тезкірітал әулиенің 28-інші ұрықта Ибраһим дыһам манақпен сөйлеген баптың ішінде айтылған.

Және сұрағанлар:

– Адам аш болса, жеуге дәнеме таба алмаса, қалай қылсын? - деген.

– Сабыр қылсын, шыдасын,- деген.

– Сабыр қылды, шыдады, таба алмады, қайтеді?- деген.

– Өлсін! Құны өлтірушінің мойнына арқалансын! Құдай құн арқаламайды, оған әбден нансын! Құдай пендесін сынамақ: «Пендем маған нануы, сыйынуы қандай екен?»- деп, ашықтырады, тарықтырады, зарықтырады. Пенде құдайдың не қылғанына көне берсе, шыдай берсе:

«Айналайын, Құдайымның әр не қылғанына, әр не бергеніне шүкір!»- деп, тілін тістеп, сабыр қыла берсе, аштан өлтірмейді. Өзі есебін тауып, бір жеткізеді. Жеткізуі хақ.

Тоғайрақ билігі

Байыс- жуан ел, Байсоқ- нашар ел. Ол заманда Байсоқ малы қолға түссе, Байыс ата малындай көріп, меншіктеп, төлеу бермей кететұғын заман.

Бір Байыс Байсоқтан түйе ұрлап, түйе иесі ізімен қуып келіп:

– Түйем сенде, сенен басқа жан алған жоқ. Иа өлемін, иа өлтіремін, екеуінің бірі болмай кеттім, жоқ!- деп, жатып алыпты.

Қайыр, ауызбен құтыла алмайтын болған соң:

– Көлденең ал,- дегенде,

– Басқа ешқайда бармаймын, ағаң Тоғайраққа айтысамын!- депті.

Сонан соң оны үйіне қондырып, түн ішінде ұры Тоғайракка барыпты. Барса, Тоғайрақ жатып қалған екен. Бәйбішесі ірімшік қайнатып, ояу отыр екен. Бәйбішеге сөйлеп, мән-жайын айтыпты:

– Түйесін алған жоқ едім, сүттен де ақ едім. Шаншудай қадалып: «Түйемді алмай кетпеймін!»- деп қоймаған соң, ертең Тоқана келмек болып едік. «Ақтығымды сездіріп кетейін»- деп келгенім- сол,- дегенде, Тоқан естіп жатыр екен:

– Егер қара болмасаң, қараңғыда жүрмес едің, бір пәлең бар ғой!- депті.

– Жок, жоқ!- деп, мұздай қара көк тандым, жер сабадым, шөп жұлдым, қарғандым. Жанға саласыз ғой, бір түйеге сатылмаймын ғой. Жанды беруші қас кісі ме, жібермей, өзіме салыңыз. Не жіңішкелеп, аққа мені күйдірмей, тай-құнан, кішігірім қараға кесе көріңіз!- депті.

Тоқан үндемепті, бәйбішесі:

Бір жөнін қылар, бара бер,- деп, қала беріпті. Ертең екеуі барғанда, Байсоқ сөйлепті:

– Ай, Тоқа, Байыс-Байсоқтың баласымыз. Бәріміз де ақыретке барасымыз. Құдай сіздерді артық жаратты, біздей кем-кетікті аузыңызға қаратты. Көптің барар жері- бір қара көр, аздың барар жері де-ақыры сол. Әділ болған адамға Алланың кеңшілігі мол! Алдымызда алты табан көр бар, алты қара бөз бар, Мүңкір, Нәңкір сұрау бар, жауап таппай бар!- деп, тақылдай бастаған соң-ақ, Тоқан жылап қоя беріп:

– Бәлекет, түнде мезгілсіз жүруіңнен шошып едім. Былшылдамай, мынаның түйесін бер!- депті.

Қазақ атауына бір дерек

Өзбек ханның опатынан кейін Ұлы Жәнібек хан көшпелі елді үш қысқа тұқым етіп [202]...

Мәшһүр Жүсіп өлеңдері

Мәшһүр кетіп барады,
Түркістан, Ташкент базарға.
Алпыстан асып, жол жүріп,
Құдайға мұндай жазар ма?!
Қысқа күнде қырық с...п,

Қап енеңді с...н,
Жетерсін елге азарға!

XXX

Оқыдым ерте тұрып Бамдат намаз,
Мінажат бір Аллаға жаздым қағаз,
Дертімнің дауасын тап: «Табиб бол!»- деп,
Қыздармен заманымда болдым араз.

Арқауылдың құба жон ат желгендей,
Бабын тапса, құс болмас ителгідей.
Бойымда аса күшті бір дертім бар,
Бабын қыздар таппаса, кісі өлгендей.

Ғашықлық бір мерез дүр: қатты, ашы,
Құшақтасып өбіспек дүр ғылажы.

Ғашықлық өзі бір зор ауыр-ауыр екендігі сол: ұйқыдан, тамақтан қалдырады. Оның дауасы- жаның жақсы көрген жанмен құшақтасып, сүйісу. «Иттер-ау, койныңа алмасаң да, маған қатын болып тимесең де, құшақтатып сүйдірсең, болмай ма?!- деп, азар болғаны [203].

Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған? (бірінші нұсқа)

Қазақ жұртында ауызда сөйленіп жүрген бір сөз бар: «Кеше Алаш Алаш болғанда, // Алаша хан болғанда, // Үйіміз ағаш болғанда, // Ұранымыз Алаш болғанда»- десіп келеді [204].

Асан қайғы және Ежен хан

Асан қайғының шын аты- Хасенхан екен [205].

Асан қайғы және пері қызы

Бір балдама ашып талайнама көтеретұғын балгер айтқан екен [206].

Асан қайғының жер туралы айтқандары (бірінші нұсқа)

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, // Құлан кайтп күн көреді [207]?!

Жиренше шешен (бірінші нұсқа)

Әкесі ертерек өліп, жетім қалған бала екен [208].

Ұста тұспалы және Жиренше

(екінші нұсқа)

Өз Жәнібек хан қасында қанша уәзірлерімен бір жақтан келе жатса, бір ұста үй салып жатыр екен.

Осынша өнерпазсың, күніңе не аласың?- дейді [209].

– Күнім бір ділда,- дейді.

– Күні бір ділладан алып отырғанда, не ғып осы күнге шейін байымай жүрсің [210]?- дейді.

– Бай бола алмайтынымды айтайын. Тапқанымды төртке бөлемін. Бірін борышыма беремін, бірін қарызға беремін, бірін суға тастаймын, біреуін-ақ өзімнің ішіп-жеуіме жаратамын. Енді қайдан байыйын [211]?- дейді.

Өз Жәнібек қасындағыларынан сұрады:

Осының не дегеніне түсіндіңдер ме?- деп.

– Жоқ!- десті.

– Енді осыны аттан түспестен түп-түгел барып [212], Жиреншеден сұрайық, таратып, орнын тауып берсін! Сонда да: «Өзгемізден соны артық көресің!»- деп, өкпелейсіңдер ме?- дейді.

– Жоқ, өкпелемейік,- дейді.

Ешқайда бұрылмастан, шешенге келді.

– Шешен қайда?- дейді.

– Үйдеміп тақсыр,- деп, жүгіріп шықты.

– Біз бүгін үй салып жатқан ұстаға жолығып едік: «Ақыңа күніне не аласың?»- деп сұрап едік.

– Ақыма күніме бір ділладан аламын,- дейді.

– Құдайдың құтты күні бір ділладан алып отырғанда, не ғып байымай жүрген қусын [213]?- дедім.

– Байымайтұғын мәнімді айтайын,- дейді.- Тапқанымды төртке бөліп, бірін борышыма беремін, бірін қарызға беремін, бірін суға тастаймын. Біреуін-ақ өзім ішіп-жеймін,- дейді.

Бұл сөзіне біз түсе [түсіне] алмадық. Өзі ішіп-жейтұғыны белгілі. Соның борышы не, қарызы не, суға тастайтұғыны не,- орнын тауып таратып берші!- дейді.

– Тақсыр, ол ұстаның қартайған, кемпір-шал болған әке-шешесі бар екен, ер жеткен ұлы, бойжеткен қызы бар екен. Тапқанын төртке

бөліп, бірін әке-шешесіне беріп тұрады екен [214]. Жасында баланы әке-шеше асырайды, бала ер жеткен соң, әке-шешені бала асырайды. «Борышыма беремін»- дегені- «Әке-шешеме қарайласам»- дегені. «Қарызға беремін»- дегені- еркек баласына ішкізіп-жегізгені. «Тірі болса, күнінде оның қаруын олар да қайырады. «Суға тастаймын!»- деп айтқаны: күйеуге беріп, жасап отырған қызы бар екен. Қызға қылған жасау суға тастаған дүниемен бір бас. Енді қалған бірі- өзіне мүкі- тақы зорға жарайтұғын шығар. Мұның бәрін асырап-сақтаған соң, қалай байысын?! Құлағынан басқа дымы жоқ, «Қу бас» болса, онда байымасқа немене?!- дейді.

«Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» - деп, Әз Жәнібек заманында шыққан данышпан, білімді кісі осы Жиренше болған, заты- казак, үш жүздің қай жүзінен шыққанын ешкім білмейді.

Абылай хан дәуірі (бірінші нұсқа)

Жиырмаға жетпеген жас Абылай хан қасында Оразаулық деген сарт жолдасы бар, Есіл бойында Атығай, Қарауыл деген елге келіп, Дәулеткелді байдың жылқысын бағып, жылқышы болып жүріпті [215].

Қалдан Шеріннің Сәру деген інісін бір жорықта кез болып, Абылай өлтірген екен [216].

Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы (бірінші нұсқа)

Абылай хан Қарақалмақ Қатысыбанға қол жиып, шеру тартып барғанда, қалмақтың ханы Абылайға кісі салды дейді [217].

[Абылайдың] қырғызға жорығы, Тұрсынбай батыр

Абылай хан және бір жорыққа аттанғанда, құс ұшпас, құлан жортпас Бетпақтың сар[ы] даласында бір қара ала атты кез болды дейді [218].

Қазыбек би елшілігі (бірінші нұсқа)

Абылай хан казакқа хан болып тұрған күнде Қалдан Шерінге елші жіберген екен [219].

Батырлар тізімі (бірінші нұсқа)

Абылай ханның заманындағы казак жұртынан шыққан батырлар: Қаракерей-Қабанбай [220]...

Абылай тұсындағы заң-жоралғылар (бірінші нұсқа)

Абылай ханның хан болып, дәуірі жүріп тұрғанда, күнге кесім кылдырған [221].

Орысты шаппак болғанда, Бұқар жыраудың өленмен тоқтау салуы

Төртуыл- Қаржас- Алтынторы- Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария өткен [222].

Бұқар жырау өлеңдері

«Орыспен ұрысамыз ба, қайтеміз?»- дегенде, Бұқарекеннің Абылай ханға айтқан толғауы:

Абылай ханның қасында

Бұқарекен жырлайды [223].

Самарқан жорығы, Абылайдың түс көруі

Абылай хан өзіне-өзі әбден емін-еркін келген соң:

-Ата жұртым Бұхараны аламын!- деп, үш жүздің баласы казактың: «Сен тұр, мен атайын»- деген батырларын жиып аттанды [224].

Абылай әулеті (бірінші нұсқа)

Абылай ханның Қарауыл қызы алғашқы алған бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды [225].

Абылайдан кейінгі хандар (бірінші нұсқа)

Абылай хан өлген соң, Уәлихан хан болды [226].

Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны (екінші нұсқа)

Дүр гауһардың данасы [227]

Үйсізлерге үй болған,

Бұл- Арканың панасы.

Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер

Әуелі-Адам атаның атасының атын білуші жоқ [228]

Мақалдар:

[1] Батырлық- жолдасқа пайда, жанға қас [229].

Мырзалық- қонаққа пайда, малға қас.

Өткір пышақ- қолға пайда, қыңға қас.

Өткір сөз- дауға пайда, жанға қас.

- [2] Батыр өлгенін білмейді,
Шайхы бергенін білмейді.
- [3] Қазак болмай, азап болмас.
Тамак болмай, таму болмас.
- [4] Ит балалап, сауын болмас,
Екі даугер ауыл болмас,
Қас төреде бауыр болмас.
- [5] Құлынында жетім қалған-
«Қурайт!»- десе, үйірін білмейді.
Қозысында жетім қалған-
Түртіншегін қоймайды.
- [6] Иттен туған құрмалдықка жарамайды.
- [7] Жокшылықта туған құлынның
Екі көзі таста.
Ашаршылықта туған баланың
Екі көзі аста.

Жұмбақтар

1. Бір жапырақ еті жоқ [230].

Адам қолынан келмейтіндер туралы

(екінші нұсқа)

Адам баласының «Білемін!»- талап қылса, білмейтұғын нәрсесі болмайды. Жалғыз-ақ жете білуіне көнбейтұғын нәрсе- Алла тағаланың заты.

Адам баласы не нәрсе үйренемін деп талап қылса, үйренуге көнеді. Жалғыз-ақ үйренуге көнбейтұғын нәрсе- зереклік. Құдай тағаланың өзі зерек қылып жаратпаса, кісіден үйренумен зерек бола алмайды.

Бір айрылып кеткен соң, қайта қосамын деуге көнбейтұғын нәрсе- жігітлік, адамның жастық (иашлық) уақыты.

Адамға алыс болғанда, не алыс, - өткен өмірі алыс. Оның жуықтасуынан үміт жоқ. Адамға жақын болғанда, не жақын, - ажал жақын. Мұны алыстату және қолдан келмейтұғын жұмыс.

Бұрынғылар айтқан екен

1. Мал ұрлаған- пенденің ұрысы,
Сөз ұрлаған-Құдайдың ұрысы [231].

Жыбырласып сөйлесудің сөзі- жасырып сөйлеушінің
(сөйлеушінің) хақында айтылған сөз.

Бұрынғы заманның жақсылары бүркітше саңқылдап, айдай
ғаламның көзінше сөйлеуші еді. Бұ заманның қулары- бірі: «Шығып
кетші!»- деген пәлеге қалды.

От ішінде мақта,
Мақтадай Құдай сақта»

Такпақ

Арай, арай, арай бар,
Арай толған сарай бар [232].

Еңсегей бойлы ер Есімнің ертегісі (екінші нұсқа)

Қазақ жұртының бұрынғы үлгілі билері сөз бастағанда: «Есім
ханның ескі жолы, Қасым ханның қысқа жолы»- деп сөйлейді екен
[233].

Жаксы Ғабдолла хан (бірінші нұсқа)

Еділ-Жайық бойында қасында қырық жігіті бар, жүз ат айдап,
Түркістан шаһарына барды [234].

Ер Едіге (бірінші нұсқа)

Қазақ жұртынан Едіге деген ер шықты [235].

Бұхар, Қоқан хандары туралы (екінші нұсқа)

Бұхар, Қоқан ханларынан біраз сөйлейік [236].

Сарыарқа тарихы (бірінші нұсқа)

Өркім білімі жеткен жерден сөйлеу керек [237].

Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз

...Жете алмай ақ-қараның анығына,
Болыс-би былш еткізіп басар мөрді.

Қызыл гүл, көгерсейші [238] солып жатқан,
Әр нәрсе шағымызда болып жатқан.
Жақсылық ойлаңыздар біздің халық
Тастаныз жамандықты толып жатқан.
... Шарасыз амалсыздан жүріп едің,
Қай түрлі айдауына көніп едің.
Басқаны мал мен жанның ақша болып,
Әр түрлі тамашаны [239] көріп едің.
... Таусылмай толып жатыр арманымыз,
Ерікті болмаған соң мал-жанымыз.
Болмаңыз алты ауызды, бауырларым [240],
Бұл тойдан не боламыз қалғанымыз?»
... Пайданың ортасында өзі жатар,
Залалға мейлінше арзан бізді сатар.
Ынтымақ қылыңыздар, дін-мұсылман [241],
Мейлің қазақ, мейлің бол сарт пен татар!
... Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар,
Шаһардың алып сатқан [242] саудасы бар.
Кезқұйрық, жапалакпен жемтіктес боп,
Сұрайтын бір-бірінен саудасы бар.
... Көрініс, екі жақтан, топ көбейтіп,
Дау-жанжал, жанып тұрған шок көбейтіп,
Болмаса малға зиян, еш пайда жоқ,
Айғырша тыша берген бок көбейтіп [243].
... Таусылмай ала жаздай күнде жиын,
Жұмыс жоқ еш бітірген жалғыз тиын.
Сабылтып жалғыз атын, тулак қылып,
Кедейге мінері [214] жоқ, болды қиын.
... Жыртылды байға ерумен кедей таңы,
Есінен адастырды байдың шаны.
Елді алып [245], үйде отырып күжілдейді,
Жігіттің коразданған кейбір паны.
...Қайкияр сонда басы болыснайдың,
Ақшадан майын сұрап ат пен тайдың [246].
Кигіз бен ақшасына дамыл бермес
Шаруасын айналдырған бықсық байдың.

... Қорқатын адам қайда Құдайынан,
Бұзық іс ойлағаны ұдайынан.
Тартылды биылғы жыл көк рахматы,
Халықтың [247] пейілі азған ыңғайынан.
... Түлкінің, басынды тарт, хайласынан,
Жырақ жүр соның айтқан пайдасынан.
Ақ болсын Хакка көңілің бұл сықылды,
Шынының жалтыраған айнасынан [248]...

Нүрекен бай туралы

Уақ-Нүрекен байға бір ақынның айтқаны:
Өнеріңді бәйгі атындай шаптырғансың,
Қармағына жайынды қаптырғансың.
Бірі-болыс, біреуі- дуанбасы,
Балғаны не ғып өзің таптырғансың?
Балға- Зыликаның әкесі, мінезі нақұрыстау болған себептен
айтқан.

Бұл Нүрекен өзі ата-бабалары Қызылтауда Жанабатыр қойылған
Қарасудағы қыстауда туып, алты жыл мешел болып, аяғы шықпай,
шұңқырға салып қойған екен. Ақырында үлкен бай болып,
қажыға қазақтан ең алғаш барған- осы кісі. Төрт жыл жүріп келген
жамағатымен бірге барып.

Л.Н. Толстой және басқалар айтқандары

Адам баласынан- озған күн жоғалмаса, аты жоғалмайтын Лев Ни-
колаевич Толстой «Ұят-ай!»- деген бір мақала жазды: «Біз адам емес пе
едік? Ұят біздің белгіміз емес пе еді? Осы жалғыз белгіден айрылып,
ана төрт аяғына сыйынған аталарымыздың ауылына қайтқанымыз
ба?!»- деп.

Адам баласының сөлекеттік қылған ісін- «Хайуандықпен қылған
ғой!»- деуге болады.

Ғылымды, білімді болған затлар бізді қанша жоғары тартса да,
біз тырысып, ащыға қашқан түйедей, төрт аяқтының ауылына қайтып
жатырмыз.

Орыс жазушысы Салтыков «Түзулік пен шошқа»- деп, мақала жазған: «Түзулік, сен: «Күн бар»!- дейсің, рас па, мен көрмеген күнді сен қайдан көрдің?»- деп шошқа түзулікті балтырдан алған.

Сонда түзулік айтқан:

– Шошқа, сені Құдай жаратқанда, жоғары қаратпай жасатқан. Сен күнді осы себеппен көрмейсің.

– Есті (ыссы) күнді көретұғын, жұртқа көрсетіп тұрғандар, балтырды басқаға бере беріңдер!- деген.

1910-ыншы жылы опат болды дума члены Василий Иван Королев. Бұл төрт жыл Шилисбилпорых абактысында отырып, ғұмырынша Сібірге айдалған еді.

1910-ыншы жыл жазғытұры үшінші (3-інші) дума, государский думада дін құрдастығы туралы Закон жобасы қаралды. Сонда Королев докладчик: «Дін бәрі құрдас (кордас), дінге бостандық, Құдай жолы- адам көкірегінде. Бұған ешкімнің таласы жоқ!»- деп.

Думаның оң жағынан бір депутат:

– Каторжник!- деп, жуандық кылып, Королевтің бетінен алды.

Осы надандық, әдепсіздік қылған депутат бір поп еді. Қазақшаға тәржіме қылсам, қажы деуге зор ұқсайды. Сонда Королев айтты:

– Рас, мен абактыда отырдым, айдалдым да, міне, сендердің государский думада отырғандарын – осы мен атқарған істің аяғы. Мен бұған мактанамын!- деп. Осы Королевтің попқа берген жауабы би бетінде тасқа жазулы.

– Королев өлгенде, 3-інші думада Уфа губерниясынан депутат молла Токаев жас әйел баласына ұстатып гүл әкеліпті. Дүйсекең бұған не айтар? Қажы Дүйсекей осы Королев, Потанинмен бір қос болмай:

– Сенмен бір жүріп, тозаққа кетірейін бе?! Жакыңға қас қылған Кабыл мен Яһуданың қайда екені белгілі еді. Бұларға да бір атшы керек қой! Жолың болсын!- «Қыр баласы». Қазақ ішіндегі надан қажылармен айтысу жарамайды. Бәрінің сыбағасына осы сөз де жетерлік сөз. Рахмет «Қыр баласына!»- Анадан бала тусаң, осындай ту!

54-інші номер «Қазақ» газетасында басылған сөз: «Күллі дүниедегі қажыларға тартылған бір табак».

1914-інші жылында, апрельде біздің қолымызға келді.

Сөз жүгі

Көңіл- бір жатқан кен. Сөз онан шыққан гауһар. Ауыз (ағуз)- бір садап. [С]өз онан шыққан гауһар. Тіл- бір болат метін. Оның майдалап, уатып, жасап шығарып жатқанының бәрі- сөз жүгінің хамалы. Хазірет Рухолламен дүр. [Ті]с орнында тұрғанда қандай, жерге шашылса, не құн табады?! ... тымменен келген сөз орнында тұрған тіс сықылды.

Қара сөз- [тіс]тің шашылып, әр жерде жатқаны. Бау ағашы. Бау ағашын тамаша қылуға кім бармайды? Сөз- тау ағашы: отын керек қылған оны алады. Қызыл гүлдің (гүлнің) бау-бақшада үлпілдеп тұрғаны жерге шашылды. Қара сөз...

Сүлеймен мен құмырсқа

Ағузы билламин, ал-шайтан ал-ражим... Күнлерде бір күн хазірет Сүлеймен ғалайссалам ... ұзыны- көлденеңі сегіз жүз шақырым [249]...

Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен Байғыз» өлеңі

Ескі сөз бұрынғыдан қалған екен [250].

«Ай мен Күндей, һәммаға бірдей» – дегеннің мағынасы

Алла тағала шеберлігін көрсету үшін, күндіз бен түнді, Ай мен Күнді әуел жаратуда бірдей жаратты [251]. «Құдай тағала Тәбәрік аллази жығыл фи лысыма бір жаужиғыл фиһасыр жау кымыраммыза: «Құдіреті күшті Құдайдың ұлығлығын, зорлығын [зор екенін]- мұнан білсек керек. Аспанды жаратып, онда он екі бұрыж, яғни жұлдыздан он екі шаһар жасап, сол шаһарларды Күн үш жүз алпыс бес күнде бір аралап өтіп, Ай үш жүз елу күнде он екі аралап өтетұғын болды. Күнді шам сықылды жарық қылды да, Айды нұрлы қылды. Айдын жиырма сегіз күн жүріп тамам қылған жерін Күн үш жүз алпыс бес күнде зорға тамам қылатұғын болды.

Алла тағала: «Калам мешітінде ла алпыс нағби лыһан тітіргі лығымыр»- дейді. «Күн Айға қалай қылса да, ілесе алмайды, жете алмайды»- дейді. Бұл Хасуситтан- бір жыл, он екі ай, үш жүз алпыс

бес күнге есеп (хисап) болды. «Лытғылмуа ғадда лышынын уахшап»- пенделер мұныменен өткен ғұмырын, жасаған жасын сана-сын үшін.

Құдай тағаланың құдіреті- Күнді шакшитып, жап-жарык кылып, қақ маңдайымыздан қадалтып қойды. Оны не үшін қойды? «Биігірек менін құдіретімнің күштілігіне, даярлығына ғаһыл-зейні (зыһыны) жетпегендер мұнан көріп, ғибрат алсын, сабак алысын!»- деп қойды. Ойласақ керек: үлкендікте бір дөңгелек нандай [252] күн күллі дүние жүзіне сәулесі бірдей.

«Құдай тағаланың құдайлық сәулесі мұнан да зор, мұнан да жарык, мұнан да жақын!»- деп білсек керек.

Екінші, күн төртінші халакта жақын болғанда, төрт мың жылдык жолда болса керек. Сонан келіп түндігімізден түсін, үстімізде орнап тұрады ғой. Құдіреттің һәм үстімізде орнап тұруы- мұнан да жақын: айтқан арызымыз (ғарызымыз)- қылған мінәжатымыз. Аузымыздан шыққан заман бір дем алыстың өзінде дәрғаһына ғиян болса керек.

Үшінші, Күннің жарығынан- жанды-жансыз, жақсы-жаман,- макрұм бір нәрсе жоқ. Алла тағаланың мақұлықатына ризык беруі- баршаға бірдейлігі мұнан мағлұм болса керек.

Төртінші, күннің тұтылуы. Осындай жап-жарык болып тұрған күн жоғалып кеткеннен ойласақ керек. Үстімізде қазір тұрған дүние жоқ болып, қиямет-қайымның болуы растылығын және күн өзі күн болып тұрған жоқ екен. Оны күн қылып, жарқыратып қойған ар жағында құдіреті күшті Құдай барлығын, сонын үшін хазірет Ибраһим: «Халал Алла ла пейілін (пілін)»- дейді.

«Батқан нәрсе де, жоғалған нәрсе де – күштілік қуат Құдірет бол-маса керек. Мұнша ғаламды жаратушы батпаса, жоғалмаса керек-деп, Ай, Күн, жұлдыздардың батқандығынан- ықылас қайтып: «Мен бұларды сүймеймін. Батпайтын, жоғалмайтын, жоқ болмай тұғынды сүйемін!»- дейді. Онан мұраты –Құдай тағаланың өз құдіреті болды.

Бесінші, сондай Күннің көзі мендей кара бұлт басса, көрінбей кетеді. Мұнан ойласақ керек. Хаклықтың нұры Күндей-ақ жарык қой. «Ғылым, білім иесімін, кара қылды қақ жарып төре беремін!»- деушінің көңіл көзін дүниенің мейірі (міһірі), махаббаты басып кетсе, күннің көзін жоқ қылған болаттай. Дүниеге қызыкканлықтан, хаклықтың нұрынан айрылып қалып, каражүрек болып кетеді. Бұл

хазуста «Мышной (Мәснәуи)-Шариф» бір бет айтқан: «Жаһал раббы ғаллыты ғалам күз, ғалам рағаллыт зыдылһа бір каннат». Өзі надан болса да, көңілінде дүние махаббаты жоқ, жүрегі ғұллытсыз болса, жүрегiнiң тазалығы соны ғалым қылады. Не айтса, бiлiп айтады, айтқаны айтқанындай болады да тұрады!»- деген.

«Өзі ғылым иесі, ғалым болса да, көңілінде дүние махаббаты болса, жүрегі дүниені жақсы көрумен ғаллыт би болса, бұл ғаллыт оның көңілінде тұрған ғылымды қуып шығарады. Есі- дерті дүние болған адамның ғылым-білімі жүрегіне орнамайды»- деген.

Бұл кітап сөзі ғой. Біз көзімізден де көрдік. Бұрынғы заманның адамлары оқу деген не екенін білмеуші еді. Оқу оқып, балалар шулап жатса:

– Сиир өкіріп жатыр, сиир өкіріп жатыр!- деп, қаркылдап күліп, келемеждеуші еді. Сонда да аузынан шыққан сөздері далаға кетпей, айтқаны айтқанындай болушы еді де, тұрушы еді. Олардың алдына екі даугер келсе, қандай жарастырып көңілдерін майдай ерітіп, тату-тәтті қылып, қайтарушы еді. Не үшін десен, әділ төре бергендіктен. Сонда олардың мақалы: «Әділ биде ата жоқ, // Тура биде туған жоқ. // Туғанына бұрған биде иман жоқ»- деуші еді.

Осы күнде он екі пінді хатым қылып, Құранды бастан-аяк жат (иад) қылып, қажыға он екі барып келсе де, аузынан шыққан сөзі далаға кетпей, орынға келу қайда? Алдына жүгініске келген жаннан бір жанның көңілі жадырап қайтпайды. Қайта «Шарифатқа саламыз!» - деп, алдына келсе, пәлеге қалғаны: даулары бұрынғыдан зорайып, сотқа берісіп, үлкен арылмас тұманға айналып (айланып) кетеді. Міне, бұрынғылардың ақжүрек екенін, бұл замандағылардың қаражүрек екенін- мұнан байқаңызлар.

XXX

Бұл Күннен бірнеше пайдалар бар.

Әуелгісі- күллі ғаламға Құдіреттің жаққан шамы. Қараңғы үйдің ішінде отырып, жұрт не қылмақ? Шам жағылса, әркім көңіліне алған жұмысына кірісе бастайды.

Екінші, қанша дүние жүзінiң дымын құрғатып, өсетұғын, өнетұғын нәрселердiң бәрiне күш бередi өсiп-өнүiне.

Үшінші, Құдайдың құтты күні шығысынан батысына жүреді. Барша ғаламға пайдасын тигізіп, оң-ажар беруі үшін.

Төртінші, бір жерде қатып тұрып қалмайды. Егер қакиып тұрып қалса, тұрған жеріне бір пәле де онда.

Бесінші, қысты күні палақтың төменгі жағымен, жаздыгүні жоғарғы жағымен айналады. Онысы да күллі дүние жүзіне пайдасын тигізу үшін.

Алтыншы, Аймен бір араға бас қоспайды. Бірінің қылатұғын жұмысын бірі бұзбаслыққа әбден ынтымақтасқаны. Әрқайсысының жұмысы басқа-басқа болғанлықтан. Мұның бәрін айттым, Ай артық па, Күн артық па?» - деп сұраса, не жауап айтасың? Сен не десең о де, мен өзім: «Ай артық-ау!» - деп ойлаймын. «Не үшін?»- десең, Ай мен Күннің әуелде нұры бірдей еді. Құдай жаратуда бірін артық, бірін кем қылған жоқ. «Бұл калыпта тұрса, пенделерімнің дамылы болмайды екен!»- деп, Құдірет шеберлігін білдіру үшін хазірет Жебірейіл ғалайссаламға бұйрық қылды: «Айдың нұрын азайтып, күндіз бен түннің паркы білінсін үшін, хазірет Жебірейіл ғалайссалам канаты илан бір сипап қалғанда, Айдың тоқсан тоғыз кесек нұры кеміп қалды. Мұнан көңілі мінкір болды. Біреу қолында барынан айрылып қалса, көңілі жүдеп қалмай ма, сондай болды.

Алла тағала Айдың көңілі сынғанын білді де, бұған Күннен артық екі фызылит берді. Бірі- Айдың туысын күтіп, күллі дүние жүзінің көзі аспанда болды. Басы қай күн, ортасы қай күн, ақыры қай күн болатұғынын білу үшін. Күннің туысына көз тіккен жанды өмірінде көріп, есіткенін бар ма?! «Ұйқы әбден қану үшін, тумаса екен!»- деп, туғандығын жақтырмайтұғынлар да болады. Және кеш болуын тілеп, батқанша асығып, жаны шыға жаздап жүретұғынлар көп болады. Күндіз бар болса, болады, Күннің бар-жоғын ешкім жоқтамаса керек.

Бір фазылыты Күнменен еш нәрсені зарып хамал (мысал) қылған жоқ. Не нәрсе болсын, Айменен зарып муал қылынды. «Ғашықлар мағшұғын «Күндей»- деп мақтамайды, «Айдай»- деп мақтайды. Және пайғамбарымыз Мұхаммед ал-Мұстафа салиалла ғалайссаламға мұғжыра Айдан берілді. «Қытырбыт лысаға даншық лықмыр»- бармағы илан Айды (Айны) екі жарып мығжыза көрсетті. Күнменен мығжыза көрсеткен жоқ.

Мұнан мағлұм болды: «Нағында лімінсырт қылу һәм хыдыш қыдышы екенлігі Алла тәбәрік тағала хазіретлері айтқан: «Кімде кімнің көңілі сынық болса, мен соның қасындамын!»- деп.

Хазірет сұлтан Лығарфин қыдыссыры: «Сөзі айдым- әркім болса дидар талап».

Жан, не жанға пойынт қылып, рәкіні улап кәріп-пақыр, жетімлерді-басын сыйлап, көңілі бүтін халайықтан қаштым, міне.

Адам қолынан келмейтіндер туралы

(үшінші нұсқа)

Адам баласының: «Білемін!»- деп, талап қылса, білмейтұғын нәрсесі болмайды. Жалғыз-ақ жете білуіне көнбейтұғын нәрсе- Алла тағаланың заты, жаратушы Құдай тағаланың қандайлығын, нешік екендігін ешкімнің ойы, білімі меңгеріп біле алмайды.

Адам баласы не нәрсені үйренемін деп талап қылса, үйренуге көнеді. Жалғыз-ақ үйренуге көнбейтұғын нәрсе- зереклік. Құдай тағаланың өзі зерек қылып жаратпаса, кісіден үйренумен зерек бола алмайды.

Бір айрылып кеткен соң қайта қосамын деуге көнбейтұғын нәрсе- адамның жастық (иашлық) уақыты, жігітлік күні. Байлық кетсе, және қайта бай болса, ғажап емес. Денсаулық кетсе, аурудан жазылып, және қайта дені сау болып жүрсе, ғажап емес. Өлген кісінің қайта тірілуден де үміті бар. «Ең болмағанда, жалған тірілік болмаса да, ақыретте шын тірілік бар»- деп, әркім-ақ үміткер ғой. Жігітлік бір өтіп кеткен соң, онан ешкім үміткер бола алмаса керек.

Адамға алыс болғанда, не алыс? Өткен өмірі алыс, оның жуықтасуынан үміт жоқ.

Адамға жақын болғанда, не жақын? Ажал жақын. Мұны алыстау және қолдан келмейтұғын жұмыс.

Түзетуге көнбейтұғын не нәрсе? Қанша зор ұрғанмен түзетуге көнбейтұғын нәрсе- бұзылған үй. Біреудің қиялы бір нәрсеге ауып бұзылса, оны түзетемін деу мүмкін лайықты адам қолынан келмейтұғын нәрсе.

Бір екі жолдас бар: бірінен- бірін айырып ешкім жолдас кылып ала алмайды. Екеуі бір тұрған күнде Құдай тағаланың құдіретпен қылған ісіне ажар көрік береді. Бірінен-бірі айрылса, дәнемеге тұрмай қалады. Ол екі жолдас- жан мен дене. Елден бұрын жолдас тапқан екі жолдас- осы екеуі. Дүниеде ойлағанда, нені ойлау керек: осы екеуі бірінің бірі қор болмаслығын ойлау керек.

Және айрылған күнде не күйде, не түрде болады? Соның уайым-қайғысын жеп, жабдығында болу керек. Біріне-бірі қарасып, көзін тайдырмай телмірісіп тұрған бір екеу бар. Құдіреттен басқа жан ол екеуінің бетін біріне-бірі қарасып тұруынан тайдыра алмайды. Ол не десен: көк пен жер.

Бірін-бірі ұрып жығатұғын кісідей, соңынан қалмай, шаршап талмай, қуысып жүретұғын бір екеу бар. Ол не десең, күндіз бен түн.

Екеу-екеу бас қосқанның бәріне де бір-бір айрылмақ бар. Жалғыз-ақ айрылмағанда, не айрылмайды? Темірказық деген жұлдыздың маңайында тұратұғын Акбозат, Көкбозат,- дейтұғын екі жұлдыз.

Кісінің қолына түспейтұғын, еккенмен бітпейтұғын, қуғанмен жетпейтұғын не нәрсе? Ол- ашу келгендегі сабыр.

Күйе тимей, сия тимей, кісіні кірлеп былғайтұғын не нәрсе? Ол- орынсыз жерде ашу.

Көзге көрген нәрсе тұрған-тұрған орнында тұрады. Үш нәрседе сенім жоқ: «Тұрған орнында тұрады-ау!»- деп, ойлауға жарамайды. Ол не десең бірі- дәулет... Бұл дуам баста тұрмайтұғын нәрсе. Бірі- жан. Бұл дуам денеде тұрмайтұғын нәрсе. Бірі- сері кісі. Сері кісі көнілінде тұрмайды.

Кісі не болғанда екі нәрсеге не болу керек: бірі- қолына түскен дүниелік пұлға, бірі- ойына түскен бір мақсат жұмысқа. Қолындағысын біреуге беріп, сонан қайтып ала алмай жүрген жаман көп болады. Ойына алған сырын біреуге айтып қойып, енді оған: «Сен біреуге айтып қоя көрме!»- деп жалынышты болып жүрген жаман көп болады. Дүниен жақсы екенін білсең, қолыңнан шығарма. Қолыңнан шығардың, қайтып сұрама. Ішіндегі сырынды кісіге айтпа. Айттын оған «Айта көрме!»- деп, тілті, айтпа.

Үш нәрсе шыққан орнына қайта кіруге сыймайды. Бірі- мылтықтан атылған оқ: атылып кеткен соң, қайта орнына кірмейді. Бірі- жайың балық. О да орнынан бір көзғалып шығып кеткен соң, шыққан

жеріне қайта сыймайды. Бірі- ауыздан шыққан сөз. Сөз деген ауыздан шығып қалса, қайтып орынын таба алмайды.

Үш дауасыз бар. Үш қадірсіз бар. Үш арсыздың бірі- ұйқы, бірі- тамақ, бірі- күлкі. Үш дауасыздың бірі- мінез, бірі- кәрілік, бірі ажал. Үш қадірсіздің бірі- жігітлік, бірі-денсаулық, бірі- жақсы қатын.

Үш нәрсені қылу жарамайды. Бірі- нақақ қан төгу. Бір қан төктің: өзі бұ тұл (бүкіл) шаһарды ойран қылғанмен бірдей. Бірі- кісі малын нақақ алу. Мұнымен көңіл ойран болады. Адамның қара басын ойран қылғаннан -көңілді ойран қылу жаман.

Дүниеде сынса, жамауға көнбейтұғын нәрсе-адамзаттың көңілі. Бірі- ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу жарамайды. Алдыңғы екеуінен бұл жаман. Не үшін десең, біреуді өлтірсең, оның бір саған тиген жапасы болған шығар. Иа біреудің малын алсаң, оның да сені кейіткен жері болған шығар. [Ескі] жұрт деген жансыз: кісіге қылар зарары жоқ нәрсе. Бір жаққа кетсең де, бұзып кетпе. Шамаң келсе, түзетін кет. Өзіңнің отан қылған жұртың былай тұрсын, құстың да ұясын бұзба. Біз кітаптардан да көрдік, заһар дүниеде көзімізден де көрдік- жұрт бұзғанның оңбағанын. Қазақта бір мақал бар: «Ескі қыстау- малдың құты, ескі қатын- ердің құты»-деген.

Атамыз Адам атадан қалған үш насихат бар. Есімде тұрған күнде оны да жазып қояйын. Әуелгі насихаты: «Дүниеге көңіл берме, махаббат қойма. Дүниені сен қимасаң да, дүние сені қиып кетеді. Көзің көрмей ме: дүниеге хырыс болып, мал жинағанлардың малын не жау алады, не жұт алады, не отқа күйеді,- бір апатқа ұшырамай тұрмайды.

Екінші насихаты- қатын тілін алма. Қатынның жаны ашығанын- «Маған жаны ашып, пайдамды айтты»- деп білме.

Үшінші насихаты- көңіліңнің сонынан ере берме. Ойыңа бір жұмыс түссе, тұр да біреумен мәшурет қыл. Бір жұмысты ғұмырыңда неше қабат қылсаң, әр қыларында біреуге сабағатқа салып, кенеспен, көптің ұйғаруымен қылып ғадет қыл. «Баяғыда біреу сөйлеп (сөй деп) еді, сонікі жағып еді»- деп, жүрме. Әр уақыттың хүкімі, реті баска-басқа болады.

Төрт асыл, бес береке

(екінші нұсқа)

Бірі- тілде, біреуі- көңіл-ойда,
Енді бірі теп-тегіс түгел бойда.
Бұл үшеуін жүргізсе, кара жолмен,
Бәйге алады жарқырап үлкен тойда [253].
Акыл- ак: кіршігі жок, ашу- күйе [254].

Адам баласының кара бойында төрт асыл бар: бірі- жаратқан Алла тағаланы «Бір»- деп білмек- тіліменен (діліменен).

Екіншісі- сол тілінің «Бір!»- дегенін «Шын!»- деп ғыкад кылу діліменен.

Үшіншісі- он екі мүшесін Құдайдың құлшылығында кылу.

Төртіншісі- пайғамбар сүннетін [255] орынға келтіру.

Кімде- кім Құдайды: «Бір!»- деп айтпаса, ағузбилла (ығозбалла) кәпір болады. Тілі: «Бір!»-деп айтқанмен, ділінде тыстығы жок болса, мұнафик болады. Тілі: «Бір!»- деп айтқанмен, ділінде: «Рәсіт»- деп тыстығы болғанмен, кәмілі (ғамілі) жок болса, пасык болады. Үшеуін орынға келтіргенмен, пайғамбардың сүннетіне мүнкір (міңкір) болса, мыптых болады.

Төртеуін түгел орынға келтіруші- мұмин: мұсылман[дығы] түгел табылып тұрған адам болады.

Адам баласының кара басында бес береке бар. Бірі- Құдайдан коркып, уакытымен оқыған намазы. Бірі- малау, яғни сөзден бой бакканы, өзін тыйғаны. Бірі- закот хирахасаны. Бірі- аяғының арасына ие болғаны. Бірі- аманатқа қиянат кылмай, һәм Құдайға, һәм халыкка кылған уағдасына опа кылғаны.

Осы бес береке бойында болған адам екі жұртта бірдей кор (хор) болмайды. «Уалдин иршон лығыр дос һәм фиһа халдун»- деп осыларды айтады.

Жалған дүниенің жүзінде бес береке бар. Дүние жүзі осылардың шарапат, касиетімен көркейіп тұр. Бірі: Құдай сөзі- Құран каламалла. Бірі- Хыжыраласод. Бірі- Макам Біраһим, бірі- Табут сикіне, бірі- көзі.

Жұмактан (ұжмактан) шыққан бес өзен: Сейхун, Жихун, Зыжыла, Нил, Мүбәрак. Біреуін тауларда аманат қойды- қадір түні сықылды. Иажуж, Мажуж, Хыру, Жыһдин, Суң.

Хазірет Жебірейіл періште бұлардың бәрін аспанға көтеріп алып кетеді. Сонан соң дүниеден бір кіт көтеріледі.

Пенденің міндеттері туралы

Алла тағала пенделеріне ғаділменен әмір қылған. Ғаділлік деген әр нәрсенің ортасы, туралығы. Әуел адам өзінің ғытқадында ғаділ болу керек. Кімде- кім болсын ғытқадын фырат тағырытқа жібермей, ұстында (үстінде) ұстап қалу керек. «Фырат»- деп, қалыбынан асканды айтады. «Тағырыт»- деп, қалыбынан кем соққанды айтады. Қалыбынан асырмай, не кем соқтырмай, орта қып ұстауды «ғаділ»-деп, соны айтады. Құдай тағаланың құдіреті- жаратқан нәрсесінде қалыпсыз, мөлшерсіз жаратқан нәрсесі жоқ. Әр нәрсенің қалыбы бар, мөлшері бар. Ғытқадының хыраты (ныраты)- тішрик. Мұнша нәрсе жалғыз біреудің қолынан келмейді. «Помагайтшысы [жәрдемшісі] көп болып, сонымен болып тұрған»- деп ойлау ғытқадының тағырыты.

Тағтим ғаламда саных жоқ. «Осынша нәрсе кімнің қолынан келеді. Бәрі өзінен- өзі болып тұрған»- деп, ойын (үйін) бос қалдыру-ғытқадының уәсеті тухид (тушид). Бұл- ғалам Хадіш. Мұның бір махдышы бар. «Ол үзік (өзі екі) екеніне бейсенбі, жексенбі (шікунебі), шыбһеубі номына»- деп, Құдай тағаланың затын, сипатын мүмкін қыдыр біліп, тануға тырысу.

Екінші- пенде өз пиғылында ғаділ болу керек. Ғытқады тухида болғанменен, пиғылдан бұзылып, басқаланып кететұғынлар бар. Бағзы біреу айтады: «Бізде ерік, ықтияр жоқ. Біз не қылсақ, бәрін қылдырып тұрған Құдай тағаланың өзі»- дейді. «Біз балта, балға, кетпен, шот есебінде Құдірет қолына алып, қалай жұмсаса, солай жұмсалып тұрамыз»- дейді.

Яғни біреу айтады: «Біздің жүргеніміз, тұрғанымыз, не нәрсеге болса да, қол ұрғанымыз пайдасыз, бостан-босқа құр қиналу. Тағдырда Құдірет өзі не жазып, не қылып қойған болса, сол болады»- дейді. Мұның бірі- фыратына, бірі тағырытына кеткен. Аусыты-кәсіп, біз кәсіпке мұқтажбыз. Мінәсіп іс (еш) ерұр және мінәсіп. Оны

(аны) қылмаққа пенде болды. Кәсіп «Уаллығпада пиғыл (фығыл), ықтиярына, яғни пендеге ұрпақлары да ықтияр бар дүр. Егер тағат қылса, сауап табадүр. Егер кінә қылса, ғақыл табадүр, әмме уәжіп емес. Алла тағаланың тағатқа сауап бермегі, мақсатқа ғазап қылмағы. Белге сауап берсе, Алла тағаланың фазылы. Ғазап қылса, ғаділ пенде кәсін қыладүр. Алла тағала халық қыладүр. Яғни әр пиғылға пенде арада ұқтыртыны жары қыладүр кәсіп деп атайдүрміз.

Алла тағала бұл кәсіптің камында (хамытында) бұ пиғылды пида қылмағыны халық атайдүрміз. Әр пиғыл екі құдірет бірле тақик табадүр. Бірі- кісі және бірі халқы кәсіп алыт аспап бірле болұр. Халық алыт аспапсыз Алла тағаланың пиғылына кабаққа жүр. Залымға несібет берілмейдүр. «Алла тағаланың халық қылмағынан пенденің қысыт қылмағы бұрын мақсатым (ұқтым)- деп білу керек.

Үшінші, пенде Құдай тағалаға қылған ғамалында ғаділ болу керек. Біреу тұрып айтады: «Не қылса, Құдай өзі қылады, не болса, Құдай тағаланың: «Бол!»- дегенімен болады. Ораза (руза) не қажет, намаз не қажет,- Құдай өзі қарғап койса, бұларды қылғаныңмен, дәнеме жок»- дейді.

Біреу былайша ойлайды: «Бейнет далаға кетпейді. Бейнетің қандай зор болса, Құдайдан алуың сондай зор болады!»- деп. Мейлінше аш жүріп, ораза (руза) тұтып, мейлінше ұзын мехнат-машақатқа салып, нәпіл намазға көп тырысып, зорланады.

Бұл екеуінің алдыңғысы «тығырат» да, қалған соңғысы «фыратына» кеткен.

Аусыты парыз ғамалсыз бос қалмайды да, ғамалға аса әуреленбей де «Құдайдың өзінің бұйырған парыз жұмысын орнына келтіру- ғамал да ғаділ», -деп соны айтады. Аса көп нәпіл жұмыспен айналушылар (айланғушылар) рыһбапиттан саналады. Ан хазіретіміз салналла ғалияуассаламлар: «һыбаните фиаласіләм»- дейді. Рыһбанит- на-сари халқының Құдайға құлдық (құллық) қыламыз деушілерінің жұмысы.

Төртінші, мінезде ғаділ болу керек. Біреу айтады: «Кісіге бермеймін, кісіден алмаймын. Өзімдікі өзіме болады». Бұл мінез-сарандық. Біреу айтады: «Ешкімнің көңілі менен қалмасын!»- деп, өзіне зәрір болуын ойламай, орындыға да, орынсызға да мал шашады. Бұл ысырап болады. Мұның алдыңғысы «тағырит» де, қалған

соңғысы- «фиратна» еткен. Ұсти сахауат: өзі де ішіп-жейді, кісіге де ішкізіп-жегізеді. Өзі табылған жерде қолын тартып қалмайды, орынсызға шашпайды.

Мінез- үш атаның ұлы. Ғақыл мінез бір басқа, ашу мінез бір басқа, нәпсікой арзу мінез бір басқа. Біреу болады: «Адамға білуге зәрүр болмаған нәрселерді білемін!»- деп әуреленеді. «Аят, мытша биһатларының мағынасын білемін»- деген секілді (шикіллі) Құдай тәбәрік тағаланың қыснауықтарына (қызауықтарына) зейінін (зіһін) сарп қылып: «Хақиқатына жетемін!»- деп, не нәрсе болса да, бәрін білемін. Бәрін біліп қойдым!»- деп сөйлейді. Мұның білмейтұғыны асла (әсте) болмайды. Біреу болады: «Бізге соның бәрін біліп не керегі бар? Молдалардан естігенімізді қылып жүрсек, жаман ба?»- деп зейін-ойын еш нәрсеге жұмсамайды. Мұның алдыңғысы фыратына кеткен, соңғысы тағыритта қалған.

Осы (үсті) хикмет білуі мыһым бек керек болған нәрселерді-пайда, зарарын айырып білу- екі дүниеде бірдей қор болмаслықты ойлау.

Ашу мінезі біреу болады: «Бетіме жан қаратпаймын, алдыма адам шығармаймын! От болсын, су болсын, бетімді бұрмаймын!»- деп, өткірлік те, күнәкар да бойын шақтамайды, үш кісіге жалғыз өзі дүрсе қоя береді. Екі кісі екі қолынан ұстаса, біреу сабай берсе, жалғыз өзі оған не қылмақшы?!

Хош, енді біреу болады: өзінен басканың бәрінен қорқады да, тұрады. Қоян сықылды айдың жарығында көлеңкесінен қорқып, кашақша арықтаған. Бұл екі түрлінің алдыңғысы- ашудың фыратына кеткен, соңғысы тағыритында қалған. Осы шапағат үш кісіге шаппайды да, екі кісіден қашпайды, бір кісіге қарама-қарсы тұра қалады.

Нәпсікой арзусының мінезі біреу болады: нәпсінің не тілегенін бере береді, халал-хараммен жұмысы болмайды. Қызыл ет көрінсе де, адамдығын одан қызғанбайды.

Енді біреу болады: нәпсісін шарифат қосқан сыбағадан құр қалдырады. Мұның алдыңғысы- көңіл тілеген нәрсенің фыратына кеткен, соңғысы тағыритта қалған. Осы ғағғыт әдепті ибалы болып, нәпсінің шарифат қосқан сыбағасын беріп, халалдан жеп, халалдан ішіп, халалдан нәпсісіне ләззат алдырып, харамға баспай, нәпсісін бабымен ұстаған.

Намаз жұмада (жымғада) құтпа оқығанда, қасіреттерінің бәрі де: «Ан Алла иамырба лығдыл!»- деп, көмейін бүлкілдеткенмен, ғаділ деген немене екенін тыңлаушылар білмеген соң, ол құтпадан тиер жұртқа титтей пайда жоқ.

Алла тағала пенделеріне екінші хасенмен [255] бұйырған. Тағатта «хасен» екі түрлі: бірі- қам мақұласынан, бірі қайғы (киіп) мақұласынан. Қам мақұласында болғанлары парызға сыныт мысты-хып жұмыстарын қосып қылмағың- қайғы мақұласынан болғаны. Ла хасен ан тығбыдаллаканың тірепеңлімлігін иретпана ирек ғибадат қылмақлығың Алла тағала көз алдында көріп тұрған патшаһына қылған тағзым секілді (шикіллі) ұлығлау бірлан.

Сен көрмегеніңмен, Құдірет сені көрін тұрғандығы айдан жарық, күннен раушан. Мойнына (мұнына) лазым болмаған жұмыспен басқаларға пайдасын тигізу, зарар тигізуден сақтану (сақлану)- хасен сол.

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салиалла ғалайссалам лансан ғыбатала хасен бұйырды- «Мығной Шарип»: «Адам- жақсылық қылғанның құлы»- дейді. Қазақ мақалында айтады: «Өзінді кім сыйласа, машайығың- сол»- дейді. Өзіне жақсы көрген нәрсені басқаларға да болса, жақсы көру; өзіне жек көрінген нәрсе басқалардың басына түссе, соны аяп, жаның ашып, қабырғаң қайысып тұру. «Егер бір күнде табысың парша нан [ж]еме жалғыз, оның жарымын қыл хасен»- дейді. Бүтінді бөліп жеп, жартыны жарып жеп тұру- хасеннен.

Алла тағала пенделеріне үшінші бұйырғанда, жақынының хақыларын ада қылумен бұйырды. Жақынына жаны ашып, аямақпенен бұйырды: «Жақыныңа жаның ашыса, өз нәпсіңнен жақын кімің бар? Әуелі нәпсіңе жаның ашысын. Нәпсінді ғылакілік табатұғын орынға бастырма. Құдайдың құдайлығына ғытқадың таухид бабында болып, Алла тағалаға махаббат құлығың, ғаділлігін пайғамбарларды дос (досыт) тұтып, аттары айтылғанда, салауатты дырығы елемеслігін (айламаслығың)- хасенің. Пайғамбарлардың келбетін жақсы көріп, қолдан келген қадір сыйлап күтің[дер]. Соңы[н]да болмағын уайтайзи лықырбаны орнына келтіргенлігін сыйлархымың уәжіплығы мұнан мағлұм болып тұр. Өзіңнен артылған болса, жақын- туысқанларына қарасуың керек. Өзіңнен артыларлық болмаса, және құтынды аямай, қол күшінді тигізу ке-

рек. Оған да шамаң болмаса, хақ[ы]ларында дұғада болу керек. Адам ата, Хауа ананың ұрпағы бәрі бір кісінің баласы есепті. Әуел жаның ашығанда, адамзатқа жаның ашып, адамзатты аяуын керек. Онан соң жаның ашығанда: «Бәріміз Алла тағаланың мақұлықатымыз!»- деп, жан-жануардың бәріне жаны ашып, т... керек. Сонда «уайтайзы лықырби»- орнына келеді.

Алла тағала бұл үш нәрсені бұйырған. Соңында үш нәрседен пенделерін тыйылмақ пенен наһа қылды. Бұл: «Тыйыл, қылма!»- деген нәрселерінің бірі- фықыш. Бұл фықыш деген жұмыс нәпсіқой арзусының фыратқа кетуінен табылатұғын жұмыстар: зина, улата, онан басқа бұзықтар.

Бірі- мүнкір. Бұл «мүнкір» деген жұмыс- ашу қуатының фыратына кетуменен табылатұғын жұмыстар: кісі өлтірмек, кісі малын алмақ, солар сықылды ғәділдіктен шығып, залымлыққа айналатұғын пиғылдар.

Бірі- қабғие. Бұл бығи деген ғақылға махалғыт болған істерде хадтен тажауыз болып, адам жұмыстамайтұғын жұмысқа қол ұрып тәжбір өткірлікке айналып кету. Һәмірүдтің пырағын ғылия мастыққаныңмен, «Құдаймын!»- деп құдайлық дағдысына (дагойсына) кіріскені секілді. Киғузкімуе үгіт- насихат береді. Құдай тағала сізлерге бұйырған нәрсесін қылуыңызға, тіл дегеннен тыйылуыңызға қағалкім таз керуен шайдан сахитлар нұрсыз үшбу айт бірлан хайраны өшірді. Сен косып түгелдеп айтқан бір аят дүр. Сол үшін хатиплар әр намаз- жұмада құтпаның ақырында оқымақ бірлан мамур болдылар.

Мәделі Жүсіпқожаұлы өлеңі

Бәйтерек, Байзаққа (үшінші нұсқа)

Бәйтерек, Байзақпен мақтап жүрген [256].

Осы [ма] бар ақылың сақтап жүрген?!

Бұл болса, бар ақылың сақтап жүрген,

Жеп кетер бұратараң жақтап жүрген.

Ер өлер, ерегiссен, намысына,
Аркада Аргын тыңлар дабысына.
Дулаттың төрт баласы- төрт өзенсiң,
От койма, ерегiсiп, камысыңа!

Белбeудi, бел кышиды, шешерiнде,
Жылкы мал тебiспейдi өсерiнде.
Бәйтерек, Байзақ пен екi керуен,
Тастама жұртқа шала көшерiнде.

Ұл туса, ата безер, өзiм деме,
Жақсыны- «Жат», жаманды: «Көзiм!»- деме.
«Битке өкпелеп, тонынды отқа салма»,
Бактияр, өз етiңдi өзiн жеме!

Сiзлердi «Ел кылсақ!»- деп, кылдық талап,
Дулатқа аға болдын кұдай қалап.
Аркада Шоң, Торайғыр жауласқанда,
Өлеңмен елдестiрген ақын Жанак.

Өлеңiм- перен мылтық сегiз кырлы,
Баршаңыз бiлесiздер бiздiң сырды.
Сiздердi: «Шоң, Торайғыр!»- деп келдiм,
Бiздi көрмейсiз бе Жанак кұрлы.

Қосында не ерлер бар ту ап келген,
Болар ма мұнан артық жауап деген.
«Екi адам ашуланып, араз болса,
Екеуiн жарастырмақ сауап!»- деген.

Ерлердiң қосындағы жамансыз ба,
Елдегi телi-тентектi тыймайсыз ба?!
Екеуiннiң жарасқаның сауап болса,
Қожаңызға ол сауапты қимайсыз ба?!

Аралас акку, тырна бiрге жатқан,
Мергендер шакпак тасын қырнап жатқан.
Мылтық атсаң, Дулаттың баласы өлер,
Қоңырат өлер дейсiң бе Сырда жатқан?!

Мәшһүр Жүсіптің «Ишарат өлең» туындысы

«Әліф» болған бойымен тұра алмады,
Тымыслықтан ол мойын бұра алмады.
Жалғыз жарсыз жалғанда болғанлықтан,
Аз өмірде бір дәурен сүре алмады.

Бір ноқат жоқ жан біткен қалып болды,
Жыстыдына қалыптан салып болды.
Дүниеден «дәл» менен «уау» сен таппайсың,
Қарайғанның бәрі де «әліф» болды.

Жақсылыққа жақсылық табылса [нық],
(Тақта қалды жан біткен бола алмай жұп).
Ерке егізлік ешқайда болмады жұп.
Кімді көрсен, теректей құр қақиған,
Тымырсық тас болуға бек ұнап құп.

Қарасаң, не нәрсе бар Күннен жарық,
Көріп тұр мұны көзбен барша халық.
Күннің ашық-жабығын сұрап қара,
«Жарық!»- деп, жарқанаттың айтпасы анық.

Мәшһүрдің, жұртқа таныс, жазған хаты,
Алашқа ақындықпен шыққан аты.
Болса да жарық күндей, жақтырмайды,
Адамның сұмырай туған жарқанаты.

Зығғыран (зығпыран) көрінісі көзге нашар,
Мұрынды ісі жарып, кеуденді ашар.
-Күнжара, сабан емес, немене?- деп,
Осқырып, одағайлап, есек қашар.

Бар ма, айтшы, көбелекке оттан пайда,
Даяр болар, саулап от, жанған жайда.
Құр жалпақтап, барғанмен, көріп отты,
Бас-басына пәруана болу қайда?!

Көзіңе шырай берер гүлдің түсі,
Ашады, адам көңілін, көрінісі.
Қарақоңыз қатады у жегендей,
Мұрнына тиген жерде гүлдің ісі.

Бұлбұлға, өлім қыстай, гүлдің жоғы,
Гүл көрінсе, не керек ашы-тоғы?!

Гүл майын караңоңыз жактырмайды,
Онына мішік жұғар аттын боғы.

Десен де: «Өз сөзіме- өзім бір хан»,
Бір күнде ықтиярсыз диірменде ақ[тарылған].
Ісімнің басқан-тұрған бәрі- күнә,
Тілмен емес, діліммен аткарыл[ған].

Дүние алдаушы

Жазылмай бір сөз қалды аты жаман,
Түсерсін, жазбасам да, айтқан заман.
«Тап ененді!..»- деген соң, білер дедім,
Ауыз ұшқыр болғанын, колдың- шабан.

Білем десен бұл сөздің переводын (перуатын),
«Нәпсікой!»- деп шақыр, бауыр атын.
Шайтан малғұн болғанда, дүние- алдаушы,
Бірі байы болғанда, бірі- катын.

Адам ата, ол Хауа ана болып сонан туды, қанша жан дана болып,
шайтан мен дүние басын қосқан жерден туды. «Нәпсікой пәле (бала)
болып кім?»- десен, нәпсікой сол «бауырың» табылды, адаспасын,
жаңа ауылың аралас бұршақпен қар жауып өткен отамалы сәуірдей
(тәуірдей) бір жауын.

1907-інші жылы 8-інші апрель... жексенбі күні жазылған сөз еді,
қой жылы, қырық тоғыз жасында.

Бұрынғылардың батасы

Ақылдың құлпысын берсін,
Токаның жылқысын берсін!
Қара судан көп салып өткен-
Толыбайдың жолын берсін!

Арқадағы Абылайдай даңқ берсін,
Бұхарадағы Даниярдай бақ берсін!
Қойсоймастың үйін берсін,
Қойкелдінің қойын берсін!
Боктыдай байлық берсін,

Байкелді, Бостандай мырзалық берсін!
Азнабай, Сапақтай бол,
Байқонды, Бапақтай бол!

[Бұқар жырау сөзінен үзінді].

Сен, Қанжығалы –Бөгенбай,
Тақымы кеппес ұры едің,
Түн қатып жаңа жү[r] едің,
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қашан жауға тіредің?!

Жәуке шешен

Қазақ жұртында Орта жүз- Арғын тайпасынан-«Аққошқар-
Сайдалы» атанған [257].

«Абылай аспаған сары бел» (бірінші нұсқа)

Ғаламда он сегіз мың жан болыпты [258].

Төлеген қожаның өлеңі

Кешегі өтіп кеткен хан Абылай [259].

Қаржас пен Қанжығалы дауы (бірінші нұсқа)

Нұрқан төре, Бапан би: Қанжығалының бірі- төресі, бірі- биі
[260].

Шорманның жас кезі

Шорман деген кісі он үш жасында әкесі өліп, жетім қалып, «Шор-
ман бала» атанған екен [261].

Едігенің Тоғаспен құда болуы (бірінші нұсқа)

Едігенің бала жігіт, жаңа үйленген кезінде үйінің сыртына он кісі
түсе қалды [262].

Едігенің бата қылғандағы әңгімесі

Әуел Едіге, орта Едіге, ақыр Едіге,- осы үш Едігенің бірі болған
Едіге би- осы кісі [263]. Әлі осы күнге шейін «Едігенің майлы жұрты»-
дейді. Бұл кісі Жиделібайсын барып, Хысарқолаптан келе жатып,
Бұхарай-Шәріпте бір мешітте намаз артынан бата қылғанда, қолын
жеңінен шығармай, бата қылыпты. Сонда мешіттің имам молдасы:

– Биеке, бата қылғанда, қолыңызды жеңіңізден шығарып бата қылыңыз, Құдайдың рахметі жауады,- депті.

Онда Едіге айтыпты:

– Ол рахмет қайдан келеді?- депті.

– Жеті қабат көктен келеді,- депті.

– Жеті қабат көктен өте ала ма?- депті.

– Өтеді,- депті.

– Там үйдің төбесінен өте ме?- депті.

– Өтеді,- депті.

– «Жеті кабақ көктен өтіп келген рахмет, там үйдің төбесі: сылап тастаған балшық пен тақтайдан өткен рахмет – екі қабат шүберектен өте алмайды»- дегенге кім нанар?!- депті.

Молда дәнеме айта алмапты. «Сөз тапқанға – қолқа жоқ»- деген осы.

Итемген би әңгімесі

Бұл Едіге бидің немересі Итемген Шоңбаласының қырық жылқысын ұры алып, сол жылқысына сұрау салу үшін, Қуандықтың бір зор жиын ат шаптырған асына барғанда, бір Қуандық айтыпты дейді [264].

Қырым, Ноғайдан бір әңгіме

Қырым «Қырық сан Қырым» атанған [265].

Наурызбай мен Жанқабыл қақтығысы (бірінші нұсқа)

Бес Жаппас-Төлен байдың жеті баласы болған [266].

Оташының бір сөзі

Есмырза деген байдың Аманжол деген шешесі өлгенде, өлігіне бір түйе байлай алмаған екен. Көп ұзамай, кедей болып қалыпты. Сонда күндердің күні болғанда, сол Есмырзаның Ежен деген баласының шешесі Аймақан –Сайдалының қарындасы- алдында жабулап баққан бес-алты арық қой бар, жаяу отын арқалап келе жатқанын көріп, Шыңқозы-Оташы деген айтты дейді:

Аманжол Есмырзадан түйе алмаған,

Есмырза дүйім жұрттан ұялмаған.

Бес тоқты- айдағаның, арқанда- отын,

Құрысын сүйткен дүниең қия алмаған!

Қаржас пен Қанжығалы дауы (екінші нұсқа)

– Керей, Қанжығалыға бітімге баралық!- деп, Шорман Шонға келгенде [267].

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (екінші нұсқа)

Қуандық асында Жананның қараласы келген жолы, Қуандық:
– Жері жақын болды, қайта шаптырамыз!- десіп, болмады дейді [268].

Шорманға бір бәйбішенің сын айтуы

Есіл бойында Қарақозған, Қарабай, Шорман,- он шақты кісі өрдегі Қуандыққа жолаушы болып барыпты [269].

Бір кедейдің тапқырлығы

Өрдегі Байжігіт, Қызай, Садыр, Матай сол жақтағы Керей деген елмен барымталас болған екен [270].

Ақтабан шұбырынды

Қазақтың ең алғаш көрген жұты- Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама [271].

Тәйтеке мен Кетебай сәлемі

Өтетілеу- заманында төрт Шөмекейге қараның ханы болған [272].

Шағын дерек

Уәлиханға Ошақты көлде ас берді. Біздің Сүйіндіктен Шоң би бас болып, жиырма бес кісі жүрді. Лабаның Тосын (тусын) атын алып жүрді, Жананның көк ала жорғасын алып жүрді. Бес жүз жиырма бес [525] ат шабылды. Басқы аттың бәйгесі- бес жүз, ең басы- «Еркек жетім». Жорға бәйгесінде ханның Сырганақ жорғасы мен Жананның көкала жорғасы талас келді.

Орынбай Бертағыұлының (1813-1891) «Абайділда ханға» өлеңі

«Бозайғыр»- былтырғы өткен елдің жұты [273].

Борібайдың «Әудемжер» өлеңі

Әудем жер жүре алмаймын белім ұйып [274].

Едігенің алғашқы билігі

(екінші нұсқа)

[Құлназар деген кісі өлтіріліп, оған құн берілмегені, соған арналған Бөрібайдың «Құн дауына» өлені келтірілгеннен кейін орын алған мәтін-Г.Ж.]. Замандардан замандар өтіп, кеше Шоң, Торайғырдың әкесі Едіге ат арқасына мінген соң, он төрт жасында осы құнды іздеп атқа мініпті. Сонда Едігенің соңынан Арғынның аткамінері еріп, бірге мініпті. Шу деген өзеннің бойына барып түскенде, Арғыннан барған тоғыз үй кісі болыпты. Ұлы жүз-Үйсіннен де, Кіші жүз-Алшыннан да адам келіп, Үш жүздің баласы бас қосыпты. Сонда үш жүздің баласы қазақта жалғыз осы құн дауынан басқа тоқты дауы жоқ болыпты: халықтың тынышлығы сондай екен.

Бесіннен төмен намаздыгерден жоғары- жұрт бас қосып, бір-бірімен аман-есен айтысып, мәз-мейрам болып, кенеліп отырысыпты. Намаздыгер оқу үшін, жұрт тарқай берген қарсаңда Ұлы жүздің тобының ішінен ұзын бойлы, иір қара кісі үстінде нар жүн шекпені бар, Едігеге тікіленіп туралап тұрып айтты дейді.

– Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен? Алмасың болса, мойным бар, асылың болса, қойыным бар. Бұ сөзімді ойлай бер!- деп, жүре беріпті.

Сонда Едіге:

– Биеке, кішкене мойныңызды бұрып кетіңіз,- дегенде,
Әлгі сөзді айтқан кісі түрегеліп тұрып, мойнын бұрыпты.

Едіге айтыпты:

– «Кигіз кімдікі болса, білек сонікі. // Ауыз кімдікі болса, сөз сонікі». Кен (Һән) шыққан жеріне қайтып сыймайды, // Сөз шыққан жеріне қайтып сыймайды. Жарлық өзіңізден болғанда, жабдық өзіңізден болсын!- депті.

Ұлы жүз кісісі кетіп қалып, Орта жүзден барғандар отырысып қалған соң:

– Әлгі ұзын бойлы, иір қара кісі кім болды?- десіп, отырғандар бірінен-бірі сұрапты.

Сонда танығандары:

– Ол- Ұлы жүз-Үйсін-Төле би деген-сол!- депті.

Едіге айтыпты:

– Төле би сол кісі болса, мен біттім!- депті.

– Сен қалайша біттің, не алмақ болып біттің?- депті.

– Ертең ертемен «Алты атаның ұлы» Арғынға алты ат бастатқан «тоғыз» келеді. «Төрт атаның ұлы» Төртуылға төрт түйе бастатқан «тоғыз» келеді. Оны қылса, жалаңаш қыз мінгестіріп береді: «жар құн»- деген сол болады!- депті.

Айтқандай-ақ, ертен таң атқан соң, «Алты атаның ұлы Арғынның жолы»- деп, алты ат бастатқан «тоғыз» келіпті. «Төрт атаның ұлы Төртуылдың жолы»- деп, төрт түйе бастатқан «тоғыз» келіпті. Қолынан ұстап, жалаңаш қыз беріпті.

«Ердің құны- есебін тапқан сабазға екі-ақ ауыз сөз»- деген осы Үйсін- Төле би мен Едігеде болған екен. Бұл екеуі де- он жетінші ғасырдағы адамдар.

Тайкелтір би

Айдабол бидің бәйбіше қатынының баласы: Жанқозы, Малқозы; ортаншы қатынының баласы: Аққозы, Бозқозы, Қарақозы [276].

Байдалы шешен

Ұлы жүз Үйсінде бір қыз өз күйеуін менсінбеген турасында [277].

Байдалы және Айғаным (екінші нұсқа)

Бұл Байдалы би қартайғанда, нашар, малы аздау болыпты [278].

Қаһарлы Жанак

Сілеті деген өзеннің бойында «Соксаңсоқ» шатының тұсында Жаңабатыр бидің баласы «Қаһарлы Жанактың» моласы бар [279].

Сақау ақын және Боштай

Сақау ақын айтқан екен:

Еламанның баласы Тұрсынбайсың [280],

Арманың жоқ жалғанда мұңсыз байсың.

Бәзілің- бай, Боштайың- дуанбасы,

Бір Алладан басқадан қымсынбайсың.

Боштай аға сұлтан болып сайланып, Омбыға барып келгенде, самаурын алып келген екен. Онан бұрын қазақ ішінде самаурын келген жоқ екен. «Баласының амандағын білемін»- деп, ертең таң атқан соң, Тұрсынбай «батыр» Боштайдың үйіне кіріп келгенде, көзі самаурынға түскен жерден-ақ:

– Ау, мына бір сарыбас жылан қайдан шыққан?- депті дейді.

Айтқанындай, самаурын «сарыбас жылан» есебінде болды. «Неге?»- десеніздер, самаурын ұстаған үй май жия алмайтұғын болды. «Бауырсақ пісіреміз»- деп, бұрынғы заманда соғымға сойған қойды бітеу бойымен төстіктей керіп, қақтап, жазғытұрым наурызда бұзып бастайды екен- құрттамай. Жент деген асты наурызда бастап жейді екен. «Онда басталмаған ас арам болады»- десін.

Енді осы күнде қой сойса, майын: «Бауырсақ пісіреміз»- деп, сылып алатұғын болды. Қаймағы болса, «шайға құямыз»- деп, май болса, «бауырсақ пісіреміз» -деп құрт-майдың майы қысқа жетпей таусылатұғын болды. Қазақтың бірсыпыра малы ақшаға сатылып, ол ақша шай-кантқа ұсталып, қайда кететұғыны белгісіздей болды.

Ташкент пен Қытай қариясы әңгімесі

Ташкент шаһарының бір қариясы Қытай жұртына жолаушы болып барыпты. Қытай жұртының бір қариясы мұнан сұрапты:

– Сіздің жұртқа біздің шай барды ма?- деп.

– Барды,- депті.

– Барғанын білейін, халқын беліне не буынады?-депті.

– Шүберек белбеу буынады,- депті.

– Жақын маңайларында көшпелі жұрт бар ма?-депті.

– Бар,- депті.

– Ендеше сол көшпелі жұрттың аркасы екен: жұртыңның шүберек буынып тұрғаны. Болмаса біздің шай барған жеріне жіп буындырмай қоймайтұғын еді,- депті.

Белбеу алатұғын ақша шайға жұмсалып кеткен соң, жіп буынбай қайтеді? Шай бармастан бұрын Ташкент жұрты күлдәріден басқаны буынбайды екен. «Күлдәрі- деген жигак белбеу болады, белге қуат береді»,- деп, бұрынғылар теп-тегіс күлдәрі буынады екен. «Жигак

белбеу- бел көркі, // Мотор жігіт- ел көркі», «Қызлар он беске жеткеш- те ең болмай дүр өз еркі»- деген Ноғай абызларының өлеңінде бар.

Боздақ би

Бестеректің түбінде

Бес үйлі Ағыс демесін [281].

Тағы бір дерек

Баянаулада «Мырзашоқы»- деген таудан- сонда Торайғырды ұстап, Омбыға алып кеткен, 70 күн жатқан. Хызыр деген сарттың үйінен сиырдың сүтін алдырып ішіп, Шон би бұл жақта дуан салдыра бастаған. Сонан соң жіберген. Биыл 75 жыл дейді.

Айдабол ішінде Ыстыкмұрт Бұқабай қажы айтты коян жылы:

– Жылқы жылы жұт болған. Сол жұтты жұрт «Бозайғыр»- атаған.

Келер жылы қой жылында Абайділда қайтып келген. Сонда Орынбай ақынның айтқаны:

«Бозайғыр»- былтыр өтті ау елдің жұты [282].

Қалада бес сом болды ұнның пұты.

Орта жүз, ризығың бар жұрт екенсің,

Хан келді: «Абайділда- елдің құты».

Едігенің көрген түсі (екінші нұсқа)

Едіге би Борсық бәйбішеге бейсенбі, жұмасыз күні қойнына жатпайды екен [283].

«Үндемесе де Бабыр еңбегі» дегеннің мәнісі

Үйсін-Төле мен Едігенің «Ердің құнына» бітiскен бітімі. Едіге он төрт жасар бала күнінде, Едігеге Үйсін-Төле тоғыз «тоғыз» беріп қайтарған екен [284]:

– Менен соң Үш жүздің баласына үлгі айтасын!- деп. Сол тоғыз «тоғызды» елге алып келіп, таратқанда, бас «тоғизын» Бабырға берген екен. Үндемесе де, Бабыр еңбегі»- себебі сонда екен.

Бір шежіре үзігі

Қозған да: «Оразкелдінің баласымыз»- дейді, Малай-Жәдігер де: «Оразкелдінің баласымыз»- дейді. Қаржас та: «Оразкелдінің баласымыз»- дейді.

Екі қатын болған екен: бірі- Қанжығалы қызы, бірі-Байбөрі қызы. Бірінен-Шөптеміс, Көшімқұл, Мәлік. Мәліктен тұқым жоқ.

Көшімқұлдан- Төлебай, онан- Мыстығы, онан-Құдайкұл (бұрынғы аты- Бұкабай), онан Иақып, онан: Жасыбай, Жастыбай.

Бір Оразкелді қайсысына жетеді?

Едігенін көрген түсі (бірінші нұсқа)

Едіге бидің балалары қатынының бойына бітерде көрген түсі. 1. Шоң биде- кара бүркіт ұстадым [285].

Сарман мен Шоң би

Шоң би бір шаруа жөнінен ақылы алты тарап болып отырғанда, бір-екі даугерді Сарманға айдап жіберген екен [286].

Торайғырдың шешендік өнері

Әкесінің аты- Едіге, шешесінің аты- Борсық бәйбіше: бесеуі бір саптан, бір қаптан,- қалай Құдай тағаланың жаратуы [287] ?!

Торайғырдың құн беруі (бірінші нұсқа)

Жаздың күнінде ел жайлауда отырған мезгілде Торайғыр, Шоңның жылқысына түнде жау тиді дейді [288].

Торайғыр тапқырлығы

Өлейін деп жатқанда, жалғыз баласы Әбет мырза:

Әке, қалай боларсың? – дегенде [289]...

«Хаятбақшыда» қолданылған сөздер мәнісін

Мәшһүр Жүсіптің саралауы

Ақ қағаз- адамның көңілі, кара сия- нәпсісі [290]. Қалам- ғақыл. Ақ қағазды өз бетімен төгілген сия қандай былғайды, нәпсі хәм көңілді сондай былғайды. Қара сияны ақ қағаздың жүзіне қалам жүргізсе,

қандай орынға жарап кетеді?! Ғақыл һәм нәпсіні билеп алып, көңілге күшін қосса, қандай жұмыстар орынға келіп, жайлана бастайды.

«Бірінен бөлінбейді бірі қалып»- дегені- «Көңіл, нәпсі, ғақыл, бірінсіз бірінің күші жоқ»- дегені.

«Бір шым жанды жанға қосқандарға»- деген сөзді айтқыл ұққанға, жанды жанға сұққанға, жан құлағын салып тыңдаушыларға айтып жатырмын!» - дегені. Есебі: «Бұл айтқан сөзлерім- жанның азығы, жанды тірілтетұғын сөз»- дегені. «Хаятбақшы»- деп атаған себебі- сол.

«Болмайын ешкі менен қойға қасап» [дастанның алтыншы жолы]- дегені: «Бұл өнерімді біреуді мақтап, біреуді боқтап; сондайға жұмсай бермейін!»- дегені.

«Құлқын болса, сен де бол өтетұғын» [оныншы жол]- дегені: «Құстың жататұғын нәрсесі өзінің бөтегесіне қарай болады. Дүрдің тасы түйекұстың бөтегесіне сыймаса, өзге құстың бөтегесіне сыймайды, «Мен айтармын-ау, бірақ сыйғызып алатұғын сенде бөтеге болса!»- дегені.

«Көшің барып қамалмай, қоныс сайла»- дегені: «Өзінді жұрт көрдің басына көтеріп алып барып қалмай, сонан бұрын жабдығыңды ойла!»- дегені, Қанжығаға байланатұғын қарулар Құдайға жағатұғын жұмыстар - даяр, қолыңда болсын!»- деген сөзі. «Охалекке сен Мәшһүр жұртқа пайдалы, жұғымды кісі емессің; адам ұрттап алмайтұғын ащы сусың!» Ащы теңіздің қайнауыменен садаптар бетіне шығып, абрахмет жаңбырының бір тамшысын жұтуменен дүрдің тасы болады. Шайд, сен де сондай сөйлей берсең, бірі болмаса, бірі іске жарап, сөзіңе алушы табылып қалса, ғажап емес!»- дегені.

«Өліп қалсаң, мидай тақыр болғаның: Өлмей тұрып қайнап қал, тілің барда сайрап қал»- дегені.

Халық –жұрт сені «Мәшһүр»- дейді, неменеге Мәшһүр дейді? Мәшһүрлікке лайықты сөзің болса, сонда жұрттың айтуы шын сөз болады. Егер де сенің сөзің Мәшһүрлікке лайық болмаса, онда тамам жұртты жалғаншы қыласың. Жұртты жалғаншы қылмай, сөзіңді данқыңа лайықты қылып сөйле.

«Көзіңді ашық қылма, көңіліңді ашық қыл. Бүдүниенің дәнemesіне қызықпасаң, бәрінен көз жұмсаң, сонда көңілің жарық болып ашыла-

ды. Көзің үйдің түндігі сықылды, оны жап. Көңіліңді жарық кылып, көңіл шамын жак»- дегені.

Коршап тұрған жау ғалия лағын[ғ]а «Алла!»- десен, ол малғұн кашады. Өз бойыңнан не тамаша көрсен, оны жаратқан Алла тағаланы іздеп (излеп) табуға тырыс. «Онашаға» [«Елден шықтым мен аулақ оңашаға»- 3 том, 114 б.]- дегені: Көзге көрініп тұрған емес, көрінбеген нәрседен сөйлеп жатырмын. Құлағыңмен тыңдама, бастағы миыңменен тыңда!»- дегені.

Осы күнгі жүрген жанның көбі өлік есебінде. Оған қазып көмуге көр қажет емес. Әркімнің өз денесі- өзіне көр. Адамның денесі- бір капас. Жан- онда асыранды құс. Оның қорегі- жақсы сөз. Өлік жан есепті адамлар дәнемемен ісі жоқ, хайуанларша ішіп-жеп, өзін тоқ кылып жүргеніне мәз болады. Жанын тірілтіп ұстағанлар пайдасын дүниенің жүзінде қалдырады. Өзі өлсе де, аты өлмейді, Мен бұл дененің (дүниенің) тұрған ғаламынан сөйлеп жатқаным жоқ, жан ғаламынан сөйлеп жатырмын. Есебі ан хазіретіміздің рух-шәріптері ғалам ғұлауайдан – ғалам шұғылаға келерде қай тариха мешіт болды? «Онда бұрынғы өткен нәбилерінің, әулиелерінің рухлары алдынан тосып алған жерін айтады»- деп, далбасаланып, «Соқыр, мешел бара алмас өншең даулы» [3-том, 114 бет, 46 тармақ]- дегенім: бір соқыр менен бір мешелді бір адам неше түрлі жеміс еккен бау-бақшасына отырғызып қойыпты күзетші кылып: «Мынау соқыр да, мынау мешел- екеуі де өз бетімен жемістерге залал кылмас!»- деп. Және бұларға айтыпты:

– Не керек дегендеріңді өзім өлшеуменен жеткізіп тұрайын. Өз беттеріңмен бір ағашты сындырып, бір жемісті бүлдіріп, киратып тастамаңдар!»- деп.

Сонан соң бұлар сол бау-бақшада отырып қалған соң, ағаштың әр түрлі жемістері пісіп, көркейген уақыты болып, қызықты болған шағында мешел соқырға айтыпты:

– Уа, дүние шіркін, аяғым сау болса, ана көрініп мөлтілдеп тұрған жемістерді тұрып барып, үзіп алмас па едім?!- депті. – Көзің соқыр болса да, аяқ-қолың сау ғой, сен барып алып келсейші! Екеуміз бірлесіп жеп, кенелейік!»- депті.

Онда соқыр айтыпты:

– Сен аяғың жоқ болса да, көзің барлығынан көріп айтып отырсың. Мен қасымда отырған сенен басқа ненің барын, ненің жоғын қайдан білейін? Ондайды тұрып барып алып келуге жарайтұғын болсам, сенің қасыңда отырмас та едім,- депті.

Мешел айтыпты:

– Олай болса «екі жарты, бір бүтін» болайық. Сен мені аркалап алып жүр. Менің: «жүр»- деген...

Мәшһүр Жүсіптің «Адам екі түрлі» өлеңі

Бисмилла- сөздің басы, Хақтың аты [292].

Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге

Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге [293].

Нәпсіңді атқа мінгізбе

Қалмады ойлай-ойлай басымда ми [294].

Апқау адам туралы

Иесі білер сырын мінген аттың [295].

Мәшһүр Жүсіптің тырнамен айтысқаны

Сөзіме сүйінер дос, күйінер дұшпан [296].

Мәшһүр Жүсіптің қарғамен айтысы

Түн ұзап, күн қысқарып, болды қазан [297].

Дүниеге көңілі қалғандықтан, сөйлеген сөзі

Жалғанда мен өлеңді кылдым ермек,
Көп сауап бейшараға қайыр бермек.
Дүниенің опасызы: кетпек, келмек,
Бұрынғыдан соңғыға қалған өрнек [298].

Хат жазар қалам алып ғылымдылар,
Сөйлемес жаман сөзді білімділер.
Пендеден алып пенде бай болмайды,
Құдайдың бергенімен күніңді көр!

Дос тұтып, бұ дүниеге кім айналды (айланды),
Қоймаған Дәуіт ұғлы Сүлейменді.
Бұзылып әсіресе біздің заман,

Көлдей боп кой тоғытқан, ылайланды.

Бір күні калар акыр сөздеріміз,
Өлеміз, каза жетсе, өздеріміз.
Бір түн өтіп, ертен күн таң атуымызға,
Жетпейді не болуға көздеріміз.

Бұл күнде есек пенен ат та бірдей,
Жарамас нәкес пенен зат та бірдей.
Барады не не ерлер құсаменен,
Ай өтіп, отыз алты һағыт күндей.

Көріп жүр кезек-кезек абактыны,
Күн болар келіп калса, қабат күні.
Далаға балапанды жорғалатып,
Қапаска қамап жатыр қанаттыны.

Акыртып арыстандай шерді жығып,
Үстіне ойнақтап жүр түлкі шығып.
Қабанға, касқыр менен қалып тоғай,
Жатақта арыстандар қалды бұғып.

Қадірлі ата-баба асыл тектен,
Орыстың малайы озды косын жеккен.
Қан жеген ауқат үшін сауысқандар
Дәмелі осы күнде қаз бен жектен.

Сенбе[ніз] атаң байдың байлығына,
Дүниенің, көз жетпейді айнуына.
Орынды аталары асыл тектен-
Ақша алған малай озды айлығына.

Сенбе[ніз]: «Жанның бәрі дос еді!»- деп,
Жігіттің, жарлы болса, өсегі көп.
Қолынан малың кетсе, ешкім күтпес:
«Кешегі бай баласы осы еді!»- деп.

Бұ күнде «жаксы» бар ма, малмен жаксы,
Жаксы атың бір шықпайды, болсаң тапшы.
Ер жігіт шешен болып, малсыз болса,
Топтағы айтқан сөзін не болмақшы?!

Сөзінде бай адамның мін болмайды [299],
Бай болсаң, жұмыскерің кім болмайды?!
Ер жігіт шешен болып, малсыз болса,

«Рас!»- деп, айтқан сөзің шын болмайды.

Кедейлік кетіреді сыныңызды,
Бар болса, мал жабады, мініңізді.
Бұ күнде тіл сөйлемей, мал сөйлеген,
Көре бер өйтіп-бүйтіп күніңізді.

Жүргеннің, бәйтерексіз, басы- жекен,
Төбеттер, қойға жетпес, шалды бөкен.
«Қарағай басын шортан шалды»- деген,
Тап осындай, ойлап тұрсам, заман екен!

Ит дүние

Бұ дүние жолдас емес адамзатқа [300],
...Бұ дүние зайырына тым-ақ шырын,
Арнасаң, кетіресін ердің түрін.
Әулет адам жаралған барша жанды,
Келесің бәрін тастап бірін-бірін.

...Артыңнан иең қуып, өкпесі өшер,
Қайта оған қуанасың, қайғырмайсың.
Сахидан ат-тоныңды ала қашып,
Сараңнан табаныңды тайдырмайсың.

...Бабынды, дүние, сенің, адам таппас,
Үйінде батпаушылар тыныш та жатпас.
Басыбайлы, саған құл, дүние жиған-
Мал сойса, сейсенбі күн, саған жақпас.

Мәулана Руми туралы

Мәулана Руми кітабын қалай бастырған? Ескі Иран ертегісі. 1916-ыншы жылдың 183-інші номерінде «Қазак» газетінде орысшадан тәржіме қылған переводчик сөзінен: «Молда Мәшһүр Иосиф Көпеев насыбай екшеп жүрген жастардың қолынан жұлып алып, көре сала әулие сөзі аяқ асты болып қалмасын!»- деп, ақ қағазға жаза бастаған. 1917-інші жылында 27- майда.

Зор ақыл, һәм көп оқумен Мәулана Румидің халық арасында даңқы шықты. Оның даңқы Иранның сыртына шығып, алысқа жай-

ылды. Оған алыс жерлерден көп адамдар ақыл сұрауға келуші еді. Бәрі де онан қайтқанда, дүниеге осындай білікті адам жібергеніне Аллаға риза болып қайтушы еді. Бірақ Мәулана Руми бұл данқына риза болмады. Халқына көбірек білім үйреткісі келді: «Менің білімімді азғантай ғана адам үйренеді»- деген пікір. Бұл Мәулананы зор қайғыға салды: «Халық арасына бегімен қалай жоюға болады?»- көп хабар кылып, ақырында көңіліне жеңдіріп, бір кітап жазуға тоқтатты.

Әр адам ішінен таза пікір тапқандай һәм оқыған сайын таза-рып, тәуір болғандай жақсы, таза кітап жазғысы келді: «Менің нашар аяғым баспаған жерлерді кітабым аралайды. Иранның шеткі түбегіне шейін қалдырмай, хүндістанға жайылады. Оқыған адамдардың көзін ашады».- деп, қуанышты көңілмен, жарық үмітпен Мәулана Руми қызметті қолға алды. Алты жыл тұтас күнбе-күн жазды. Әр сөзін ойлады, әр ойын тексерді. Қызметі бірте-бірте бітуге жақындады. Бір ыстық күні терең ойға қалып, молда (мәулана) өзінің әдетінше бір сулы апанның (бұл «апан» дегені- казакша «түсіремін»- дегені- кішкене көлшімектей). Таспен шегендеп тастаған хауазының (хоуызының) жағасында отырған еді. Енді бір азырақ жол жазған соң, алты жылдық ұзақ қызметін бітірмек еді.

– Не жазып отырсың, шайхы?- деген артынан дауыс шықты.

Молданың бойы шымырлап, қайырылып қараса, жұпыны киінген, ұзын ғаса (аса) таяққа сүйенген бір кісі тұр екен. Бет әлпіне (әлпетіне) қараса, бұл кісінің қайраты шығып, оты жанып тұр. Көздер[і] сұстія қарап, нұры жайнап жарық шашып тұрған секілді болып.

– Мен жұрт үшін кітап жазып отырмын, жазғанымға алты жыл болды. Енді ақырына жақындадым. Сол себептен өтінемін. Жолаушы, қызметіме кесел болма, жөніңе жүре бер!- дейді.

– Мәулана Руми, қызметінді маған бер, қарайын!- деп, қолын созды.

Молда үндемей ұстата берді. Жолаушы кітапты қолына алып, әуелгі бетін қарап тұрды да, үндемей кітапты суға лақтырып жіберді.

Молданың қорыққаннан үрейі ұшып кетті:

– Қажетсіз (ныжатсыз) не істедің?!- деп, ол өзіне лайықсыз дауыспен айғайлап:- Неге сен менің алты жылдық қызметімді жоқ

кылдын. Неге сен кітапты суға лақтырдың? Оны мен халкымнын пайдасы үшін жазып едім!- дейді.

– Сенің кітабыңа өтірік сіңіп тұр екен. Сол өтіріктен сені, һәм сенің халқыңды құтқару үшін лақтырдым!- деп, ақырын-ақырын, бірақ нығыз қылып, жолаушы жауап қайырды.

– Қалай сенің батылың барды?!

– Бұл қызметке кірісуге сен өзің әлі қате түсінуде ағарылған жоқсың. Сен өзің әлі көптен қорқып, көптің ыңғайымен жүресің. Егер нашар қызметінді аяп тұрсаң, ал, мен оны қайырып берейін. Бірақ кітабыңды қайтып алсаң да, өзің де ақырға шейін жоқ қыласың!- деп, жолаушы асасын (ғасасын) суға салып, бұлғап-бұлғап, бұлғап судан кітапты шығарып алды.

Кітап судан құрғақ шықты. Мәулана Руми бұл кереметке таң қалды. Алдында тұрған тегін кісі еместігіне шүбә (шыбһа) қалмады. Молданың ақылы-ойы, барлық ағзасы- бұл танымайтын кісіні өлшеусіз сыйлайтын ретке айналды. Ол кісі көзін тігіп, молдаға қарап тұрып:

– Молда, айтшы, маған еремісің? Мен сені кітапты қалай жазуға үйретейін!

– Жарайды, ұстазым,- деп, молда даусын шығарды. Сонан кейін құлаштап, кітабын суға лақтырып жіберді. Танымайтын жолаушының соңына ере берді. Денесі, көңілі бір түрлі сезімге толып, бұлар үндемей тегістеу даламен біраз жүрді.

Бір жерде бұларға енді бір дария тап болды. Жағаға жақындап келіп, кереметті жолаушы шөлмектің үстімен жүргендей, судың бетімен батпай жүріп кетті.

– Мен қайтемін, ұстазым?- деп, молда дауыстады, кереметті көрген соң, жолаушыға инану (илану) бұрынғыдан да артып.

– Қорықпа, жүр соңымнан!- деген дауыс естіді. Мәулана Руми судың үстін басып еді, қатты болды. «Бұ не себептен?»- деп таңырқады. Көз ашып- жұмғанша молданың көңіліне сенімсіздік кірді: «Һәм кімнің сонынан еріп келемін?»- деген қорқыныш кірді. «Неге мен бұған нанамын? Бұл кім?! Менің иманым Аллаға қанша толық болса да, мұнан бұрын судың бетімен жүре алмайтын едім!»- деп, Мәулана Руми ойлап болмай-ақ сезді- суға батып бара жатыр екен. Молда қорқып кетіп айқайлады:

– Ай, ұстазым, айтшы маған: «Сен кім?!» Қазір толқын жұтпай тұрғанда, мен мүмин мұсылман болған соң, білгім келеді. Не себептен менің саған нануым керек? Алла мен Мұхаммедтің есімі (ісімі) де мені судың үстімен жүргізе алмап еді, қалай сен?!

– Мен-Шәміс, менің атымды айт!- деп, қысқасынан қайырды.- Мен нұрмын: Құдайдың құдайымын!

– Уа, Шәміс, Шәміс!- деп, Мәулана Руми ықыластанып дауыстады.

Сол сағатта молда судың бетіне шыға келді. Сөйтіп олар судан өтіп алып, ар жағындағы тұрған қалаға қарай жүрді. Қалаға әлденеше кадам жер қалғанда, жолаушы тоқтап тұрып, Мәулана Румиға айтты:

– Енді сен мен не бұйырсам, соны істейсің!

– Құп, ұстазым, тындаймын!- дейді.

– Жаксы, олай болса, қалаға барып, маған арақ сатып әкел.

Бұл сөз Мәулана Румидің құлағына күннің шатырлағанындай естілді: «Мұхаммед арақ түгіл, арақ дүкені бар көшемен жүруден тыйып еді. Бұл ұстазы шарифатқа қарсы нәрсеге жұмсады».

– Не айтып тұрсың, ұстазым?- деп, Мәулана Руми дауысын шығарып жіберді.

Жолаушы езу тартып күліп:

– Бар, менің не дегенімді орнына келтіре бер! Есінде болсын, не нәрсемен де әділ пайдалануға болады. Әр адамның өз шарифаты, өз заңы өзіне. Бірақ нағыз шарифат- Нұр жарық. Енді қалаға бар, тұрма!- дейді.

Мәулана Руми қалаға кетті. Бірақ молда арақ дүкеніне кіруге корқып, жүз кадамдай жақындап, бір қызметшіні шақырып алып, оған екі күміс ақша берді де:

– Біреуін өзін ал, біреуіне бір бөтелке арақ сатып әкел,- дейді.

Қызметші арақты ап келіп берді. Мәулана Руми арақты киіміне жасырып, ұстазына алып қайтты.

Шәміс алдынан шығып, молдаға суық сөйледі:

– Мен сенен бұл арақты алмаймын. Сен мені де, өзінді де алдадың. Қалаға қайта барып, өзің сатып ал. О не қылғаның: қызметші жалдағаның?! Киіміңе тығып жасырма, ашық қолыңа ұстап кел!

Мәулана Руми қайғылы көңілмен басын төмен салып, қалаға қайтып кетті. Арақ дүкеніне кіруге ол: «Көшедегі кісі арысын!»- деп,

күтіп тұрды. Халық сиреген кезде молда арақ дүкеніне жүгіріп кіріп, арақ алып, көшеге жылдам шыға келді. Арақ дүкенінен былай шыға бергенде, біреу сезіктеніп бұдан:

– Не алып барасың?- деп сұрады.

Мәулана Руми ұялғаннан:

– Сірке суы (орысша «уксус» дейді)- дейді.

Бұл жолы бұрынғысынан да Шәмис суық назармен қарап:

– Сен байғұс мені тағы да алдадың. Сен дүкенге кіруге көшедегі жұрттан қаймықтың, хәм сұраған кісіге ұялмастан өтірік айттың. Енді ақырғы рет бұйырамын: дүкенге барып, бір сауыт тығынсыз қызыл арақ сатып ал. Оны сәлдеңнің үстіне отырғызып, көше бойымен маған қарай билеп қайт. Арақ шайқалып төгілсін. Сорғалап аққан қызылы жұрттың көзінше ақ сәлдеңді бояп, бетіңді жусын!

Бұл сөздерді естіп, Мәулана Румидің тұла бойы дірілдеп кетті: «Егер ұстазының не айтқанын істесе, бұрынғы: «Такуа, сопы»- деген атақтан қол жуады, көптің қауымынан шығады, Білке халқы тәуір көруін қояды. Көп заманнан бері қосылып, көбейіп келе жатқан әдет-ғұрып (ғадет-ғұрып) аяққа басылады!».

– Уа, ұстазым, осының бәрі сонша неменеге керек?!- деп, ол қайғылы дауыспен сұрады.

– Сен кітабыңды жазғың келе ме?- дейді ұстазы.

Сол сөзді естігенде, Мәулана Румидің көңілі ашылып, жарқырап, қалаға қарай жөнелді. Батыл барып арақ дүкеніне кірді. Маңайындағы жұрттың сөккеніне қарамай, ұстазының айтқанын бұлжытпастан істеді. Арақ төгілді, үстін бояды, халық көрді. Мұның бірін ескермеді. Хыты (қате) көңілі ашылып, қуанышы тасып, жаны жайланғандай болды. Мұның алдынан Шәмис шықты. Бұ да көңілді екен, ықыластанып, шәкіртіне: «Құтты болсын!» - айтты:

– Сен өзінді жаңа жеңдін [301]. Бар, қаламыңды ал. «Халық әлде не қыл,- дейді?»- деп, енді қорықпассын. Мұнан былай қате түсіну көз алдына тұман болмас,- дейді.

Жазушы: П.Уршуат, переводчик- Қозбағар Жастабеков.

Шәмис, Тебриз болмаса,

Бейиман өле жаздым- деген сөз Мәулана Румидің өз тілхатлары еді,- дейді.

Және бұл зат- Шәріптің бір тілхаты,

Шәмiш диуананың iсi

Һүндiстан мемлекетiнде һүндi патшасының жалғыз ұғлы опат болып, атасы Бипаян гәм Дештiде қалып, тахыт тағырыпында өлген (ылған) риязиткеш сынастарын жақтырды.

Хазiрет сопы Аллажар айтады:

– Мұны бiлгiлге һүндiстанда хала үшәрке кәпiрiң санаса бала, яғни мұнан пайым (фахым) қыл. Сен һүндiстан жұртында хала бүгiнлерде һәм бар дүр. Кәпiрлерiнiн саннастары ас-су iшпей, iшер ас, жейтұғын тамақтан қалып, ұйықтар ұйқы, ойын-күлкiден қалып, өзiн-өзi кинауменен тауларда жалғыз жүрiп, жалғыз жатып, бара-бара желменен аспанда ұшып жүретұғын болады. Бұларды «саннас»- дейдi.

Бiздiң дiн исламда мұндай болмайды. Не үшiн ан хазiретiмiз салиалла тағала ғалия уассалам нахи қылды: «Ларһыба нитефи ла сiләм»- дейдi. «Мұсылманшылықта өзiн-өзi кинау дұрыс емес»- дейдi.

Мiзкөр патша саннастарын иғиып [жиып]:

– Сiзлер өзлерiңiздi осынша қинап: «Бiр жаратқан Құдайға жағымды боламыз!»- деп, әуре боласызлар. Егер де жаратушы Құдай барлығы рас (раст) болып, сiзлердiң бұл бейнетпен сол Құдайға жағымды болуларың шын болатұғын болса, Құдайларыңнан тiлеп: «Мына менiң өлген баламды тiрiлтiп берiңдер. Өлгендi тiрiлте алмаса, Құдайдың құдайлығы кайсы?! Оны қолқаларына ала алмасаңдар, сендердiң қылған құлшылықтарыңның iске жарап, орынға тұрғаны тиiс (катысы) болмаса, бәрiндi қылыштан суырамын!»- дейдi.

Саннастар бiрден шулап, патшаларына жауап қайырды:

– Шәмiш екi маллыт (миллет)- әрқайсысы өз дiнiмен Құдайға құлшылық қылады. Соның iшiнде құлшылығын ныхаятына [ниетiне] жеткiзгенi- өз басын дүние акырет азабынан құтқаруға жарайды. Өз басынан басқаға пайдасын тигiзе алмайды. Мұндай бiреуге жәрдем берушi Мұхаммед пайғамбардың үмбетiнiң Құдайына жақын болушыларынан табылады. Бiздi болымсызға кинама, болмашыға зорлама!- дейдi.

Жүз елу миллион һүндiстан мемлекетiнiң тахыт тәсiр пенде болған мұсылманларының ғылмау сылхаға бiдөзһидларын жидырып (иғдырып), саннастарға айтқанын оларға һәм айтты. Бұлар мыхлыт

сұрады. Бұл мұсылманның ғұламалары бас қосып, жиналысып: «Кімді табамыз?»- деп кеңесіп, «Шәмші диуана»- деген диуананы тапты.

Шәмші диуана қарақұрым кигізден кебенек киіп жүреді екен. Қойны-қонышы- арактың бөтелкесі, насыбай салатұғын нәскәді, наша тартатұғын қорқор, шырых- шырағада хылап болған нәрселердің құрал-саймандарымен толып жүреді екен. Өзі сайын далада, иа көп ұлыт молада күлехан салып отырады екен. Барша игі жақсы ынтығы құрып, іздеп келсе, көзіне көрінген шөп-шарды жиып, бір араға үйіп өртеп, өзі ортасында отқа қактаған төстіктей өзін отқа қыздырып, масайрап отыр екен. Бұл барған молдалар әдеппен сәлем беріпті. Бұлардың сәлемімен жұмысы жоқ, өзімен-өзі алданып, Мәсет мүсетағарак бола беріпті. Бұлар біраздан соң барған жұмыстарын айтып:

– Осы отырған бәріміз Мұхаммед Мұстафа ғалия әл салауат уассалам үмбетіміз. «Пайғамбар үмбетін кәпірдің қысымынан құтқарып, босатады ғой!»- деп, үмітпен келіп отырмыз,- деген соң,

– Мен сізлердің көңілдегі ойлағандарыңызды орнына келтірсем, онан соң мені сол жерде өлтіресіздер ғой!- депті.

– Жоқ, жоқ, диуана-еке, біз сізді неге өлтірейік? Көзімізге сүртіп, басымызға көтермесек?!- депті.

Диуана да үш қайырып сөйлепті, молдалар да үш қайтара айтыпты. Ақырында диуана әлмұқдар екен:

– Мен өлсем, өлейін, сізлер өлмей сау болыңыз!- деп, -Патшаларына барындар: «Балаң тірілгенде, беретұғыныңды бер!»- деп. –Аяқтарың жеткенше жүріп, қолдарыңа сыйғанша алып, ауыздарың толғанша жеп, ғарық олжаға бата беріндер! Айтулы күнде мен өзім көп ортасында да жар болайын! Мен даяр болған кезде һүнді патшасына айтыңызлар: «Біздің Мұхаммед пайғамбардың ғалия ал-салауат уассалам үмбеттерінің Құдай жолында жүрген ғалым, ғаміл, ғабдоз һидларына айтуың керек: «Аспанды жерге түсір, не жерді көкке ұшыр!»- деп. Бір өлікті тіргізу [тірілту] деген немене? Ондай жұмыс пайғамбар үмбетінің кебенек киген бір қара диуанасының да қолынан келетұғын жұмыс!- деп, маған бұйырындар: «Ай, диуана, жүр, бері кел, тұрғыз мына өлікті»- де»- деп, оларға үйретті де, өзі қала берді.

Олар патшаға бара берді, нығам-ықсанын ала берді. Айтулы күнде аузынан ақ көбік бұркырап, қыс-шілдеде мас болған бурадай күркілдеп, хүнді патшасының неше күннен бері жансыз жатқан баласының басына келіп: «Құтым ба зен Алла!»- деп айтамын дегенде аузына:«Құмабазды»- деген сөз түсіп кетіп, бала түшкіріп, жатқан орнынан ұшып түрегелді.

Өшкені өніп, өлгені тіріліп, патша есі шығып кетіп, дүниені аяқ астына көл-көпір қылып шашып жатыр. Қолы барлар таласып алып жатыр. Ғалымлар диуананың «Құмабазыны»- деген сөзін шарифатқа салып:

– «Мынзалды шығыхғыбында лабазына»- пайғамбар құда[й] Мұхаммед Мұстафа ғалия ал-салауат уассалам һәм Құдай тағаланың зыны бірлан шапағат қылар ерді бұл диуана кәпір болды!- деп, хүкім қылып, шарифат жөні бірлан өлтіруге мінәсіп,- деп, дұға қыла бастады.

Диуана ғалымдардың бұл сөзінен құтыла алмайтұғынын білген соң:

– Маған екі ракағат намаз өтеуге мәһліт беріңізлер!- деп, құлак қағып, намазға шырух қылып, денесі бұл жайда тұрып, өзі кашып, ан хазіретіміздің рухына, мыһіресіне барыпты. Барса, пайғамбарымыз Мұхаммед ал-мұстафа ғалия ал-салауат уассалам диуанаға карамай, теріс карапты. Ол жақ, бұл жағына шығып, осынша: «Бір карар ма екен!»- деп, ұмтылса да, ан хазіретіміз түзу карамаған соң:

– Таксыр, мен не кате қылдым, не кемшілік болды менен?- дегенде,

– Сен менің шарифатымнан каштың, менің шарифатыма: «Қылша мойным мұнша!»- деп мойнынды сұнып тұрмадың,- депті.

Диуана дір хал кайтып, ғалымдардың алдына келіп, бас қойыпты:

– Пайғамбар шарифатыменен не қылсам, разы болады?- деп.

Ғалымдар айтыпты:

– Сенің тірілей теріңді сойып алып, ішіне сабан толтырып дарға асып қойсақ, сонда шарифат хүкімі орнына келеді,- депті.

– Өз терімді өз қолыммен түгел сойып берсем, қалған жалаңаш денеме қайта кетсем, қасиет пе?- депті.

– Болады,- депті.

Диуана төбе терісінен төмен карай қолымен сыпырып каза бақайына шейін көздің көлеміндей түк тастамай сыдырып, терісін ғалымлардың қолына беріп, жүріп кете беріпті. «Шыбын қонып, құрттап, сасып, Тебриз уалаятына барыпты. Ешкім үйіне кіргізбеді, маңайына жақын жолатпады. Қасапшылардан тамақ сұраса:

– Аулақ, аулақ, алыс тұр!- деп, шиге шаншып, ет берді. Әр қасапшыдан анадай тұрып, жинап алған етін, бір кебепшіге келін:

– Пісіріп бер,- деп еді.

Ол кебепші ұрсып, маңайына жолатпады:

Етін де құрысын, өзін һәм құры, жолама!- деп.

Сонан соң бұл диуана ашуланып, аспандағы Күнге ұрысты:

– Сенің де атың- Шәмис, менің де атым-Шәмис. Адас, адас, етімді пісіріп бер!- деп.

Күн диуананың етін пісіріп беру үшін жерге жақындығы қырық кездей жерге келіп тұрып алды. Бұл шаһардың жан біткенінің киімі теп-тегіс күйіп кетіп, жерге тығылған жерге тығылып, суға жығылған суға жығылып, күндіз қорғалап жүре алмай, тұра алмай қалып, түн болса, ішер ас, жейтұғын тамақтың қамына жер үстіне ептеп шығып жүретұғын болды.

Бұл заман хазірет Ғұталағызым заманы еді. Диуанамен хал тілімен сөйлесіп, Күнді орнына қайтартты дейді. Ол қала берсін, хала бұл күнгеше күн Тебриз уалаятының үстіне жылда бір келеді. Барша киген киімлері күйіп кетеді. Ішінде тұрған дененің бір жері отқа шарпылмайды. Бұл- һәм Құдайдың құдіретінің шеберлігіне бір дәлел аят. Солай болғаны үшін ол жердің адамдары ұят жеріне перде тартып, жаланаһ денесін шұбар бояумен бояп, солайша жүреді дейді.

Бұл диуана ол жерден һәм жоқ болып кетіп, сәлеметленіп, жазылып, үстіне киім киетұғын болып, Рум уалаятына барған екен. Ол заманда Рум уалаятында Қопия деген шайхы Мәулана Руми атлы ғалым[ы] шәкірт тауып (табып), қанша күн шәкірт оқытып, шәкіртінің көптігінен- шәкіртлерін хауазыны жағалай отыртып, өзі қайыққа мініп жүріп, дәріс айтады екен. Күнлерде бір күн Мәулана Руми астында жабдықлы ғызы ат, алды-артында көшенің жүзін толтырған бихисап шәкіртлер «Шан шүкіт, ұлықтарша бұ салтанатпен хан базарын қақ жарып өтін бара жатырғанында диуана қарсы алдынан ұшырап, Мәулана Румидің атының жалауынан ұстай алып:

– Сұлтан Баязид өлген бе, Мұхаммед пайғамбарымыз өлген бе? – дегенде, аспан, күн, ғылғала, жеті кат жер зіл-зала болғандай болды дейді.

Мәулана Руми һай мешіт ұмыстығырык:

– Тентек диуана, Мұхаммед Мұстафа ғалия ал- салауат уассаламның қасында Баязидтің дәрежесі немене?- дейді.

Диуана айтты:

– Мұхаммед пайғамбарымыз ла хысишына ғылик ніткімә шинит ғалинығың,- дейді. Диуана мағырыпнак Хак мығыр пітік,- дейді.- Сұлтан Баязид бістами иасұлтан лысалатни,- дейді. Диуана, нәни ана Алла,- дейді.

Мәулана Руми іркілместен жауап қайырды:

– Алла тәбәрік тағала калам қадимында- пайғамбарымыз Мұхаммед ал-Мұстафа ғалия ал-салауат уассалам хақында ләм нашырықлық сідірік етті. Мәснәуи Шариф: «А, иа, Мұхаммед, біз сенің кәдірінді кен қылдық- дейді- кеуденді жарып, ұшсыз ұзын, түпсіз терең мидай дала қылып жібердік,- дейді.- Олай болса, жеті дария Мұхаммед Мұстафа ғалия ал-салауат уассаламның кеудесіне түгел құйылса, жұмырына жұғын болмай қалса керек. Ғашық махаббат дариясы қанша тасып, төгіліп, кеудесіне құйылған сайын, сініре береді, жұмырына жүк, құрсағына жұғын болмайды. Баязидтің кеудесі не дейсің, түйенің көзіндей тостаған құрлы болмаған соң, титтей тасығанның өзі тасып, төгіле бермек, Әркімнің терезесіне қарай, күн түспек емес пе?!- дейді.

Диуана:

Хаққа сыта рас айтасың!- «Алла!»- дегенде, екі бсреке түсіп жайылды- деп, жүре берді.

Түркістан сапары

Шығып ек кешегі айда елімізден [302].

Бір жұмбақ

Бір ұлығ (ұлық) патша бір кең уасих сарай салдырды да, онда бір зал үй жасатып, сол үйге өз орнына бір уәли қойды. Ол залдың айна-

ласында он екі хыжыра жасатып, ол уәлидің қол астында қылып он екі хакім (хәкім) қойды. Ол он екі хакімнің қол астында жеті жасауыл қойды. Ол жеті жасауылдың қол астында төрт жаяу жалаңдаған атарман- шабарман қойды.

Мысалы (мәселе) жарлық, бұйрық: ұлық патшадан уәлиге бұйрық түседі. Уәли- он екі хакімге бұйрық түсіреді. Он екі хакім бірден қол қойып, жеті жасауылға бұйрық түсіреді. Жеті жасауыл- төрт жаяуға бұйрық түсіреді.

Төрт жаяудың құрықтары ұзын, арқан-жібі мықты: ешкімді құтқармайды, босатпай: «Байлап алып кел!»- дегенді қол-аяғын еріксіз байлап, тырп етпестей қылып алып келеді. «Біздің алдымызға келтірме, жолатпа!»- дегендерін қырдан- қырға, сайдан-сайға қуалап, жоламастай қылып жібереді.

Ұлық патша- Ал рахман ал рахим мәлік Иұмалдин. Кең уасых сарай - ғарыш ағзам. Онда сәкін болушы (болғушы) уәли- Ғақыл. Әуел кең зал үй-Күрсі. Бұл ғақыл әуел кірісте- сәкін қарар қылады. Ол залдың айналасында он екі хыжыра- сегізінші палакта болған он екі бүрүж. Ол бүрүжлерде оларды басқарып, билеп тұрушы иелер бар- он екі хакім- солар. Жеті жасауыл- сыбаға сиярра: Қамар, Ғытард, Зухра, Шәмш, Мыриных, Міштірі, Зыхыл.

Төрт жаяу ғынасырарғыба: «хирарт, бірүдіт, рітүбіт, ибөсі»- от, жел, су, топырақ.

Бір адамның халі басқа түрге айналса, «басы аман, малы түгел» отырып-ак ... мең-зең күйге ұшыраса- жалған...

Мәшһүр Жүсіптің өлер шағындағы сөзі

Құдайым бұла өсірді бізді бағып [303].

[Қасым хан туралы]

«Қасым ханның қасқа жолы»- деп, ат қалдырған Қасым хан- Жиренше шешеннің замандасы [304].

«Қатқан көнді жібіту» әңгімесі

Бұхар Шәріптен келген Жойбарлық жожа... Нұралының кішкене балаларына қант, мейіз беріпті [305].

«Бинисығыр» атауы мәні

«Жиутхион» кітабының ... турайнхында «Рум» елін «Бинисығыр» делінбегінің себебі неден?- деп сұраушыға берген жауабы [306].

[Адам, аң әдеттерін салыстыру]

Мығындан- Әбілғазы-Ғабдолла хан Бұхара ханы болған. 926-да медіресе Ұлықбекке қарсы жүз он бір [111] Ғадетжырасы екі тапқалы салдырған.

Мұның заманында ғалымдар Уахдажан он бес сортқа (суретке) тақсым (тағзым) еткен: қашыр, аю, есек, тауыс, хырос, қаз, мимұн (маймыл), доңыз, қоян, түлкі, шиебөрі, опадар, жануар борсық, сасық күзен, шираз.

Қашыр атасы- жылқы, анасы- есек. Солай болғаны үшін, екі хайуанның ұлұғыт қылғанын көрсе, ішін жарып өле жаздайды. Күншіл біреудің балалы болғанын күндейді, біреудің ғайыбын күзетеді, атғакты (тығакты) дұшпан тұтады, мұнафиклықта өмір өткізеді.

А[ю]да: тәкаппарлық, кекшілдік, кінәмшыл болу бар. ... да [307] адам етін жемейді. ... іне түсіп кеткенде, адам аюды ...п күліп қараса, ... өзі бет алған бетінен қайтпайды. Еш нәрседен қорқып қашпайды. Қырық ердің жүрегі, бір ердің күші бар өзінде. Мұныменен дұшпан болып, ешкім мұның уысынан құтылмайды. Бұған көрінгеннен күліп қарау керек.

Есек: «Дүниеде өзінен онды, өзінен жүйрік, өзінен күшті бар»- деп білмейді. Әбден тойған соң, көтін бұрып, ахорына тышады. Өзінің қ.сын өз баурына соғып, оны бір мактаныш көріп тұрады. Сол қиялмен өзімен-өзі мас болады.

«Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал» [308].

Екі адам дауы

Екі адам дауласып, аң хазіретімізге келді. Бірі айтты:

– Иар сол Алла, екеуімізге төре бер- Алланың кітабының сөзіменен,- дейді.

Бірі айтты:

– Рұқсат беріңіз маған сөйлеуге- дейді.

– Сөйле!- дейді.

Сонда ол рұқсат сұраған сөйледі:

– Менің балам өзі қатынсыз бойдақ еді. Мұның үйіне жалшылыққа тұрып еді. Сонан маған хабар келді: «Балаң жүрген қожайынның

қатынының қойнына барыпты, ұстап алыпты. Балаңды кесекпен атып өлтіруге жұрт болып, қаулы қылыпты. Соған ықтиярмысың?!»- дейді. Сонан соң мен жүз кой, бір күн беріп, баламды босатып алдым. Бір ғалымнан сұрап едім, ол ғалым айтты: «Сенің балаңның жазасы- жүз шыбық дүре. Халыққа әйгілетіп, масқарашылық қылу[ға], кесекпен атуға қатын бұйырылады!»- дейді...

– Дауымыз осы!- дейді [309] ...

Ертіс бойындағы қожалар

(бірінші нұсқа)

Қыпшақтың бір Шымырақ дегеніне Омардың тілі тиіпті [310]. Сонан соң Қыпшақ болып, Есілбай, Ертісбайға сөз салдырыпты:

– Үйбас (Ойбас) ұранды Қыпшақтың Шымырақтан қаларымыз жоқ. Ертісбай қожасын бүйтіп қожандатпасын. Не бізбен болсын, не Естегімен болсын!»- деген соң, Ертісбай- өзі кашайын деп тұрған киік:

– Қожам жайын өзім табайын!- деп, «Түбекке жылқы келінті. Қожа барып қолынан үлестіріп берсін!- дегенде, Лата, Жұмағұл, Қарман,- деген үш баласы қорасаннан жалп ете түсіп ауырып жатыр екен. Қатыны:

– Балалар бүйтіп жатқанда, атқа мінбеңіз. Мен бір жаман түс көрдім,- деген екен.

– «Түс деген- түлкінің боғы»: осы ит не былшылдайды?-деп, аттана жөнелінті.

Қатыны ойбайлап, неше қабат шақырып алып, аттан түсіріпті.

– Қойшы, бүгін не қылсам да, мен үйде отыра алмадым,- деп, жөнеліп беріпті.

Сөйтсе, көзін жоғалтуға шақырған екен. Отырған жерінде күпінің битіндей жабыла түсіпті. Бірін олай, бірін былай лақтырып, қырау құрлы көрмей, бәрін жеңуге айналыпты (айланыпты). Сонда Ертісбай өзі талдың ішінде бұғып тұр екен. Аналардан күші асып бара жатқанын көріп, тұра ұмтылып, көп көптігін қылып, суға тастап жіберіпті.

Омар зым-зия жоғалып, балалар жазылып, Жұмағұл деген баласы пысық шығып, жай жатпасын танып, оны өтірік жаламен каторгаға

жіберіпті. Бұл барған жерінде тіленіп, солдат болып, өзі бір жағынан орысша оқып, офицер болып, бес жүз солдатқа бас болып, Зергертұз қалаға жол күзетуге келген соң, Қыпшақ болып жалынып-жалпайып кешулік сұрап, әкесінің құнын беріп, риза қылыпты. Латадан-Шоқыбас, онан- Бижан- Тоғай бойындағы Бәсентиіннің қожасынын шежіресі- «анық пайғамбар әулеті»- болып сарт ете түседі.

Омар қожанын бір Дайыр деген немересі «Сары[өзек]»- деген жерде бір мұжықты жас баласымен қабат өлтіріп, қасында Күзенбай деген саңырау болып қалған.

Бәсентиін шежіресі жалғасы

[Жанарыс-Қаракожа-Арғын-Кенжесопы- Бәсентиін-Токмайдан-Г.Ж.]. Токмайданнан- Қатыс [311]. Қатыстан: Маңдай, Тілмәмбет. Маңдайдан: Айты [10-томда 194 б. «Айты» емес, «Айтай» (Айтпай)- делінген. Бұл Мәшһүр Жүсіпке жеткізушілердің әр түрлі айтуының тағы бір дәлелі-Г.Ж.], Есенкелді, Андас, Келдес,- «Төрт сары»- осы төртеуін айтса керек. Андастан- Иман. Иманнан- Өкей, Өкейден- үш [бала]. Қатын бәйбішесінен- Есенбай, Есенбайдан: Бағай, Секербай. Ортаншы қатынынан-Тілеуберді, тоқалдан-Дәулетбай. Ерсак (Ырыс-ак) деген бір атаның ұлы бар.

Қанатты сөз

Бұрынғы әулиелер айтқан:

Қатының жаман болса, дәрменің кетер,

Балаң жаман болса, арманың кетер.

Қайғы-қасіретпенен заманың кетер,

Бағырың отқа жаға-жаға кетерсің.

Жан, дене туралы

Елден бұрын жолдастасқан екі жолдас: жан мен дене. Жан- хазірет-Жақып (Иғхоп) ғалайссалам, дене- хазірет Иосиф (Жүсіп) ғалайссаламның анасы. Бұл екеуінің ортасынан туған бала сүйікті болып, хазірет Иосифке жан мен денеден асыл болып туған бала- жүрек.

Мұның бір а[на]сы- көңіл. Мұныменен емшектес туысқан бауыр-бәнимен есептісі, сірә, көңілдің сыры.

Басқа он ағалары: ашу, шаһуат, тәкаппарлық, күншілдік, хырыс [тық], кекшілдік, өтегендік, өрлік, далбасалық, ғажап ғырұр. Сонан соң осы айтылған он батыр хазірет Жүсіпті сахара тамашасымен қызықтырып, хазірет Жүсіпке ға[лайссала]мнан алдап алып кеткендей мүһір бар. Құдай тәбәрік уа тағаланың құзырынан ғауа қылып алып кеткендей болып, уа жимығы хибағауа фи ғиабет [ке]ліп, қараңғы қабірден жаман хақтан ғапіллік құдығына тастады да жіберді. Көңіл бейшара ғапілдікте қалған соң,- Қынғанның шөлінде, сусыз құдықта қалған хазірет Жүсіптей болды да қалды. Бұл білді: енді жан мен денеден басқа денедегі жолдастардың бәрі туысқан бауыр болса да, қастығы, дұшпанлығы зор екенін біліп, аузы күйіп:

- Ай, бәрекелді-ай, өзіме- өзім қылдым!-деп, өкініп тұрғанда, қаңғып жүріп шөлдегі [құдыққа] кез келген Мәлік Дуғар сықылды-қуат мытғыңыры [ба]ста орнап тұрған миға қатынастырды.

Үзік деректер

... Сикым асында Мұсаның пәуескесінде байлаулы тұрып...-деп, ұран шақырған- Тұлпар: Бекей дейтұғын ...п Күлік-Тұрсынбай. Айдабол-Бәзілді ертіп алып, «Мақпал»-даған айтушыға толық әңгіме ақыры бар.

Түбі- тегі- қырғыз-Айтбай әкесі Мартанмен бір туысқан Бабылтай баласы Есіркеп. Моласы- Баянаулада, қаланың күнбатысында. Моласының үстіне жыңғыл шық[қан], қасиетті жан болса керек

Қозған-Төйте тәуіптің моласы—«Ешкі өлмес»- хұ.. мола, ағаш шыққан, тікен де шыққан»- деп...

Көтеш ақын деректері

Көтеш ақынды қартайған кезінде Жәуке керуенбасы Бұхара базарына қой айдаған сапарында ертіп кетіпті [312].

...Қайынатасы ұялып, атын ала алмапты. Бұрын: «Атыңды берсең, беремін. Әйтпесе қызымды бермеймін!»- деп жатыр екен. Және ақынның бір сөзі...

«Құлақ естігенді көз көреді» - деген: сол қыздан туған баланың аты-Шалбай. Мұның ұрпағы Халықты көрдік. Және бір «Семіз Әбіш»- атанған біреу жүр: «Аяпберген баласымын»- дейді. Соның ағасы Жұрқабай баласы Баймағамбетті Ташкентте көрген едік. Кенже тоқалдың баласы- Шалбай, мұның немересі Халықты көрдік- Керекуде жүргенде.

Күлдіргі сөздер

Жағалбайлы- бір байдың баласы қыз таңдап, әкесі:

– Қыз айттырамын,- десе

– Әуелі ол қызды өзім барып көріп, тіл қағысканда, сөзіме сөз қайыруға жараса аламын [313].

Жігіттер сыбағасы (бірінші нұсқа)

Шу бойында Шанышқылы мен Тама қоныстас қона қалыпты [314].

Түзеле алмау әңгімесі

Бір ыртақ-жыртақ жас бозбалалар келе жатса, бір кішкене қызлақпен бір келіншек бие сауып тұр екен [315].

Барлық өнері (бірінші нұсқа)

Он сан Орта жүзге ұран болған- Айдабол: Олжабай ұрпағы қарақалпақ Барлық... бір байдікіне қоныпты [316].

Төйте тәуіп

Қозғаннан шыққан Төйте тәуіптің моласы Сілеті бойында, Ешкіөлместен жиырма бес шақырымдай төмен [317].

Екі жігіттің өнер салыстырғаны

Құрттай бала күнінен асықты бірге атысып... жүріскен екі тату құрдас болыпты [318].

Тіней әңгімесі

Үшата-Қозған-Тіней- Мақанның Тінейі өзі сақау еді [319].

Екі құрдас әңгімесі

Бұрынғы заманда екі тату құрдас болыпты [320].

Бір епті жігіттің өнері

Бір жақсы, аймағына қадірлі жігіттің қатынының әкесі олген екен [321].

Дүниеқордың уайымы

Кең заманда тарих боларлық бір сөз: «Дүние- бір сұлу қыз. Оның калыңмалы- жан, иман. Жан-иманнан кешкен жан оны құшақтамақ»- деп, Мәшһүрдің байлардан ат-тонын ала қашып, үркіп, жоламай кеткені. Сол кедей сорлы сұлу қыз құшақтамаған: «Ол мені жақсы көрмей, кімді жақсы көреді?!»- деп. «Және дүние біткен жеріне- не жылан, не шаян, не у»- дейді, ешкімнің құлағына кірмеді. 1927-інші жыл науқан басталып еді, малынан айрылған соң, жынданып кеткендерді өлең қыл[ып] газетке басты:

Аты шулы кәмпескенің
Елге даңқы шыққанда.
Кей пысықша амалқорлар
Асылдарын тыққанда,
Батырақ, малай сыбанысып,
Үйкегенде алақан,
Байды гастап, кедей үйге
Шұбырғанда тарақан.
Тап сол кезде Ірікаранын
Түк кірмеді ойына.
Мұрттан күліп, мәз боп жүрді-
Жылқы, сиыр, қойына.
«Өзім- көне, балам- төре,
Үлкен биік орында
Сасқан-сассын,
Қара бассын-
Өз тағдырым қолымда», - дейді.
Ірі қара- 500 қара,
Ұсак ер малы бар-
Әке-көне, бала- төре
Демеу күткен жаны бар,
Күндер өтті,
Мезгіл жетті,
Ірікара да сүрінді.
Малға- жайлау,
Басына айдау,

Құрықтай боп ілінді.
Қыбыр-қыбыр малдар кетті,
Шаңы калды бұрқырап.
Шаң да ұшты,
Мал да көшті,
Қора калды құлдырап,
Іріқараның есі- түсі жоқ,
Жас баладай тербелген.
Дала кезіп, кешке қайта
Мас кісідей сенделген.
Үсті-басы далба- дұлба
Өзі- дала анындай,
Көрінген шок томар, оба
Елестейді малындай.
Арманының туысын айт,
Қақсап жүрді жанылмай.
Өзі- Мәжнүн, малы- Ләйла,
Жақсы көрген жанындай.
Ер кара бай,
Пай, пай, пай, пай!
Бірақ пайда бола алмады
Бай Мәжнүн боп,
Мал Ләйла боп,
Ескі өмір солғаны.

Мәжит.

Географиялық деректер

Арал көлі Каспий теңізі жақта: өзіне Сырдария, Амудария құяды. Өзінде кеме жүреді. Елу тоғыз мың бес жүз шақырым- шаршысы. Төрт жүз шақырым- ұзындығы, көлденені жүз алпыс жеті шақырым.

Балқаш Алатау жақта: ұзындығы алты жүз шақырымнан асады. Балқаш- алты мың төрт жүз жетпіс [6470] шаршы шақырым, көлденені- сексен төрт шақырым. Іле, Көксу, Қаратал, Ақсу, Басқан, Сарқан, Лепсі,- осы жеті өзен Балқашқа құяды. Аякөз Іле суына қосылып, бұ да Балқашқа құяды: «Арқаның өзені»- деп саналады, Семиречинский облысы аталды.

Алатау мен Алтай тауы аралығында Алакөл бар: Балқаштан қалыспаса керек. Бұған да жеті өзен құяды: «Жетісу»- атанады: Шыншылы, Үштентек, Жаманту, Сеңгір, Туар, Ғайту...

Қорғалжын теңізінің үлкендігі- айналасы тоғыз жүз алпыс бес шақырым. Солтүстігі- «Сайдалының қызыл түбегі». Бір аузы- Тайжігіт, Сынтас; бір ауызы -Бозшасай. Күншығысы- Ақтайлақ моласы, Қандыарал. Оңтүстігі-Бескемпір түбегі, Сұлтанкелді көлі. Күнбатысы- Ақсай, Ақтайлақтың ақ даласы, Сарыоба. Ортасында «Мыңжылқының аралы» бар. «Қасқырарал», «Бүркітарал»- деген ұсақ аралдар толып жатыр. «Айналасы- айлық жер» десе де болады.

Солтүстік [м]ұз ... жеке тау бар. Мұхиттың тереңдігі- 8 шақырым, ұзындығы 17 мың шақырым. [Ескерту: «Солтүстік» сөзінен басталар соңғы деректер оқшау жерде беттің ең жоғары жағында жазылған. Сөз ретіне қарап, соңында келтірілді- Г.Ж.] Бетпақдала мен Шудың аралығындағы құмды «Мойынқұм»- дейді. «Құрманның құмы»- аталған жоғарғы жағы. «Теріс»- өзен аты, «Шатқал»- өзен аты.

Тянь-Шань таулары: 1. Хан тәңірі, 2. Теріскей Алатау, 3. Ақшырақ, 4) Көкжал тауы, 5.Күңгей Алатау, 6. Іле тауы, 7. Жоңғар тауы, 8. Шу, Іле таулары, 9. Ескендір тауы, 10. Талас тауы, 11. Шатқал тауы, 12.Піскент тауы, 13. Өктем тауы, 14. Ферғана (Перғана) тауы, 15. Алай тауы, 16. Түркістан тауы, 17. Нұра тауы, 18. Іле тауы, 19.Зарапшан тауы, 20.Хиссар тауы, 21. Петр Великий тауы, 22. Даруаз тауы, 23. Банитов тауы, 24. Раушан тауы, 25. Шуғынан тауы, 26. Памир тауы.

Он бестен соңғылары- Алай қосылады, Онан жоғарылар Алатау қосылады.

Шежіре: Арғын-Қаржас- Талас тарауы

[Жанарыс- Қарақожа- Арғын- Құтан- Мейрам- Сүйіндік- Қаржас- Алтынторы...-Талас]. [Таластан]: Қобдан, Иманке, Туатай,- Жаманқара-«Төрт қара»-атранған осылар. Бұлар-Талас-Елқонды балалары- «Төрт қара жүрген жері- өрт қара» атанғанлар: Айту, Байту, Малсоқ, Жанту. Байту бай болған, Жанту шешен болған. Мұның аты шықпай, Айту, Байту атағы шыққан.-Алтынторы, Қойсары балалары. Оңай дейтұғын шал Бүркітті қыстап жүргенде...

Мәшһүр Жүсіптің балаларына жазған хаттары:

Мұхаммедшарафиден, Мұхаммедфазыл, үй-іші, барша бала-шағаларға, сағынған жарт досларға бұл жақта жүрген «Жүз жиырма тоғыздан» дұға[й] сәлем! Құдайдың берген қуатымен, пірлердің дұға-шарапатымен аман-есен жүріп жатырмыз. Бекмұхаммед, Абайылданың да- бұлардың да бұл күнгеше мал-баслары аман, денсаулықтарының аркасында кеп-міркіттері жақсы.

Кереку былтырғыдай емес, биыл ауырырақ тиіпті. Себебі налог көбейіп, ай басына ат койып, ала беретін болып, бары да, жоғы да қалтаң-құлтаң тіршілікпен жан сақтап тұрған көрінеді. Құдая шүкір, әлхамділда шүкір- өзімізге баяғы қалып: ауырламайды, жиренбейді: «Жатыңыз, қайда барасыз?! Шын ықылас, батанызды берсеңіз болады!»- деседі.

Алла тәбәрік мұндағыны-ондағыны апатсымау иа ойлау, иа арыздан хафиз рахматында қылып, есен-аман көріспекті місе айласын! Алла аман көруге жазсын! Әмин, иа мәжіссайлан! Бап та аман-сәлемет оқып жүрген сықылды. Әдейі барып көріп келдік, еркелетіп, бетін қақпай ұстайтұғын көрінеді. «Ағузи бисмилла әлхамду құлхуалла» жаттапты, жеті сүресін жаттап жүр.

Ел қыдырып, қожа-молдалық қылған емес. Кім шын ықыласпен күтсе, соны біз қимай, бізді олар қимай жүрген бір жүріс. Біріне-бірі қонаққа беруге қиыспайды. Бүтіл Керекуде төрт-ақ үйдің есігін ашыппыз: Қазықбай, Әбділдабек, Мұхаммедтұлпар, Серғазы деген. Басқа үйге қыдырып баруға қол тимей жүр. Бір атымыз Бекмұхаммед жем жеп оңалып тұр. Құла атты Қазықбай «Жемге бөлеп, шабайын!»- деп алып, жарысқа салмай, жолаушыларына мінгізіп жіберіп, өзінен-өзі ұялып жүрсе керек. Екі айдан асты: жолаушыларынан хабар- ошар жоқ. Біздің елге беттеуімізге қара түйе керек болса керек. Мұхаммедфазыл ерте балалардан босанып, өзі алып келсе, жөні келер еді.

Мүз түспей, жерге қаралық кіріскен соң, қайтсақ деген ауыз да бар... Уа, Алла, тағдыр, ерік-ықтияр бір Аллада! «Жаз ауаның басы басталсымен (башлансымен), суыт қайтып жүре берсек!»- деген ой бар. Орысша қайдан есеп (иғсек) қылып отырайын?! Үлкен-кіші,

келін-кепшек, қатын-қалаш, бала-шаға,- баршаларына «Жүз жиырма тоғыздан» сәлем!

XXX

Мұхаммедшарафиден, Мұхаммедфазыл, Ташкент жолының жабдығы- екі кісінің билеті, расходы- жүз жиырма сом. Мал арзан, қайыр, қайыр, сонда да үмітсіз емеспіз. Біз: «Құдай жеткізер!»- деп, жүре бердік. Сонда да: «Жалаң Құдайға сенсең (сыйынсаң), жаяу қаласың!»- деген бар ғой. «Боқырау жәрменкесіне бір-екі сиыр сатуға талап қылып, ақшасын Бекмұхаммед, Әбділдаға табыс қыл!»- деп, беріп жіберіндер. Және Мәке мен Шегенге бізден сәлем айтып, уағдасына опа қылғанын-қылмағанын білдіріндер. Біздің не хабарымыз болса, Төкен айтып барар.

Жазушы- молда Мәшһүр Жүсіп.

XXX

Мұхаммедшарафиден, Мұхаммедфазыл, балаларға!

Біз мұнда Зияш Алдабергеновтен хат тосып жатырмыз. Бұл күнгеше хабар келген жоқ, Салық та келген жоқ. Оған үш әйел аманат тапсырып, тұмар сұратқан екен. Екі тұмарға, сыртына аттарын жаздым. Сыртына ат жазылмаған тұмар-Тәштікі: әйеліне арнап жазған [322].

Түнеукүнгі менің «жібер»- деген нәрселерімді тез жіберу керек. Мұнан соңғы күн не боларын бір [Алла] өзі біледі. Ұзақ қажетлу (ны-жатлу) ғұмырларына тілеулес- молда Мәшһүр Жүсіп (Иүсіп).

XXX

Мұхаммедшарафиден, Ғабдіжәлел, Бап [323] Олжабай, Төлеубек (Төлеутай) «Жүз жиырмаға тоғыз топ аяқ»,- баршаларыңызға дұға [й] сәлем мен сынтала сәлем! Адастан соңыра өзіміз ат-көлігіміз аман, бұрынғы қалыпта жүріп жатырмыз.

Қызыл-Ор[да]дан хат алдым- Зияш Алдабергеновтен. Ол өткен жаздағы өзіміз көрген калпында- ыкылас, сөзі дұрыс көрінеді. Смағұл мен екеуі тығғаққа материал сөз сұратыпты: «Сұрыптап журналға бастырайық!»- деп. Материал жібердім, аман барып қолдарына тисе, не жауап қайтарады? Соны күтін тұрмыз.

Құла атты қыстай жем беріп, мініп жүрміз. Торы ат- аманат: Ырысбек деген елдің жондағы көп жылқысында, «семірді, жақсы»- дейді.

Бекмұхаммед марқұм орнына Әбділда кірді екі қатын[ы]мен. Үйге бұрынғы Бекмұхаммед қандай болса, сондай орнықты. Өз қатынын жіберуге соның дырдуында жүр.

Бұл жақтағы Қазықбайдың да бала-шағалары аман. Баяғы «жүз жиырма тоғыз»-бен келгенде, «Алтын таптым,- деп тайтанда- ма! – Енді Алтынбекті тап», - деп, айтушының тілін ала қойып, аман-есен Алтынбекті тауып: «Құдая, шүкір!»- деп, жағасын ұстап, тәубе қылып отыр.

Мұхаммедфазыл, Төлеубай [324], Төлеубектерден қыстай хат алғаным жоқ. Ұзын құлақтан аман деп есітемін. «Жетектеген ит аңға (ауға) жарамайды», «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды». Балаларға тетрад, қарындаш беріп жіберуге жәшік, сумкалар Қазықбайдікінде жатыр. Өзім былтырдан бері осы «Жылтыр Смағұл» мен Мұхаммедғалымға- аман-есен үйлеріне келуіне тілеулес болған едім. Сонан соң бұл Мұхаммедғалым аман келіп, орнына түскен соң, қуанышына «Құтты болсын!»- айта келіп, Оспан Алдамжарбаласының үйінде отырып жаздым.

Алла аман көруге жазсын! Ұзақ ныжатлу ғұмырларыңа тілеулес болып, хат жазушы молда Мәшһүр Жүсіп. 1926-шы жыл, 17-інші науарда, шаһар сенбі күні.

XXX

Мұхаммедшарафиден, Алла аман көруге жазсын! Әжімұқаннан жіберген аманаттарын Әбділданың қолына түгел тиіпті. Өзім: «Әлхамділда, шүкір бол!»- демекші, аман сәлемет жүріп жатырмыз. Қара түйенің пұлы түгел қалтада. «Құлақтан бас садақа»- болып кеткен құла ат аман, қолымызда. Аймауытовтан хат-хабар алғаным жоқ. Бекмұхаммед қайтыс болды. Ол уақытта біз Керекуде емес едік. Әбділда аман-есен жүріп жатыр. Тіршілік, денсаулығы-екеуінің де ол пұлын орыс күн сайын жазып кетеді. Әзір үйлері басында. Біздің де олжамыз- тіршілігіміз, денсаулығымыз. «Құдая шүкір, әлхамділла, шүкір! Бергеніңді бекітіп бер, // Бермегеніңді сақтап бер!»- деп, шын жаратқан Иенің өзіне жабысып жүре береміз. «Жүз жиырма тоғызға»,

Бәтиге, Топаякка, Қоқышқа, Төлеубай, Ақшабдарға сәлем сөйле!
«Алла аман-есен көрісуге жазсын!»- деп дұғада болып тұрушы- Мол-
да Мәшһүр Жүсіп.

XXX

Мына құла ат пен тазыны Болақалсыннан беріп жіберіп тұрмын.
Екеуі де күйлі. «Итті де, құла атты да жем беріп, баптап, жұрт
«итқұсқа» [ол кезде қасқырдың аты аталмай, осылай делінетіні
белгілі- Г.Ж.] шыққанда: «Ай, бәрекелді, атым жоқ болды-ау!»- деп,
іші пысып отырмасын!»- деп.

Менің жүгенім мен ү[зе]ңгімді тоздырмай, тығып қой. Және ма-
шина майын беріп жібердім, аттың арқасына тамызып, мініп жүрсе,
мініп жүргенде, жазып жібереді.

Әменнің сұр атын, Баптың тайын киып бермегенің дұрыс. Бап
өзі: «Атамнан мінген «сүндет атым»- деп, ат қылып мінсін. Және өзін
оқуға бер. Жақсы, жаман болса да, артық-кем демейсің. Сенің қолдан
бергеніңді алып бере қоймаған соң, «Айырылар тамыр ердің артқы
касын сұрайды»- дегендей қылғаны...[325] «Байсың, сатып ал»,- деген
бар емес пе?! О да бір орынды жұмыс.

XXX

Мұхаммедшарафиден, «Аға- алдырған шаш, іні- босаған тіс,
бала –бір түнгі ұйқы- деген. Бәрінен адамның өз басы аман жаксы.
Құдайдың берері таусылмасын, аман болса, арбаның екі арысы сау
тұрса, Төлеубайға ұйқас Төлеутай туар [326]. Бұш жақтағы күн суық
болып қалды: «Қалың киіммен машинаның есігіне сыйып, кіріп-
шығудың өзі де киын!»- деп, жүруге мәслихат бермеді. Және біздей
кісінің екі жүз теңгесіз «Ташкент барып келемін!»- деуі қате десті.

Сонымен тұрмыз, Аймауытов: «Ташкент барасың»- деп кетті.
«Мән-жайын айтып, хат сал!»- дедім. Ташкенте жолық, Меккеге
жолық, тағы Құдайдың не ұйғарғаны болады? Мән-жайын айтып, хат
жаз. Және Омар удостоверение- қағаздарды тапсырмай кетті. Ұзақ
ныжытлұ ғұмырларың тілеулес ғайыр мыпық, «жүз отызға» сәлем.
Басты болсақ та жасты болмақлық.

Мұхаммедфазыл хатына жауап.

Ташкент кетіп барамын ғой. «Толық аттың төлеуі – екі торы тай болмақ»- деп, ізгі ниетпен айта салған лепес. «Төлеубай, Төлеубек болсын!»- деп,- далаға кеткен жок, болды, Құдай берді. Құдайдың бергеніне шүкір, болдырғанына шүкір, әлхамдилла шүкір!

«Ырыс алды- кыз»- деген бұрынғының сөзі бар. Ол әуелі жасалғанда, еркек бала болуға лайықтанған еді. Келіннің ықыласы жарты болды. Тұмар үшін жіберген май бүтін пұт болмай, 19 қадақ шықты. Екінші мен қалта беріп жібергенде, ірімшік салып беріп жібереді ғой. Сонымен «Садақа бүтін- түгел болады ғой!»- деген едім. Ол болмады. Жауабы сол. Төлеубайды соңыңнан ертіп кеткеніне разы болдым. Жарайды. «Молда атам баласымын!»- деп, мені өзі меншіктеп жүрген соң, мен де: «Молда атасының баласы болса, Мұхаммедфазылмен ыңғайлас болсын!»- дегенім ғой.

Төлеубайдікі балалық қой: Зейнептің қолында тұрса, «Көптің бірі-көттің кірі» болып жүреді. Сенің қолыңда жүрсе: «Молда атасының баласы»- атанып, сыйлы, күтулі болып жүреді. Саналы, зерделі болса, осы сөз де жетер.

«Екінші жақсы сокалап, жақсы малаласа, егін көңілде[гідей] шығады». Әйел зерделі болса, «Үл таппаған қатыннан- лақтаған ешкі артық»- деген сөзді ойлап, намыс қылуы керек.

Мұхаммедфазыл, темекі [327] келді, ұн келді, наукас жана түзелді. Әмірқаннан жіберген хатыңды 26-ыншы августе алдық. Пochтаға салған хатыңды 27-інші августе алдық. Тапак баласынан жіберген хатыңды 14-інші августе етіктің қонышында жүргенни Шарафиденден тауып алыпты.

«Зейнолла хазіреттің әйелі екіқабат һәм наукас»- деген екен. Аман бар ма? Әбділдалардың жұмысы не болды? Уәлихан Омаровта неше жылдан бері қарай меніп жазғандарым бар еді. Соны сенен қалдырмай, беріп жіберсе, көп-көп риза болар едім.

Мұнда мал-жан тегіс аман. Төлеубек аз-маз сырқаттанады. Ауырып жатуға мен бақырайып отырған соң, ұялады. Емшектен айырып, бесіктен шығарттым. Бұрын сондай қылған балалар аман болушы еді. Фазыл, Рахмет баласына, Бекке көп-көп сәлем айта гөр! Молдажанға сәлем, Шайманбаласына сәлем! Қайтарыңда Қазықбай, Сүйінбектердің бала-шағасын, амандықтарын біле қайт. Менен сәлем айт! Өзгені ұмытсаңдар да, темекі, кант- Молдажанға тапсырған аманаттарымды ұмыта көрме!

Мырзалық үлгісі

Бұрынғы пайғамбарлардың құмына аспаннан мәнде естіген болсақ, өз басымызға аспаннан мәнде келгенін көзден көріп, бастан кешірдік.

Мұның бәрін талай оқып, талай көріп жүріп, ұғынбадық, түсінбедік. Жас алпыс сегізге [1926 ж.] аяқ басқанда, «Мәснәуи шари́птен»- көріп, ұғынып түсіндік. «Тентектің ақылы түстен кейін кіреді»- деген осы болмай ма?

Далбада, Айдос бұлағының басында мешіт, медіресе атына иеленіп тұрған күнде қыстыгүні Жанқозы қажылары Абайділда, Әбіш қажылар қажы сапарынан келгенде, амандасып қайту үшін келген жолғы олжасы. Басы- көк шолақ ат: жегулі шанасымен. Бір биязы шекпен, бір кестелі шалбар және жіптен жаңа шыққан бір көксуай лаңке шапан, бір шұбар тон, екі сусынша шапан, бір жайнамаз- нар жүнінен тоқылған. Ақша, шай деген немең жылқының жусау тезегі есебінде.

Семей сапарынан оралу әңгімесі

Жанаша августың он үші, бейсенбі күні Семейден шықты, Бөкеншіге қонды: «Семейге қырық шақырым»-дейді.

... Бөкеншіден шыққан күн Шаған өзенінде ат шалдырып, Бесқарағайға бір итке кез болып, қона алмай, ол күн сексен шақырым жер жүрдік, жол құмтартпа ауыр. Қаратеректе бір екі үй Қаракесек-көптен сіңісті болған иттер бар екен. Онан Айғыржал, Кіндіктіден өтіп, Мұхамеджан болыстың ауылынан өтіп қонды.

– Бүгін сексен шақырым жүріпсіз, Семей осы жерге жүз жиырма шақырым, - дейді.

Мұнан шығып, Қағытан (Киғытан) тұсында ат шалдырып, Соқыркалаға тұстас Қаратерек деген жерге қонды. Онан шығып, Кентүбекте Андас, Алдаңғор аулына қонды. Онан шығып елу шақырым жер жүріп, Иман, Тұрсынхан, Жәмид молдаға қонды. Екеуі алты күн сақтап, бір серке, бір бағылан сойып, атты да, өзімізді де тынықтырды. Онан шығып Жармақта бір шай ішіп, Көктаста бір шай ішіп, Қишанның Елесіне түстеніп, дүйсенбі күні Ишанкөлде отырған Қазақбайға келді.

Семейден шығып, Кентүбекке жеткенше, «Иманымызды үйіріп, бозғасқа, көкқаскадан»- түк қалдырмай айтып, Андасқа жетіп: «Уа (үф)!- деп, демді бір-ақ алдық. Ат та, өзіміз де қалжырадық. Бес теңгеге пар ат жалдап, Иманға жеттік. Иманға жеткен соң, ат-көлігіміз аман болуына иманымыз күшті болды. Алты күн жатқан үйлерімізде бір-бір ат, екі-үштен артық сиыр көре алмадық. Інілері жалшылықта жүр. Солардың шын пейілімен күткендігі сондай болды. Манамбай ауылының қотанынан аралап өтіп, түспей кеттік, бай қарапсөйл болғандықтан.

Үшбу Қалам Алла ғылымның қадір-құрметі зор болып тұрған күнінде бір ат, иа болмаса, он бес сек тұсак қолдан ұстап беріп алады екен. Сол күнлерде алынған Қалам Алла –Тімілке Балшыр- Мінтофа марқұм Көпей Сермұхаммедұғлы- барыс жылы жетпіс үш жасында Баянаула қаласында (қылғасында) көрстан бахигта мідпон болды.

Бір күйеу қайнына келіп жатып, жұрт ескермей, далада жалғыз қалғандықтан, қалыңдығына хат жазып, сәлем айтқандағы айтқан сөзі:

Жохыдан ләшкер келіп,
Жан шаһарына қылды звон.
Жарым ләшкер жіберсін,
Бір әліфке екі нон.
Мыңға қосып ...ін

Қозы Көрпеш-Баян сұлу

Жаратқан жан біткенді- бір Құдай-ды [328],

Жаратты жарық- үшін күн мен айды .

Бұрынғы ноғай-қазақ заманында

Сөйлеймін Қарабай мен Сарыбайды.

Жарасқан нар түйеге биік өркеш,

Мен сөйлесем, жұрт тыңдар ертеңді-кеш.

Екеуін сәтті күні Құдай қосқан,

Баянға ғашық болған Қозы Көрпеш.

Сөз қылдым Қарабай мен Сарыбайды,

Көп ноғайды екеуі асырайды.

Қолында сүйгеніндей баласы жоқ,

Екі бай перзент үшін зар жылайды.

Екі бай сәтсіз атқа мінбейді екен,

Жұмыссыз ел аралап жүрмейді екен.

Дәулеті екеуінің мол болған соң,

Қасына бір-бірінің келмейді екен.

Екі бай бейсенбі күн аңға шықты,

Жұртына: «Аттанды!»- деп, даңқы шықты...

Мәшһүр Жүсіп шығармалары тізімі

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Мес» кітабындағы әңгімелері-
көркем әдебиет баспасына берген 1932 жылы Әшім Бажиков (Ардаев).
22.11. 1938 ж.

Қара сөз, үлгілі сөз	5
Бата сөз	8
Жар-жар	15
Келіннің бет ашары	26
Жоқтаған сөз
Батырбек кызы	28
Күйеуін жоқтаған	31
Тәти. Алтай аяда- думан әңгімесі	33
Баксының сөзі	86
Қоканберді өлені	95

Өтірік өлең	101
Ақбала өлені.....	103
Қаршыға өлені	109
«Алтынбел»- деген хан...	111
Абылай хан.....	124
Абылай хан.....	125
Абылай хан.....	127
Кенесары.....	129
Койкелді.....	137
Қырғызға барған батыр	143
Ер Көкше	148
Желкілдек.....	173
Сайын батыр	225
Қиссалар	289
Киік	312
Алтын бас.....	321
Заманакыр	341
Әртүрлі тарих	379
Ғылым-білім.....	389
Мінез түзету.....	437
Атасыз батырлар.....	643
Орта жүз тарихы.....	262
[Орта жүз: Аргын] Мейрам тарауы	284
Зілқараның өлеңі	327
Үшкілбайдың	328
Мұса мырзаға жазғаны	331
Мәшһүрдің Ізбас қажыға [жазғаны]	

18.01.1939 ж.

Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен жазылған шығармалар тізімі

- 1.«Қырық қақпалы Қарғалықта Ысқақ бап не қылғаны»[330].... 1
2. Ер Едігенің тарихы..... 3
3. Шернияз ақынның Баймағамбет төреге сөйлеген өлеңдері.... 8
4. Қоңырат-Сапақ датқа [мен] Нұрманның қағысуы..... 12
5. Шайхы Бурих әулие[нің] мекіре балықтан тугандығы..... 13
6. Сарыарқа тарихы..... 14

7. Абылай хан[ның] калмақты Сарыарқадан аударғандығын Көшекбаласы Күдері қожа жырлап сөйлеген	20
8. Бұхар жырау қарияның тарихы	26
9. Мәделі кожаның өлеңі.....	33
10.Қайым өлең айтысқанда, ең әуел кім айтысқан? Соның тарихы Көшекұлы Күдері қожа мен Ошақтыдан шыққан Ұлбике қыздың айтысқаны	34
11. Қарақалпақ-Жаңкел ақын[ның] Ұлбике қызбен айтысқаны....	44
12. Ұлы жүз-Үйсіннен шыққан Ұмсын қыз бен Заман кожаның айтысқаны.....	47
13. Шоң-Торайғыр ақыны Сақау ақын мен Тоғжан қыздың айтысқаны	62
14. Қаракесек-Баймұрын мырзаның ақыны Қалдыбай қожа мен соқыр Шөженің айтысқаны	
15. Арғыннан шыққан-Қамбар-Жанақ ақын мен Найманнан шыққан Сабырбай, Түбек,- екі ақынның айтысқаны.....	64
16. Қуандық-Алтай бір ақын мен Найман-Опан қыздың айтысқаны	68
17. Керей Тұрлыбек ақыны Орынбай ақын мен Қаракесек ақыны Шортанбай кожаның айтысқаны	72
18. Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақын мен Найман-Түбек ақынның айтысқаны.....	75
19.Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта ақынның айтысқаны..	80
20.Торайғыров өлеңі	86
21.Қазақтың: «Ат-биден, алып анадан туады»- деген сөзін тараулатқаны	90
22. Жақсы Ғабдолла ханның тарихы	94
23.Бұрынғылардың тақпақтап сөйлеген кара сөзі	104
24. Шоң-Торайғырдың Шоңы қартайғанда Қуандық асына барған.....	106
25. «Абылай аса алмаған сары бел»- атанғандығы	116
26. «Мәшһүр шежіресі»-деп жазылған сөз.....	126
27. Қокан хандарының тарихы.....	133
28. Кіші жүздің ұрандары, рулары	142
29.Мәшһүр Жүсіп[тің] наурыз жайын сөйлегені.....	144

30. Шанышқылы-Бердікожа батыр тарихы.....	150
31.«Ердің құны- есебін тапқан сабазға екі-ақ ауыз сөз» болғаны	154
32. Едіге биге Ұлы жүз-Үйсіннен келген даугерлер	156
33. Бес көк ала бас атан ұрланған тарихы.....	162
34. Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай тарихы	173
35. Абылай ханның алғаш ауызға ілініп, көзге түскені	194
36. Қазақ түбі: «Әбілғазы хан» шежіресінен алынған	222
37. Василий Васильевич Радлов[тың]	
«Қазақ түбі»-деп жазған тарихы.....	236
«Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған» де[гені].	
«Мұхаммед батыр шығыпты!»- деп, ізденіп барып тапқан тоқсан екі батыр.....	256
«Қазақ шежіресі»- қайдан табылған?.....	258
Орта жүз тарихы.....	262
Мейрам сопының тарихы	264
Қуандық тарихы	274
Қаракесек тарихы	279
Найман тарихы	291
Қыпшақ тарихы	295
Көңілге қына шығып, көзге түрте орналасқан заман [331]	
Қанжығалы, Керей мен Айдабол, Қаржас бітім, тыным сөйлескені	
Кіші жүзден шыққан Өтетілеу би Алшын-Қаражігіт баласы мен Кетebайдың жіберген кісісіне әз Тәйтекенің айтқан бітімі...	
Үйсін Төле би, Арғын-Тәйтеке би, Алшын- Қаражігіт – үшеуі бас қосқандағы сөздері.	
Арғын балуаны мен Үйсін балуаны күрескені	
Үйсін-Төле биден Алшын-Қаражігітбаласы: «Кедейліктен кісі қалай кылса, құтылады?»- деп барғаны.	
Ормамбеттің тірілей ғайып болғаны.	
Мөңке бидің сөйлегені.	
Үйсін-Төле бидің алдында бір айыр ағашқа Мырзағұл төре бергені.	
Үйсін-Төле бидің таяғы Орта жүзге келіп, ақырында Шоң биден Томға барғаны.	

Мынжан кыздың өлеңі (21-бетте)

Уанасбайдың (Дуанасбайдың) әңгімесі (ертегісі)

Жеті тақпақ.

Ертек: «Еділ-Жайық».

Ертек: «Қошқарбай батыр[дың] Естекті шапқаны.

Алтеке-Сарым-Жидебай батыр

Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің жыр[ла]уы- 15-інші бетте.

Мырзағұлдың ер ағашқа айтқан төресі- 17 бетте

Досбол тақпағы- 20-ыншы бетте

Қара батыр мен Қошқарбай батыр.

Жаңылтпаштар

Қырда қылау, // Қызыл ала бұзау // Жатыр жалмаң құлағы [332].

Тақпақ

Туғанда шолпан жұлдыз таң атады,

Жақсы қыз, жақсы жігіт жарасады.

Жарасып парыменен жатқан жанды

Қандай жан батып соны оятады?!

«Шолпан»-деген журнал шығады»- деген соң, «Бұл жақсы журнал болды енді. Аппақ сүттей таң атады екен!»- деп қуанып тұрмыз. Бұрынғылар айтқан:

1. Боларында болып өт,

Боз жорғадай желіп өт.

Болмасынды білген соң,

Болған ердің қосын жек.

Өзің адам болған соң,

Аударта тастап, қалай кетсең, солай кет!

2. Бай болсаң, торғын орамалмен бетің сұрт,

Жарлы болсаң, жаныңменен көтің сұрт.

3. Бай болсаң, жан-бір алтын:

Қанша сыйласаң, сыйлауыңа тұрады.

Жарлы болсаң, жан- бір күдері:

Қанша қинасаң, қинауына тұрады.

4. Арай, арай, арай бар [333],

Арай толған сарай бар.

Бурылша атқа бұғау бар,

Бұғауды кесер егеу бар,

Сомсынғанға (сұмсынғанға) Құдай бар!

5. Ақ сұңқар, сен: «Ұшқырмын!»- деп, мактанба,

Алдында жаюлы тұрған торлар бар.

Тұлпар, сен: «Жүйрікпін!»- деп, мактанба,

Алдында қазулы жатқан орлар бар.

6. «Басым көп!»-деп, топтанба,

«Малым көп!»- деп шоктанба!

«Жарлымын!»- деп, жабыкпа,

«Жалғызбын!»-тарыкпа.

«Мұңдымын!»- деп, зарыкпа.

Мұнайма, жігіт, мұнайма,

Мұн тарқатар Құдай бар.

7. Шөлде жүрген дуадақ

Қол қадірін не білсін?!

Көлде жүрген қоңыр қаз,

Шөл қадірін не білсін?!

Жарлыдан жаңа байыған,

Жалғыздан өніп көбейген,-

Ел қадірін не білсін [334]?!

8. Денсаудықтың қадірін-

Ауырып, төсек тартқан біледі.

Тіріліктің қадірін-

Өліп көрде жатқан біледі [335].

Жантыныштықтың қадірін-

Толғатып бала тапқан біледі.

Сары атанның қадірін-

Ел қыдырған сарт біледі.

Сенсең тонның қадірін-

Сексендегі қарт біледі.

Төс айылдың батқанын-

Несі білмейді, ат біледі.

Ер жігіттің қадірін-

Ағайын білмейді, жат біледі.

Кімнің жақсы-жаманын
Жаратушы Хақ біледі.
9. Қырық қатынның ақылы [336]-
Тауықша жоқ.
Ақылы болса ол тауық
Жер ме еді бок?!

Төйте тәуіп

Қозғаннан шыққан Төйте тәуіптің моласы Сілеті бойында [337].

Мақалдар

1. Арқанның ұзыны- сөздің қысқасы жақсы.
2. Қонақ мақтаған нәрсені-
Қонақ басы сыйласаң,
Жақын арада-ақ Адам атамыздай-
Жап-жалаңаш қаларсың!
Біздің жұрттың мақалы бар:
3. Ит есекке ет беріпті,
Есек итке шөп беріпті,-
Екеуі де аш қалыпты.
4. Өгіздей күшті, арыстандай ер, судай бос.
5. Өз еркімен жүрген әйел ұрыншақ болады!
6. Ақылы жоқ, босбелбеу ұрыншақ еді.
7. Жұмыртқада түк қанша,
Әйелдің ақылы сонша.
8. Алау қатын- тоқпақтай тұлымды, балуандай жауырынды;
тояттаған бүркіттей жемсаулы, күндей жарқырап күлген сүйкімді,
бала бетті.
9. Сұлу сұлу емес, сүйген-сұлу.
10. Сүймегенге- «Көбік ауыз, көк айыл, түрме ерін»- деген бедірей
бетпақтың өзі.
11. «Көк долыдан дию- пері қашыпты»- деген көк долы.

Алау қатынның патриті:

Қилы-ай сары жыны бар,
Қиқанымен қорқытқан.

Біз айтқанға бола ма,
Қолқасы киын, ант атқан.
Өкпесі мұның сау емес,
Семіз аттай май жұтқан.
«Дауасы не?»- деп сұрайды
Көрінген алыс- жуықтан.
Өз бойында дәрмен жок,
Дауасы кайдан табылсын,
Күш кеткен сон қуықтан?!

Өлім түрлері туралы

Ескі законда Мұса- дуанбасы, Секербай- қазы күнде Андижанлық бір сарт Баянаулада бір қыс тұрып, жазғытұры өліп, сонда көмілді. Бұл Аркада Молдатайыр деген бір сарт болған, Әжібай деген баласы бар. Соның ағасы еді. Анасы бұйырып жіберген екен: «Баламды алып кел!»- деп. Болмаса жүретұғын жан емес екен. Сол кісіден естіген бір ауыз сөз:

«Тасқа басылған таңбадай жүректе калған себебі- ұстазларымыз бұрын естімеген жат сөз болып шыққандығынан-Хадис Шәріп екен»- деп айтып еді. «Мұтуа қабыл ан тымсүтуа - өлінізлер-өлмес бұрын!»- деген екен. Бастан кешіп, көзбен көрген сон жазып отырмын.

Төрт түрлі өлім бар екен. Ол өлім- мүсәпірлік жолында көп жүрген жаннан табылады екен: мұтахзыры, мұтахмыр, мұтабыз, мұтасұд.

Бұл бір жұмбақ бір ауыз өлеңмен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (Көпейіштің) шешкені:

Зор өлім- жоғалғаны мүсін октық,
Екінші өлім- есекке палан жоқтық.
Үшінші- дос күлсе, дұшпан сүйсе,
Төртінші өлім- бас қосса аштық, жоқтық.

Былай айтса да болады: «Әлі кожа не, кожа әлі не- бәрі бір».

Зор өлім-жоғалғаны мүсін октық,
Екінші өлім- есекке палан жоқтық.
Үшінші өлім - жоқтық пен аштық көру,
Төртінші өлім- есіту жұрттан боктық.

Ғылым іздемеушілерді сынау

Мәснәуи Шарип: Бір патшаның бір жарияға ғашық болғанын хикая қылады [338].

Патшадан мұрат-рух; жариядан мұрат- нәпсі (нығсы). Рух(ік)-хуас умқыр бәни ғашық- махаббаты, ғақыл уастасила жолан еді. Пікар- от суретті, жаде махал мірөр улан дүние дүр. Жария кебі улан нығсек биғызлазаныз сор иесіне рух көрінсе, дүниедегі мақсат асылыны ұнатып нығса, ол қыдыр табғы өлдіге рух нығсек шаһи екен, сыры өлді.

«...Мұнан бұрын айтқан еді. Мұның мақсаты- ғылым емес, ғылым нұрынан бармақтың көлеміндей мұнда жоқ. Бір іздеген жоғы бар: жоғы табылған күнменен кетеді. Тірі боп есітерсің!»- деп. Бұл Мәшкөкке айтылған сөз. Және оған айтқан: «Бұрын мен патшадай едім, сен құл едің. Енді бұл күнде сен патша есебінде болып, мені құлдай тұтындың!»- деп.

Және оған айтқанмын: «Сен маған ғылым үшін, дін қысып келіп жолдас болғаның жоқ. Бойыңда күшті жын, күшті шайтан ғалия лағына бар. Соның көтеріп кетуімен келгенсің!»- деп.

Және: «Дәнемені сезбей, білмей тұрып айтқанмен, өзің мені тонап алғалы шыққансың ғой!»- деп.

Өзге не болса, ол болсын, аузымнан шыққан сөз далаға кеткен жоқ.

Ойға келген соң жазып тастаған сөз: «Өгіздей- күшті, арыстандай- ер, судай- бос жаратылған жан. Тоқпақтай тұлымды, балуан жауырынды, тояттаған бүркіт жемсаулы, күндей жарқырап күлген сүйкімді, бала бетті [339]. Бұл өзі- өз еркімен жүрген ұрыншак әйел. «Көбік ауыз, көк айыл, түрме ерін»- деген бедірей- бетпақтың өзі: «Көк долыдан дию- пері қашыпты»- дегендей «көк долы».

Мұндай екі жанның жолдастасқаны- ит пен есектің сыйласқаны болып, ит есекке ет береді де, есек итке шөп берсді де, екеуі де аш қалады. «Аш атасын танымас»- дегеннің кері осыларға келмей, кімге келеді?!

Аяғы мынау:

«Лікілши апта уалғалұм апат». Әр нәрсенің бір апаты бар. «Ғылымның апаты көп»- деген. Сонда таңдап, іріктеп алғанда, екі зор

апаты болған екен. Бірі- жуан мерік, бірі- хыжырай мерік. Жуан мерік-қыршын жаста өліп кеткендер. Хыжырай мерік- қазақ сахарасында қаңғып қалғандар. Бұдан басқа жеке сыбаға- мәшһүрлік. Неге десең, ан хазіретіміз- Хадис Шарип[ке] айтқан екен: «Лашаһирет апта»- деп. Мұнан өмір бойы құтыла алмай барамыз.

Сайрауға дәрменім жоқ, тұрмын қажып,
Ұзын түн ұйқы көрмей, жүдеп азып.
«Лашаһирет апта»- деп айтқан хадис,
Мен жүрмін құтыла алмай, тілден жазып.

Екінші бір жерде және айтқан:

Кеудеге он бес жаста ғылым толды,
Толумен тасып кетіп, өлең қонды.
«Лашаһирет аптаға»- тытбик келіп,
Апат сол жұрт аузында Мәшһүр болды.

Ғылым, білім туралы

Ғылым-білім немен болады [340]? Әуелі жаратушы Құдай тағаланы танумен болады. Бұған дәлел- бұл сөз әуелі: «Ғылым мағырыпта жаббар. Ғылым-білімнің ең алды- Құдай тағаланы танымақ. Ол Құдайды қайтсе, таниды? Әркім өзіп таныса, сонда Құдайды таниды. Не үшін пайғамбарымыз Мұхаммед әл-Мұстафа салиалла ғалайссалам айтқан: «Мен кәріп нығса, фықыд кәріп раба- Әркім өзін таныса, Тәңірісін таниды»- деп. Мұнан мағлұм болды: Әркім өзін тануға тырысу керек. Бір Алла құдіреті зор, өзі жалғыз. Онан басқа жалғыз болып, іске жараған нәрсе жоқ. Дүниеде имансыз жақсы болмайды, харамсыз халал болмайды. Құдай тағаланың жаратқан нәрсесінде ғақылдан ғазиз шарип (шарифа) нәрсе жоқ. Дәнемеге қосылмай, жалғыз өзі неменеге жарады? Жаннан аяулы, онан қадірлі не нәрсе бар? Дәнемеге қосылмай, жалғыз өзі тұрғанда, ол да неменеге жарады? Бұл скеуі қанмен қосылып еді, үшеуі бір жерге бас қосқан соң, сонымен, мінеки, біз адам болып отырмыз. Адамның адам болып тұрғаны- осы үшеуінің бір жерге бірігуіменен боларының басы-біріктіріп қосуға: топырақ, су, от, жел,- төртеуі бір жерге жиылумен дене болды.

От пен судың арасына жел дәнекер болды. Топырақ пен желдің арасына су дәнекер болды. Дүниеде не нәрсе болсын, біріңсіз бірінің

күні жоқ. Оттың жануына жел керек, желдің күшеюіне су керек. Судың жүрер жолына топырақ керек. Топырақтың желге ұшпасына су керек. Адамның денесінде осы төрт нәрсе түгел. Биттей көздің ішінен бәрі табылады. Көздің ашылып, жабылып тұрғаны- жел барлығына дәлел. Жас ағады-суды[ң] барлығына дәлел. Бір нәрсе тисе, жарқ етеді, от барлығына дәлел. Бір арадан қозғалмақ жоқ болғаны- топырақ барлығына дәлел. Судан қорытылып, қан болды. Желден қорытылып, қақырық болды. Оттан қорытылып, зерде болды. Топырақтан қорытылып, шуда болды, «қаракорым»- дейді. Қазақша айтқанда, қанның ордасы- жүрек, қақырықтың ордасы- өкпе, зерденің ордасы- өт, шуданың ордасы- бауыр, талақ.

Адамның денесінің құрғақшылығы- шудадан, қаракұрымнан болады. Шуда күшейіп, қалпынан асса, ұйқы кем болып, ояулық көбейіп, шудайы болып, ауруға айналады (айланады). Дененің былжырап, дымықпағы (демікпегі) зердеден болады. Дененің күйіп-жануы қаннан болады. Дененің суық болып, мұздап қалуы қақырық күшеюінен болады. «Құдайдың (Хұданың) құдіретінің шеберлігін білемін»- десен, өз бойыңа жақсы қара. Қандай шеберлеп жаратқан: іші-тысы біріне-бірі хылап, басын қалай қосып, біріктірген?! «Әркімнің жаны [342] бір калыпта, бір түрде болмайды, сол үшін айтылады:

Арық пенен семіздің басы бір ме,

Жақсы менен жаманның жаны бір ме?!- деп.

Дене- бір қараңғы ұй, жан- онда жарық қылып тұрған нұр. Біреудің жаны- шырағдан сықылды, кейбіреудікі- май шам сықылды, кейбіреудікі- тас шам сықылды, кейбіреудікі- керосин майының жарығы сықылды, кейбіреудікі- онан да жарық, машинамен жағылатын электрі бар жарық сықылды. Онан да жарығы зор нұрлы жан болады. Есебі жан деген нәрседен ныһайт жоқ.

Адамның денесі- машина: будың күшімен жүріп тұрады. Дүниеде не нәрсенің үлгісі- өз денесінен алып, білуге мүмкін. Күллі денеге күш беріп тұратұғын- жүрек. Адамның он екі мүшесінде мұнан күш алмай, өз бетімен жұмыс қылатұғын дене жоқ. Ауыздан ішкен асты құрсақ өзіне қарай тартып алып, төрт машина: бірі- жан-жаққа жібермей, сақтап (сақлап) [343]; біреуі- мидай араластырып, қайнатып; бірі- қаймағы мен тортасын (айырады) айырып. Бірі- тортасын түпқарынға шығарып тастап, тұрып қалған таза қаймағы

есептісін бауыр өзіне қарай тартып алып, қан түсіне айналдырып, бояу жасап, оның қаралтырағын талақ өзіне қарай тартып алып, сүт деген қаракорым сол болады. Сарғылтымын өт өзіне қарай тартып алып, «сығыра»- деген сол болады. Акшылын өкпе өзіне қарай тартып алып, «былғым»- деген сол болады. Көріктің желіндей өкпе желмен ұрып, кенірдек жолымен сіңбірік, қақырық қылып, қайта далаға шығарып жатады. Мұнын бәрінен іркіліп қалған қан бауырда сумен аралас болғандықтан, тағы дәнемеге жарамай тұғын болған соң, ол қанмен араласып жүрген суды бүйрек өзіне қарай тартып алып, сідік қылып жасап, қуыққа жіберіп жатады. Енді бауырдың өзінде қалған таза қан тамыр- тамырға тарап, тамыр ағзаға жайылуға бет беріп, әр мүшеге өсім жүргізіп, етке-ет, майға май қосады. Тамыр ішінде жүгірген қанлардың таза-тазасын сүзіп алып, екі домалақ еркекте бала болатұғын суды жасап, екі емшек ұрғашыда сүт жасап шығарады.

Егер талаққа бір ғыллат пайда болып, бауырдағы қаннан қаракорымды айырып ала алмаса, онымен араласқан қан ағзаларға тараса, безгек, жындылық, шудайылық- аурулар сонан болады. Егер өтке бір ғыллат пайда болып, бауырдағы қаннан запыраны (зығыраны) айырып ала алмаса, шөлдеуік сықылды әр түрлі сарылық аурулар сонан болады. Бұның мысалы бәденде ұлан ағза, қуатлары ешбірі өз қызметінде жарай алмай, бірінде кемлік болса, иа қызметінен қалса, машина бұзылған сықылды болып, денеге ауру сол себепті пайда болады.

Адамның денесінің мысалы бүтін әр нәрсесі түгел бір шаһар төрт түрлі кірпіштен жасалған. Ол төртеуі-«Шарғына сырар баға»: от, су, жел, топырақ. Шаһар болуға керек жабдықтар тоғыз түрлі нәрсе: ет, қан, сүйек, жілік, сіңір, тамыр, тері, май, түк. Олардың мәткесі есебінде- сүйектер, шеге есебінде- сіңірлер, үш жүз арық есебінде- үш жүз алпыс тамырлар,- бәрі бір бүйректен тарайды. Ол екі даруаза есебінде: екі көз, екі құлақ, екі танау, екі емшек, ауыз, жаман нәрселер шығарылып тұратұғын төменгі екі жол, кіндік.

Он түрлі қазына есебінде: бауыр- қан қазынасы, ми- ақыл қазынасы, жүрек- жан қазынасы, талақ- қаракорым қазынасы, өт - зерденің қазынасы. Құрсақ- ас сіңіретұғын машинаның бірінші қаз[ынасы] (қазаны), өкпе- жел қазынасы, шеклер- қорығатұғын

машина қазынасы. Сегіз ұста орынында ішкен асты адамның ішіне қарай таратып алатұғынның аты- «жазба». Ішке барған тағамды шап беріп ұстай алатұғын машинаның аты- арабша (ғарабша) «мәске», диірменше үгіп, бойға сіңіретұғынның аты- араб тілінде «һазыма». Мұнан мүшелерге баратұғын болып, жіберетұғын машинаның аты араб тілінде-«дафға». Әр мүшеге корек (хорек) жіберіп тұратұғын машинаның аты- араб тілінде- «ғадия». Бала жасайтұғын машинаның аты- мүсурре. Әр денені өсіретұғын машинаның аты- «намая». Құрсақта қайнаған тағамды әуел- сорпа (шорпа), онан –ет, онан сүйекке айналдыратұғын машинаның аты- «куат муэлде». Ол шаһарға бес күзетшісі есебінде- «хауас хамса»-дейді: көз, құлак, мұрын, қол, ауыз. Бірі- көрумен хабар береді, бірі- естумен хабар береді, бірі- иіскеп білумен хабар береді. Бірі- ұстап білумен хабар береді, бірі- әр нәрсенің дәмін татумен: ащы, тұщы, ыстық, суықтан хабар береді. Сол үшін айтады: «Алыс пенен жуықты- жортқан біледі, // Ащы менен тұщыны татқан біледі»- деп.

Екі қол- екі қанат есебінде, екі аяқ- екі тіреу есебінде. Мұның бәрін үш патша бір жерде отырып, бас қосып, ақылдасқан (ғақылдасқан) сықылды: бәрі сөзін бір араға құюмен, жақсы ұстап, бұзбай билеп тұрады. Оның екеуі уәзір есебінде, бірі патша есебінде. Мұның біреуі- «рух»- деп айтылады: ғылым-білім қызметі мұның күшімен табылады. Мұның біреуін «рух хайуаны»- деп атайды: бүйректің ортасында тахтыуар – ішкен-жеген коректің барып тұрған тазасынан күш алады. Барша денені кезіп, тамырлардағы қанда- суда жүрген балықтай жүреді. Мұның бірін «рух шаһуаны»- дейді: бауырда болады, әр мүшеге коректі бұл үлестіреді. Жын сықылды бұза бастайтұғын – осы сегіз ұста. Мұның қызметкері, мұның мақсаты- денені бүтіндеп, түзете беру: өліп-тірілумен, ақырет жұртынын болу, болмаслығымен жұмысы жоқ, «Нәпсі аммаре»- деп айтылатұғын батыр- осы. Мұнын уысына түсіп кеткен «ғуз балла»- айтарға жарамай қалады. Назыммен былай айтылады.

Мәшһүр Жүсіптің «Құдірет шеберлігі» өлеңі

Тахытпай-ғақылдың жүрегі еді,
Мемлекеті көп дене керек еді.
Аты- нәпсі, рығайыт, халқы- ағза,
Казначейі мәске бөлек еді.

Екі көз – карауылшы қылған тұрақ,
Елші еді сөз таситын екі құлақ.
Ақ таяғы шабарман- екі қолы,
Жансызы иіскеп білер бұрынырақ.

Дәрігері біледі екен дәмін татып,
Бір ғақыл түзетеді бәрін жатып.
Ұстасы- ол қуат жазба дүр,
Баста миы тұр бәріне таңдай атып.

Емес пе дирменші отыз тісің,
Ас сіңірет машина- нануай кісің.
Ас дәмін ауыз біліп, болар дәрігер,
Білуге бәрін айырып жетсе күшін.

Қуат мүсуре болып қасап,
Ол қуат мұниме зергерге ұсап.
Сегіз шебер жан білмей іште жатыр,
Тыстағының баршасын түзең, жасап.

Кенірдек, өнешің мен қарын, жүрек,
Өкпе, бауыр, талағың,- бәрі керек.
Қақырық пен түкірік- сыпырғышын,
Пайдасын білсең керек, болсаң зерек.

Бәрінен айтылмаған бір жыр қалды,
Бір ісін үйіп-төгіп, соған салды.
Қушті өгізің бар болса, егін айда,-
Пайданың, көретұғын, сол қак алды.

Адамның денесі екі нәрсенің күшімен сәлемет, аурусыз тұрады.
Бұл екі нәрсенің бірі- қызыл қан, бірі- бұзылған қара қан. Таза қызыл қан екі дем алыстың бірімен даладан ішке қарай кіре береді, жүрекке барып, жүректен арман күллі денені аралап қайтуында- қара қан болып, тағы жүрекке келіп, демалыстың жолымен далаға шығып тұрады.

Міне-Құдіреттің шеберлігі: ішке қарай кірген демалыс- қызыл қан, далаға қарай шыққан демалыс- қара қан. Бұл екі демалысқа жақсы ауа (һуа) керек. Адам өзін таза ауада сақтауға (сақлауға) керек. Екінші, бұл екі демалысқа күш беруге жақсы тағам керек. Сол себептен айтылады: «Ауру-астан, дау- қарындастан»,- деп. Үшінші, бұл екі демалысқа күш беруге әрекет (харекет) өскін. Қазақша- жүру, тұру; мезгілімен жүріп, мезгілімен тұрып, уақытымен жатып, уақытымен тұруға керек. Төртінші, бұл екі демалысқа ұйқы мен ояулық: мезгілімен олар да керек. Бесінші, екі демалысқа күш беруге шатлық керек. Адам өз көңілін өзі төмендетпей ұстау керек. Қазақта мақал бар: «Ит өз құйрығын өзі алып жүрмесе, оны кім алып жүреді?»- деген. Оның мәнісі: «Адам өз көңілін өзі көтеріп жүру керек»- деген сөз. Алтыншы, екі демалысқа күш беруге: ашу, қорқу, өкініш сықылды нәрселерден өзін аулақ, алыс жүргізуге керек. Бұл айтылғандардың бір де бірі адамда жоқ болса, адам ауруға шалынады. Не қалпынан асып, көтеріліп кетсе, онда да жаман болады. Аса қорыққаннан, аса қуанғаннан, не зор ашу қысқаннан өліп кететұғынлар көп болады.

Жан- бір асыранды құс, дене- бір қапас. Ол құсқа от, су бермесе, қапаста тұрып, аштан өліп қалады. Оған қорек беру керек. «Хайуан тамақтан семіреді, жан құлақтан семіреді». Мұнан мағлұм болды: Жақсы сөзге жан семіреді екен. Жанның қорегі құлақ сүйсінерлік сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінетұғын сөз естуге талап қылып, тырысу керек. Түркістан шаһарында ақ күмбезі бар сұлтан қожа Ахмет Иассауи хазірет сұлтан айтқан:

Сөзді айттым, әркім болса, дидар талап,
Жанды жанға пионт қылып рәкіні улап.

Яғни сөзді айттым: «Алла тағалаға ғашық, махаббаты зор болып, дидар талап қылушыларға (кылғушыларға) егер ол тыңдаушы жан құлағын[ы] айтушының аузына тыққандай қылып, алма ағаштың бұтағына қайыңның бұтағын улап орнатқандай қылып, шын көңілімен тыңласа»- деп.

Қазақ мақалы айтты:

Сөзді айтқыл- ұққанға,

Жанды жанға сұққанға.

Айтып-айтпай немене,

Мақтамен құлағын тыққанға.

Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді,

Ұқпа құлаққа айтсаң, ұғып кетеді.

Жан құлағын салып тыңдаушының жоғынан, далада тұрған молаға, иесіз калған қораға айғайлай-айғайлай, басым ауырды.

Адамның жаны- асыл жаратылған ғалам: әр уақытта Құдай тағалаға жақындасуға лайықтығы бола алмағаннан, бұл ғаламға- Құдай тағалаға жақындасуды табу үшін, махаббат арттыру үшін келді. Бұл ғаламға келмес бұрын өз алдына бір қосын жұрт еді. Оның үшін Хадис Шарип бұлайша бұйырды: «...»- Дүниеге келместен бұрын рух біткен ғалам әр уақ[ыт]та өз алдына бір қосын әскер (ғаскер) еді. Сонда жүргенде, біріне-бірі танымал, үйір болған жанлар дүниеде бірімен-бірі тату-тәтті, үйір болысып жүреді. Бірі-мағырыптың, бірі- машырықтың кісісі болса да, ғалам әр уақытта жанға жан танымал, үйір болмаса, бір туысқан бауыр болса да, иа ерлі-байлы болып, қосақталып, үйір болса да, бірімен-бірі тату-тәтті болмайды. Сол үшін айтылады- біреуді біреу жек көрсе: «Рухым шошиды, жаным жек көреді»- деп. Біреуді біреу жақсы көрсе: «Жаным жақсы көреді»- десіп айтылады. Олай болса, адамның жаны: «Хыжмыла ғалуя»- нұрына (нұр және) өліп, ашнай хазірет ізден екен. Махаббат мағлұмасы, мәртебесіне қарай: Ғаршы, Күрсі- жеті аспан екен. Сол біліз ғаламнан- бұл төмен ғаламға түскені кәмелет хасыл қылып, дәреже тауып, сол мақамына қайту үшін, жаныңа (ианына) ол орыннан да жоғары мәртебеге өтуге тырысу үшін, бұл кәмелет алмақ. Себепсіз, жараксыз болмайтұғын болған соң, Хак тағала ғына жеті илан ғалам ғұлойдан ұлан әр уақ[т]а ғалам шұғыладан болған дүниені алыт аспап мінзілесінде жаратып, адамзатты рух жасамағыны жан отын (тән) иле түзетіп, екі ғаламда хасен уа кәміл көркемірек, бүтінірек жаратты. Жан жоғары нұрдан келген, қандай жақсы орыннан шыққан дүние?! Төмен жерден шыққан алтынның кені бар жерден жаратылған дүние де бар шығар. Мыс, қалайы, қорғасын,- бұлардың кені бар жерден жаратылған дүние де бар шығар. Нажасатлайы илан бірге араласып, біте қайнаған жерден жаратылған дүние бар шығар. Адам бәрі бір қалыпта, бір түрде болмайтұғын себебі- мұндайдан келеді. «Көн құрысса, тегіне кетеді»,- деп, әр нәрсе өзінің қалыбына қайтады. Жан жоғары (иокары) тартады. Құдайға құлшылық қылып, өзінің әуелде шыққан орнына жетуге білігі, шамасы келсе, онан да

арман өтуге тырысады. Дене төмен карай тартады: ішіп-жеп, катын болса, құшақлап, белшесінен батып, былжырай (былшырай) бергенді сүйеді. Бұл екеуінің ит тартысында жүрген адам әуре: бір жандағы тартысқа түскен. Қыздай кім көрінгеннің қолында бір уқаланды болған дене- бір мейманхана, жан онда аз күн қонақ. Шама келгенше әркім өз жанын ренжітпей, күтіп, жақсы ұстауға керек.

Пенде жалғанда жанын сыйласа, ол жанды ешкім кинамайды. Пенде жалғанда жанын кинаса, ол жанды ешкім сыйламайды. Әркім өз жанын тірілтуге ұмтылса, ғылым-білімге ғұмырын сарп қылсын! Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп, сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады?! Ол жан дүниеде һәм ақыретте сый-құрмет көре алмайды, пайғамбарымыз Мұхаммед әл-Мұстафа салиалла ғалайссалам айтқан: «Дүние іздесең (іздесең), рәт сапар, яғни жол жүріп, саудагерлік қыл. Ақырет қызығын іздесең, атсахар, яғни түнде тұрып, Құдайға жылап (иғлап), ғибадат қыл!- деген.- Екі дүниені бірдей іздесең, бұл еркелігінді әкең үйіне қыл!»- деген. Оның мағынасы- ғылым оқу. «Ғылым оқысаң, әкең көтермеген еркелігіңді ғылым көтереді!»-деген. «Мың сөзден- бір сөз; киссадан-кисса». Қанша сөйлеп келгенде, сөз аяғы ғылымға тоқтады. Олай болса, мандайда көзі бар, басында құлағы бар, аузында тілі бар жан ғылымға тырысу керек. Алла тағала адамға ғақыл сықылды нұр берді, көңіл сықылды гүл берді, ой сықылды жазушы берді; тілді көңілге переводчик қылды. Көз сықылды шамшырақ берді, мұрын сықылды екі демалысқа жол берді. Құлақ сықылды тыңшы берді, аяқ сықылды ат берді, қол сықылды қанат берді. Бауырға – миһір шағқат, талаққа- күлкі, бүйрекке- қулық, айла (хайла), өкпеге- желпуіш; құрсақты- қазына, жүректі күллі дүниеге тұтқа қылды. Өзгесі не керек, дұшпаныңды құлыңдай қызметкер қылатұғын бір дүние берді. Күллі дүниенің бәрі де бір бас, жалғыз өзі де бір бас. Соқыр-соқырда мұнан құнды, мұнан пұлды болған соқыр жоқ.

«Хирал калам мақбылла дәлла»- аз сөзден көп мағына. Құдайдың жаратқанлығына көп-көп шүкірліклер қылса керек. Бұлардың бәрін қозғамақтан максатымыз- Құдай тағаланың фазылын, керімжүдін зікір қылып, шама келгенше шүкірәнасын орынға келтіру керек.

Шүкіршілік тағылымы

Алла тағаланың бір пенденің өз басына берген нығметіні сөйлеспек- шүкіршіліктен болып табылады. «Әлхамділла, бізге бұ нығметті Құдай тағала берді!»- деп, қандай орыннан, қандай қылып жеткізгенлігін мақтаныш үшін емес, басқаларға ғибрат болсын үшін айтып жүру керек.

Екінші, ол нығметінің бірсыпырасын мұқтаж болғанларға сарп қылып беріп тұруға керек. Тілмен болған шүкіршіліктен-қолмен жұмсаған шүкіршілік көп абзал, бірнеше дәреже жоғары. Сүре Уалхысының ақырында: «Фамма бығматрік фыхдыш»- деп бұйырды. «Құдай тағаланың берген нығметтерін заһар қыл!- дейді.- Жұрт көзіне түсіріп шаш!- дейді.- Тіл мен: «Әлхамді шүкір құдай осындай берді!»- деп, қолмен [344] мұқтажларға сарп қылып жұмсамаса, күпірліктен болады. «Нығоз балла»- Алла тағала «Калам кадимінде лән шәкіртім лазидіңім бұйырды: «Ай, пенделерім, егер сізлер нығметінің шүкірәнасын орнына келтіре берсеңіздер, мен сізлерге берген нығметтерімді арттыра беремін!»- деп уағда қылды.

Мәснәуи Шариф: «...»- нығметінің шүкіранасы- нығметті үсті-үстіне өстіре береді. Нығметке күпірлік жоқ жерде уысынан шығарып жібереді. Құдай тәбәрік тағала екі періштені әдеңі арнап, екі жұмыстың басына қойған. Бір періштенің қиямет қайымғаша тасбиғы: «Әлхам ғыт кәміл мұнафик қыл[у]ға!»- деп тұрады. «Ай, бар Құдая, кімде- кім қолы береген ашық болса, есесін бер, орнын толтыр!»- деп тұрады. Қазақшасы: «Кет- кенің келсін, кемтігің толсын!»- деп, тілеулес болады.

Екінші періштенің қиямет қайымғаша тасбиғы: «Әлхам ғыт лікіл мәмек толға!»- деп тұрады. «Ай, бар Құдай, кімде- кімнің қолы жұмық болса, сонікін жоқ жерге шығар, ұрыға алдыр, ұраға жық!»- деп тұрады.

Екінші шүкірлік бұл дүниеде патша хазіреттерінің барлығын өз басында болған нығметлерден артық нығмет,- деп білуге керек. «Не үшін?»- десеніз, патша хазіреттерінің қол астында болумен әркімнің басы-малы аман-есенлікте тұрады. Бұл бір зор нығмет-патша хазіреттері арқылы бізге болып тұрған. Әркім өз үстінде

қарап тұрған патшасына шын ниетімен илан тілеулес болу- ол хәм шүкіршіліктен саналады. «Ал сұлтан зіл Алла сұлтан атына ілінген Алла тағаланың көлеңкесі»- деп айтылған. «Құдай тағалада көлеңке болады»- делінбейді. Кағипта Алланы «Байтолла»- деп атаған есепті. «Байтолла»- деуменен ол Құдайға үй болып, Алла тағалаға мекен мах-зос болмайды: шарапаты, құрметі басқа үйден артықлығын білдіру үшін. Соның сықылды сұлтанлардың шарапаты, құрметі басқалардан артық болғаннан: «Зіллалла!»- деп айтылады. Кім болсын, ол болсын, сұлтан болсын, - оның кім болғанымен жұмысыңыз болмасын! Алла тағала Қалам қадимінде: «Құл әлхам мүлік -әл-мүлік тоты әл-мүлік пен тиша бұйырды: Мәснәуи Шариф [те] айткыл: «Ай, Мұхаммед, мүліктерінің мәлики қожасыны. Алла тағала кімді хуаламса, өзінің мүлкіне қожайын қылады»- деген сөз. Олай болса, Құдірет өзі қалап, бірсыпыра мүлкіне қожайын қылып қойған соң, біз сол патша хазіреттері қазылған жолында, шашылған топырағында болып, кеш-күндіз дәулеттерінің артылғанына дұғада болсақ керек.

Біз осы күнде ел аралайтын жаудан, іргені аралайтын даудан, аузы қанды бөріден, қолы қанды ұрыдан аман-тыныш тұрмыз. Кімнің арқасымен тыныш тұрмыз? Патша хазіреттерінің хәметінде болғандықтан, тыныш тұрмыз.

Кеше он сегізінші ғасырдың ауылында қазақ жұртында «Қокан заманы»- деген заман болды, сонда қазақта мақал болып қалды: «Ғазірейіл тұрғанда, жаным бар»- деп сөйлеме, // «Ақ жалау» бар тұрған күнде «малым бар»- деп сөйлеме!»- деп. Сол «Ақ жалау» Қокан ханларының ел шабатұғын қосыны еді. «Қокан заманы» қалып, заман император ағзам хазіреттеріне бізді бағындырғаннан бері қазақ жұрты асын тынышлықпенен ішті [345].

Үшінші шүкірлік- баланы ғарыштан фыршыға келтіргенлігіне. Оны бір бос нәрсе білмей, зор нығмет біліп, шүкірлігін ада қылуға керек. Не үшін десеңіз, адамзаттың аруақ ғаламында болған рухы Құдайға жақын болуды таба алмайтұғын болған соң, бұл ғалам таклифқа, Құдайға жақынлықта бо[лу] үшін, махаббат кәміл (кемел) қылу үшін келтірілді. Хасен тақұмда жаратылған адам сағал сафы-лын табиғатына қойылды. Әркім өз ықтиярымен иман гауһарын кемелдеп (кәміллеп), ізгі кісі қылып табу үшін, бұл екі жұмысты орнына келтіріп, жырғыыр міннұнға мыштықық болу үшін, бұған дәлел

болу хақында Шайхы Нәжмалдин разы «Мирситлығбад»- аталмыш кітабында айтқан.- Шайхы Ғали мұзыннан хикаят кылып. Бұл Зат-Шариф айтыпты: «Менің мұрих рухым, яғни жанымды құс суретінде кылып, ғалам аруағының бостаннан дене болып жасалған. Қапасыма кіргізу үшін бірнеше періштелер қолдарына алып көк табақаларынан өтіп келе жатқан уақытта жолда тұрған періштелер көріп аяды:

– Хипа есіл құстай ұшып, риязы рызуанда тып-тыныш уайым-қайғысыз жүрген жан. Мехнат мағнур абадан болған дүние-ай, дәніге барып, мағұрлық тұзағына ілінгелі бара жатқанын!- деп.

Сол халде дәрге мытғалдынында ішті.

– Ай, кизау-кадірімнің сырларынан бейхабарлар, ол көзін көріп тұрған рух- үшір фітох менің хызайыр қадис риязы рызуанымда мың ел ұшқанынан, ғалам тықайығқа барып, сол дүние-ай, денеді бір дәрмені аз болған кемпірдің құдыктан су алуға шамасы келмей жатқанын көріп, соған бір қауға су алып, шелегіне құйып бергені қанша фазыл, қанша ғали, қанша кемел, қанша уәли екенлігінің мөлшеріне сіздер жете алмайсыздар, немене айтасыздар?,- дейді.

Мұнан мағлұм болды- ата, -баланың бұл ғаламға келуіне себеп болғаны. Мұндай дәулетке жетуіне уашта болғаны. Бұл хазустан: «Бала ата-ананың қызметіне парызбын деп білу керек. Алла тағала «Айта Керимеде-ан шүкірлі луәлдік бұйырдығы бұған дәлел дүр...

Ата-ана тірі болса, қызметінде болмақ. Өлсе, дұға қылмақ уәжіп дүр. Оның үшін ілтипатының ақырында әлхам ғапарлы улуалды дұғасы мыштыхып өлді. Ата-ана шүкірәнасы мұныменен табылады.

Төртінші шүкірлігі: күндіз болса, аспанда күннің барлығына, түн болса, айдың барлығына- төрт аяқтыдан адамға атты канат орнына иесіне ерікті кылып бергенлігіне, қатынды ерге серік, басыбайлы жолдас кылып бергенлігіне! Бұларға өз алдына Ғали Құдай шүкіршілік кылу керек.

«Ай мен күндей, // һәммаға бірдей»-деп, айтылған себебі–баска нығметлерден бұлардың баршаға пайдалы екенлігі мағлұм. Аттын өзге хайуанаттан артықлығы: «Ер канаты ат болар, // Жаяу адам мат болар!»- деген сөзден мағлұм. Қатынның жолдаслық пайдасы- адамның басына ғимарат қатын үшін тұрғызылады. Үй ішіне мүлік қазына қатын үшін жиылады. «Мынхытсыр әл-калам»- қатынсыз дүниенің ләззаты болмайды. Қазақ жақсылары айтқан. «Алпыс ба-

сты ақ орда алпыс еркекпен іші толмайды, // Бір-ақ қатынмен толады»- деп. Қазақ жұртында нами шығып, мәшһүр болған Жиренше шешен айтыпты: «Қазақ төрт нәрсенің атын білмей қойыпты: бірі –ат, бірі- қатын, бірі- бала, бірі- келін. Аттың аты ат емес, «ер қанаты» болса жарайды. Қатынның аты қатын емес, «тындым» койса, жарайды. Бұл «тындым»- деген сөзде екі мағына бар. Бірі- жақсы болып жолықса, еркектің үй шаруасымен жұмысы болмайды. Көңілі тынып, хатырхымығ отырады. Бірі- жаман болып жолықса, өлтіре алмайды, сата алмайды, жөңдей алмайды, ішінен тынады да, отырады. Баланың атын «бала»- деп білмей қойыпты, «қайырған»- қою жарайды. Бала ер жеткен соң, ата-ананы қайырып тастайды. Келіннің атын «келін»- деп, білмей қойыпты, «айырған» қою жарайды. Келін келген соң-ақ ата-анадан баланы айыра бастайды.

Бұрынғылар айтқан екен: «Еріксіз- еңбекте жалғыз»-деп. Онын мәнісі- ердің өзіне лайық қатын жолықса, егіз болады екен. «Қатын жаман болса, туысқан серігіне жарамаса: «Бала жаман болса, еңбекте»- деп, соны айтады екен. Және бір мақал бар: «Ердің атын қатын шығарады, // Қатын атын жетім шығарады, // Жетімнің атын отын шығарады» - деп. Хасыл жақсы болып жолықса, қатыннан зор нығмет жок. Мұның хақында бір назым жаздық.

Мәшһүр Жүсіптің «Нығмет иесі» өлеңі

Заһар дүниеде мейірбан (меһірбан)

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Өпсең, қылар жанын құрбан

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатының болса местөре,

Сен боларсың мешел төре.

Барып шарифаттан сұра,

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатының болса кимашы,

Көрсе, тояр қарын ашы.

Перзентлері- дүр тәжі,

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатының болса бай қызы,

Маһитабан болса жүзі,
Дертке дәрмен әр бір сөзі,
Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатын бірлан үйін абад,
Өпсең, жүзі қазынабат
Және бірін айтсам ұят,
Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатынлы үй- мысал шаһар,
Ғұмыр табар онан (андан) баһар.
Қатынсыздын ашы заһар,
Қатындай нығмет бар ма екен?!

Бұл сөзді бастап сөйлегеннен мақсатымыз Құдай тағаланың құдіретін, пенделеріне берген нығметін әбден танып, солардың шүкірәнасын орынға келтіруге тырыссын үшін, Алла тәбәрік тағала он сегіз мың ғалам жаратты. Оның ішінде адам жаратты. Барша жаратылмыш мақұлықатты адамға қызметкерлікке жаратты. Адамның фазылтын, құрметін қалам мешітінде (мажитында) неше жерден зікір қылды. Сондай ғазиз шарап жаратқан – адамның заратты. Бізлер өз қадірімізді өзіміз білмей, өзімізді өзіміз танымағанлықтан, аяқ астында қалып барамыз. Кел, қарындастар, ғазиз ғұмырда бейһуда орынға сарп қылмай, адам болуға тырысайық. Адамлық немен табылады, ғылым-біліммен табылады. Бұрынғы өткен салафалар айтқан: «Адамит- не бынтық, не быршын, не бижан...» Адамшылық сөз сөйлеуменен, сақал бар болғанменен, жан иесі болғанменен емес. Тоты құс та сөйлейді. Текеде де сақал бар, ешкіде де жан бар. Адамдық- хайыр лынаш пен инғых лынаш- өзінен басқаға пайдасы тиюменен болады [346].

Қазақта мақал бар: «Жаман адам- жанға ортақ, // Атаның жаман ұлы малға- ортақ» деген-деп, сондайды айтады. Бұл сөздің ақырын екінші рысаладан күтесіздер.

Ашыр Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Орынсыз мақалдар туралы

Біздің мұсылманлар: «Таңдағы тамақ-Тәнірден», «Ертеңгі үшін есек қайғырады», «Құдайдың бір жазғаны бар шығар», - деп, «Лух

Махғұзға»- қарап алып, не қылса, сонан соң қылмақшы болып, аш-жалаңаш қалды. Ғиаллары болса, тұрғанда: «Жылқы!»- дейді. «Не тапты?»- дегенде, «Жылқы тапты!»- дейді. «Қыз, шіркін, бала есебінде ме?!»- дейді. Өсіп, жетілуіне карамай, сата бастайды, саудаласа бастайды. «Ғылым-білім, үлгі-өнеге алсын!»-деу қайда?! Қаранғы бір бұрышка қағып қойған қададай: «Қозғалма, үйден шыкпа!», «Қызға қырық үйден тыю деген»- дейді. Малға сатып алған соң, ата-анадан қадір-құрмет көрмегенді кім қадірлейді, кім құрметтейді?! «Маған келдің бе, малға келдің!»- дейді. «Ұрғашының шашы ұзын, ғақылы қысқа»- дейді. «Қатын- тамұқ есегі»- дейді. «Қатын- шайтан қамшысы»-дейді. «Қатын қайраттанып, қазан қайнатпас-деген»-дейді. Лахасыл (алхасыл) неше түрлі ұнамаған сөзбен жаншып (ианшып), езіп (изіп), оған бү[т]ін жиһан жүзінде ұлан мұсылманлар фук алғадат (лағадат) пақырлар-ғылымсызлар дүр. Басқа милләтлер жүз мәртебе алға кеттілер, ілгері ұмтылып, өрге бастылар.

Дүниенің: еркек- бір қанаты, ұрғашы- бір қанаты. Екі қанатпен ұшқан құс қандай ұшқыр?! Мұсылман халқы ұрғашыны бүркеп, жасырып, кісіліктен қалдырғандықтан, сыңар қанат құс сықылды, дәнемеге жарамай қалғандығы- сол.

Еуропа (иауропа) жұртлары әйел халқын еркекпен тең ұстады. Жынысы әйелге харрит, азатлық, ерік берді. «Ұл, қыз- екеуі бір бас»-деп, ғылым-білімге, өнерге жарыстыра, бәсеке қылып қосып еді. Әр турадан әйел халқы ілкім үздік (оздық) шығып, байды да жақсы бақты. Солай болғаны үшін, мүкіл періште есепті болды. Ғылым-білімді ұрғашыдан туған бала- туа әр нәрсені біліп, кісі болуға жарайды.

Тарихи бір дерек

«Үш жүзге бас болуға жарар-ау!»- деген жанлар кетті: Мұса, Мұсадан соң Біләл марқұм, онан туған Жаржан марқұм. Жаржан жайрап қалған соң, қалғаны көт болуға да жарамағандықтан, Біләл марқұмның қара шанырағы қыс ішінде Қыпшаққа кетіп, ағаш үйінің аузы құлып салынып, бекіп қалды. Біләл тұқымсыз, тұяқсыз емес еді. Көт болуға жарамайтұғындары қалғандықтан, осылай болды. «Ұлсыздан гөрі қыз да игі»- деген рас екен. Біләл марқұмның екі-үш жерге ұзатқан қыздары көзге көрініп, ендігі қалған жаман-жәутік

солардың аркасымен төрге отырып, тамақ асырағаннан басқа дәнемеге тұрмай қалды. Туған ағасы Хасен марқұмның қатынын жесір қойып, Бопажан (Бөпежан), Шүйке де: «Тіріміз!»- деп жүр. Көңілге жұмысы қонбағанның бәрі- Бопажан, Шүйке. Егер Жаржан тірі болса, бәрі қырылып қалса да, шашау шығармай, қатынын жиып алып қояр еді. Шіркін, дүние, опасыз екендігін көрсетті. Мәшһүр Көпеев ауыз (өз) қай, шіркін, дүние опасыз екендігін көрсетті.

Нығметтің шүкіранасы

Мен пақыр Алла тәбәрік тағала тарапынан жүктелген борышымнан құтылу арзосыны [халімді] (қылымны) қолға алып, шындап та (шынлап та) неше елдерден бірлі кітаптар үстінде отырып, сағиуа жытһадымны бүгінге қадір дуам етдүрім [еткенім] босқа кетпесе керек. Ол қадір құдіреті күшті ұлық Алла тәбәрік тағала ғазиз (ғажіз) пендесін қалай сөйлейін десе, қалай жазайын деп, ерік-ықтияр беріп, сөйлеуге- тілін, жазуға- қолын ыңғайлы қылғаннан, бар гұмырымда көргендерімді, естігендерімді- арттырмайынша, кемітпейінше жаза бердім. Маған борыш, бір қызмет... Бұл кіміне (кімге) махрұр, өзі қай заманда дүниеге келгенлігін, ол дүниеге келген заманында адамдар (адамлар) қандай ғамал, нендейін пиғылдарда болғанлығын- қылған жұмыстарынан басырт (бағырт) көзі бірлан қараушылар (қарағушылар) көз ал[дында] тұрғандай танып. Сол заманның адамларына һәм оны ғибрат аларлық нұсқа қылып қалдырған хашырға (хыхырға): «Құда[й] рахмет айласын!»- деп, қайыр патхада жоқтауға (иоқлауға) борыш[ты].

Баян өңіріне діннің таралу тарихы

Қарадан хан болған Едіге баласы Шоң би қой жылы өлген [347].

«Мешіт зары» өлеңіне түсінік

«1914, 14- августе мешіт алдында жазылған сөз. Баянауланың мешітінде бір диуана мен бір соқыр шал [сы]рттан жинаған ескі-[қ] ұсқы, нан ұсағын қоятұғын [ма]газицкесі қылыпты. Өздері (өзлері)

ішінде жатып, ұйықтағанда, биті қойдай жайылып, неше түрлі былғанышпен былғап тұрады екен. Медресені қасапшыларға...[ноч-лег] нашлазны дом орнында ұстаушыларға пәтерге қойыпты. Қандай каскалар тұрғандығын көзі көріп жүріп, мұсылманның баласы үндемей жүре береді. «Бұл мешіт, медресе-Құдай үйі еді ғой. Мұны құрметлеп ұстайық!»- деген бір мұсылман жоқ. Құдай ісін өз ісінен ілгері ұстамағандығынан, күллі мұсылман қорлықта қалды [348].

Ер Олжабай сөзін еске алу

Ер Олжабай өлеріне балаларына өсиет қылған екен:

-Дау десе, көмейлерің бүлкілдер, // Жау десе, көтендерің лүпілдер!- деп.

Айтқанындай болды, құлақ естігенді көз көрді: «Жария- жарытты, хазия (хағия) құрытты».

Дін тағылымы

Ағузы билламин, шайтан ал-ражим ... атамыз Адам сахиалланы қараңғылықтан жарыққа шығарып, анамыз Хауа ана илан екеуінің басын қосып, қанша көп қайғысын кетіріп, көңіліне шатлық салған, Құдай,- сенсің?! Сол Адам атаның ұрпағы- бізбіз. Біздің де сондай қараңғылық күнімізді жарықлыққа айналдырып, дін исламның туын ортамызға көтеріп, көңілімізге шатлық бер! ... Хазірет Нух ғалайссалам өзіне ерген жаранлары илан дүние жүзін қаптаған топаннан етегіне дым тигізбей, сәлемет сақтаған, Құдай, сенсің!

Сол Нух ғалайссаламның зүриті- бізбіз. Бізді де сондай дүние жүзін қаптаған пәлекеттен сәлемет сақлап, оны ... Ибраһим халиалланы дұшпанның намрудлығының отынан жанар күні бір дау салама демегің бірлан сәлемет сақтап, отты гүлзар гүлстан қылған, Алла,- сенсің. Сол Ибраһим халиалланың миллетінде болушы құмлар- бізбіз. Бізді де сондай өзіңе дұшпанларың дүние жүзін қаптаған жанған өрттей пәлесінен бізді де сәлемет сақтар (сақлар) банна тақпыл мына ... пәруардігер хазірет Иосиф (Жүсіп) ғалайссаламды ағаларының: «Өлтіремін, көзін жоқ қыламын!»- деген қастығынан құтқарып, құдыққа салған жерінен, онан шығарып, Зылиханың жа-

ласымен зынданға кіріптар кылып, онан һәм аман-есен шығарып, Мысырға патша кылған Құдай- сенсің!

Сондай өзімізден баска күшті, лас туысканларымыздың біресе құдықка салуынан, біресе зынданға салуынан құтыла алмай, басыбайлы құлдай пенделікте жүрген құлдарың- бізбіз.

Дін тізгініміз қолымыздан кетіп, құдықка түсіп қалғандай болғанымыздан, шаруа билігіміз өзімізден кетіп, зынданда қалған жанлардай болғандығымыздан құтқарып, Мысырға патша болған жанның шатлығындай шатттықты бізлерге һәммасыр қыл. Раб құдіретінімен ләмілік уғлатыменен тауил тауып, «хатыралсымуат уаларызант уәлифиалдына уала хазірет Туфыны мүслима уалхыкны балғалыхын алһи паке»- пәруардігер хазірет Мұса пайғамбарды Ферғауындай күшті дұшпанынан құтқарып, неше жыл аққан Нил дариясын қак жарып, түбін құп-құрғақ кылып, өмірінде су көрмеген жердей кылып өткізіп, бәни Исраил жұртының көзіп қандай ашып, қуантқан- сенсің!

Сол сықылды жер-суымыздан айырылып, не қаска- жайсаңымыз дүниенің о шеті мен бұ шетіне мал-жан, мүкәмалынан биықтияр кетіп, басымызда малымыз да, билігіміз де қалмаған. Өзімізден өзгенің бәріне жем болған құлдарың- бізбіз!

Бізді де сондай төбемизде ойнап тұрған нажағайдың ұшқынындай зәремізді алып тұрған қорқынышлардан құтқарып, бұрынғы құлдарына, бұрынғы зорлық-зомбылық көрген жұртқа берген жақсылығынды бізге де бер! Бізді де қорқынышымыздан құтқарып, ... илаһи паке пәруардігер хазірет Жүніс (Иүніс) ғалай-ссаламды балықтың ішінің қараңғылығынан, дарияның түбінің қараңғылығынан, түн қараңғылығынан- үш қараңғылықтан бірдей құтқарып, жарық дүниеге аман-есен шығарған Құдай- сенсің!

Дін билігі қолымызда жоқ- бір қараңғылық. Қойнымызда жатқан катын мен күн көріп, жан сақтайтұғын жер, су билігі қолымызда жоқ,- екінші қараңғылық. Өз еркіміз өзімізде жоқлығы (иоклығы)- үшінші қараңғылық. Сол қараңғылықтан бізді де құтқарып, жарық дүниені жаңа көргендей, көңіл раушанлығына бізді де шығар!

... Жазсақ, жазғанымызға тәубе, азсақ, азғанымызға тәубе, адассақ, адасқанымызға тәубе, жаңылсақ, жаңылғанымызға тәубе, білмесек, білмегенімізге тәубе, қылмасақ, қылмағанымызға [тәубе]!

Жақсы- өзі де жақсы болып тұр. Жаманды жарылқасаң, бізді жарылқа, Құдай! Білген- өзі де біліп тұр. Білмегенді жарылқасаң, бізді жарылқа, Құдай! Болған- өзі де болып тұр. Болмағанды жарылқасаң, бізді жарылқа, Құдай! Қатарға қосылғандар бұрыннан өзі де қатарға қосылып тұр. Қатарға қосылмағанды жарылқасаң, бізді жарылқа, Құдай! Күшті жұрт: «Күштілігіммен өзім таптым!»- дейді. Білімді жұрт: «Білімділігіммен өзім жетілдім!»- дейді. «Құдай жеткізді!»- деп, екеуі де айтпайды. Күші жоқ, білімі жоқ, дәнемеге әлі келмейтұғын, бір жақсылық атар таң, шығар күн, жарық сәуле бола қалса: «Айналайын, Құдайымның патшалығынан болды!»- деп білетұғын біздей нашарды, кем-кетік білімсізді жарылқа!

Ай, паке, пәруәрдігер: «Бізге, құлдарыңа жіберген елші орнында пайғамбарларың Құдай тағаланың құдіреті айтты»- деп, айтып тұр. «Құл сатып алып, азат қылсаң, сауап бар!»- деп, өзіңнің патша екенлігің, біздің саған құл екендігіміз айдан жарық, күннен раушан. Құл азат қылған жақсы болатұғын болса, жалған дүниеде, тірілік күнімізде бізге де бостандық, басымызға азаттық жарылқасынды, көрсет Құдайлығыңды!.. Ай, бар, Құдай, уай, рахман рахим аттағы (атлығы) патша, өзің айттың: «Дәрменделердің дәсіткері бол, сасқан, босқан, қысылған, қиналғанларға қолыңның ұшын бер!»- деп. Сондай дәрменделікте қалған, сасқан десең, сасқан; босқан десең, босқан; қысылған десең, қысылған; қиналған десең, қиналған- ғажіз ұнаттан құлдарың – бізбіз. Бізлерге де өзің құдірет қолыңның ұшын беріп, гәділіңе алмай, фазылыңа ала гөр! Және өзің айттың: «Жамандық қылғанға- жақсылық қыл!»- деп. «Сондай біз өзімізге өзіміз жамандық келтірген залымға жыһула»- деп айтқан адам әулетіміз. Біздің жамандығымызды Құдайлық, патшалық мархабатыңмен жақсылыққа айналдыр! «Күшті десең, Құдайға жалын!»- деген Құдай-сенсін! Дәнемеге әлі келмейтұғын нашар- бізбіз! «Береді десең, Құдайдан сұра!»- деген Құдай сенсін! Қақсап, зарлап, шулап сұраушы- бізбіз!..

Сондай ұлығ босағаннан нумид қайтарма! «Уа, майылтым, пәле тақһа»- деген өзіңсің. «Ұрпағына кез керек»- деп, атын атына қосақтап, айтқан пайғамбарымыз Мұхаммед әл-Мұстафа салиалла ғалайссаламның жетім қалған үмбеттері- бізбіз.

Мұхаммедтей пайғамбар, шаһариардай ерлер, сахабалардай жар (иар), жаранлар ортамызда тұрса, біз мұндай кемшілік,

коршылық көрер ме едік?! Жетімді есіркесен, бізді есірке! Біз саған сыйынудың, жалынудың есебін тауып жеткізе алмаймыз. Біздің айтып тұрғанымыз түгіл, ойымыздағыны білетұғын Құдай- сенсің! Ойымызға алғанымызға түгел жеткіз! Мүкі- таки, жетер-жетпес бір нәрсеі бетіміздің суын бес төгіп барсақ, пенделерің де береді. Сен Құдайсын, не берсең, мол қылып бер!

Ай, бар Құдая, дін жолында ағайын, туысканның әр намазында жанын ортаға салып, басын нысанаға байлап, өзін отқа ұрған көбелектей ұрып жүрген ерлердің жолын ашық, жүзін жарық қыл, мерейін ұштап, достарына лағытлік, дұшпанына кәпітлік салып, қайырын өсір!..

1323-інші һыжіреттің [кейінгі есеп бойынша- 1906-інші- Г.Ж.] миледи- мұсылманлардың тілектерге мысғал бәрі Тағаладан Жүсіп Көпейұғлының рықымы:

- Ай, мүмин құрдастар, үмбет (үміт) Мұхаммедтің өлі-тірісіне тілектес болыңыз! Үмбеттік Хақтан дүр. ... Дін жолына, милләт пайдасына [іс] (сахи) кылушы пірәдарларыңыздан жаныңызды дариғы қылмаслығыңыз- адамгершіліктен дүр. Жаннан жан аяулы емес. Ол жанын аямай: «Көптін жолына құрбан!»- деп жүргенде, онан аяп алып қалған жанды неменеге жаратпақшысың?!

Нух пайғамбар тағылымы

Хазірет Нух ғалайссаламға жүз жетпіс [170] жасқа шыққанда, пайғамбарлық берілді. Бұл пайғамбарлық бұған: «Сый-құрмет көрсін!»- деп берген жұмыс емес. «Өмірінде көзі ашылмай өтсін!»- деп берілген жұмыс. «Не үшін?»- десеңіз, тоғыз жүз елу [950] жылы дүние тола халыққа пайғамбарлық жүргізіп, сексенге тілін ал[ған] кісі зорға жетті. Онда да бір саны бір кемпірмен толды. Өмір бойы таяқ жегеннен басқа басын жарып, үйілген тастың астында тұншығып жата берген[нен] басқа дәнеме тапқан жоқ. Ақыр ғұмырында Қабызларауах атлығы отағасы сұраған екен:

- Ұзын жасты пайғамбар ең. Дүниенің дәуірі қаншалық екен?- деп.

Сонда айтыпты:

– Дүние деген, шіркін, екі есікті үй екен. Бірінен кіріп, кідірмес-тен бірінен шығып барамын. Барлық бол[ғаным] сол-ақ!- депті.

Сол үшін бұрынғылар айтқан: «Тудың- өлдің, өлдің- жоғалдың! Туудан құтылмаған- өлімнен құтылмайды!»

Оны білсең, өлмес бұрын- өлімге басыңды байлап отыр. Дүниенің жабдығынан ешбіріне араласпай, күн бұрын қашып, о[т]ыр. Тірі кісінің тіршілігі немен болады? Ол пікірден қал. Өлген кісінің хал-жайы қалайша болады? Не күйде, не түрде болады? Кеше-күндіз пікір-зікірің сол болсын! Егер тапсаң, хаят хазірет Нух қылар бір күн өлім жаныңды мақрұм...

Намазға қатысты парыздар

Мұның турасында ан хазіретіміз салиалла ғалия уассалам ан аллалығын хукімге ғали қылып:

– Лұғызын (алуғызын) бақтыр һүкім мылыстығымен- дейді. Дүние-ай, хырыш шарапатлығын қылады. Хүкіметіні Алла тағала уағыз айтушыларының көңіліне тыңдаушыларың һәммасының мағдұрына қарай,- дейді. «Нығихат аланысы» -кітабында Шайхы Әбілқасым назира бады бақдас Алла шарт берген. Уағыз айтып отырғанда, аузына сөз түспейді. Өз-өзінен қайран болды. Күндегі мың уахи жоқ. Ұзын тәубе жоқ, терең таусылмайтын сөзім қайда кетті?- деп, бұл кісінің өзінің бір мүмин кәміл жолдас пірісі бар еді. Жетіп келді:

Бұл құзырында отырған жұрт не ғып отыр? Көрдің бе өзін?- дейді.

Онда Шайхы айтты:

– Бөтен дәнеме қылғаны жоқ. Ояу отырған да бар асхабында, жалғыз-жарым ұйықтап отырғаны да бар,- дейді.

– Ұйықтап отырғандар не қылып отыр? Оны көрдің бе?- дейді.

– Ұйықтағаннан басқа бір нәрсе қылып отырғанын көргенім жоқ,- дейді.

– Көрмесең, көзінді ашып, әбден байқап қарашы!- деп, көзін бір сипап жіберді.

Көзін ашып қараса, ұйықтағандардың басында бір-бір қарға қонып отыр. Екі қанатымен екі құлағын бүркеп, құйрығымен екі көзін бүркеп [отыр].

Қайран қалып:

Бұл немене?- деп сұрадым.

Онда ол пірі айтты:

– Өзін Құдай сөзі Құранды оқымап па едің: «Құла (Құдай) тағала үмін иғышған зікір ал-рахман нықзисала шайтанға»- деп.- Бұл қарғалар-ғалия лағына малғұнлар. Бұлардың төбесіне қонып алып, екі қанатымен екі құлағын басып, құйрығымен көзін басып, мұрындарына осырығын иіскетін, бишош қылып, мас қылып, ұйықтатып отырған- солар. Албасты басқан катындай әбден билеп, меншіктеп алған қу[лар]: «Сенен сөз тыңламасын!»- деп, жиылушы мұндай болған соң, сенің аузыңа сөз қалай түссін?!- дейді.

– ...- дейді.

– Ол лағын шайтанлар- Құдай жолына жібермеске әбден ерікті болғанлар. Өзін біреу билеп, еріп қамап алғанын білмей, жаһыллар, ғазаллар: «Түзу жолда жүрген өзіміз ғой. Бізден басқаның бәрі адасуда ғой. Оқу оқып молда болғанмен, кісі әулие бола ма?! Әулие болса, өзін жарылқап алса, болмай ма?»- дейді.

Оның мәнісі: мал біткенді- кереметке санайды, малы жоқ машарды өз білімінде: «Құдайдың қарғап қойғаны ғой!»- деп, есеп қылады. Міне, жігітлер, жан ділімен, шын көңілмен біз сөйлейік.

Бізлерді жан құлағыңызды салып, шын ықыласыңызбен ұғып алыңдар. Құдайға қылған ықыласыңызды танып қылыңыздар. Намаз оқымақ, Аллаға арыз айтпақ, имам сайламақ. Өз аузымен жеткізе алмай тұғын болған соң, алдына переводчик қоймақ. Ол переводчигі не қылып, не қойғанын, не айтып тұрғанын өзі білмей тұрса, халықтың сөзін қалай жеткізе алады?! Білсе, имам болу керек. Білмесе, имамлығы дұрыс болмайды.

Кім-кімге болсын- намазды білу керек, намаз деген сөзді білу керек. Намаз деген сөздің мағынасы не? Ол өзі не орынға тұратұғын жұмыс?! Молдалардан сұрасақ: «Намаз араб тілінде салауат»- дейді. «Салауат дұға, натхірік силуын»- дейді. Дұға болғанда, құбылаға қарап, қол жайып отыра берсек, онымен де намаз болса керек, тихрик салуайын екі иінді қозғай берсек. Олай болғанда, екі иінді дамылсыз қозғай берсек, онымен де болса керек намаз. Жоқ, бұл екеуінен намаз болмайды. Намаз неменен намаз болады? Тіл өз қызметін орнына келтірін оқылатұғын шына (шыны) таспиқ қыраттарын айтып, он екі

мужы баска жұмысқа бұрылмай, парыз, уәжін, шыныт, мышытқап, науырынға келтіріп, көңіл о да қарап бос тұрмай, өз қызметін ол һәм орынға келтірсе, көңіл қызметіне- ниет «намал, ғамал, балниет». Ниетсіз ғамал орынға тұрмайды, жұмысқа жарамайды. Ниет деген-көңіл жұмысы: «Әлхам ниет қылдым: тілдің айтуы-шын (шыныт). Парыз жұмысы көңілінің ойлап тұруымен табылады.

Көңіл ойлағанда, нені ойлау керек? «Құдай тәбәрік тағаланың алдына ғарыз айта тұрмын!»- деп ойлау керек. ... Алла тағала ғаділіменен, ықсанменен әмір қылғанлығы. Бұл аяттан мағлұм болып тұр: хасан не нәрсе? Ла хасан ан тағбыдкенің тірепан лімірлігін жаратқанға керек. Хасан- жол ғибадат қылмағың- Алла тағалаға, көз алдында көрініп тұрған патшаға иіліп тағзым қылған шіклігі. Сен көрмесең де, Алла тағала сені қазір көріп тұрып дүр. «Олай болса, сен һәм көріп тұрған істі аса қорқынышпен қажырменен мін табады»- дегендей қылғыл»- деп, қымсынып, құлдығынды орнына келтір. Сол (шөл) намазда тұрғанда: «Құдай тағаланың күдіретін мен де көріп тұрмын. Мені күдірет те көріп тұр!»- деп, ойында болу керек. Көңілде бұл қиял болмаса, намазың- Құдайға қылған құлдық емес, басқа бір қарғаның екі қарап, бір шоқығаны сықылды нәрсе. Намазда құлдық қағып: «Алла әкпар!»- демегің: «Ай, бар Құдая, сенің жолыңда мына мен өзімді құрбан қылдым!»- дегенін. Мал бауыздағанда: «Бисмилла әкпар!»- бұйырылады. Намазға кіріскенде, «Бисмилла»-мен «Алла әкпар» бұйырылады. Бауыздалған малдың жаны жалған дүниемен амандасқағдай- намаз оқушы кашан намаздан босанғанша, жалған дүниемен амандасты. Солай болғаны үшін, жарасар жар кірамның бірден соңғы абзалы- хазірет Ғұмар ризаллағынаны намазда тұрғанда, өзін бірақ қылышпен шапса да, қол сермеді. Не үшін? Өзін өлген кісінің есебінде көріп тұрғандықтан. Хазірет Ғали керімалла ұжа һәм сол қиялда болып, намазын бұзбады. Құрбан мағынасы- Алла тағала иа жақынлық қылу- сол үшін айт күндерінде шалынған мал «құрбан» атанды.

«Намаз, һәм құрбан- не үшін?»- десеніз, мұны һәм Құдайға жақынлық, не кәсіп үшін қылып тұрған жұмыс тек бір тахырыма мағынасы.

Сол әуелгі тәкби намаз оқушы сөзін пиғылдан мыных айлағанлығы үшін, дүние-суие ғып, нысана пиғылдарды намаз

оқушыға харам қылғанлығы үшін. Бұл бағыттан ан хазіретіміз сали-алла ғалия уассалам: «Лытхырыма лаулыхырын алдына умафаһа»- бұйырды: «Қылмаған көңілді бұл ниетке байламағандардың (әрекеті) бұ мәртебеде емес. Мал бауыздаушы: «Бисмилла әкпар»- менен малды өлтірген сықылды намаз оқушы бұл тек бір сахар иманның «Алла әкпар!»- менен нәпсіні өлтірді. Пенде мүминнің жаны Ибраһим халиалланың дәрежесін тауып (табып), өзінің ұялап, орын теуіп тұрған денесін хазірет Смағұл есепті қылып, аяқ-қолын жебесінші байлап, құрбанлыққа шалды. Дене-жанның бұл тарихы- құрбан қылуменен-сұраулардан, хырыслардан құтылып, мұратлықтан халас болды. «Бисмилла әлхам мен әл рахим!»- деп, «Уһмір кібір тахыримнің Алла әкбар»- бірімен орнына келтірумен халал бауыздаған малдай болды. Мұнан мағлұм болды: «Намаз оқымаған адам- өлген мал есепті екенлігі. Намаз оқып, намазының шарт- шаратын орнына келтірушінің сүйкімділігі- құрбанлыққа шалған малдың етінің сүйкімділігі сықылды болғаны. Қол кусырып, құбылаға карап, Құдайға жылап тұрғанын: «Қиямет күнінде дәргемыктаның алдында тұрған күнім ғой!»- деп ойлап тұруға керек. Бұл күнде мұңайып, мөлимегеніңмен, ол күнде мұңайып, мөлііп, Құдай алдында тұруың Айдан жарық, [К] үннен раушан.

Қиямет күнінде Құдай алдында қандай тұрасың, намазда сондай тұр! Сонда тілің тарауық оқып, денен намаздан басқаға берілмей тұрғанда, көңіліңде: «Мен де Құдайдың алдында тұрмын-ау, Құдай тағала маған мына сөзді айтып тұр-ау!»- деген пікірде болу керек... «Құдай тағала: «Сондай мен дүниеде саған сондай кеңшілік бердім. Сен не келтірдің маған?! Пәлен жаска жеткенше берген ғұмырыңды не қызметпен өткіздің? Пәлен демалыс бердім, ол демалысты не қызметпен тауыстың? Ғақыл бердім, қандай орынға жұмсадың? Ғылым бердім, оның күшімен не жұмысты қылдың? Мал бердім, оны қалай аударып-төңкердің? Гауһар тасты көз бердім, саңғырлап тұрған құлақ бердім, Қалай жұмсасан, икеміңе көнетін қол бердім. Қолыңды ойлаған жеріңе жеткізуге тіл бердім. Ойлаған жеріңе баруға аяқ бердім. Өзімде бар болған сипатларымының әрқайсысынан саған бердім. Хиат ғалам арада құдірет дүниені бір базар қылып, осынша сомамен жібердім. Мұнша сомамен жіберген маған не базарлық алып келдің? Бірі- шот, бірі- көрік орнында қол-аяқ

беріп: «Егін салыңдар!- деп жібердім. Қандай жерге егін салдыңдар, қандай еңбек алдыңдар?!»- деген уақытта: «Не жауап айтамыз?» - деп ойлаудың күшті сенен іліп тізе бастасақ керек. Бұл тізе бастап, руких қылмақтың артықшылығы сол: жетпіс екі миллет бар. Бізбен- 73. Соның бәрі Құдайға құлшылық қылады: әркім өзінің ұстаған дінімен.

Біз Құдайға кол қусырсақ, олар да бар- Құдайға кол қусыратұғын құлшылық. Біз жерге бас қойсақ, олар да бар- бас қойып құлшылық қылатұғын. Жалғыз-ақ жоқ та-біздің дін[нен], мүминнен басқа дінлерде тізе басып, иіліп тұратұғын жоқ. Соның үшін Алла тағала: «Уар қыгуа мығы фылыркығын»- дейді. Мұның мағынасы: «Міне, Құдай, не жүгін болса, үйіп қоя бер, тостым арқамды! Сенің құллығыңда: арқам-соқпақ, басым омақа болсын!»- деп, білгенге келеді екен.

Екінші, Құдіреттің таңда қияметте айтатұғын сөзлерінен ұялып: «Не қылсаң, өзің біле бер!»- деп, иіліп: «Сұбхан Раббы лағызым»- деп, шулай қоя бергені екен. Қиямет күні хәм Құдай алдында не айтарын білмей, иіліп, тізе басып, тұра қалу бар екен. Бұл дүниеде намаздар құғы бұйырылғанлығы сол жаһаттан екен. Алла тағаладан: «Көтер басыңды, пенделерім!»- деген жарлық барлығынан имам хабардар. Өліп сымғы Алла ләмінхамда, яғни бұл махалхам дүр Алла тағала хамдалын кабірінің хамарны қабыл айлар (етер), демек басы жоқтары көтерер екен. Оқушылар: «Рабаналік әлхамды»- дерлер екен. «Ай, біз кемер жанымыз ғали гүл халхам»- десең, «О, жөн, дүр»- деп, төрт келер екен Алла тағаланың сортақтап: «Ұмғана лы-типа басуанбе»- ешкімнің тағаты, қадірі табылмағаннан, қылған хам ғылымы иатмам болғанлықтан, кітап есептен құтылып, Алла тағаланың рахмет рапытына карайып болға[н] үміті илан тағбыд құлшылық отызлал тәубешілігін барып тұрған ғиаты сәждеге барып, бас қояр екенлер. Алла тағала әр адасқанды мітхана тағылық етіп, сауал есеп, мәртебесін: «Дін балкие ықылас етпе, жұп көтер басыңды, пенделерім!»- деген жарлығынан имам хабардар. Өліп: «Алла әкпар!»- деп, ұлықламаққа және басын көтерер екен. Камал хыжалт ухиядан қияметтікті өлмегеннен және және жүз төмен түсіп, сәждеге бас қояр екен. Және сөйлер екен: «Хак тағала: «Хазіретлер, басың көтер, пендем болсаң, әр түгің сайын сұрайтын сұрауым бар!»- деп,- Енді мұны естіген соң, пенде мүмин басын көтерсе де, Құдай тағаланың жарлық

жүгінін ауырлығынан тұруға шамасы болмағаннан, бүк түсіп, шарт жүгініп отырып: «Ілтихат алла уал салауат»- дер екен. Сол уақытта, Алла тағала: «Не келтірдің, не түрлік қылмысың бар?»- деп, сұрар екен. «Тән тізенде, тәттілігі жан жараттым. Баһатым қылмадым, нәсілін жараттым, һәмижа айладым, тар бетіңе нағу қылдың бір шаниетіңіңі арасына салдым мұсылманлық жеріңе. Қара, шүкір еткенің мыннан біріңе тамам ғызларыңды (қателеріңді) сәлем еттім. Арғы затым білерге- ғалым еттім. Суғардым, ап нығметтен тиісінді ғана алғыл- маған (маңа) қылған ісіңні»-дегенде, пенде мүмин не айтарын білмей, сасқаннан, оң жағына жалт қарап: «Ал салам ғалейкум, рахмет, Алла бергеніңе!»- деп, асхап алмен аталмыш әнбие ғызнам әулие керегінің руханиятларынан жәрдем талап қылып, «хал тілі» елін, үй-мүлкім сәлеметте қалған күнә пәлекет балжығы бірлан аяғы былғанған ғасы күнәһикәр россия: «Ғарық күнә дәрмендеге досткер, шапик бола көріңізлер!»- деп, оң жағына баса даусын шығарыңқырап сәлем беретіні сол екен- десіп. Ол қорқуды жылы күнде әнбиеден былайша қайтады екен. Жауап:

– Уай, ғапіл, бейшаралар, қалай жалынсаң, жалынатұғын күнін дүниеде еді ғой! Ол күнде біз түгіл жаратқан Құдай десен де, болмай кеткен күн болды. Бұл күннің аты- «қиямет қайым». Қолдан-күш, аяқтан әл кеткен уақыт- бұл уақыт. Әркім өз жанымен қайғы. Бар, жолың болсын, жолыңнан қалмауықты бок дегендер бұлардан нәумет болған соң, күні бұрын түңілген. «Олардан бір жарылқасын болады – ау!» деген өзінің де үміті жоқ шығар. Сол тарапына бағып: «Ал-салам ғалкім о, рахман, Алла!»- дер екен. Ағайын, туысқан, жар, дос, қатын-баладан дәмәткен есепті- бұлардан не болады?! ... құлағыма сіңіп қалған сөз: «Ақырет күнінде солай болатұғыны үшін, тарапына сәлем бергенде, дауыспен шығар-шықпас сұрадым не, сұрамадым не?»- дегендей, оң жағына сәлем бергеніндей, екпіндей алмайтұғынның мәнісі сол екен. Екі жағынан бірдей түңілген соң, жаратқан патшаның өзіне жабысып, дұғаға қол көтереді екен. Баяғы намаздың басында жабысқан әлхамдыға тағы шап беріп, жабысады екен.

Намазда басқа сү[ре], басқа аятны тығын қылмай, әлхамдыны тапсырып қойғандай тығын қылу- Құдайдан тілейтін тілектің зоры екен. Пенде мүминнің ол ұлық Алла тағалаға қажетін шағып айтқан зары екен. Алла тағала пенделеріңе:

– Тағлым үшін не тілек тілейсің, маған хамид айтуменен тіле!- деп, калам қадірмен һәм хамматпен бастаған Құдай тәбәрік тағаланың әр не берген нығметінің шүкіранасы үшін хамид айтпак бұйырылған, «Әлхамдїлла»- - демегіміз-Алла тағалаға ... Мұның мағынасы: «Ай, пак, пәруәрдiгер, бiз саған ғибадат қыламыз. Сенен басқаға қыларымыз не? Сенен хам талап қыламыз бұл тұрған баршаларымыз»- дегені екен.

Алла тағала пенделерінің бұл мiнажатына:

– [Не]ден талап қыласызлар?- деп, жауап бастап қайырап екен.

Онда пенделер:

... Бізлердi тұғыры жолға көндiр, түзу жолға баста!- деген екен.

Онда Алла тағала жауап қайырап екен:

-Жолдың бәрі түзу... Алла iздеген мақсұмдыңмен (мақсатыңмен) болсам, қай жолмен [ж]үрсен де , табасың!- дейдi екен.

Онда пенделер:

– Сұраған жолын анықтау (анықлау) үшін- ... дейдi екен.

– Ай, паке, пәруардiгер, iзде бұрынғы жақсы көрген құлд[арыңа] ... ғам қылған жолдарыңды. Мүсәпiр құл ол жолға берген пенделерiндi нығметiңе шәкбiр қылдың. ... пәлеге сабыр қыларыңнан қылып, заһарда оларға ашу қылмадың...

Ақмолла Мұхаммедиярұлы (1831-1895) өлеңдері

Ердiң халi бiлiнер Луыз атса [349],

Кiмнiң халi бiлiнер мыбхам жатса.

Мағрипатқа, сипатқа жарап (иарап) кетер,

Нiгире бiр ұшадан тахсил тапса.

[Мәшһүр Жүсiп ұйғарымы]:

«Ләмiрi махжұп тыхат лысана»: «Ердiң ерлiгi сөйлеген сөзiнен танылып бiлiнедi». Дәнеме айтпай кеткен мың жаманды кiм таниды?! Мiне, марқұм Ақмолланы көрмей, танып, сұрамай, бiлiп жатырмыз. Өзiнiң сөйлеген сөзiнен- ұлғыбыд мүмин қайырымын мiшрiк ғыбдыңре едi. Яғни «ғабит» деген сөз мүминге һәм кәпiрге шәмiл едi. «Мүмин-дейдi-ғабитке сағат болып, мұнымен ол ғабитiнiң мүмин екенлiгi танылып, мағрипа болды. Ендi мiнтiде болуға жарады.

Жармажрұр мытғылық мiрхайыр болып, хабар болды. Мүмин бiрлан мұсупа болған соң, сыпта бiрлан тахсор тауып.

Бiреуге мұрат болса Хактың жады,
Мағрипат, мақтарынға ана бады [350].

Ис емес мысмасына мазһыр болар,
Шағдатқа (сытығдатқа) бiпит шарт ғады,

Яғни бiреуге Құдай тағаланың құдайлығы, патшалығы мақсат болып, есi-дертi- бiр Алланың өзiне кетiп: «Алла бес баһи кос»- деуменен алһиант мақсаты ұмтылып, «Мен риза-ай тудым гiле машғұл болса, өз әлi шамасынша оған мағрипат хасыл болаты[нл]ығын бiлiмiне көбiрегi айналсаң, жарыңның достығына лүлу, ай, адамзат!»- демедi ме? Сол сенiң зiкiр кылған [р]есiмiң мысмасына өзi басшы болады. Құдай тәбәрик тағаланың сымзат уасым сағатларынан бiрiне мызһорлығың болғанлықтан, сен кеше-күндiз Құданың иады бiрлан сақтанасын (шағылланасын). Мұндай болмақты «Сытғыдад оки бiлiт»- дейдi. Сытғыдатты қабылысты жоққа езiп қойғанмен, дәнеме болмайды.

Мергенге Құдай берсе тұғыры саһым [351],
Ана [оған] болса, мақырын тұғыры фаһын.
Ғытасына манғы жоқ, бiлесiз бе,
Қад ғалам күллi анасы- Мысыр баһым.

Ауыздан шыққан- атылған окпен бiрдей. Оның iшiнде шағырлар айтқан соң, ақтан тигiзетұғын мергендер. Алла тағала оның оғын түзу кылып, қуат мiтпiкiресiн оған лайықлы кылып өткiр заһинлi кылған болса, берушi Құдай болған соң, кiм оны тыйып тоқтата алады?!

Хазiрет Мұса ғалайссалам таяғымен ұрып, алақандай тастан он екi бұлақ ағызғанда, он екi ру бәни Исраил әрқайсысы өзiнiң iшетұғын суын айтпай танып, сұрамай бiлгенi сықылды- әркiм жалғанда өзiнiң алып жейтұғын аңын өзi бiле бередi. Кiсiден сұрамайды. Бiреу қапыла мүшiрiп болады, бiреу бәти мүшiрiп болады. Қапыла мүшiрiп неге сөзi өткiр, өзi сiрә ойламай соғатұғын болады.

Тағырыпқа менiң не мықтарым бар,
Өзiмнiң нұксаныма қарарғым бар.
Бiз- құмырсқа, сiз Сүлеймен болғанда,
Файынсыз хайуаннан ғазиз хабарым бар-

деген болса, өзімнің ғазиз ... [м]ығытыр палықтан басқа менің не қадірім бар? Алайһәм болса, кішкене сығыр би қадір би құрметтемей, құмырсқаның үгіт-насихатына хазірет Сүлеймен ғалия- уассалам сықылды патша һәм құлағын салған. Алла тәбәрік тағаланың «файынтыз һыбонның» қатесінен не қыларымды, не айтарымды білмей дағдарудамын. «Файынтыз һыбонның» мағынасы: «Сәбилікте- емшекке қаштың, балалықта- ойынға қаштың, жігітлікте- шаһуатқа қаштың, онан асқан соң, өсіп, кісі болуға қаштың. Енді қайда қашпақшысың?! Айт, кәне!»- дегенде, тура қарап тұрарлық, айтарлық сөз қайда?!

Тұрмыс –салт өлеңдері

Жар-жар

-...Інің үшін қайын інің
Онда болар, жар-жар [352]!

Беташар

Келін күйеудің үйіне келгенде, сәлем етіп, отырады [353]. Күйеудің туғандары, ағайындары,- бәрі отырады. Онан соң бір кісі ағаштын басына бір асыл бұйымнан шүберек байлап алып, желпіп отырып, келіннің басындағы бүркенген желегін көтеріп, бетін ашып, былайша өлең айтады:

Айт, айт келін, айт келін!

Жұбату

Қара суды жағалай қаз барады,
Анасынан айрылып қыз барады!
Қара суға қан құйсаң, ағар кетер,
Жат кісіге қыз берсең, алар-кетер [354].

Баймұхаммед Тілеубергенұлының «Гүлқашима» дастаны
Көзіме көріндіңіз хор қызындай [355].

Екінші бір деректер

Біздің қазақ жұртында жазу нұсқа жоқ, не сөз болсын- ауыздан-ауызға алынып жүрген сөз [356]. «Хизал ғаламмен фысуи әл-мыржал»- деген «Қағ[и]да кілиеге» бiнә ғықад қойып, қағида (ғакида) байлайтұғын иманның алты шарты емес, «естiген құлақтың жазығы жоқ»- демедi ме?! Құдай сөзi- Құран. Пайғамбар сөзi -Хадис Шәрип. Онан баска сөздiң бәрi-әфсана. Базарға алып барған нәрсенiң бәрi өтiп қайта ма? Дүниенiң ең арзаны- бок: отқа жағатұғын оның да өз алдына базары бар. «Сондай бiр кепте естiлген сөз iште кеткенше, көп ортасында калсын!»- деп, жазып жатырмыз. Біздің қазақ жұртында парыз...

XXX

1313-інші [бізше 1895-Г.Ж.] ныжырет әлһыбойының 17-інші шығбанда, қой жылында Білтешашта сытқамет айладық. Ғидауыр первый мартта жексенбі күн Әбілкасымхан ишан мешітінде оқылды. Сол айттан (ғыдтан) кейін Түркістан келдік. Бұл- қой жылы қажылар болды. Арқаның көп қажысы кырылды. Сол жылы туған баланың аты- Қажкен.

1314-інші [бізше 1896-Г.Ж.] шағбанда Түркістанда болдық

1315-інші [бізше 1897-Г.Ж.] шағбанда мырхлы отын атлыда болдық. Баянауыл атырабында 1316-ыншы (1898) шағбан опадар жылы 1898-жылдың декабіріне рубіру келді. 1317-інші [1899] шағбан-каракиік жылы 18... август илан Мақабіл келді. 1899-ыншы жыл-каракиік еді. Үшбу соның Мәснәуи Шәриф 1900-ыншы ғинуарына келді. 1317[1899]-іншінің айт құрбаны 1900-іншінің март шекесіне келді.

Үшбу жылының март числосының 29-ыншы күніне захыжаның 11-інші күні тығадып өліп, шаһар сенбіге (сінбеге) шалынды. 1318 (1900)-інші жыл басы хиуат хайуан есебінде ныжырыдбуд илан дүйсенбі болды. Әуел міхрам 1901-інші жыл 17-мартта сенбі күні «айт құрбан»- болды. Талас деген елде Ержан үйінде айт намазын оқып бердік. «Сол жылы қажы әкпар болды» - деп қажылар айтып келді.

1319 [1901]-ыншы жыл, бықыр жылы 30-октябрьде шағбанның уәли болды. 1320 (1902)-ыншы жыл- жыл басы шаһар сенбі болды. Махырамның уәли: 3-інші апрельде ақ қар болып, 1321 (1903)-інші жыл махыромның уәли кешіне болды, хыр күшлі. Бұл сінедүр мизанға сенбі күн кірдік. Үшбу жылда қажы әкпар «Ал бер»- болды.

1903-інші жыл 16-ыншы мартта махрұмның уәли жексенбі болғаны. 1322 (1904)-іншісінің рымған шыриғаның уәли шаһар сенбі болды. 1904-інші жыл 27-інші октябрьде рамазан Шәриптің уәлиі болды.

1323 (1905)-інші жыл рамазан басы жексенбі болды. 1905-іншінің 16 –октябрьде Ыдырыс қажының Қаржастың беделіне барған жылы сол жыл еді. Ғарапатқа дәлме-дәл келді. «Биыл құрбан жексенбі күн шалынды»- деп айтып келді. 1324 (1906)-інші –1906-ыншы жылқы жылы рамазан басы жексенбі болды. 1325-інші жыл-1907-інші жыл рамазан басы жексенбі – бес күнді өткізіп, алтыншы күнге түсіріп ұстауменен Мекке-Аллада-Ғарафатқа дәлме дәл келді. Тахфыта қажылардың барып, марқұм болған жылы. Бұл жерде бізбен талас кетіп еді. Онда барған соң, қайыл болыпты.

1908-інші рамазан басы сенбі болды. Бұл жылда һәм қажы әкбар болды.

Біз жазғытұрым Аркадағыларға: «Биыл рамазан шәрипке сенбе, керексіз»- деп кеткен едік. Өз ойымыздан басқасы дуанға еріп, жексенбі кіріпті. Өзіміз Ташкенттен қайтып, үйге сенбіге келіп түсіп, құрбанды үйде шалдық. Қажылар: «қажы әкбар» болды»- деп келісті. Ол жыл барған өзіміздің ұстазымыздың інісі Ғабдыхан Әулиеатадан барған.

1909-ыншы жыл шынжыгер есеп илан шаһар сенбі күн кірдік рамазан шәрипке.

1910-жыл шынжыгер есебі илан жексенбі күн кірдік. 1911-інші жыл мехрам (мейрам) басын дүйсенбі санап, рамазан шәрипке сенбі күн кірдік. Августің 13-інші күні үшбу жылда қажы әкбар болғанлығын Қараөткел-Қаракұдықта алыпсатар Жантай айтып келді.

1912-ші рамазан басы шаһар сенбі болды. Ғидұтырдың ғид намазын Айдос басында оқыдық. Сонан соң ай жарық болып, әркім

көлеңкесін анық көрді. Мұнан екі жыл бұрын күн күйіп, ай күйіп, екі жылдай қараңғылық болып тұрып еді.

Үшбу жыл иұм сүмкін иұм зыһакімге татбың кылып шаһар сенбі күн және Айдоста құрбан ғид намазын оқыдық.

1913-інші жыл- рамазан басы жексенбі болды.

Ғалам һайт есебімен еш өзінің ... есебімен молда Мәшһүр Жүсіп Көпеев Айдос басында тілін алған жамағатты: «Биыл рамазан шәрип басы- жексенбі болады»- деп кіргізіп еді. Бұл есебі дүние жүзіндегі Бұхарай Шәрип Қазан шаһарының һәм Оралсылы шаһарының има-мы Тыхғыта, Аллин- бәрі бір жерден шығуымен һәм ай көрушілер көп болғандықтан, үшбу жылғы рамазан басы талассыз жексенбіге бір келді. 26-ыншы «Қазақ» газетасында мінуге фатун бергенлігі.

Мәделі Жүсіпқожаұлы (1816-1888)

Бәйтерек, Байзак едің мақтап жүрген [357].

Үшінші бір деректер, «Мышной Шәрип» туралы

Тарих һыжиретінің алты жүз төртіншісіне [604 ж.] Рабиг Лауалланың алтыншы күні шаһар Балхыда Шәрип Уақых өлмес дүр. Рух пір фытухлары һыжырттік алты жүз жетпіс екінші [672] сынасы жымады. Алахырасының бесінші күні ақшам[ғ]а жақын даралыңғыма піруаз ай[т]ылмыш дүр. Алты жүз алпыс (660 ж.) тарихында сөйлеген. Бұл сөйлегелі жеті жүз жылға толуға жақындаған. Бүгінгі жанның басынан кешкен сөзді қасында жүргендей айтқан.

Сым паклары Мәулана Жалалдин Руми қадыс сіре сөйлеген кітабы- «Мышной Шәрип». Шайхы ғытар әулие құрттай бала күнінде:

- Балам, қаншаға келдің?- дегенде,
- Құдайдан бір жас кішімін,- деген...

XXX

Үшбу Хәкімжан Хырушев сөзі өз көңіліме ұнаған соң, жазып қойдым. Шаһапалдин саяқат кылып, Бұхарай Шәрипке барғанында заманындағы Бұхарай Шәрип ғалымлары:

– Бұл Шаһапалдин емес, Шағабырдин екен,- десіпті.

Торайғырдың тағы бір сөзі

Абайділда:

– Қалған сөзді қайта қозғаймын, - дегенде, Торайғыр бидің айтқаны [358].

Төртінші бір дерек

Қуандықта сәукеле жасатқан салдың аты- «Өтебай жынды» атанған сал екен.

XXX

Сүйіндіктен жеті жүз жылқы ығып, Ертіс түсіп, бес жүзін беріп, екі жүзі қалып тұрғанда, Шоң бидің Тәтен төремен ерегісіп айтқан себебі (есебі)- айтқан күніне қар кетіп, «суын сүт қылып алып»- қайтқан.

Жананның караласын алып, ақын Сақауды алып, Қаржастан: Байкелді, Жаманқара балуанды алып, Жанақты алып, Қуандықтың асына барған- Шоң би.

25 мартта құс ұя жасамайды. Бұрын жасап жүрген құс болса, дәл сол күн[і] ұясына бір тал бүртік қоспайды. Себебі көкек сол күн ұя жасаймын деп ұясыз қалған. «Хазірет Ғайса рухолла сенен туады»- деп, Мариям анамызға ишарат берілген күн.

Күншілдің күні- қараң,
Еңбексіздің дәмі- арам.

1918-інші жылының жылан жылы Екібас: Қарабойдақ заводындағылар февральды он бестен есеп қылып, он алтыншы күнін жұмға күні первый март деп санап, 23-інші күнін «9-март»- десті.

Жол сапары әңгімелері

1919-ыншы жылында июнь жұлдызында Ақбеттау елінің Қазыхан Тасыбекбаласының Екібас-Қарабойдаққа бара жатып, Арқалық маңайында көшіп жатқан жалғыз ауылды көріп, таңырқап бұрылып барып түсе қалдым. Шайман Омарбаласы Молдабаев екен.

Көштің алды арбасын жөнелтіп, арты таңып-буып жөнелгелі жатыр екен.

– Ай, бәрекелді-ай, мал сойдырып, жейтұғын кісі еді, көшіп жатқанда, келді-ау!- деп, өз көшін токтатып, жалма-жан самауыр қайнаттырып, түндегі конған қонақтардан қалған етті беріп, торсықта тұрған қымызын: «Ауылына татырмай жүр еді, ішіп аттансын!»- деп, өзімді құрметлеп, бір басымды мың кісідей көріп, сыйлап отырған соң, мылжындығым билеп кетіп:

– Балаңыздың қайыны қай ел, келінііз кімнің қызы еді?- деп сұрадым. Сонда Шайманның берген жауабы:

– Қазеке, баламда қайын жоқ. Дербісәлік- Көжек, Тоғайдың Көжегінің түйесін баққаннан басқа түк көрмеген кісінің баласы: партиялық болған құдалық. Бабам Қуан Атығай- Токтамыс-Төбеттен қыз алған екен. Онан соңғы атам Молдабай Арқадағы Алтыбай-Аккісі мен Сеңкібай атанған байлардан қыз алған екен. Өз әкем Омар Шорманұғлы Мұстафаның қызын алған екен. Сізден менің қолқам болсын, мұнан былай: «Балаңыздың қайыны кім, келінііз кімнің қызы еді?»- дей көрмеңіз. Манадан бері сізді көріп, тасып, өсіп отыр едім. Бір ауыз сөзіңізден өшіп қалуға тақадым. Бұрынғылар айтқан екен: «Қартайғаныңды құрдасыңнан білерсің, кемігенінді құданнан білесің»- деп.

Шайман сөзі сөз-ақ. Бұл заманда мұндай сөзді тауып айтарлық кісі барлығына шүкір қалдым: «[Сұрама]ғаным жақсы екен-ау!»- деп.

Және Шайманның бір қызық сөзі. Жазғытұрым жаманшылық уақытта баласының амандығын білуге асығып, Шідерті мен Ашының аралық жерінде зәуімен байтал міне қалған екен. Сонда біреу отырып, Ақбура Сәрсенбаласы Ибрай молданың жаяулап жүргендігін әңгіме қылғанда және оған Шайманның берген жауабы:

– Күні кеше оның әкесі Сәрсен ақсақал екі аяғы салаңдап, бүктетіліп, өгіз мініп жүруші еді. «Онан мал неге кетті?»- деп таңырқама. Айдабол-Күліктің Күлігінен Дулат (Дәулет) тоқалдың тұңғышы болып, Ақыл туған екен. Сол Ақылдан-Бейбіт, Бейбіттен-Күнтай, Таңшыбай. Таңшыбайдан-Қуан, Қуаннан-Молдабай, Молдабайдан- Омар, Омардан- Шайман. Жеті атадан асқанша, қойға-топалаң, жылқыға-жамандат, сиырға- мәлік, түйеге алаөкпе, ең аяғы ешкіге кебенек те жолап көрген жоқ екен. Қанша жұт болсын, жұрттан

алабөтен бұлт жарылғанын заманындағылар әңгіме қылысады екен. Бабам Қуан байға он екі мың қой біткендігі жұрт аузына ілінген, Молдабай заманында бес мың тұяқ қойдан саналған екен. Кеше әкем Омардың тұсында екі мың құлалы жылқы «Молдабайдың киігі» - атанып, қотыр киіп [ке]тіп, түк қыла алмағанын, оныменен құр қалмағанын өздерінің көзің көріп еді. Молдабайдан өсіп-өнген ұрпақ та төрт-бес ауыл. Ауыл басы бес жүз қой-қорадан бүгін де кеткен жоқ. Бұрын көптігінен, ылғи құла болғандықтан, «Молдабайдың киігі» - деуші еді. Бұл күнде қалған жылқы жондағы киік сықылды селдіреп қалды. Байтал мініп жүрген бізді тамаша қыл. Орыстың оразасы сықылды мал біткеніне, кеткеніне...

Бәсентиін шежіресі

Токмайданнан-Қатыс [359].

Ғылымның бір пайдасы туралы

... Отыз кісі бір қайыққа мінген- дарияда жүріп бара жатқанда, толқын болған. Өзі әуелде он бес кісіге арналып жасаған қайық екен. Он бес кісіге толқын болса да, суға кету жөні жоқ екен. Бұлар отыз болғандықтан, қайыққа ауырлық келіп, бәрі суға кететұғын болды. «Сен түс, біз аман қалайық»- дегенге жанын қиып, суға түсу оңай ма? Он бесі мұсылман екен де, он бесі кәпір екен. Сонда мұсылманның ортасында бір ғалым бар екен. Сол ғалымның жасаған зерребесі (жерребесі):

– Отыз кісі шыр айнала отыра қалайық және аралатпа отырайық. Мен санайын, сан аяғы кімге тоқтаса, соны суға тастай берейік. Құдай кімді кез келтіреді, сан аяғына сарт еткен өзінен көрсін!- дейді.

Бәрі осыған: «Жабаса!»- деп қол қояды. Ғалым ғылым фырайыз оқыған, санға жүйрік екен. Отырғызғанда, кімнің дәл келуін- есебін әбден біліп отырғызады. Он бес кәпір- сан аяғы сарт етіп, дәл келе бергендіктен, суға тасталады да, он бес мұсылман аман қалады. Ғылымның пайдасы қандай екендігін сол замандағы жандар айран-асыр қалады.

Қаракесек ортасында болған: Байқожа, Иүсіпқожа, Әкімқожа баласынан үйреніп едім. Құдай рақмет қылсын: Түркі сауаты бар еді, зерек, білімпаз жан еді.

«Мәшһүр Жүсіптің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені» өлеңі

...Қонған соң, хан колынан, қашып жарға [360],
Обал жоқ бір күн өтпей [түссен, торға].

Сазасы хан колынан қашкандықтың-
– Шыкылықтап ортаға алды [қалың қарға].

Айдаумен, ықтиярсыз тамақ жұтқан,
Қолына дұшпаныңның қылма [...]
Өтетін, өнменіннен, кадалғанда,
Тілі ашы болып келмек, көзі [...].

Ауырлап, Құдай ісін, көрме киын,
Күтіп ал ықыласыңмен берген [сыйың].
Түсіріп жұрт алдына өнер берді,
Шыққан жоқ сенен шығын [жалғыз тиын].

«Қызыл тіл- өнер алды»- алдың оны,
«Бекер»,- деп, білген қазақ айтп[ас] [мұны].
Жұрт құнсыз, көрсе, көрсін, өкпелеме,
Бар шығар боларлық жер қаді[р]- [пұлы].

Қанағат қылу керек бергеніне,
Сонынан шұбап жұрттың [ергеніне].
«Ел итінің құйрығы қайқы»-лықтан,
Тарылма шулап иттің [кергеніне].

Қараңды алыстағы жұрт көреді,
Қақ түбінде тұрғанда, [кім біледі?]
Ат үстінде, әрқашан, жолаушыға
Жерде тұрып, бет [алды кім келеді]?!

Бесінші бір дерек

Америкада бір ағаш үш мың жыл тұрған. Жиырма кісі алты жұмада эзер кесіп, құлатуға ыңғайланған. Құлаған дауысы жеті шақырым жерге естілген. Қалған түбінің үстіне отыз кісі еркінше билеп жүрген. Жатқан жуандығына бір сатының бойы жете алмаған. Ұзындығы- жетпіс саржап болған дейді. Тағы осындайлар көп болады.

Бошан өлген боран 28-інші апрельде болған. Жылан жылғы қара дауылда сонда болған, өзі белгілі бір амалда еді.

Торайғыр би сөзі- 18 сахиға; Бөлтірік би -12 сахиға; Қайым өлені: Сақау-Тоғжан- 12 сахиға; Қайым өлен: Күдері мен Ұлбике- 12 сахиға,- үшбу нұсқаларды жазып, 1913-інші жылында молда Нұрғали Бекбаевқа жібердім.

«Сізге сүйген[ім]із Нұрғали Бекбаев өзіңіздің Қоянды жәрменкесінен қайтудағы айтуыңыз бойынша бұларды жазып жинаптарыңызға көндірдім.

Өз-өзіме сізді өкіл қылғанымның раслығына бан Қызылтау елінің қазағы Мәшһүр –Иүсіп Көпеев үшбу хатны жазып, колымды қойдым. 1913-інші жылында 30-ыншы августе.

Бұларды кішкене рысала кылып бастыру керек. Первыйының аты- «Торайғыр», біреуінің аты- «Бөлтірік», біреуінің аты- «Сақау-Тоғжан», біреуінің аты- «Күдері мен Ұлбике».

Һәм «Арғынның алжыған шалы мен Қыпшақтың арсыз қызы»- деп ат қояр керек. Түрі бөлек нұсқа.

Жақып сұлтанға

Арғы атаң мұсылманның ағаштай-ды [361].

Абай Құнанбаев (1845-1904) өлендері

Ішім өлген, сыртым сау,

Көрінгенге деймін-ау [362].

Мәшһүр Жүсіп хаттары

Мұхаммедфазыл, бұ Иүсіп саған жолығамын деп еді, Алла аман қойса, жолықса: «Мынау молдадан [Мәшһүрден- Г.Ж.] туған екен, пақыр!» - дегізуге жаһат қыл. Газет болса, хат болса, Мұхамеджаннан беріп жібер. Молда Мәшһүр –Иүсіп.

XXX

Мұхаммедфазыл, отызыншы ескі мартта дүйсенбі күн аман-есен Жарлықөл [363] басына келдік. Биылғы оразаға жексенбі күн кіргендігі- дұрыс, дүйсенбі күн кіргендігі- бұрыс. «Муфти бар, хазірет бар, мешіт бар»- деп жүргендер дін ұстап жүрген жок. Қа...ын ұстап жүр. Неге десе, былтыр күллі жұрт, айдай әлем сәрсенбіге кірген еді.

Биыл шарманд шынжыгер есебімен- жексенбіге кіруі дұрыс еді. Және Ташкен шаһарында март басы да- жексенбі, рамазан шәрип басы да жексенбі болған еді. Соған биыл отыз жыл болып еді. Бұл март басы мен рамазан шәрип басы отыз жылда бір күнге келіп отырмақ еді. Мұнан былай өмір сұрап жасаған жан енді отыз жылда март басы да- жексенбі, рамазан шәрип басы да жексенбі болғанын бір көреді. Бұл рамазанның адасқандығы мынау- кітап карап, ғылыммен ғамал ғылып отырған біреуі де жоқ. Календарь есебімен ғамал қылып отыр. Ол календарь жасаушылар- коммунистердің жетілгендері. Календардан бір күн бұрын кіруі керек еді. Кешегі өткен сенбі күні- шуалдың первый басы екендігі айдан жарық, сүттен ақ. Бұл- айдың басы, аяғын білдіретін екі күн бар. Бірі- «сегізі»- деген күн ай ортасынан как жарғандай болады. Ортасынан бөлген кара нанның как жартысындай болады. Бірі- «он бесі»- деген күні бұл жағынан күн батса, бұл жағынан ай туады. «Төлеубай сенің қолында тұр»- деп, Қартқожаның екінші хатын тағы саған жіберіп едім, өзін маған жолығып кет. Ұзақ нажатлу өмір жасына, мал-басына тілеулес молда Мәшһүр-Нүсіп.

XXX

Мұхамедфазыл, Алла аман көрісуге жазсын (иазсын)! Бұл күнгеше Әбділда, Бекмұхаммед те аман-есен жүріп жатырмыз. Тіршіліктері жақсы, дендері сау, он екі мүшелері аман болса, кедейлік жоқ. Алғаш келіп түскенде, Қазакбайға (Қазықбайға) түскен едік. Онан бұлар шақырып алып, баска жерге жібермей қойды.

Құдайға шүкір, Құдайдың бергеніне шүкір: «Өз өлтірмес, жат жарылқамас», «Бауыр болмай, тәуір болмас; ру болмай, бұру болмас»- дегенді орынға келтірді. Бап аман- Ғабдімұхаммед молданың қолында: «Үй сағынатын емес, оқуға да ынталы»- дейді. «Агуз бис-милла», «Әлхамді құлқуалла» үйреніп жүргені- солар. Бұл жақтағы өзін білген ағайын тегіс аман. Имаммәлік Біләлға келіншек алып берген. Біләл да бұрынғысын тастап, ескі-ұсқы сатып алып, соны сатып, кәсіп-харекетке кіріскен сықылды. Рәштар да бала-шағасымен аман, Тоғай бойында, Қаржау ішінде. Әбусейіт те аман. Әбжекі үйінде Қашырда тұрып оқып жүр. Өзім Бекмұхаммед үйінде біраз сырқаттанып, шүкір, жақсы болдым. Әмірқан да ауру-сырқаудан бұл

күнгеше аман. Уәлихан Омаров былтырғысындай емес, биыл жолы-ғуы сирек. Өзі қатын алған: «Қыпшақ- Қасым қажының бір жерге барып, қайтып келген қызы»- дейді. Хатпен: «Құтты болсын!»- айттым, ол шақырған жоқ, мен өз бетіммен барғаным жоқ. Өз амандығымды, мұндағы ағайындардың амандығын білдіруге хат жазып тұрмын. Ол жақта «Мигражды» білуші болса, тауып жазып ала гөр! Және Мұса мырзаның асын сөйлеген, Избас қажы қосылған қажылардың өлеңі, Сіләмболды (Стамбулды) сөйлеген,- бұрынғы естігендер осы скеуін қатты қолқа қылып сұрайды. Қожа Ахмет білуші еді, соның білгенін жазып ала гөр. Кім болса, ол болсын, сол «Мигражды» көп керек қылады. Жәпектің Сәлменіне көп-көп сәлем айт! Қожа Ахметтің өзіне, жамағатына сәлем айт! Басқа сағынтып сұраушыларға (сұрағушыларға) сәлем айт! Бекмұхаммедтің Алтынбегі аман ба?! «Айтжан тірі»- дейді, Түйешінің Омарының баласы: «Көзіммен көрдім»- депті: Қошқарбай айтты.

Ұзақ нажатлу ғұмырларыңа тілеулес молда Мәшһүр-Иүсіп.

XXX

Әбділданың үйіндегі келін қызалақ тапқан, аты- Гүлшат, аман бар. Бекмұхаммедтің былтырғы егізінің сыңары- еркегі зая болған, әйелі [қыз баласы-Г.Ж.] аман бар, аты- Махпуз. Соңғы алған тоқалы еркек перзент тапқан, аты- Нығымет, аман бар.

...Бұл жақтағы мал-басымыз, Құдайға шүкір, әлхамдилла, сәлеметлікте бұл күнгеше аман-есен түгелдікте. Мұнан былай не боларымыз Алланың дәр... Мұхаммедфазылға жазған хатларыңыздан аманлықтарыңызды біліп... «Сырттарыңнан тілеулес бір ғайыптан болған дұға, сырттан тілеулестіктің мақболлығы Құдай қасында тезліктен қабыл болады»- деген Хадис Шәрип бар. «Ан Аллаға лұғайып мақбол сырыхғынд Алла: «Мүсәпір болмай, мұсылман болмас»- деген. «Мүсәпір»- деп, «Дұғасы қабыллығында шәк жоқ»- деген.

Сізлер де дұғада бола көрінізлер. Алла тәбәрік... мен есен көрсетуге несіп айлағай еді. «Жыртық үйдің Құдайы бар»- деген сөз бар ғой. Ризыққа Құдай өзі кепіл ғой. «Не ішіп, не жейміз?»- деп, әңгірін, қарап қала қоймас[тығын] «Калам Алладан» қарап, жаттап (иадлап)

алып, жатарда оқып жатуға ғадет кылындар. Үмітлік... мұны оқып, көңілге тоқып, шын ғытқад бірлан оқып жүрушінің ризығы мынғыш кітаптан болмақ. Сендерге менің жіберген қаражатым-осы. ...Ұзақ нажатлу ғұмырларыңызға тілектес көп қалам тербетуші- молда Мәшһүр Иүсіп Көпеев.

1918-інші жылында, 21 февральда.

Мәшһүр- Жүсіпке жазылған хаттар

Моллеке, первый (перуай) иануарда жазған қағазың[ызы] колыма ауысыңқырап келіп, 28 март күні тиді. Қарамы аз ғана, қағазы жеңіл, сөзі ауыр хат екен. Ойламаған жерден уақиға туып қалған соң, айтарлық тіл әбден бар. Бірақ мен ол ойда емесімін. Өйткені мынау: бірінші- ұстаз, екінші- басшы, үшінші- білген ғалым адам, төртінші- аталық хақыңыз бар. «Бір бойыңызда осындай төрт сұрау болатын[ың] білген күндегі қызмет пен, білмеген күндегі қылықты қалай айырбастайды?»- деп қапаланамын-бір. Надан күндегі іс, мінезімді көз алдыма елестеткенге жынды кісідей тағы күлемін,- екі. Сондықтан бұл жазған сөзіңізге әлі қайғырамын, әлі күлемін. Бұл өзі- күлкі. «Күлкі болса да, қайғы»- деген орыстардың бас жазушысы Тургенев. Сол айтқандай-ақ, сіздің бұл айтқан сөзіңізге қапаланып қалдым. «Менен риза болды ма, һәм бола ма?»- деп жүр едім. «Моллекемнің әлі сақтап жүрген оқтары, байланып жүрген қанжары бар екен!»- деп. Мен не істесем де, надан күнімде істеген шығармын. Бұрынғылар: «Наданның жаны азапта»- деп, сондайына айтады ғой. Болмаса наданға қамшы ұрып, пешке салып жағып жатқан ешкім жоқ қой! Бұрынғы еш (һеш) нәрсе көрмей жүрген күйде не іс болса да болған шығар! Бір мен емес, надан халінде кімдерде болса да, ондай қателер көп өтеді. Жастан дүкенді жерге бермеген өзіңізден көрмесеңіз, өзгеден көрмеңіз! Осы күні мен сізден адам баласын артық көрмеймін. Әлі қатынды болғаным жоқ. Әйелге ауар-аумасын ол ілгергі мәселе. «Сондықтан аз да болса мына істеген қызметтерім әлі орнына тұрмаған ба?»- деп қорқамын. Орынбордан жібергенім-олардың жүрерде тапсыруы қатты еді, сізге лайықты боп, кезі келмеді. Қалтамда артық дүнием болмады. Сондықтан «Кейінгі базар моллекемдікі болар» [деп] ойлап едім. Оған сіз «Таңдағы тауықтан-

колдағы жұмыртқа»- дегендей, бір түрлі тығыздап жазғансыз. Бірақ менің ойлағаным: «Соң болса да, оң болар»!- деген ниет еді.

Мен бауырсырап жібермедім, әйтеуір тапсырған соң, «Сөзі жерде қалмасын!»- деп жібердім. Бауырдың да бұрынғы көрсеткені жама болатын.

Екі жақтап өкпеге тепкілеген күні де болған. Менің бауырларым қазақтың бауырындай ауыз жаласып қалған бауыр емес. Кезі келсе, тебісетін бауырлар ғой! Мұнан былай не көрсететіні[н] Тәңірі біледі. Мен олардың ісінің бәрін Құдайдан күткенмін. Бауырлар ісі (рысуы) сізге мәлім ғой. Қалайша соларды сізден артық көремін?! «От пен суды білген мен білмегенді бір бас»- деп, мен санап жүрмін бе, сіз санап жүрсіз бе? Осы арасына мен түсіне алмадым. Жазатын сөзім, айтатын хабарым көп еді. Өзімді қапалық қысты, қайғы қоршады. Не айтып, не қоярымды біле алмай қалыппын.

Осы хатты Ақпанажы үйінде отырып жазып отырмын. Ақпан октябрь айының ішінде қайтыс болған. Орнында Сіләмалдин, Мұхаммед деген екі баласы қалған, бәйбішесі бар, ауқаттық күн көрісі бар. ДОР-менен оқып жүрген шәкірттерден хабарланып, Мұхаммед, Сіләмалдинді шақыртып алдым. Сонымен февральдан бастап, мен тұрған мектепте Сіләмалдин оқып жүр. Мені аркасүйеу кылып, бұрын бірен-саран әкесі тірі күнінде барса да, мектептерде тұрған мұғалімдер: «Ауқатты кісіні алмаймыз!»- деп, қайтарып жіберген сияқты. Жоқ жерден Сіләмалдин бір аға тауып алды, мен бір іні тауып алдым. Телеу- Мыңбас баласы Жанпейіс қайтыс болған былтырғы жылда. Тұрсынбай ақын-Наурызбай баласы осы өткен жазда қайтыс болған. Оның қарындасы Ахұргүл деген кісі ерінен шығып келіп, Тұрсынбайдың орнында отырса керек. Ахұргүлді әркім мақтайды. Оның қысқаша тарихы мынау. Алғашқы қыздай айттырған күйеуі өліп, бір ишанға тиген. Ишан оны оқытқан, молдасымақ кылған. Онан кейін ишан өлген, Бұғаныстың бір тәуір жігіті алады. Онан екі ер бала тапқан: бірі өлген, бірі тірі қалған. Тәуір жігіт Ахұргүлдің үстіне қатын алады. Ахұргүл- бір жағынан ағасының қайғысы, бір жағынан құрарының азасымен ол жерінен шығып келіп, Тұрсынбайдың орнында отырып қалады. Естіген аз да болса, әңгімем болған соң, жаза салдым: «Сіз бұл айтылған кісілерді әбден білер»- деп. Тапал... өзі нашарлау болса керек. Сізді бір Най-

ман- «Омар семіз»- деген біледі екен. Ақпанның құда болған Қуат керуенбасының қызы- Қалдай бір сілтекей (шәлтекей) кедеймен кашып кеткен. Ақпан сол келіні кеткенге аса қапаланып, ауырлап, сол бойына дерт бола тиді дейді, Қара-бәйбішесі. Ташкен, өзі тоқшылық базарында адам жанынан басқа нәрсе табылады. Бірақ ақша –күйрен керек. Қолға түскен тиын болса, маған жіберіп тұрыңыз.

Әйтеуір шетте жүрген кісінің ермегі- ауқаты, қаражаты- ақша ғой. Мені қорғанбасын, қорғаламасын десеніз, пұл жіберіп тұрыңыз. Баяғыдан бері сіздің дәулетіңізді кім жемеді?! Мен де осындай қылып талапта жүргенде, жейін бе, жегенім бойыма сінеді ғой. Жанада он бір мың сом ақша алдым: Әбужүсіп сәлем жазып салған екен. Сіз тараптан жіберілді деп, тоғыз жарым қадақ май алдым, Уәлиханға бердім. Он бір қадақ майды алғаным жоқ, Әбужүсіпке мұнан бұрын бір хат жаздым: Мұқышка көңіл айтып. Ташкенде «Ақ жол» газетін шығарып отырған- Міржақып, Уәлихан. Жанада тағы жастар газеті шықты: «Жас алаш»- деген азы (алғы) сөзінің мазмұны кем, жасы ортақта шығарып отыр. Буыны қатып, бұғанасы піспеген. Жақында «Шолпан» журналы шықпақ, шығарушы- Міржақып.

Сіз жинаған сөздеріңізді ешкімге берменіз, тек осы Ташкенге орналастырармыз, қалай көресіз? Әдебиет басу беретін комиссиясы құрылды. Басқа жердей емес, бұл Ташкеннің мытбұғат жұмысында, комиссия істерінде зор күш бар. Күлкі, жаңылтпаш, такпақ сөздердің қысқалауынан жіберіңіз: «Шолпанға» бастырайық. Өзім қыстай қазақтың 14-інші мектебінде Ғышманов деген орысша оқыған жігітпен күн қосып, іс істедім: ғылым- ақытсауи жақтарынан. Осы күні Кир. отдел арқылы рабочий факультеттің таңертеңгі сабағына кірдім. Қыстай түстен кейін орыстардың бір жылдық боп ашылған Ғылымхалы курсынан оқып шықтым, 15 күн ауырып қалып, тәуір болдым. Ташкеннің ауасы жақпай, тамағы нашар болып, енді осы патшалық тамағын ішпеймін. Базардағы тәуір тамақтардан сатып ішемін, сүт ішемін. Доктордың айтуы бойынша күр(іш) жемеймін- доктордың тыйғаны бойынша.

Ақпанажы үйінде бір жұма жаттым. Зеңгі атаға келер жұмаларда барайын деп тұрмын. Әбілқасым, Хамишан тұқымдары: «Келмейсіз, жиі-жиі келіп тұрғаныңызды сұранамыз!»- деп, жалпылдап, бәрі де

ықыласымен тік тұрады. Рабочий факультетті бітірген адам университетке түспек.

«Қысылғанды қымыз шығарады»- дегендей, «бауыр» деген сөз-айтпайтын сөздерді, ашпайтын сырларды еріксіз айтқызып жіберді. «Сөз сөзден туады!»- деген осы екен.

«Ташкенде: ескі шаһарда Мұсабеков бар»- деп, естідім. Түріктің первый басшысы Ташкен арқылы Афғанға кетті. Антан-та: «Түріктермен татуласамыз!»- деп, өкіл шақыр[тты], Стамбулдан сұлтан тарапынан уәкілдер кетті. Камал патша кісілері де... Стамбул, шет патшалық әскері шықпай тұр. «Түріктер мен Еуропалықтар арасында татулық жоқ»- деп, бұл іс Камалдың табанын так басып тұрғандығын көрсетеді. Германияның әр жерінде ортақшылдар мен патшашыл хүкіметі арасында қан төгіліс болып жатыр. Бірсыпыра қалаларында үлкен завод-фабрикаларды жұмыскерлер алған көрінеді. Тез күннен онда да совет хүкіметі құрылмақ.

«Ташкен базарында сіз сұраған нәрсенің бәрі табылады»- деуге ықтимал. Дәрі-дәрмек қанша болса да, табылады, бірақ мен тани алмаймын ғой. Мені сұрағандардың бәріне сәлем айтыңыз. Бір жапырақ қағазға бәрінің аты сыймайды ғой. 4 апрельде.

XXX

Әшім нағашымызға Қаскелеңнен сәлем! Құмдықөл жырығының басында барлық ел аман боп мені сабайтын жерде Әшім емес пе еді: «Осы баланың көзін жоғалту керек. Бізден аянайын деп жүрген пәлесі жоқ!»- дейтін?! Бірақ Әшім оны ұмытқан шығар. Құр жалпылдап, сәлем айта беруден шығатын мағына не? Орыстар сәлемнен басы ауырмайды екен. Екінші, Әшімге былтыр өткен жаз хат жазып едім, алып па екен?! Соны сұраңыз. Зекешке көңіл айтып, қай ретпен ықыластанып жүргеніне түсіне алмадым. Ендігі хатта сол бетін ашық жазып жіберсін.

[Әмен Көпеев].

Амандық хат

12.03.1931ж.

Аллаға қор дұғағөй, моллеке, сізге мен балаңыз Қалиевтен. Ассалаумағалейкум, мен құлдығым, беріңіз батаңызды. Мен жүрмін бір жалғызды қуат кылып. Сіздің батаңызды қарсы алып, мына жалғанға ... на дүниеге тісіне бұдан Алла өзі қабыл етсе, өз білгенімше иүжүст етіп, қысылған жерде Тәңірді атап, осы халмен жүріп жатырмыз. Енді бізден хал білмек болсаңыз, ден сау, аман жүріп жатырмыз. Осы күні тұрған жеріміз- мешеу даланы «Востокский край» -деп атайды. Біздің жерге 11 мың шақырым, қазіргі шеті бұдан әрі сапты кісі өтпейді екен. Ар жағы хайуан жері, екі ортасы- үлкен су. Көлденеңі- 12 мың шақырым, «Хайуанский мәзір»- деп атайды екен. Пароходпен 28-30 күнде шығып жүреді дейді. Біз осыған 24 шақырым жердеміз.

2 (скінші)-былтыр келгеннен бері қарай әр жерде жұмыс кылып жатырмыз. Құдайға мың шүкіршілік: кемдік, не жүдеулік көргем жоқ, қай жерге барсам да, көп сөзім жерде қалмайды. «Осыған қарағанда, бір себепкер бар шығар»- деп, үлкен бір шаттықпен көп шүкірлік қылам. Бұл жердің жұмысы жерстаннан тас- көмір қазып шығарып отырады екен: «Шахта» - деп атайды. Басқа шет мемлекетке жіберіп отырады. Бір жерде 9 мың жұмыскер жұмыс қыламыз. Біздің Қазақстанның малы, астығы осы жұмыскерге келіп отырады екен. Баз[да] мол: шай, кант, басқа товарлар,- бәрі осы арада. Бірақ халық көп, бірақ басқа халық деген мынау сияқты халық: 1. қытай, 2-кәріс (корей), 3. шұрат, 4. мордва, 5. башқұрт, 6. мізрік, 7. өзбек, 8. неміс, 9- сарт, 10-әмірқан, 11- ноғай, 12-орыс, 13. «Отыз бір[де]»- келген қазақ баласы. Бірақ қазақ бұрын болмаған. Бізді «қазақ» десе, білмейді, «Қазақстан»- десе, біледі. Осылар арасында қаздай қонып жүрміз. Енді бірақ айыпқа алмаңыз.

Молла ата-ау, сізден хал сұрауға бата алмадым. Себеп мынау: «Былтырғыдай қолын шығарып алам ба?»- деп сұрай алмай отырмын. Қыстай кемі 20 хаттан салып, бір түзу адрес ала алмай, сізге хат сала алмадым. Әйтпесе ұмытып қалғам жоқ. Енді сізге Алла жазса, біраз кант пен шайыңызды жіберуге не Тәсілден, не Шарафиден хабар ала алмай, жер болса алыс, сол [себе]птен жібере

алмай отырмын. Енді Құдай жеткізсе, осы хатты алсымен, маған адрес беріп жіберіңіз. Алла денге саулық берсе, шамамды келтірсе, шайыңыз бен қантыңызды [бе]ріп жіберем. Басқа халді елден естіп жатарсыз. Енді ... не жазайын.

Адамов Каю Конурбанович.

2-сәлем хат

Тілеуқор жақсы... Шарафи, Зейнеп, Бап, Төлеубай, басқа кішкене інішектер,- баршаларыңызға- мен туысқаныңыз Каюдан көп-көп сәлем! Енді мұның ішінде өздеріңіздің мал-бастарыңыз аман ба? Біз де мұнда ден сау, аман жүріп жатырмыз. Басқа көп не жазайын, қош бол. Сіздердің аттарыңызды атап өтейін. Басқа халді әкейден естіп жатарсыздар, жезде, маған адрес түзеп бер...

Г. Владивосток, Атемовские копи. ст. Озерных ключей, ул. Лого, дом 177, кв.10.

Каю Адамов.

XXX

Моллеке, деніңіз сау, аман сау жүріп жатырсыз ба? Жан-малыңыз аман, шығын жоқ па? Біздер де, қайыр-дұғаңызда, аман-есен келдік Семейден 9-иануар күні Керекуге келіп, Керекуден біржолата 31 иануар күні келдік, біржолата босадық. Молдеке, «Жолға жүргенде, алып жүр»- деп берген дұғалығыңызды жолға алып жүретін бойдымау істеп, Семейге жолдас бірге барып келіп, қайтадан тиісті жеріне- екеуін бірге қосып қойдым. Әсте де, Молдеке, айыпқа бұйырмаңыз, келген кісіден айырып айтып жіберіңіз. Қайсысын үйге қалдырып, қайсысын жолға алып жүретінді ұмытып қалыппын. «Өміріме серік қылып, бірге алып жүремін»- деп жүрген ниетім бар.

Әбілда, Сағынтай да аман келді. Мынау үйлердің де жан-малдары аман, шығын жоқ. Семейде жатқанда, маған деп жазған хатыңызды үйдің іші хат салғанда, бірге хатпен тапсырып, Семейде жатқанда, оқып, өзіңізді көргендей қуандым. «Тәңірі жа[r]ылқасын» етемін. «Алла тағала тілеген мақсатыңызға жеткізсін!»- деп, тілек қыламын. «Омар Естайұлында ақшам бар»- деп, тапсырған едіңіз. Ол маған

Семейде жолығып еді. Бір жолыққанда: «Екінші тағы жолығармын»- деп кетіп еді. Артынан наукастанып қалып, қашан біздер қайтқанша болниңада болып: «Өзі қатты жүдеушілік[те]- деп естідім. Тұтқында 5 ай 20 күн болдык. Енді бұдан былай сол орынды көрмесек, дұғалас болыңыз... Алла аман-есен көріп, дидаp көруге несіп етсін! Кәрібай. 27.02 1928 ж. Павлодар, ул. 1Мая, дом. 85. Шурабаев.

Сәлем хат

Ардақты ата, жазған хатынды алдым, амандығыңызға қуандым. «Маған хат жазбадың»- деп, ұрсыпсыз, ұрсуыңыз жөн-ақ. Бірақ мен сіздің адресіңізді біле алмай жүрдім. «Сізде тұрақты адрес жоқ»- деп ойлаймын.

Мен сізді: «Жалғыз ғана Шарафи мен Пазылдың әкесі Мәш-һүрі»- деп ойламаймын. «Озса, үш жүздің, қалса, Орта жүздің Мәш-һүрі, ең болмады, Арғынның еркесі»- деп қараймын. Бүгін Баянаула, Сүйіндік ортасында болсаныз, ертең Керекуде-Бәсентиін; Апай, Бөріде болуыңыз ғажап емес. Ендеше «Маған хат жазбадың!» - деп ұрсуға бола ма?

Жұрт сізді үйіне апарғанын тәбәрік көреді. Қазақ ортасында сіз «кадірсіз шал» емессіз. Сондықтан мен сіз қайда жүргеніңізді біле алмай жүр едім. Мұнан былай қашан болсын, хат жазғанда, адресіңізді көрсетіп отырыңыз. Мүмкін қатар мен де жазып отырармын.

Біз де аманбыз, ден сау тұрса, әр орында оқып жатырмын. Олжа, Абай, Шүйке, Басыр жанымда. Олжа, Абай өзіңіз кеткенде, ауру еді ғой. Сонан табандатқан 3 ай ауырды. Құр жаны қалды. Шүкір, осы кезде тәуір болып, көтеріп, еті түр алып келеді. Көтерем болып қалған бала ғой, жаңа ширап келеді. Сол жөтел әлі үзілуі, кесілуі кетіп болған жоқ. Сол анда- санда жөтеліп қояды. Сіз кез келгенде, қайтқанда: «Аса кейіс[т]ік көрмей жеттік!»- дегеніңізге қатты қуанамыз. «Ат арықтағанда, боз биені берген жанға риза болдым!»- депсіз. Боз бие былай тұрсын, «Қоңыр атты алып кет!»- дегеніңіз қайда? Аз ғана қара-кұраны алдыңызға салғанымыз қайда?! «Жарағанын алыңыз, қолыңызды қақпаймыз!»- дедім. Мен қазақтай ылсын-жылтынды білмеймін. Бір нәрсені айтсам, шын жүрегімнен айтамын. Сондықтан мені жұрт: «Қартқожа қожанасыр, диуана, жыңды, тағы-тағылар»- [айтады]. Мені өздеріндей қу болмады дейді.

Есіңізде бар ма, мен сізді шығарып салып келе жатқанда, сіздің өзіңіз де мені: «Торы құнанын бер[ме]ді ғой!»- деп, шұбаландыңыз. О да - сіздің мені[ң] жан сырыммен таныс болмағандық. О да- мені бір қараның жанары мен түс, түгіне сыйғызғандық емес. Өлген соң мен сізді ата дедім. Атама бір қара бергеніме мен қуанған шығармын, бірақ ренжіген жоқпын. Қайта сіз мені сынау үшін қоңыр атқа түс салмадыңыз. Қоңыр атқа түс салғанда, сонда мені шын кесір екенімді білетін едіңіз. Мен ауылдан шыққанда, боз биені мініп, торы құнанды жетекке алып шықтым. Ол- өзіңіз айтқан насихат-әжемнің қас-қабағына қарағандық. Әжем кісі көзінше бірдеме дей ме дегендік. Ата мен ананың әдеті ғой- баланы аяйтын. Әжемдікі де - мені аяғандық. Сіз де мені аяп, боз биені алдыңыз. Әйтпесе қоңыр атты алу керек қой. Арба, шанаға бірдей мықты, алты ай мінсе, арымайды. Өзіңіздегі орта атқа пар болатын еді.

Мен де оқуға түс[іп] ... сіздің тіліңізді алмағандай болып отырмын. Енді сол туралы сөз қозғайық. Пікір алысып, екшесейік. Сонда бірімізді-біріміз ұғармыз. Сіз айтасыз: «Енді оқуды қой, қанағат қыл, құмар болма, қалыптан артық шарықтап шығам деме. Қазақ-бақытсыз ел: маңдайына сыймайсың [364]! Күлшелі бала сүйеге жақын болмай-ақ қой. Қоқыр-соқыр болып жүре бер!»- дейсіз. Ол дұрыс. Сіздің сеніміңіз, дүниеге көзқарасыңыз солай. Ол туралы кеңес ашпаймыз. Кеңес ашсақ, әңгіме ұзаққа созылады. Онан соң атты тым ұзаққа айдап жібереміз, көлікке обал болады. Менің айтатын деп отырғаным басқа жағы. «Әр адамның дүниеге келгендегі мақсаты не үшін, атқаратын міндеті не?»- деген сауалды аламыз. Бұл сауалдың өзінде де ораза, намаз... тағы талай құдалық үшін істейтін міндеттері былай тұрсын, елге -жұртқа істейтін қызметті аламыз. Мінекей, осы туралы сөз қозғаймыз. Қазақ елі ұйқышыл, жалқау, нас ел, қулық пен сұмдық, партияға шебер; баққан, күткені-арамдық; жетім мен жесіріне рақымы жоқ, бейбастақ ел. Қолынан іс келмейді, жоққа- сенгіш, жатқа- жем. Өзінен шыққан жақсыны сыйламайтын, бақкүндес, бәсекешіл, айран көз, үй тентек, азылған ел (Азылғаны сол- қазақты хан билеген кезде мұндай болмаса керек). Айтқанды ұқпайтын ақпа құлак, кері кеткен ел. Айта берсек, тағы талай түрлі жаман ат қоятын ел. Осы қазақтан тудыңыз, жай туған жоқсыз, жұлқынып, қақсап, зарлай тудыңыз. 8 жаста-ақ өленді жүндей сабадыңыз. Жез көмекейден өлең желдей гуледі, борандай

бұрқырады, онды-солды айдадыңыз, аруакты ер болдыңыз. Қол қалам мен қағазға аттай шапқылады. Жыны қозған баксыдай алас ұрды. Жаңылмасам, 13-[те] ел Жүсіп атты қомсынып, «Мәшһүр-Жүсіп»- деп қосымша ат берді. Сөйткен ел, сөйткен жұрт сізді оқыды ма? Жок, мен айтқан елдің кемшілігі. Шаһуатыңыз, насихатыңыз, алысуыңыз- ... міндетім»- деп санадыңыз. «Қазақ елін- қатар ел қыламын!»- дедіңіз. Оған ел болған жок. Сіз майданға мына сөзбен түстіңіз:

Аралап Сыр дариясын үш жыл жүрдім,
Төрт бұрыш дүниені тамам білдім.
Өгізтаулық сарттарды «қожа» дейсің,
Мен өлгенде, ей, қазақ, сенен өлдім.
Жаралған ата-бабаң дегдар еді,

Өзіннен қожа шығып тұрғанында
Сарт-сабан, Қызылбаста нең бар еді?!
Құданың бергеніне қылдым шүкір,
Шүкірлікпен қыламын пікір-зікір.
Түркістанға, нанбасаң, сал базарға,
Жүз қожаға өтпесем, бетке түкір.

Осы өлеңде не қас[тық] бар? Осы қазақ оқыды ма? Жок. Сіз айтқанда, бірінші міндет. Екінші, қазақты қатар ел қыламын дегендікпен айтып отырсыз. Қазақпен 7 жастан 70-ке шейін алыстыңыз. 7 ауыз шерінді ұқты ма?! Жок. «Ай-хай, қайран, сөз қор болдың-ау!»- деп, улеп ақпандағы ақ бас атандай сақал-мұрт аппақ төсекке сиіп- тышатын шал болып, желге кеткен өмірді арман қылып, сіз отырсыз. Осы күнде сізді «лақпа, мылжың»- дейтін шығар.

Сол елден мен де тудым. Тілімді алсын, алмасын, еліме жұртыма істейтін менің де еңбегім бар. Қазақтың қатар ел болуына ат салысу- менің де міндетім. Мен өлеңмен жыр жазатын акын емеспін. Біреулер ұлықтығымен қызмет қылады. О да менің қолымнан келмейді. Біреулер мұғалім боп қызмет қылады, біреулер насихатымен қызмет қылады. Біреулер- онысымен, біреулер мұнысымен қызмет қылады. Мен өзім: «Сөзден енді іске көшетін мезгіл болды!»- дегім келеді. Сөзді қойып, ісіммен қызмет қылғым келеді. Сол үшін қазіргі түсіп оқып жүргенім- Өнер мектебі. «Осы мектепті бітіріп алса[м], ел орта-

сында, Сарыарқада қазақ ішінде бір қазықтың ұшын шығарып берсем де, барып қызмет қылсам, аз да болса, ғибрат алмас па екен?!»- деймін. «Ұйқысынан айығып, еңбекке салынбас па екен?!»- деймін. «Қатар ел болып, қазақ аруағын көтермес пе екен?!»- деймін.

Бұл айтқанға: «Жасаса!»- деп, қол қоймайтын болсаңыз, оныңызды айтып, толық қылып хат жазыңыз. Шарафи мен Фазылға сәлем- деңіз. Фазыл, шіркін, маған өзі өз болып, бір хат жазған емес. Мен де жазғаным жоқ. Бірақ өйтсе де, ол елде қолы бос, менің оқудан қолым тимейді. Биылғы сізді ертіп әкелген ағайға менің атымнан сәлем деңіз. Өзі сізге шын ықыласымен қызмет қылып жүрген соң, жақсы көрдім.

Қош, Қартқожа. 20.11. 1927 ж.

Түсініктер

Мәтіндерді өнер, ғылым саласы бойынша жіктеп жариялау Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 1-9 томдарына тән болса, 10-томнан бастап қолжазба тұтастығын сақтау үрдісін, яғни оны тақырыпқа т.с.с. жіктемей (көп ретте ол мүмкін де емес), сол жазылып, сақталған қалпында тұтас беру дәстүрін қолға алғанымызды қайталап еске саламыз. Атап айтқанда, 10-томда Қазақ шежіресінің екінші нұсқасы ОҒКҚҚ 1178-папкасы бойынша (10-том, 53-185 б.) берілгенде, тек шежірелік мәтін ғана емес, басқа да үлгілер қолжазбаның сол сақталған реті бойынша тұтас келтіріліп отырды. Бұл үрдіс сол томдағы Қазақ шежіресінің төртінші нұсқасына негіз болған 1176-папка мәтіндерін ұсынуда да жалғастырылды (10-том, 197-296 б.). 11-томнан бастап мәтін тұтастығын сақтау бірден-бір ұтымды тәсіл ретінде қолданылды. Соның нәтижесінде онда ОҒКҚҚ-дағы Мәшһүр-Жүсіп жазбалары жинақталған: 1170, 1645, 1177, 1171- папка мәтіндерінің бұған дейінгі түрлі томдарда жарияланғаны ескертілумен қатар, жарық көрмегендерін тақырыбына т.с.с. карамай, сол жазылу ретімен 11-томға тұтас ұсыну жүзеге асқаны мәлім. 11-том соңында әулеттік мұрағаттағы қолға неғұрлым кейін тиген (27.04.2004 ж.) Мәшһүр Жүсіп жазбасы 11-папкасы мәтінін ұсыну қолға (1-140 б.) алынса, бұл дәстүр 12-томда да жалғастырылды.

1. «Жаппардың пайғамбарды қонаққа шақырғаны» тақырыбымен берілген мәтін және онан кейінгілері ІІ-том соңындағы мәтіндер шоғырының жалғасы ретінде ІІ-томның бас жағын құрап отыр.

2. Мәшһүр Жүсіптің «Тәубе (түп) ағашы» туындысының қара сөзбен жазылған нұсқасы Алматыдағы ОҒКҚК, Мәшһүр Жүсіп жазбасы ІІ70-папка (957-976 б.) мәтіні бойынша бұдан бұрынғы ІІ-томға енгізілсе, өлеңмен жазылған нұсқасы осы жазбадан (ІІ-папка, 151-154 б.) алынып, әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіптің Мәдина деген қарындасынан туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1874-1977) көшірмесімен салыстыру жүргізу арқылы бұдан бұрынғы 4-томда «Хор қыздарының хикаясы»- деген аталыммен (мәтіні: 301-306 б.; түсінігі- 483-484 б.) жарық көрді.

3. Кенесарының қырғызға жорығы, Наурызбай өліміне қатысты деректер түрлі мұрағаттардан жинақталып, 9-томда (мәтіні:161-167 б.; түсінігі: 352-354 б.) басылғаны мәлім. Бұ жолғыны, ІІ-папқадан (155 б.) алынғанын, соған қосымша дерек деп қабылдаған жөн.

4. «Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер» мәтінінің екінші нұсқасы осы жазбадан (ІІ-папка,156 б. және 78-80 б.) бойынша 9-томда (мәтіні:3-4 б.; түсінігі: 337-338 б.) басылған.

5. Бұқар жырау өміріне қатысты деректер және оның өлеңдері ІІ-папка (161-178 б.) бойынша алынып, басқа нұсқалармен салыстырылып, 7- томда (мәтіні: 3-25 б.; түсінігі: 289-308 б.) жарияланды.

6. «Абылай хан түсі және өлімі» (екінші нұсқа) мәтіні ІІ-папқадан (178-185 б.) алынып, 9-томда (мәтіні:78-81 б.; түсінігі- 345 б.) басылды.

7. «Абылай ұрпақтары» (екінші нұсқа) мәтіні де осы жазбаға (ІІ-папка, 185-186 б.) сүйеніп, 9-томға (мәтіні: 109-110 б.; түсінігі- 350 б.) енгізілді.

8. «Мен өзім үйден шығып Далба бардым»- деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Ізбас қажы» туындысының кейінгі нұсқасы бұдан бұрын сөз болған қордағы (ОҒКҚК, 1177-папка, 392-402 беттеріндегі) ақынның өз жазбасы бойынша алынып, сондағы екінші жазбамен (1176-папка, 3-дәптер, 267-262 б.) салыстыру жүргізіліп, бұрынғы І-томда (мәтіні:202-211 б.; түсінігі: 400-403 б.) жарық көргені мәлім. Бұрынғы басылғанды кейінірек қағазға түскен екінші нұсқа деп санап, бұ жолғыны ертерек жазылған алғашқы нұсқа ретінде келтіреміз. Дастанның кейінгі нұсқасы 1892 жылы қағазға түскені

1-томның түсінік бөлімінде (403 б.) көрсетілсе, бұ жолы туындының бастапқы нұсқасының жазылу мерзімі 1885 жылы екенін (II- папка, 189 б.) анықтадық.

9. Түрлі нұсқаларды салыстыру кезінде жеке әріп, сөз өзгешеліктерінің бәрін тізе бермей, тек елеулілеріне ғана тоқталу дәстүрін, яғни бұдан бұрынғы томдар түсініктерінің бәрінде орын алып келген дәстүрді, бұ жолы да жалғастырамыз. Мәселен, бұрынғыда, яғни бірінші томда 3-шумақ аяғы, яғни он екінші тармақ: «Өлуге, өлмесе де, жақын таяп»- делінсе, бұ жолғыда «өлуге» орнын- «өлімге», «жақын» сөзін- «келген» иемденген.

10. Алтыншы шумақтың екінші жолы бастапқыда (1-том, 202 б.) «Бұйырған су мен тұзды таттық,- дейді»- түрінде орын алса, бұ жолғыда, яғни кейін ұсынылған алғашқы нұсқада: «Әр жерден бұйырған дәм таттық- дейді»- деп өзгерген. Сонымен бірге осыған те- телес жиырма үшінші жол әдепкіде: «Күнге күйіп, жел тиіп, ыстық соғып»- делінсе, мұнда: «Күн ысып, кебін киіп, ыстық соғып»- деп берілген.

11. Жиырма сегізінші жол кітапта (1-том, 202 б.) «Жалғанда зор күшті арман бармай қалу»- деп өрілсе, кейінгіде біраз өзгерген: «Жалғанда арманда екен бармай қалу». Сонымен бірге осыдан кейін: «Байтолла айналасы мешіт храм»- деп басталатын шумақ осы жолғыда жоқ.

12. Әуелгіде елу сегізінші тармақ: «Күйдіріп жын-шайтанды қашырады»- делінсе, бұ жолғыда басқаша: «Жабылса, кілт салғанда, басылады».

13. Он сегізінші шумақтың: «Сол жайда төгіледі күнә кірі»- деген соңғы тармағынан кейінгі: «Ғарафат, онан шығып, тауға қондық»- тармағымен басталатын он екі жолдық мәтін кітапта (1-том, 204 б.) мүлде жоқ, тек осы жолы Мәшһүр Жүсіптің II- папкасы мәтіні (192 б.) бойынша қосылды. Оның есесіне кітаптағы: «Жағалап төрт мешіт тұр, міне бардық»- тармағын бетке ұстаған мәтін бұрынғыда бар да, бұ жолғыда мүлде жоқ.

14. Осындағы: «Бақтыбай сау-саламат аман келген»- жолы алдындағы: «Жылқыайдар, Жаябайды топырақ тартып»- тармағымен басталатын шумақ соңғы үлгіде (II- папка, 193 б.) мүлде орын алмаған.

15. Осы шумақтан кейінгі: «Көп,-дейді,- әңгімесі Бұкабайдың» жолын ту еткен 12 тармақтық мәтін де бастапқыда ғана кездесіп, мұнда түсіп қалуымен ерекшеленеді.

16. Бұл тәрізді бір шумақтың түсіп қалуы бұл нұсқада «Жарайды, не деп айтсаң, Бақтыбайға»- тармағынан кейін де орын алған.

17. Осы іспетті екі шумақтық мәтін қысқаруы «Жұмыс[ы] ауыр салмақ түскен байға»- жолынан кейін бірінші, осы жолғы, үлгіде де орын алған.

18. Қырық сегізінші шумақтың үшінші жолы бастапқыда: «Ақшаң мыңға жеткенің ұмтылып бақ»- қалпында өрілсе, бұ жолғыда басқаша: «Қажыға күшің барың талпынып бақ».

19. Тағы да «Талпынып әуре болма дәулетің аз» жолынан кейінгі бір шумақ бұл нұсқада қысқарған.

20. «Сұқтанба: «Семірдім!»- деп, семізіңе» тармағын маңдай еткен 8 жолдық мәтін әдепкіде жоқ, тек соңғыда (II- папка, 195-196 б.) орын алған.

21. «Ішіне жүз мың әскер сыйып кеткен»- тармағын бетке ұстаған шумақ та бұрынғыда ұшыраспай, тек кейінгіде орын алуымен ерекшеленеді.

22. «Көз көрген тамашаның бәрін жиып»- жолынан кейін орын алып, «Алыстан көрінеді мешіт басы» тармағын маңдай еткен елу тоғызыншы шумақ та бастапқыда бар болып, бұ жолғыда кездеспеуімен ерекшеленеді.

23. Бұ тәрізді «Түспейді, көрмеген сон сұрап әні»- тармағынан кейінгі: «Көрумен аузымыздан су акты құр»- тармағын бетке ұстаған сегіз жолдық мәтін де тек бұрынғыда орын алып, соңғыда ұшыраспауымен, оның орнына кейінгіде: «Терезе қатарланған тұрма сонда»- тармағын ту еткен 3 шумақ (яғни 12 тармақ) тек бірінші нұсқада (II- папка, 196-197 б.) ірге тебуімен ерекшелінеді.

24. «Тұр тау ғып, жол салыпты біз түнде өттік» тармағымен басталған шумақ та әуелгіде жоқ болып, кейінгіде ғана орын тепкен.

25. «Кетті-деп, жолдан қайда тамаша еттік» тармағынан кейінгі орын алуға тиіс «Ол күнде көргенменен біздер «әне»- тармағын бетке ұстаған 5 шумақтық, яғни 20 жолдық мәтін де бұрынғыда ғана ұшырасып, соңғыда түсіп қалуымен көзге түседі.

26. Мәшһүр Жүсіптің «Мұхаммедканафия» дастаны осы жазбадан (II- папка, 197-232 б.) алынып, бұдан бұрынғы 7- томда (мәтіні: 233-254 б., түсінігі- 388 б.) жарық көргені белгілі. Әйтсе де дастанның: «Әуелі Сүйіндіктен Қашыл барған»- деп басталып, «Әскерге косылып, Таған, Харир соғысының үстіне келгенінің баяны сол дүр»- деп бітетін бастапқы бөлімі 7- томға кірмей қалғаны кейін анықталып, шығарманың бұл бөлімі осы жолы енгізілді.

27. Мәшһүр Жүсіптің «Әдһам диуана және Ибраһим» дастанының екінші нұсқасы бұдан бұрынғы 3-томда (мәтіні: 55-100 б.; түсінігі: 344-347 б.) басылғаны мәлім. Ол кітаптың түсінік бөлімінде (344 б.) бұл туындының әулеттік мұрағатта төрт нұсқасы (Мұхаммедфазыл, Иманғали, Жолмұрат, Сұлтанмахмұт (Шолтым) көшірмелері) бар екені, ал, Мәшһүр Жүсіп жазбасының тек екі беті сақталғаны ескертілген. Біз бұ жолы кейін қолымызға тиген Мәшһүр Жүсіп жазбасын оның ертерек жазылған алғашқы нұсқасы ретінде алдықта, бұдан бұрын жарияланған үлгіні одан кейін қағазға түскен екінші нұсқа деп санағанды жөн көрдік. Алғашқы нұсқа деуге қағаздың көнеруі, әріп т.с.с. қолданысының сүрені негіз болды. Бұ жолы да екі нұсқаның бар өзгешелігін келтірмей-ақ, тек басты-басты дегендеріне ғана арнайы тоқталып отырамыз.

28. Бұрынғыда, яғни 7-томда берілген екінші нұсқада «Бір күні бітіп тағдыр қаза жетті»- делінсе, бұ жолғыда, яғни Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен қағазға түскен алғашқы нұсқада: «Алладан болып тағдыр қаза жетті» (II- папка, 235 б.)- делінген. Осы орайда бұған дейін де сөз болғандай, Мәшһүр Жүсіпті көшірушілердің заман талабын ескеріп, «Алла» т.с.с. сөздерін өзгертуі ықтималдығы да шаң беретінін ескерген жөн.

29. Бұрынғы кітапта (3-томда), яғни екінші нұсқада: «Сүйрегендей шығарып еріксіз үйден» (56 б.)- делінсе, осы жолғыда, яғни алғашқы Мәшһүр Жүсіп жазбасында оның орнын: «Жиылған жамағатлар көп күйінді»- иеленген.

30. Кітапта, яғни екінші нұсқада: «Иа, һу!»- деп, анда-санда демін алып» (58 б.)- түрінде орын алса, біз енді ұсынып отырған алғашқыда ол: «Бірде кіріп, есінен бірде талып»- деп келтірілген.

31. Тағы да сол ретпен: «қалғанына» (59 б.) сөзін «бұйрығына» (II- папка, 238 б.) ығыстырды.

32. Кейінгіде берілген: «Жарк етіп туды күндей бір ұл бала»- қалпындағы тармақ (59 б.): «Туды енді сондай бір жақсы бала»- деп берілген.

33. Екіншіде бұрынғы өзі баққан хан кызынан аумайтын бала Ибраһимді көргендегі күтуші әйелдің тебіренісі: «Бойы балқып, бұл қатынның есі кетін, // Сүт саулап емшегінен ақты қайнап»- деп өрілсе, бастапқы жазбада «балқып» сөзін- «иіп», «сүт саулап»-дегенді- «ағады», «ақты қайнап»- сөздерін- «сүті саулап» алмастырған.

34. Күтуші әйелдің бөтен бір балаға тамақ тасып, т.с.с. шығын-данып жүргенін естігендегі ханым ашуын бейнелеген сөздер сонғыда, кітапта басылған екінші нұсқада: «Енекені алып кел жылдам!»- дейді, // - Көрсетейін мен оған әртүрлі істі»- делінсе, бастапқы өзгешелігі (II-папка, 240 б.) тағы да назар аудартады: «Енекені бұйырды: «Алып кел!»-деп, // Көрсетейін оған мен теперішті!».

35. Қаһар қылған ханымға берген күтуші әйел жауабында да көңіл бөлгізерлік ерекшелік бар: «Денеңдегі берерсің ыстық жанды»- дегендегі «ыстық» орнын бұл нұсқада «шыбын» иеленген.

36. Бұрынғыда, яғни екінші нұсқада күтуші әйел сөздері шумақтың бірінші, екінші және төртінші тармақтары соңында: «таң көремін», «сан көремін», «нан беремін»- түрінде орын алып, тек өзіне қатысты бірінші жаққа тән әрекет ретінде берілсе, бұл нұсқада, яғни алғашқыда күтуші әйелдің өзіне емес, ханымға лайықталып, неғұрлым өткірлене, ұштала түскен: «таң көресің», «сан көресің», «жан бересің». Басқаны былай қойғанда, соңғы: «Нан беремін»- деген сыпайы мәліметтен гөрі «Жан бересің!»- деп, ханымның өзіне қадап айту күтуші әйел сөзін дамытып, әсерлі жеткізу көрінісі екені анық. Сонымен бірге бұл шумақ кейінгіде: «Сөз қылсайшы баланы көрін өзің»- деп басталатын шумақ алдында берілсе, бұ жолы сол шумақ соңынан орын алуымен де өзгешеленеді.

37. 3-томда, яғни көшірмелерге негізделген екінші нұсқада: «Куанғаннан Енеке жүгіріп барып, // Дедектетін баланы келіп алып» (62 б.)- деп берілсе, алғашқыда, яғни бұ жолғыда тағы да айырмашылық басым: «Тез барды отыра алмай, есі кетіп, // Алып келді баланы дедектетін» (II-папка, 241 б.).

38. Тағы да сол ретпен: «Бір көрумен мал-жаннан кетті безіп»- тармағы (63 б.) «Көруменен жанынан күдер үзіп»- деп ауыстырылды.

39. Бұрынғыда, яғни екінші нұсқада ұйқас құрайтын шумақтың бірінші, екінші, төртінші тармағы соңы: «жуындырды», «буындырды», «ку ілдірді»- қалпында өрістесе, бұ жолы оның орнына: «жуындырып», «буындырып», «ку ілдіріп»- сөздері сап түзеді.

40. Кітаптағы екінші нұсқада бір шумақ соңы: «Деген сөз бар: «Көп күлген баска келер»- дегенмен шектелсе, бұ жолғыда ол тармақ: «Отырған үй-жайым көрдің бәрін»- деп өзгертілумен бірге соңғыда жоқ мына жолдардың қосылуымен ерекшеленеді: «Біреудің кемлігіне біреу күлсе, // Баска келер»- бұрынғы айтып кеткен өткенлердің».

41. 3- томда, яғни екінші нұсқада: «Әкелуге ұлұғлап күтіп барды» (65 б.)- делінсе, бұ жолғыда басқаша: «Ап келдік біз жабдық,- деп айтып барды» (II-папка, 243 б.).

42. 3-томдағысы: «Көрге қойған перзентін төрден тапты»- делініп, кейінгі ұштау, редакциялау жемісі ретінде көзге түссе, «қойған»- дегенді «кірген», «төрден»- сөзін «үйден»- деп алмастыру да бұ жолғының ең алдымен қағазға түскен бастапқы нұсқа екенін дәлелдей түседі.

43. 3-томда: «Жарылып ақ түйеден жатыр қарын»- делінсе, бұ жолғыда өзгеше: «Жарықлық болған көрді раушаниы».

44. Кітапта: «Су ағып маңдайынан тепшіп-терлеп» (67 б.)- делінсе, осы жолғыда «маңдайынан» сөзін «пұшпағымнан» ығыстырған. Біздіңше, ең дұрысы осы жолғысы да, 3-томдағысы кейінгі көшірушілердің заман талабына бейімдеп өзгерту, редакциялау жемісі болуы мүмкін.

45.3-томда: «Жаланаң көрге ап келіп жабыстырып»- қалпында келтірілсе, бұ жолғыда басқаша: «Тірілткен, көрде құдай, кез қылған соң».

46. Екінші нұсқада: «Алланың жазуына тоқтамасам, // Басыма түсер тағы тұман»- дедім»- түрінде келсе, бұ жолғыда: «тоқтамасам»- дегенді- «қарсы болсам», «тағы»- сөзін «қара» - иеленген.

47. 3-томда: «Ешбір жан бұл кеткенін сезбей қалды» (70 б.)- делінсе, қазіргіде: «Алтын тақ, бақытының бәрі қалды»- қалпында берілген.

48. Екіншідегі: «Қойдың бәрін ал жинап, бердім саған»- тармағы бұ жолғыда: «Өзің баққан қойыңды алғыл жинап»- дегенмен ауыстырылды.

49. Тағы да сол ретпен екіншідегі: «Қоржының жоқ ет пен нан салатұғын, // Торсығын-сусын құйып алатұғын»- жолдары «Торсығын жоқ су құйып алатұғын, // Қоржының жоқ ет пен нан салатұғын»- тармақтарымен алмастырылды.

50. Екінші нұсқадағы: «Шыдамаған жан болса, бара берсін»- дегендегі «шыдамаған» сөзін «оған шыққан»- сөздері ығыстырды.

51. 3-томда тағы да кеңестік заман талабына сай бейімдеп: «Қылма мені арсаң бұрынғыдай»- деп өрілсе, бұ жолы Мәшһүр Жүсіпке тән діни бағыт қалпына келтірілді: «Қылма мені рәсуа, Раббым-ай!» (II-папка, 250 б.).

52. «Барамысың бұлардан алып сабақ»- жолымен басталатын шумақ (II-папка, 251 б.) екінші нұсқада (3-том, 73 б.) мүлде ұшыраспайды.

53. Сол тәрізді: «Телміруге шама жоқ, көзін сүзіп»- тармағын маңдай еткен шумақ та (II-папка, 252 б.) 3-томда мүлде орын алмауымен ерекшеленеді.

54. «Мұны көріп бәдәуи есін танды»- деп басталатын шумақтың екінші нұсқада орын алып, бұ жолғыда мүлде ұшыраспауы және басқа да алғашқы нұсқада жоқ жекелеген тармақтардың осы 12- томда тік жақша ішінде келтіріліп отыруы- бәрі де бірінші нұсқадағы жетімсіздік т.с.с. бар екенін дәлелдейді. Мұның бәрі алдағы уақытта Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен жазылған тағы бір нұсқасы табыла калса, бұл туындының үшінші және басқа нұсқаларының салыстыру жүргізіліп, кейін де ұсыныла беруі ықтимал екендігін танытады.

55. «Сенбегендер Құдайға қалады екен»- тармағын маңдай еткен шумақ «Кеуіп жатқан аузына құйды сүтті»- жолымен басталатын шумақтан кейін орын алса, бұ жолы II-папка, 253 –бет мәтіні бойынша бес шумақтан кейін барып осы орынға кіргізілді.

56. Шумақ ішінде екінші тармақ болып тұрған: «Аққудай саңқылдайды шыққан үні»- жолы екінші нұсқада бар да, бұ жолғыда мүлде жоқ. Оның есесіне «Аузынан сүті шыққан уыз күіі»- тармағы тыңнан қосылып, сол жолдан бұрынғы «Жаралған түп-түгел боп, жоқ боп міні»- тармағы алдына шығып, шумақ маңдайына айналған.

57. 3-томдағы «Анасы серік болып қасында отыр»- тармағын алға ұстаған мәтіннен кейін екі нұсқа айырмашылығының өсе түсуін көреміз. Мәселен, «Болған соң айт ақшамы, шырақ жағып»

(83 б.) тармағынан кейінгі: «Адам қалмай қабірге бәрі барып»- жолы мен арада бір тармақ өткеннен кейінгі: «Сұрады анасынан үйге барып»- жолы бұрынғыда, яғни екінші нұсқада мүлде орын алмауымен ерекшеленеді.

58. Алғашқыда болып, кейінгіде кездеспеген мұндай өзгерісті «Жүгіріп өз үйіне барды бала»- жолын маңдай еткен шумақтың осы бірінші жолы мен соңғы төртінші тармағы туралы да айтуға болады.

59. Кейінгіде орын алмаған тармақ ретінде осы: «Қабірін ол атамның көрсет маған» жолын да атауға болады.

60. «Ай, ана, менің атам жайы кайда?»- тармағымен басталатын шумақ та екіншіде жоқ, тек осы жолғыда ұшырасуымен ерекшеленеді.

61. Мұндай осы жолғыда болып, екіншіде орын алмауды: «Атаңыз патша еді алтын тақта»- тармағын маңдай еткен және оған ілескен екінші шумақ туралы да айтуға болады.

62. Мұндай өзгеріс «Таңданыпты анық түрін әркім көріп»- тармағын бетке ұстаған шумақ мәтініне де тән.

63. «Айтқайсың мен сорлыдан көп-көп сәлем» тармағы тек бұл жолғыда бар, ал екінші нұсқада жоқ. Сонымен бірге одан кейінгі бірер жолдар орын алмауы, яғни бізге жетпеуі де байқалады.

64. «Ұзын ғұмыр, жас керек сөйлеуге, әні»- деген бір шумақтың төртінші жолы мен соған ілескен: «Деген соң қайдан болсын көңіл бүтін»- тармағы, яғни келер шумақтың бастапқы жолы да екіншіде жоқ, тек бұл жолғыда ұшырасуымен ерекшеленеді.

65. 3-томда: «Телміріп күніменен екі көзім // Болмаса әдепсіздік бір аз ғана»- делінсе, бұл жолғыда: «Енді арманыңды айтшы, екі көзім, // Тапсырған аманатты: «Сізге айт!»- деп»- калпында өзгеруімен көңіл бөлгізеді.

66. Екінші нұсқада баласы мен әкесі жауабы алдында тақырыпша берілмесе, бұл жолғыда: «Сонда сұлтанның жауабы», «Баланың...», «Және Сұлтанның жауабы» т.с.с. тақырыпшалар орын алған.

67. «Қатынды- тұл, баланы жетім тастап»- тармағын маңдай еткен шумақ та тек осы жолғыда кездесуімен ерекшеленеді.

68. Мұндай екінші нұсқада ұшыраспай, тек осы жолғыда енгізілуді «Бұл сөзді естіп Сұлтанның есі кетті»- тармағынан кейін берілген үш жолдық мәтін туралы да айтуға болады.

69. Бұл тәрізді тек осы жолғыда кездесіп, екінші нұсқада жоқ болуды «Менің де келіп қалды сүйер ерім»- деп басталатын шумаққа да арнауға болады.

70. «Дүниеге келгеннен соң, бір күн өлмек, // Мың күнгі жанған шырақ бір күн сөнбек»- жолдары да екінші нұсқада жоқ, тек осы жолғыда бар.

71. Екінші нұсқада: «Ағаш боп жетілместен кеттің өліп»- делінсе, бұ жолғыда «жетілместен» орнын «майыспастан», «өліп»- дегенді «сынып» ығыстырған.

72. «Қан жұтып қайғыменен зарланады»- деп басталатын шумақ та екінші нұсқада мүлде жоқ, тек осында ұшырасады.

73. «Не қыларын біле алмай, // Қалдым ғой шаршап, балам-ай!»- жолдары да екінші нұсқада мүлде жоқ, тек осы жолғыда орын алған.

74. Мұндай тек осы жолғыда ұшырасу ерекшелігін: «Жаңылтып ақыл есімді» (II-папка, 278 б.) жолы туралы да айтуға болады.

75. Мұндай өзгешелік, екіншіде кездеспей, бұ жолғыда орын алу «Мекетоллаға келгелі көрген мейманым»- тармағына да тән.

76. Екінші нұсқада: «Көгеріп талдай өскенің, // Алмадай болып піскенің» (99 б.)- делінсе, бұ жолғыда «көгеріп» орнын «көркейіп», «алмадай» дегенді «жемістей» ауыстырған.

77. «Кәріп боп келдің алдыма»- тармағы екіншіде жоқ, тек осы жолғыда ұшырасуымен ерекшеленеді.

78. Екіншіде: «Көзімнен кетіп жанарым»- болса, мұнда «жанарым» дегенді «шынарым» ауыстырған.

79. «Мерзімді жерге жете алмай» тармағы да екінші нұсқада жоқ, тек осында бар.

80. «Сабырдан басқа пайда жоқ» жолы да тек осы жолғыда ұшырасады.

81. «Раббым, қадір, жан Алла»- тармағы да тек мұнда орын алған.

82. «Жарлық екі бола ма»- жолы да екіншіде кездеспейді.

83. Екінші нұсқада «хайла жоқ» сөзі бет шеті жыртылғандықтан да, тік жақша ішінде «өлімге» сөзі енгізілсе, бұ жолы ол неғайбыл сөз «біздің табар»- сөздерімен алмастырылды.

84. «Абылай хан бір жорыққа аттанғанда, құс ұшпас, құла дүз бетпақтың сары даласында бір қаракөк атты кез болды»- деп бастала-

тын мәтін осы жазбадан (II-папка, 280-283 б.) алынып, «Балтакерей-Тұрсынбай батыр» (екінші нұсқа)- деген аталыммен бұдан бұрынғы 9- томда (133-134 б.) жарық көрді.

85. «Абылай қазаққа хан болып тұрған кезде Қалдан Шерін[ге] елші жіберген екен»- дегенді маңдайша еткен мәтін осы жазба негізінде (II-папка, 283-286 б.) «Қазыбек би елшілігі» (екінші нұсқа)- деген аталыммен 9-томда (14-15 б.) басылды.

86. «Абылай заманындағы қазақ жұртынан аты шыққан батырлардың аты...»- деп басталатын мәтін де осы жазба (II-папка, 286-287 б.) бойынша «Абылай заманындағы батырлар» (екінші нұсқа)- тақырыбымен 9-томға (112-113 б.) кіргізілді.

87. «Абылай тұсындағы заң жоралғылар»- тақырыбындағы мәтіннің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасына (2-папка, 59-62 б.) сүйеніп, 8-томға (188-190 б.) енгізілсе, бұл мәтіннің екінші нұсқасы Алматыдағы ОҒКҚҚ, 1170-папка, 752-758 б. бойынша «Бұрынғы замандағы құн төлек, адам емдеу салты» мәтіні ішінде 9-томда (293 б.) орын алғаны мәлім. Бұ жолы ертерек жазылса да, кейінірек көзге түскен көлемі шағын осы мәтін үшінші нұсқа ретінде беріліп отыр.

88. «Едігенің алғашқы билігі» тақырыбындағы мәтіннің бірінші нұсқасы ОҒКҚҚ, 1177-папка,(204-206 б.) негізінде әзірленіп, 6- томға (126-127 б.) кіргізілсе, бұ жолы одан ертерек жазылса да, кешендеп қолға тиген үлгі (II-папка, 288-289 б.) бірінші нұсқа ретінде тұңғыш ұсынылып отыр.

89. «Қазақ шежіресі» (алтыншы нұсқа) мәтіні осы жазбадан (II-папка, 290-292 б.) алынып, 10-томда (309-310 б.) жарияланды.

90. «Едігенің көрген түсі»- әңгімесінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы 2-папка (362-363 б.) бойынша, екінші нұсқасы сол екінші папкадағы 359-360 б. сүйеніп, үшінші нұсқасы ОҒКҚҚ, 1177-папка, (210-211 б.) негізінде әзірленіп, 6-томда (135-136 б.) басылғаны белгілі. Бұ жолы ертеректе жазылса да, кейіндеу қолға тигені төртінші нұсқа ретінде ұсынылып отыр.

91. «Торайғырдың құн беруі» мәтінінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы екінші папкасы (376-381 б.) бойынша әзірленіп, сол әулеттіктегі осы жазбамен (II-папка, 293

б.) салыстыру жүргізіліп, ұсынылғаны 6- томда (мәтіні: 162-164 б.; түсінігі: 365 б.) нақты көрсетілген.

92. «Жиренше шешен» (екінші нұсқа) мәтіні осы жазба (II-папка, 298-307 б.) негізінде 6- томда (мәтіні:79-85 б.; түсінігі -355 б.) басылды.

93. «Абылайдың алғаш көзге түсуі» (екінші нұсқа) мәтіні осы жазбадан (311-312 б.) алынып, 9- томға (11-12 б.) енгізілді.

94. «Абылайдың тұтқын болуы» (екінші нұсқа) мәтіні де осы жазбадан (II-папка, 314-321 б.) алынып, 9-томға (22-25 б.) кіргізілді.

95. «Абылайдың бір жорығы» (екінші нұсқа) мәтіні де II-папка (321-325 б.) бойынша 9-томда (40-42 б.) жарық көрді.

96. «Үш нәрсе шыққан орнына қайта кірмейді»- деп басталатын мәтін де осы жазбадан (II-папка, 326-327 б.) алынды.

97. « [Әудем жер] жүре алмаймын белім ұйып»- деп басталатын Ақбура- Бөрібай ақынның өлеңінің толық нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (2-папка, 330-332 б.) бойынша ұсынылып, оның басқа да нұсқалары бар екені 7- томда (мәтіні: 217-218 б., түсінігі- 381 б.) ескертілген.

98. «Кіршіктен тап-таза ғып үсті-басын»- деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі ақынның өз жазбасына (II-папка, 328-329 б.) сүйеніп, 4-томға (215-216 б.)енгені мәлім.

99. Мәшһүр Жүсіптің «Хаятбакшы» дастанының екінші толық нұсқасы әулеттік мұрағатта сақталған (6-папка,, 1-62 б.) ақынның өз жазбасы бойынша Мәшһүр Жүсіп шығармалары 3-томында (мәтіні:113-174 б., түсінігі: 349-357 б.) басылғаны белгілі. Біз бұ жолы әр кезде жазылғандықтан да, түрлішелік орын алуын т.с.с. салыстыра сараптауға мүмкіндік беру, сонымен бірге шығарманың жазылу барысын анықтау мақсатымен алғашқы нұсқа ретінде ерте-ректе жазылған осы үлгіні (330-393 б.) жеке ұсынғанды жөн көрдік. Бұ жолы да бар өзгешеліктерді тізбей-ақ, негізгілеріне арнайы назар аударту дәстүрін жалғастырамыз. Мәселен, 3- томда басылған мәтіннің: 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15- жолдары кигіз үй ішіндегі қалтада (не дорба, сумкада) сақталғандықтан да, күн қызуын мол қабылдап, іріп түскен, демек бастапқы 16 жолдық мәтіннің тек: 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16 тармақтары ғана түпнұсқада орын алған. Бұдан кейін де әсіресе бет ішіндегі жеке түсіп қалған сөз бен әріптерді түпнұсқадан, яғни Мәшһүр Жүсіп шығармасынан алынған: Жолмұрат, Мұхаммедфазыл,

Иманғали т.с.с. көшірмелері бойынша қалпына келтіру іске асқаны сол түсінік бөлімінде (349-357 б.) жете сөз болғанын қайталап еске саламыз. Осы жолы біз ұсынып отырған нұсқа сол жоқтардың орнын толтыруға да қызмет ете алады деп санаймыз. Сонымен қатар ертеректе жазылғандықтан да, кейінірек ұсынылып отырған осы бірінші нұсқаның аякқы бөлімі жоқ болумен бірге жеке сөз, әріп түсіп қалатын жерлері баршылық екенін, соның салдарынан біраз ретте көп нүкте қою, арнайы тік жақша ішіне басқаларда бар, осында жоқ әріп, сөздерді енгізу орын алғанын ескертеміз.

100. Екінші нұсқада, яғни 3- томда(113 б.): «Жарқыраған, ежірейтпей, жап көзінді»- деп берілсе, бұ жолғыда, яғни бастапқы нұсқада: «Қараған, жарқыратпай, жап көзінді»- делінген. Салыстыра қарасақ, бұ жолғысы (12- томдағысы) ақынның жастау кезінде қағазға түскен алғашқы үлгісі де, 3- томдағысы автордың кейінгі кемелденіп өскенін білдіреді деп түйіндеуге негіз толық. Белгілі бір көріністі нақты бейнелеу тұрғысынан келсек, бұ жолғыдағы «қараған» сөзінен де, екінші нұсқадағы «ежірейтпей» әсері анағұрлым жоғары екені байқалып-ақ тұр.

101. Көбінесе екінші нұсқадағыны, яғни 3-томдағыны неғұрлым жетілдірілген деу ара-тұра тепе-тең түсуді, яғни алғашқыдағының, осы жолғының ролін де төмендетуге болмайтынын аңдатады. Мәселен 3-томда: «Қоршап тұрған жау болса, «Аллалап» шап»- түрінде келсе, осы жолғы 12 томда «Қоршап келген жау болса, өзіңді тап»- қалпындағы сөз өрімдерінің әрқайсысы- өзінше мәнді саналарлық мәнерлі өрнектер.

102. Кейінгідегі бір түрлі түсініксіз «топайлы» сөзі орнын бастапқыда, яғни осы жолғыда «шырағы» сөзі иеленген.

103. «Нухтың өмірі жаза алмас мыңнан бірін»- дегенді бетке ұстаған 26-шумақтан кейінгі «Рабиғы алаууал айынан он бірі өтіп»- деп басталатын шумақ болмауы да бұ жолғының неғұрлым алғашқы нұсқа екенін дәлелдей түседі.

104. Екінші нұсқада, яғни 3-томда басылған (116 б.): «Анасына түскендей мұндай сәуле // Аруақларға түсіпті онан да артық»- жолдарындағы «аруақтарға» сөзінің орнын бұ жолғыда «Ғарыш ағлаға» сөздері иемденген.

105. 3- томда: «Дүр амал ғып дүмбілез астай қылмай, // Түсіндіріп кетейін түйінін шешіп»- делінсе, бастапқыда, яғни бұ жолғыда «астай» орнын «еттей», «түйінін» дегенді « әбден» алмастырғаны анықталды. Сонымен бірге бұрынғы кітапта оқу тәжірибесі жетілмеуі салдарынан «дүр амал» -делініп кете жазылған сөз, екі нұсқада да «дүдәмал» болып жазылғаны анықталды.

106. 3- томда «Ақыл екен бір тұрған кәрі-жаска»- делінгенде, түпнұсқаға (6-папка, 335 б.) сүйенбей, көшірмеге иек арту (Фазыл, 2, 60 б.) жүзеге асса, бұ жолы екі нұсқада бірдей орын алған: «Ғақылы кең ойлы екен қарындасқа»- қалпында келтірілді. Бұл орайда Мәшһүр Жүсіптің кіші ұлы Мұхаммедфазылда (1890-1969) орын алған өзгешелік себебін іздесек, не бізге әлі жете қоймаған Мәшһүр Жүсіптің өзінің үшінші нұскасынан көшірілуі ықтималдығын, не ауызша айтушылардан (ауызша айтылғанда ұмыту, шатастыру да кездесетіні мәлім) жазып алу көрінісі ретінде қарастыруға болады.

107. Тағы да Мұхаммедфазыл көшірмесінен (2-папка, 61 б.) алынып: «Талай жұрттың, міне, айуан көңілін бөлді»- деп, 3-томда (119 б.) жарияланған бұл тармақ екі түпнұсқа (Мәшһүр Жүсіп, 6-папка, 6 б.; II-папка, 336 б.) бойынша: «Келген елші сөзін айтып, сарнай келді» -деп өзгертілді.

108. 3-томда (120 б.): «Жаңбыр жаумай су болып сүмірейіпті, // Ұнамайтын хабармен келіпті елші»- делінсе, бұ жолы қайталап үнілгенде «келіпті»- дегендегі «ді» қосымшасы артық екені анықталумен қатар, II- папкадағысы сәл басқаша екені көрінді: «Жаңбыр жаумай бәрі де су болыпты, // -Жарамайтын жұмыс,- деп, барыпты елші». Назар аударарлық жәйт: осындағы алғашқы тармақ Мұхаммедфазылда (2-папка, 60 б.), Иманғалида (Iпапка, 7-бет) (Жолмұраттың бастапқы екі беті ғана жеткені 3- томда (349 б.) ескертілген) сол калыпта берілсе, кейінгі жолы Иманғалида өзгеше: «Бұрынғыдай бола алмай, кетіп күші».

109. 3- томдағы (120 б.) «Сегізінші Хысырауға келген екен» - дегендегі «сегізінші» сөзінің соңғы «інші» қосымшасы ғана Мәшһүр Жүсіпте (6-папка, 8 б.) сақталғандықтан, ол сөз Мұхаммедфазыл (2-папка, 60 б.) бойынша берілсе, Иманғалида да сол калып сақталған. Бұ жолғыда (Мәшһүр Жүсіп; II-папка, 337 б.) сол сөзден кейін «ажал»

сөзі қосылған. II-папка мәтіні алғашқыда Иманғалида сақталғанын ескерсек, көшірме жасау кезінде оны елемеу Мәшһүр Жүсіптің басқа да жазбасы Иманғалида болуы мүмкіндігіне жарық түсіре алады.

110. 3-томда (121 б.) 6-папка (8 б.) бойынша: «Жалғыз көрген тиыным осы ма екен»- делінсе, бұ жолғыда (II-папка, 338 б.): «Қолыма ұстап тұрайын қайдан соны»- қалпында берілген. Назар аударарлық жәйт: Мұхаммедфазылдағы да осы II- папкамен бірдей. Бұл өзгешелік Қасенғалида, сол арқылы Жолмұратта сақталған Мәшһүр Жүсіптің 6-папкасындағы үлгіден емес, Мұхаммедфазылдың не Иманғалидағы II- папкадан, не басқа бір жазбадан көшіргенін аңдатады.

111. 3-томда 74-шумақтың екінші, үшінші жолдары: «Кесіп ұста күн бұрын тілдерінді. // Қайдан ұстап қолыма отырайын» (121 б.)- түрінде өрілсе, бұ жолғыда өзгеше: «Бекітіп ал күн бұрын тілдерінді. // Келерінді білмедім, қалды түгесіліп» (II-папка, 338 б.) қалпында берілген. Назар аударарлық жәйт: тағы да екінші жолы Мұхаммедфазылда тап солай берілсе, Иманғалида да осы өзгешелік қайталанған. Ал, екінші жол Мұхаммедфазылда мүлде басқаша келсе, Иманғалида соңғы «қалды түгесіліп» орнын «кетіп қалды» иеленген. Бұл да Иманғали қолында Мәшһүр Жүсіптің басқа бір жазбасы болуы ықтималдығына бастап тұр.

112. 3- томда (121 б.) 4-папка (9 б.) бойынша: «От ұшып, су тартылып өздігінен // Сауе дария жоқ болып жерге сіңді»- деп берілсе, бұ жолғыда (II-папка, 338 б.) басқаша: «Сол күнгі тамашаның бұ да бірі // Жоқ болып, су дария жерге сіңді». Бұрынғыда: «Су тартылып», «су дария жоқ болып»- дегендерде бірін-бірі қайталау орын алса, бұ жолғының көркемдік деңгейі одан жоғары екені байқалады. Назар аударарлық жәйт: Мұхаммедфазылда да, Иманғалида да II-папка үлгісі қайталанған. Бұл да Мұхаммедфазыл, Иманғалидың II-папкадан көшіргенін, 6- папкадағы осы туындының ол кезде Қасенғалида, кейіннен Жолмұратта оқшау сақталғанын байқатады.

113. 85-шумақтың бастапқы: «Жаңылды сасқанынан су ағысын»- деген тармағынан кейін орын алған үш жолы мен 86- шумақтың алғашқы: «Өшіп қалды ұмытып от жанысын»- тармағының - айнала-сы 4 жолдың 6-папкада (10 б.) кездесіп, II –папка мен Мұхаммедфазыл, Иманғалида орын алмауы да сол 6-папканың оқшау қалғанын дәлелдей түседі.

114. 3- томда 86-шумақтың басы ретінде келтірілген: «Өшіп қалды ұмытып от жанысын»- жолы бұ жолғыда (II-папка, 339 б.) «Нұрдың оты дүниенің отын жақты»- деп басталатын 82-шумақ пен «Келе жатыр бір-бірлеп сөз арасы» - жолын маңдай еткен 88-шумақ аралығына жаңа бір шумақ басы болып орын алған. Бұдан кейінгі яғни бір шумақтың ішіндегі екінші, үшінші, төртінші тармақ та 3-томда (122 б.) мүлде жоқ, бұ жолы тұңғыш енгізіліп отыр. Назар аударарлық жәйт: «85-шумақтың екінші жолы 3-томда: «Әкететін болған соң қолдағысын»- деп берілсе, Мұхаммедфазылда басқаша: «Жаңылып қап бұрынғы дем алысын» делініп, ол Иманғалида да қайталанған. Бұдан кейінгі үшінші жол да Мұхаммедфазыл мен Иманғали көшірмесімен бірдей: «Су от болып өртенді күйгенінен». Демек, 85 -шумақтың екінші, үшінші жолдарының 6-папкадағыдай болмаған қалпы Мұхаммедфазыл мен Иманғалида қатар орын алса, төртінші тармағы: «Көрген соң замананың көз қағысын»- 6-папкада, Мұхаммедфазыл мен Иманғалида бірдей алынған. Бұл өзгеріс те Мұхаммедфазыл, Иманғали көшіруі мүмкін тағы бір жазба болғанын дәлелдейді.

115. 98- шумақтың үшінші жолы Мәшһүр Жүсіп жазбасы 6-папкасы (11 б.) бойынша: «Қанат пенен құйрықтан тап-таза боп»- қалпында келсе, бұ жолғыда: «Дүние жүзіне жұлдыздан оқ жауған соң»- деп өзгерген. Ал, Мұхаммедфазыл мен Иманғалида «жұлдыздай»- орнын «бұршақтай» сөзі иеленіп, тармақ ішіндегі басқа сөздердің II-папкадағымен үндесуі орын алған.

116. 99-шумақтың соңғы жолдары 6-папка (11 б.) негізінде: «Күшті дөкей Ібілістен ақыл сұрап»- деп келтірілсе, енді II- папкадан (341 б.) алынып: «Ібілістен көп шайтан ақыл сұрап»- деп берілді. Иманғалида «көп шайтан»- орнын «сасқаннан» иемденсе, Мұхаммедфазылда сол өзгеріс қайталанған.

117. 101 –шумақтың алғашқы жолы 6-папка (11 б.) бойынша: «Алыс пенен жуыққа жортып желді»- деп беріліп, бұл қалып Мұхаммедфазылда (2-папка, 62 б.) және Иманғалида (1-папка, 11 б.) қайталанса, енді II-папкаға (341 б.) сүйеніп: «Аспан мен жоғары жортып желді»- деп өзгертілді.

118. 103-шумақтың бастапқы жолдары 3-томда (124 б.) 6-папкаға (11 б.) иск артып: «Сүйінші! Сүйінші!»- деп, шапқыласып, // Бірінен-

бірі естіп ала қашып»- қалпында өрбісе, бұ жолы II-папка (341 б.) негізінде: «Шапқыласып» сөзін- «ала қашып», «естіп»- дегенді «сұрап», «ала қашып» орнын- «анталасып» алмастырған. Осы орайда Иманғалида 3-томдағыдай, яғни 6-папкадағыдай алғашқы тармақ соңы «шапқыласып» сөзімен аяқталса, Мұхаммедфазылда «ала қашып» (бұл II-папкадағымен үндеседі) орын алуы да көңіл бөлерлік. Соңғы «ала қашып» сөзі 6-папкадағыдай Иманғалида да орын алса, Мұхаммедфазылда ол сөзді «шапқыласып» ығыстырған.

119. «Пайғамбарлар ішінде жүзік қасы»- жолымен басталған 108-шумақтың екінші тармағы 6-папка (120 б.) бойынша: «Мұның орны- Құдайдың дәл өз қасы»- делінсе, бұ жолы II- папкаға (342 б.) иек артып: «Қап қосайын (каусайын) адамға дәрежесі»- жолы кіргізілді. Назар аударарлық жәйт: 6-папкадағы үлгінің Мұхаммедфазылда, Иманғалида орын алмай, II-папкамен үйлес келуі.

120. Екінші нұсқада, 3- томда (126 б.) 6-папка (13 б.) негізінде: «Қуанар деп, сүйінші сұрағаным»- делінсе, бұ жолғыда II- папкаға сүйеніп: «Қуандырып, сүйінші!»- деп, мен жатырмын»- деп өзгертілді. Осы орайда: Мұхаммедфазыл, Иманғалидағының бұрынғылардағы II-папкамен үйлесіп, бұ жолы тек – 6- папкадағымен үндесуі де Мәшһүр Жүсіптің үшінші бір жазбасы болғанын, тек бізге әлі жете қоймағанын аңдататынын да бір бүйірде ұстаған жөн.

121. 121-шумақтың үшінші жолы 6-папка (13 б.) бойынша (Мұхаммедфазыл, Иманғалида да солай): «Бай мен кедей бірдей боп қуанғаннан»- түрінде орын тепсе, бұ жолы II-папқадан (344 б.) алынып: «Ай мен күн бәрі бірдей қуанысып»- қалпында берілді.

122. 124-шумақтың екінші жолы, 6-папқадан (14 б.) алынып, 3-томда (126 б.): «Неше түрлі гүлденіп шөптер өсті»- қалпында берілсе, бұ жолы II-папка (344 б.) бойынша: «Он сегіз мың, қуанып, ғалам күлді»- тармағымен алмастырылды. Мұхаммедфазылда (2-папка, 63 б.) және Иманғалида (1, 13 б.) 6-папкамен үндестік орын тепкен.

123. 125-шумақтың екінші, үшінші жолдары 6-папка (14 б.) бойынша (Мұхаммедфазыл, Иманғалида да тап сондай): «Қысы кетіп, замана шықты жазы. // Бұ заманның құрылып бау-бақшасы»- түрінде қанат жайса, тағы да II- папка (14 б.) бойынша өзгертілді: «Ақыры бұл заманның шықты жазы. // Бұ жаһанның құрылып бау-бақшасы».

Көріп отырғанымыздай, екінші нұсқада қатар тұрған екі тармақта: «замана», «заманның»,- түрінде бір сөздің екі рет беріліп, қайталануы орын алса, біріншіде ондай қайталау жоқ, сонымен бірге «заманның» сөзі орнын «жаһанның» иемденіп мағына нақтылығы алға шыққан.

124. 131-шумақ басы Мәшһүр Жүсіп (6-папка), Мұхаммедфазыл, Иманғали бойынша: «Қамыс танып шұлғыды иіп басты, // Домалантып көзінен төгіп жасты»- түрінде өрілсе, бұ жолғыда II-папка (345 б.) негізінде бірінші тармақ: «Қамыс-тағы иіпті шұлғып басты»- калпында сәл өзгерумен бірге, соңғы 3-4 жолдардың мүлде орын алмауымен ерекшеленеді. (Бұл тұста да, бұдан кейін де түсіп қалған тармақтарды біліп отыру үшін оны тік жақша ішінде беріп отырамыз).

125. 132- шумақтың соңғы жолы Мәшһүр Жүсіп (6-папка), Мұхаммедфазыл, Иманғали бойынша: «Таң атқаннан сөйлесем кешке шейін»- деп келтірілсе, тағы да Мәшһүр Жүсіп II-папка (345 б.) негізінде ол тармақ: «Жүз жыл тамам сөйлесем, тынбай!- дейін»- деп ауыстырылды.

126. 126. 3-томда (128 б.) яғни 2-нұсқада 6-папкаға (17 б.) сүйеніп (Мұхаммедфазыл, Иманғалида да солай): «Қолқасы екен үмбетті алған қалап, // Құмарланып Құдайдан қылған талап»- деп кіргізілсе, тағы да II- папка (345 б.) бойынша: «Қолқасы екен Құдайдан алған тілеп, // Үмбет екен Құдайдан алған қалап»- деп жаңартылды.

127. 155 –шумақтың соңғы жолдары Мәшһүр Жүсіптің кейінгі жазбасына (6-папка, 17 б.) иек артып (Мұхаммедфазыл, Иманғалида да солай): «Тайға танба басқандай белгілі қып, // Жетімдікпен жаралап қойды дүлін»- түрінде алынса, Мәшһүр Жүсіптің алғашқы жазбасы (II-папка, 348 б.) бойынша: «белгілі қып» сөздерін- «жетім қылып», «жаралап қойды дүлін» сөздерін- «жаратып қылды мұлын» алмастырды.

128. 3-томдағы (130 б.) «Жеткізбей-ақ қойындар сендер мақтап»- деп басталатын шумақтың соңғы екі жолының II-папкада орын алмағанын, тік жақша ішінде келтіріліп берілгенін ескертеміз.

129. 3-томдағы (131 б.) 166- шумақтың соңғы жолдары: «Тамақ сұрап жыласа шырт ұйқыда // Кім ұйқысын бұзады оған және»- түрінде сап түзесе, бұ жолғыда (II-папка, 349 б.) «сұрап» сөзі орнын- «үшін», «бұзады оған және» дегенді- «бөледі соған бола»- иемденген.

130. 3-томдағы (131 б.) «Көшпелі ел келген екен көшіменен» жолымен басталатын 170-шумақтың 3-4- жолдары II-папкада (350 б.) орын алмаса, оның есесіне 3-томдағы 170-шумақтың: «Бала туған үйлерді қыдырады»- деген үшінші жолы II- папкада 171- шумақтың үшінші тармағы ретінде келтірілумен қатар, соған ілесе: «Онан басқа ісі жоқ қылар кәсіп»- жолы тыңнан қосылған.

131. 3-томдағы (132 б.): «Қиын екен жалғанда жетім қалған, // Онымен елдеспес мына жалған»- деп берілсе, II-папкада (350 б.) «жалғанда» сөзі «дүниеде»- деп өзгерумен бірге келесі тармақ мүлде басқаша: «Ата-анасы бар баланың жоқ-ты арман».

132. 3-томдағы (133 б.) «Осында бар менің бір балам,- дейді» - деп басталатын 181-шумақтың бастапқы екі жолдарынан кейін: «Алып соны бала ғып баурыңа сал»- тармағын маңдай еткен 4 жолдық тың мәтін қосылып, бір (181) шумақ екеу болып ұзартылуын еске саламыз.

133. 3-томдағы «Құрып жатқан бұлақтың көзі ашылды» деп басталған 193-шумақтың соңғы жолдары II-папкада (352 б.) мүлде басқаша: «Халима жан ділімен мұны күтіп, // Айырып барып беріпті сүттен суды». Сонымен бірге келесі 194-шумақтың II-папкада мүлде болмауы да көңіл бөлерлік.

134. 3-томдағы (136 б.) «Пайғамбарлар ішінде жүзік қасы»- деп басталатын 211-шумақтың соңғы екі жолы тағы да II-папка (354 б.) негізінде өзгертілді: «Он сегіз мың ғаламға жанған шырақ, // Артық болып туғаннан мәртебесі».

135. 3-томдағы «Бірде семіз көк дөнен, бірде арық»- тармағын бетке ұстаған 213-шумақтың соңғы жолдары II-папкада (354 б.) тағы да басқаша: «Опасы жоқ дүние әлі-ақ өтер, // Баяны жоқ шіркінді не қылалық?!».

136. 3-томда 6-папка (24 б.) бойынша (Мұхаммедфазыл, Иманғалида да солай) «Бүктемеде бұ сөздің көбі кетті»- деп басталатын 215- шумақтың үшінші жолы: «Бес жыл ұдайы жүріпті койды бағып»- деп берілсе, II-папкада (355 б.) «бес» орнына санмен «14» және оған қоса әріппен «төрт»- деп жазылған. Бұған қарап, не «14 жыл», не «4 жыл»- деп қабылдауға болатын тәрізді.

137. 3-томда 6-папкаға (24 б.) сүйеніп, «Бұл дүниенің жоқ екен қадір құны»- дегенді маңдай еткен 219-шумақтың үшінші жолы:

«Алддүния жиғыта- деп айтқанменен» - калпында орын алса, II-папкада мүлде басқаша өрістеген: «Опасыз бұ дүниенің баяны жоқ».

138. 3- томда (138 б.) 6-папка (25 б.) бойынша: «Біз партия боп тұрмыз жылқы, койға»- деп басталатын 225-шумақтың екінші жолы: «Қойсыз кісі кенелмек терең ойға»- делінсе, бұ жолы II- папка (356 б.) негізінде бастапқы сөздер: «Онсыз керек теңелмек»- боп ауыстырылды.

139. 3- томда (138 б.) 6-папка (26 б.) негізінде: «Қол ойнамай, ауызың ойнамайды»- деп басталатын 232- шумақтың екінші жолы: «Мұны неге бозбала ойламайды»- делінсе, төртіншісі: «Ой түбіне жан жетіп бойламайды»- түрінде берілген. Ал, бұ жолғыда II-папкаға (356 б.) иек артып, екінші мен төртінші тармақтардың өзара орын ауыстыруы жүзеге асты.

140. 3-томдағы (139 б.): «Хадишадан күн көріп талайлары»- дегенді маңдай еткен 237- шумақтың екінші жолы: «Күннен күнге артылып талайлары» (6-папка , 26 б.)- калпында ірге тепсе, бұ жолғыда басқаша: «Күнін көрген ғараб деген елдің бәрі» (II-папка, 357 б.).

141. Екінші нұсқада (3-том, 139 б.) «Саны жоқ тауар пұлдың жиған тамға»- делінген 239- шумақтың бірінші жолында да II-папкада (357 б.) өзгерістер баршылық: «саны жоқ» сөзінен кейін бұрын бесінші болып тұрған «жиған» сөзі алға жылжып, үшінші орынды иемденумен бірге одан кейін: «құлға, салған» сөздері қосылып: «Саны жоқ жиған құлға, салған тамға»- деп ұғым нақтылығы арта түскен. Сонымен бірге төртінші жолдағы «жүк жөнелтін»- сөздерінен кейін «Бағдад, Бахра»- атаулары қосылып, сауда өрісі кеңейген.

142. 3- томда 6-папка (28 б.) бойынша орын алып, «Жорытты ағасына көрген түсін» (140 б.)- деп басталатын 250-шумақтың соңғы 3 жолы және келесі 251-шумақ басы болуға лайық: «Түгелдеп айтып берді түгі-түсін»- тармағының II- папкада (358 б.) мүлде орын алмауы көңіл бөлерлік. Сонымен бірге 3-томдағы 251- шумақтың үшінші жолы «құдайдың» сөзімен басталса, бұ жолғыда ол сол 250-шумақтың үшінші жолы ретінде беріліп, одан кейін «құдіретімен жаратылған» сөздері қосылған. Сонымен бірге соңғы 2 жол тыңнан пайда болған: «Ғаршы-гүрсі, жеті кат көк, жеті кат жер, // Сирратіл мұнтаһаның [кұрметі] үшін».

143. «Алданышы жоқ артында қарайларға»- деп басталатын 266-шумақтың (3-том, 142 б.) алғашқы екі жолынан кейін II-папкада (360 б.): «Мен жүремін өліп-өшіп тойып малға // Жияды, қанша болса, шыбын жанға»- тармақтары енгізіліп, бұл шумақ 6 тармақтық болып кіргізілді.

144. «Тау мен тасқа жөнелді мұнын айтып» (6-папка, 33 б.)- дегенді алға ұстаған 293-шумақтың соңғы тармақтары II-папкада (363 б.) мүлде басқаша қанат жайған: «Ата-ана, жер-сумен аманда-сып, // Керуенмен кетті расул зар жыласып».

145. «Белгісінің ақ бұлт- болар басы»- деп басталатын 306 шумақтан (3-том, 147 б.) кейін II- папкада (365 б.) «Көлеңкесі көрінбес көзге түсіп» - дегенді маңдай еткен мүлде тың шумақ қосылғаны да II- папка ерекшелігі мол екенін аша түседі.

146. 3- томдағы: «Іздей берсе, бір жету бар ғой ақыр» (6-папка, 34 б.)- деп басталатын 309- шумақтың бастапқы екі жолы II- папкада (365 б.) соңғы орындарға ығысып, есесіне ондағы: «Қарап тұрса бір керуен келе жатыр» - жолын бетке ұстаған үшінші тармақ пен оған ілескен төртіншісі бірінші, екінші жол ретінде келтірілген.

147. Екінші нұсқадағы: «Қозғалмаңдар тырп етіп қостан!- дейді»- деген 313 шумақтың бірінші, екінші және төртінші тармақ сонындағы «дейді»- сөзі бірінші нұсқада (II-папка, 366 б.) түсіп қалуымен ерекшеленеді.

148. «Меймандарды құрметтеп алды күтіп»- жолын бетке ұстаған 321-шумақтың (3-том, 148 б.) екінші жолының төртінші, ал төртіншінің екіншіге ауысуы да II-папкада (367 б.) орын алған.

149. «Көзі жетті қырағы мұнша жаннан» (6, 37)- дегенді маңдай еткен 333-шумақ басы да (3-том, 150 б.) өзгерістердің баршылық болуымен көзге түседі. Мәселен, алғашқы тармақтағы «жетті» орнын- «жіті», «мұнша» дегенді «барша» сөзі ығыстырған.

150. Мұндай айырмашылық орын алуы «Сендер нені айтасың, өңшең соқыр»- жолымен басталған 336-шумаққа [3-том, 150 б.] да тән. Мәселен, үшінші тармақтағы «білгенін»- дегенді «таныған», «көрінгенді» сөзін – «надандардың» алмастыруы (II-папка, 368 б.)- бұған дәлел.

151. «Қозғалысты орнынан бәрі көшіп»- жолын маңдай еткен 339-шумақтың аяққы жолы екінші нұсқада: «Көгереді жалма-жан

жемісі пісіп»- түрінде келсе, бұ жолғыда тармак басына «Миаулаанып көгерер» сөздері шыққан.

152. «Темір біткен толқыды еріп майдай»- жолын ту еткен 349-шумақта да айырмашылық баршылық. Бастапқы тармақтағы «толқыды»- сөзін-«балқиды», соңғыдағы «толып туған»- дегенді «толықсып», «толған» сөзін «туған» ауыстыруы осыны көрсетеді.

153. «Мұны естіп, жиылды ұста біткен»- жолын бетке ұстаған 350-шумақтың (3-том, 151 б.) аякқы тармағы бұ жолғыда мүлде өзгерген: «Жолыққаннан сұрайды өткен-кеткен» орнын «Таң калысып, тамаша тәптіш еткен» (II-папка, 370 б.) иеленген.

154. «Мына тұрған керуеннің қосы дейді»- деп басталатын 357-шумақтың (3-том, 152 б.) екінші жолы екінші нұсқада: «Шошы, балам, күн бұрын шошы!- дейді» (6- папка, 40 б.)- қалпында берілсе, бұ жолғыда мүлде басқаша: «Іздегенін хақ расул- Құдайдың досы,- дейді (II- папка, 371 б.)».

155. «Қасиет шында екенін анық білді»- жолын маңдай еткен 361-шумақтан (3- том, 153 б.) кейін: «Сөйледі сол арада Мұхаммедім»- деп басталатын 8 тармақтық мәтіннің тыңнан қосылуы да бұл бірінші нұсқада екіншіні қайталамау елеулі екенін аша түседі.

156. «Айта берсек, бірталай шимай жатыр»- жолымен басталған 365- шумақтың: «Түк қалдырмай сөйлеуге сыймай жатыр»- деген екінші тармағының мүлде басқаша келуі де өзгеріс ауқымдылығын танытады: «Мұхаммедтен ешкім жоқ болған пақыр» (II- папка, 371 б.).

157. «Айтқан ауыз жиылмай жетін келді» -жолын маңдай еткен 372- шумақтың (3-том, 154 б.) бастапқы осы тармағының алғашқы үш сөзі «екі қылмай әмірін»- деп өзгерумен бірге үшінші жол басындағы «сонан бері» - дегеннен кейінгісі: «мойыным,- деп,- алас ұрып»-сөздерімен алмасқан.

158. «Жебірейіл бір бәдәуи кебін киді»- жолын бетке ұстаған 374- шумақтан кейінгі (3- том, 154 б.) «Ассалаумағалейкум, хақ Мұхаммед»- жолымен басталатын бір шумақ екінші нұсқада мүлде жоқ, мұнда ғана орын алуымен ерекшеленеді.

159. «Жолдастықтың белгісі- жол қысқарту»- деп басталатын 377- шумақтан кейін «Сөйледі Хақ расул Жебірейілге»- жолымен басталатын шумақ та тек осы жолғыда ұшырасуымен көңіл бөлізеді.

160. «Тастады ма өлтіріп, толқын соғып»- деген 387- шумақтың алғашқы жолы соңындағы «толқын соғып»- дегенмен екінші аяғындағы «құмға тығып»- сөздерінің орын алмасуымен бірге үшінші тармақтың мүлде өзгеріп: «Иа болмаса бір нәрсе жеп қойды ма»- түрінде келуі де- әр нұсқадағы алуан түрлілік жемісі.

161. «Бірі –алтын кірпішінің, бірі- күміс»- деп басталатын 393-шумақтың (3-том, 156 б.) бұ жолғыда мүлде басқаша келтірілген соңғы тармақтары туралы да осыны айтуға болады.

162. «Сұрап барсам сонымды, шайқайды бас»- жолын бетке ұстаған 406- шумақтың бірінші тармағы да мүлде басқаша: «Сөйлей берсем, сөзімнен табылар нас» (II- папка , 377 б.)

163. «Мынау сөзден жүрегім дүрсілдейді»- дегенді ту еткен 409-шумақтың (3- том, 158 б.) үшінші жолы да мүлде бөлек: «Пері мен періштенің бірісің бе?» (II- папка, 377 б.).

164. «Жел айдады тақтайды тақыр жерге»- дегенді алға ұстаған 420-шумақтың үшінші жолы ортасындағы «дарияға» сөзін «тақтаймен» алмастырумен бірге соңғы тармақ басындағы «шығып еді» сөздерін «бір бөлек» ауыстырып, «шықты» сөзінің ең аяққы «бала бірге» дегеннің алдында келуі де көңіл бөлерлік.

165. «Тауып алды қуанып есі кетіп»- деп басталатын 423- шумақтың (3-том, 160 б.) алғашқы тармақтары мүлде өзгеріп келтірілген: «Патша өлді, дүниеден ажал жетіп, // Таусылып ажал жетіп, демі бітіп» (II- папка, 378 б.).

166. «Түс жоруы белгілі әркім білді»- дегенді алға ұстаған 428-шумақтың (3-том, 160 б.) төрт жолы мен «Аман-есен келгенін ел-жұрт көрді»- дегенді ту еткен 429 –шумақтың бастапқы екі жолы, айналасы 6 тармақтық мәтіннің II-папкада (379 б.) орын алмауы, оның ессесіне 429-шумақ соны ретінде: «Екі көзі төрт болып, бәрі қарап, // Сағынған ата-анасы, баршасы жылап келді»- тармақтарының тек бұ жолғыда ұшырасуы да назар аудартады.

167. «Әбүтәліп естіп, ашу қылды»- дегенді маңдай еткен 434-шумақтың соңғы жолдары мүлде басқаша: «Ауызба- ауыз жолығып, білейін!» - деп, // Хәдишаға аяндап өзі келді» (II-папка, 379 б.).

168. «Онан аяп не етемін малды, жанды»- дегенді алға ұстаған 440- шумақтан кейінгі: «Су бетінде жүреді өкпе қалқып» (3-том, 162 б.) –деп басталатын 441- шумақтың бұл жолғыда (II-папка, 380 б.) мүлде орын алмағанын еске саламыз.

169. «Әбутәліп теріс қарап, мойнын бұрды»- деп басталатын 443-шумақтың соңғы жолы да бұ жолғыда (II- папка, 380 б.) мүлде өзгеше: «Әбутәліптің қасына аяңдап, Хадиша өзі келді».

170. «Жерде болар құрулы, көкте шатыр»- дегенді ту еткен 462-шумақтың (3-том, 164 б.) аякқы жолдары да бұ жолғыда басқаша: «Кедейліктің берген жүгін бүгін алды, // Онға басып ит дүние келе жатыр» (II-папка, 382 б.)

171. «Жарастықты, қолайлы екі жасты»- деп басталатын 468-шумақтан кейінгі дастанның соңғы бөлімінің бұ жолғыда (II- папкада) мүлде орын алмауын біраз беттердің бізге әзір жетпеуімен, қайда екені белгісіз болуымен түсіндіреміз.

172. Мәшһүр Жүсіптің «Күндіз бен түннің айырмасы» өлеңінің бұған дейінгі томдар түсінігінде жиі сөз болған ОҒКҚҚ- Алматыдағы Орталық Ғылыми кітапхана қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы (1170-папка, 938-946 б.) бойынша әзірленіп, Мәшһүр Жүсіп шығармалары 2- томында (Павлодар, ЭКО, 2003, 21-28 б.) жарық көргені белгілі. Сонымен бірге бұл туындының әулеттік мұрағатта (Мәшһүр Жүсіп, I-папка, 20-21 б.) толық емес үлгісі, бастапқы II шумағы сақталғанын еске саламыз Екі нұсқа арасында айырмашылық жоқ дерлік. Тек 1170 –папкада: «Түн бейіштен алынған» (2-том, 349 б.) – делінсе, мұнда «бейіштен» орнын «ұжмақтан» иеленген. Сонымен бірге 22-беттің оң жақ шекесінде II шумақ соңындағы «зымғырир» сөзіне түсінік берілген: «зымғырир»- араб тілі- «сұйық»- делінген.

173. «Күлік байы-Қуанның кенжесі Ноғай ақсақал сексен бір жасында дүниеден қайтқанда, өлейін деп жатқанда айтқан бір насихат сөзі»- деп басталатын мәтін және онан кейінгілері Мәшһүр Жүсіптің әулеттік мұрағатта және Алматыдағы Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорында, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығында сақталған Мәшһүр Жүсіптің өз жазбалары жинақталған 1-8 папкалары бойынша беріле бастайтынын ескертеміз. Бұл тұста да ара-тұра бұрынғы томдардағы ұсынылғандары ескертіле отырып, одан қалғандардың бәрін тақырып, ғылым, өнер саласы т.с.с. бойынша

жіктемей, мәтіннің сақталу тәртібі бойынша ұсынып отыруды жүзеге асырамыз.

174. Мәшһүр Жүсіптің «Өнер дүниесі туралы» еңбегінің басы осы I-папкада (49-бет) орын алғанмен, жалғасы басқа көлемдегі, басқа қағазға жазылғандықтан да, сегізінші папкада (7-10 б.) сақталғаны ескеріліп, екі үлгі біріктіріліп ұсынылып отырғанын еске саламыз.

175. «Сөз тапқанға қолқа жоқ»- - деген сөздің басы қайдан шыққан?»- деген мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасы бойынша (5-папка, 13-16 б.) әзірленіп, бұдан бұрынғы 5-томда (97-99 б.) жарық көрді. Бұ жолғысын (I-папка, 54-55 б.) соның екінші бір нұсқасы ретінде ұсынып отырмыз. Басқаны былай қойғанда, осы бастапқы сөйлемде орын алған «судың» сөзінің бұрынғыда болмауы және «күні» орнына онда «кезі» сөзі орын алуы, сондай-ақ екінші сөйлемдегі «Кім болса, ол болсын» сөздерінің бұрынғыда болмауы- бәрі де екі нұсканың әр кезде түрліше қағазға түскенін дәлелдесе керек.

176. Көтештің «Қартайғанда, қатының дұшпан болды» өлеңі бұған дейінгі 7- томда (ОҒКҚК, 1178-папка, 224 (131) б. бойынша (мәтіні- 28 б., түсінігі- 311-312 б.) жарияланғаны мәлім. Кітапта 3 шумақтық өлең толығымен келтірілсе, мұнда алғашқы шумағы ғана қамтылған.

177. «Жидебай батыр» (бірінші нұсқа) мәтіні осы жазбадан алынып, бұдан бұрынғы 9-томда (139-142 б.) басылғанын еске саламыз.

178. Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп, I-папка, 72- бетінен алынған бұл мәтіннің маңдайшасына былай деп жазылған: «Мағрипнама» деген[н] кітаптан алынған сөз».

179. «Шоң мен Тіленші» әңгімесі мәтінінің екінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Иманғали (3-папка, 118-120 б.) көшірмесі бойынша 6- томда (170-171 б.) жарық көргені белгілі. Бұ жолы әулеттіктегі Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасын бірінші нұсқа деп ұсынып, бұрын жарияланғанды (6- том, 170-171 б.) көшірме болғандықтан да, екінші нұсқа деп санағанды жөн көрдік.

180. «Атығайдан мен шыққан Зілғара едім»- деп басталатын Зілғара өлеңі мұнан бұрын ОҒКҚК, 1177- папкадан (385-386 б.) алынып, 7-томға (224-225 б.) енгені мәлім. Бұ жазбада да (I-папка, 79 б.) сол мәтін қайталанады. Тек туындының үшінші шумағы басы бұрынғыда:

«Сары алтынға боялған сакалдарым»- деп берілсе, бұ жолғыда: «Сары алтындай сарғайған сакалдарым»- деп келтірілген.

181. «Бойында Шөптікөлдің Үлкенашы»- дегенді маңдай еткен Үшкілбай Сасықұлы өлеңі де 1177-папка (386-388 б.) бойынша 7- томда (283-286 б.) орын алғаны белгілі. Бұл мәтін де сол үлгіні қайталайды, тек бірер кішігірім өзгерістер бар. Мәселен, «Болғанда Таубай, Таутан, Қожағұлым»- жолын бетке ұстаған шумақтың үшінші тармағы бастапқыда (7-том, 284 б.) «аз бөлігі» делінсе, бұ жолғыда ол «өз билігі» түрінде орын алған. Бұған ілескен шумақ басы: «Бағамыз, бак кайтқан соң, болмай тайлақ»- деп басылса, бұ жолғыда «болмай» орнын «калмай» иеленген. Сонымен бірге «Жұтымыз былтырғы жыл болды шөптей»- деп басталатын шумақтың екінші жолының басы әуелгіде «балалар»- делінсе, бұ жолғыда «бозбала»- деп келтірілген. Сондай-ак «Қай сайда қалды хайуан сары құнан»- дегенді маңдай еткен шумақтың екінші тармағы алғашқыда «қырылды» сөзімен басталса, бұ жолғыда (1-папка, 81 б.) оны «кирады» сөзі алмастырған. Бұдан кейінгі шумақтың үшінші жолы әдепкіде «Ат айғыр құрыған соң»- деп басталса, бұ жолғыда «құрыған» сөзін «болдырған» ауыстырған.

182. Бұл үзік шежіре осы жазбадан (1-папка, 82 б.) алынып, 10- томға (311 б.) кіргізілді.

183. «Бір патша көп қосынды жауға айдады» - деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Қанағат туралы жұмбақ өлеңі» туындысы осы жазба (1-папка, 83-86 б.) негізінде 1-томда басылды (мәтіні:8-14 б., түсінігі: 382-383 б.) . Сонымен бірге осы мәтін соңынан орын алып, бұрынғыда кірмей қалған мына сөздерді осы жолы қамтығанды жөн көрдік:

Жаксылар қорғасындай ауыр келер,

Көзі-соқыр, құлағы саңырау келер.

Жарлынын жаздай мінген шолағындай

Аяғы-аксақ, аркасы жауыр келер (1-папка, 86 б.)

184. «Саранның барып тұрған сараңы» әңгімесі ОҒКҚК, 1176- папка, (197 б.) бойынша алынып, 6- томда (мәтіні- 110 б., түсінігі- 359 б.) берілді. Онда сол 1176-папка мен осы 1-папка (82 б.) мәтінінің салыстырыла ұсынылғаны да ескертілген.

185. «Бір кедейдің сараңдығы» әңгімесі де 1176- папка (196 б.) бойынша 6- томда (110 б.) басылған. Біз бұ жолғыны екінші нұсқа ретінде ұсынып отырмыз.

186. «Үшқұрт» әңгімесінің бұл мәтінге ұқсас екінші нұсқасы осы жазба (I-папка, 88 б.) негізінде 6- томға (201 б.) еңсе, оған еңбей қалған үшінші нұсқасы ОҒКҚҚ, 1178-папка, бойынша 10-томда (175-176 б.) орын алғанын еске саламыз.

187. «Қозғанға татулықты ауызға алдым»- деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Момынның әйеліне шығарғаны» өлеңі осы жазбаға (I-папка, 89-92 б.) сүйеніп, 4- томға (мәтіні: 230-238б.; түсінігі: 469-471 б.) енгізілді.

188. «Көкалташ» атауы туралы» (бірінші нұсқа) мәтіні де осы жазбадан (I-папка, 93-94 б.) алынып, 8- томға (249 б.) кіргізілді.

189. «Қолеба неше күндей сонда жатты»- жолымен басталатын «Қолеба батыр» жыры да осыдан (I-папка, 94 -96 б.) алынып, 9- томда (214-216 б.) басылды.

190. «... құсбегі пішіп тіккен томағадай құнысып тұрған бір бала»- деп басталатын мәтін «Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған?»- әңгімесінің жалғасы. Мәтіннің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (2-папка, 1-9 б.) бойынша 8-томда (145-149 б.); екіншісі ОҒКҚҚ, 1177 папкаға (293-298 б.) сүйеніп, сол кітапта (149-152 б.), үшіншісі Жолмұрат көшірмесі (3-папка, 218-220 б.) негізінде тағы да сол 8-томда (157-159 б.) жарық көргені белгілі. Енді бұл жолғысы сол мәтіннің төртінші нұсқасының (басы жоқ) жалғасы ретінде ұсынылып отыр.

191. Ибрай Құнанбаевтың, Абайдың бұл сөзі осы жазба (I-папка, 99 б.) бойынша 7- томда (154-155 б.) орын алған.

192. Қожа Хафиз сөзі ортағасырлық (XIV ғ.) парсы тілінде жазылғандықтан, тап осы арадағы 3 беттік (I-папка, 100-103 б.) мәтінді, кейін де ара- тұра орын алған үлгілерді аудару, сараптау кейінге қалдырылды.

193. Мәшһүр Жүсіп жазбасында (I-папка, 105 б.) бір беттің ішінде қожа Хафиздің парсыша жазған жазбаларының ара-арасында қазақ тілінде екі мәтін келтірілген. Оның бірі «Жақсылар қорғасындай ауыр келер»- деген осы мәтін болса, екіншісі бұған ілесе берілген:

«Сөзді айтқыл ұққанға». Сөз мағынасына қарап, осы беттің оң жақ қапталына жазылған мына анықтаманы осы бірінші мәтінге лайық болар деп шамалап отырмыз: «Ақбура- Бөрібай ақын баласы Қобылан ақынның өлені».

194. Бұқар жырау өлендерін ел аузынан жинап, қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізуші Мәшһүр Жүсіп екендігі, ол қалдырған мұраның төрт нұсқасының бірі боп осы жазба (I-папка, 109- 110 б.) саналатыны бұған дейін жарық көрген 7- томда (мәтіні: 3-25 б.; түсінігі; 289-308 б.) көрсетілген.

195. Бұл мәтіндегі араб сөздері «шариф»- «шарапатты, игі», «кәбура»- «үлкен болу» мағынасында жұмсалған.

196. Мұндағы араб сөзі: «кайфа»- қалай?», «иәд»- «қол», «иаша»- пайда болады»- ұғымдарын беруге қолданылған.

197. «Қарадан хан қойса қасиеті болмайды»- деп басталатын мақал-мәтел, шешендік сөз өрнектері «Қазақ мақал-мәтелдері»- тақырыбы ішінде алфавит тәртібімен 5-томда (40-94 б.) жарияланғаны мәлім. Бұ жолы Мұса Шорманұлынан естіген калыппен ұсынылды.

198. «Қаранғы түннің жарық таңы атар ма?»- деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазба (I-папка, 120 б.) бойынша I-томда (318-319 б.) басылғаны мәлім. Бұл туынды алдында мына ескерту берілген: «Өзінің ғалымлығын уалзадхырдан тажауыз болып тұрған күнінде туғанлығына тасыға қылғаны».

199. Осы сөз жазылған 123-беттің оң жақ қапталында аталған ұғым туралы мынадай анықтама берілген: «Ғайыр мұғиқ- өмірінде есін жиып, айни алмастай күшті арақ ішкен мастық».

200. Көне араб, парсы тілінде т.с.с. болғандықтан, бұл жазбадағы 128-129, 132-139, 142-158 беттер мәтіні кейінге қалдырылды.

201. Осы мәтін орын алған 130-беттің сол жақ қапталында қиғаштап мына ескерту берілген: «Отыз елде тамамына ерісті,- деп, Науаи кітабында сөйлеген».

202. «Өзбек ханның опатынан кейін ұлы Жәнібек хан көшпелі елді үш қысқа тұқым етіп...»- деп басталатын мәтін «41 мәтін.[Қазақ атауына бір дерек]»- деген тақырыппен 8-томда (мәтіні: 163 б., түсінігі-425 б.) жарық көрді.

203. Осы өлең соңында басқа сия, қаламмен жазылған Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы орын алған: «Мәшһүрдің бала күнінде Жұман Сейітовке жазған хаттарындағы өлең екен. 1922- інші жылында Қарқаралыда мировой судья болып тұрған Мұсылманбек Сейітовтен естіп жазып алдым... Осы өлеңнің мағынасын айтып берші!» - дейсін. «Жазған өзінен басқа ешкім білмейді. Өлең сөздің бәрі сондай: естіген жұрт сыртынан тыңдайды, ішінде не бар, не жоғын білуші мыңнан біреу-ақ табылады».

204. Міне, осы «Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған?» (бірінші нұсқа) әңгімесінен бастап, әулеттік мұрағаттағы 2-папка мәтіндерін беруге көшеміз. Тап осы үлгі Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (2-папка, 1-9 б.) алынып, 8-томда (мәтіні: 145-149 б., түсінігі- 424 б.) басылды.

205. «Асан қайғының шын аты Хасенхан екен»- деп басталатын, осы жазба (2-папка, 10-12 б.) бойынша «Асан қайғы және Ежен хан»-деген аталыммен 6-томда (мәтіні:61-62 б., түсінігі- 354 б.) жарияланды.

206. «Бір балдама ашып, талайнама көтеретұғын балгер айтқан екен»- дегенді маңдай еткен мәтін де осы жазба (2-папка, 12-14 б.) негізінде «Асан қайғы және пері қызы» тақырыбымен 6- томда (мәтіні:62-64 б., түсінігі-354 б.) жарық көрді.

207. «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, // Құлан қайтіп күн көреді?!»-дегенді алға ұстаған мәтін де осы жазбаға (2-папка, 15-21 б.) иек артып, «Асан қайғының жер туралы айтқандары»(бірінші нұсқа)- деген атпен 6-томда (мәтіні: 64-68 б., түсінігі- 355 б.) орын алды.

208. «Әкесі ертерек өліп, жетім қалған бала екен»- деп басталатын әңгіме де осы жазбадан (2-папка, 22-37 б.) алынып, «Жиренше шешен» (бірінші нұсқа)- тақырыбымен 6-томда (мәтіні:71-79 б., түсінігі- 355 б.) жарық көрді.

209. «Ұста тұспалы және Жиренше» әңгімесінің алғашқы нұсқасы әулеттік мұрағаттағы ертеректе қағазға түскен Мәшһүр Жүсіп үлгісінен (II-папка, 307-310 б.) алынып, 6-томда (85-86 б.) басылса, бұ жолғысы соның екінші нұсқасы ретінде ұсынылып отыр. Екі нұсқада айырмашылық бар екені бастапқы сөйлемнен-ақ көрінеді. Мәселен, «Әз Жәнібек хан қасында қанша уәзірлерімен бір жақтан келе жатса, бір ұста үй салып жатыр екен»- дегендегі «қасында» сөзінің бұрынғыда болмауы, «өнерің» орнына «өнерпазсың» қолданылуы және мұндай өзгерістер кейін де кездесуі бұған дәлел бола алады.

210. Бұрынғыда: «Күніге бір ділда болғанда, не ғып байып кетпеген жансың?»- делінсе, бұ жолғыда айырмашылық баршылық: «Күні бір ділладан алып отырғанда, не ғып осы күнге шейін байымай жүрсің?»

211. Бұрынғыда: «Мен қайдан байимын?» - деп басталып, «бірін өзім ішіп-жеймін»- деп аяқталса, осы жолғыда: «Бай бола алмайтынды айтайын»- дегенді алға ұстап, «... біреуін-ақ өзімнің ішіп-жеуіме жаратамын. Енді қайдан байиын?»- деп бітуі де- өзгешелік айнасы.

212. «Енді осыны аттан түспестен түп-түгел барып, Жиреншеден сұрайық»- деген осы жолғы екіншідегі: «Аттан түспестен түп-түгел барып» сөздерінің бұрынғыда ұшыраспауы да- мәтін түрлішелігінің дәлелі.

213. «Құдайдың құтты күні бір ділладан алып отырғанда, не ғып байымай жүрген қусың?»- сөздері де бастапқыда жоқ болып, кейінгіде ғана орын тебуімен ерекшеленеді.

214. «Тапқанын төртке бөліп, бірін әке-шешесіне беріп тұрады екен»- сөз орамы да тек осы жолғыда бар болуымен көңіл бөлгізеді.

215. «Жиырмаға жетпеген жас Абылай...»- деп басталатын мәтін осы жазба (40-43 б.) негізінде «Абылай хан дәуірі» (бірінші нұсқа)- аталымымен 8-томға (мәтіні:175-177 б., түсінігі-430-432 б.) енгізілді.

216. «Қалдан Шеріннің Сәру деген інісін бір жорықта кез болып, Абылай өлтірген екен»- дегенді бетке ұстаған мәтін де осы жазбаға (2-папка, 44-48 б.) иек арту нәтижесінде «Абылайдың тұтқын болуы» (бірінші нұсқа)- тақырыбымен 8-томға (мәтіні:177-181 б., түсінігі- 432-433 б.) кіргізілді.

217. «Жәнібек батырдың түсін Абылай жоруы» (бірінші нұсқа) мәтіні осы жазба (2-папка, 49-52 б.) бойынша 8- томда (мәтіні:181-184 б., түсінігі: 433-434 б.) басылды.

218. «[Абылайдың] кыргызға жорығы, Тұрсынбай батыр» мәтіні де осы жазбадан (2-папка, 52-56 б.) алынып, 8-томда (мәтіні:184-186 б., түсінігі- 434 б.) жарық көрді.

219. «Қазыбек би елшілігі» (бірінші нұсқа) мәтіні Мәшһүр Жүсіп (2-папка, 56-58 б.) жазбасы бойынша 8-томда (мәтіні:186-187 б., түсінігі: 434-435 б.) берілді.

220. «Батырлар тізімі» (бірінші нұсқа)- мәтіні осы жазба (2-папка, 58-59 б.) негізінде 8-томда (мәтіні: 187-188 б., түсінігі-436 б.) жарияланды.

221. «Абылай тұсындағы заң-жоралғылар» (бірінші нұсқа) мәтіні осы жазбадан (2-папка, 59-62 б.) алынып, 8- томға (мәтіні:188-190 б.; түсінігі: 436-437 б.) кіргізілді.

222. «Орысты шаппак болғанда, Бұқар жыраудың өленмен тоқтау салуы» мәтіні де Мәшһүр Жүсіп жазбасына (2-папка, 62-64 б.) сүйеніп, 8-томда (мәтіні:190-191 б.) түсінігі-437 б.) басылды.

223.Бұқар жырау өлеңдерін кейінгіге берден-бір жеткізуші Мәшһүр Жүсіп екендігі, колда бар 4 нұсканы өзара салыстыру негізінде ақын туындылары тұңғыш рет жүйелі қалыпта ұсынылғаны, бәрі 7-томда (мәтіні:3-25 б., түсінігі: 289-308 б.) қамтылған.

224. «Самарқан жорығы, Абылайдың түс көруі» мәтіні осы жазбадан (2-папка, 76-81 б.) алынып, 8- томда (мәтәнә:191-195 б.; түсінігі:437-438 б.) жарияланды.

225. «Абылай әулеті» (бірінші нұсқа) мәтіні де 2-папка (81-82 б.) бойынша 8-томда (мәтіні:195-196 б.; түсінігі: 438-439 б.) берілді.

226. «Абылайдан кейінгі хандар» (бірінші нұсқа)- мәтіні де осы жазбаға (2-папка, 82-86 б.) иек артып, 9-томға (мәтіні: 161-164 б.; түсінігі: 352-353 б.) кіргізілді.

227. Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай» дастанының алғашқы нұсқасы Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасы 1170-папка (808-845 б.) бойынша 5-томда (мәтіні: 306-335 б.; түсінігі:405-408 б.) жарық көргені мәлім. Ондағы түсінік бөлімінде дастанның бастапқы нұсқасы 1912 жылы Қазанда, 1923 жылы Ташкентте басылғаны туралы дерек келтірілуімен бірге сол нұсканың кейінгі басылуымен («Хан Кене» кітабы ішінде, Алматы, Жалын, 1993 ж. сарапшысы- Есенбай Дүйсенбай) 24 салыстыру жүргізілген (406-408 б.). Сонымен бірге дастанның екінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы 2-папка (87-104 б.) бойынша 9-томда (184-214 б.) жарық көрді.

228. «Әуелі Адам атаның атасының атын білуші жоқ»- деп басталатын мәтін осы жазбадан (2-папка, 108-124 б.) алынып, «Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер»- деген тақырыппен 8-томға (мәтіні:87-96 б., түсінігі:419-421 б.) кіргізілді.

229. «Батырлық – жолдасқа пайда, жанға қас»- деп басталатын мақалдар шоғыры 5-томдағы алфавит тәртібімен орналасқан «Қазақ мақал-мәтелдері» (40-94 б.) ішінде орын алған. Біз бұл жолы сол мәтіндердің қайдан алынғанын, бастау көзін анықтау үшін де осы жазылу тәртібін сақтап енгізуді жөн көрдік. Сонымен бірге екі үлгіде аздаған өзгерістер де ұшырасады: Мәселен, 5-томда: «Батыр өлгенін білмейді, // Жомарт бергенін білмейді» (152 б.)- делінсе, бұл жолғыда «жомарт» орнын «шайхы» иеленген. Біздіңше, 5-томдағының Жолмұрат көшірмесінен (2-папка, 344 б.) алынғанын ескерсек, әміршілдік жүйенің діни ұғымға т.с.с. қыспақ жасауынан сескенуден туған өзгерту болуы да мүмкін.

230. «Бір жапырақ еті жоқ»- деп басталатын жұмбақтар шоғыры осы жазба (2-папка, 127 б.) бойынша 5- томда (103 б.) келтірілгені мәлім. Сонымен бірге бұл мәтіннің ОҒККҚ-дағы 1171-папкада да орын алғанын, кітапта басылған (5-том, 103 б.) үлгіде осы топтама соңындағы: «екінші өлікті»- дегендегі ақырғы сөз бұл жазбада «біреуді»- деп берілгенін еске саламыз.

231. Бұл мақалдар шоғыры 5- томға енгізілсе де, бастапқы негізін анықтау үшін жазылу реті бойынша беріліп отыр.

232. «Арай, арай, арай бар»- дегенді бетке ұстаған тақпақ мәтіні де осы жазба (2-папка, 133 б.) негізінде 5-томға (22 б.) кіргізілген.

233. «Еңсегей бойлы ер Есімнің ертегісі» (екінші нұсқа) мәтіні осы жазба (2-папка, 134-141 б.) бойынша 8- томға (мәтіні:140-144 б.; түсінігі- 424 б.) енгізілді.

234. «Жаксы Ғабдолла хан» (бірінші нұсқа) мәтіні де осы жазбадан (2-папка, 141-149 б.) алынып, 8-томда (мәтіні: 251-257 б.; түсінігі- 448 б.) басылды.

235. «Ер Едіге» (бірінші нұсқа) мәтіні де осы жазбаға (2-папка, 149-154 б.) иек арту көмегімен 8- томда (мәтіні: 102-106 б.; түсінігі- 422 б.) жарияланды.

236. «Бұхар, Қокан хандары туралы» (екінші нұсқа) мәтіні осы жазба (Мәшһүр Жүсіп, 2-папка, 155-159 б.) көмегімен 8-томда (мәтіні: 231-234 б.; түсінігі- 447 б.) жарық көрді.

237. «Сарыарқа тарихы» (бірінші нұсқа) мәтіні де осы жазба (2-папка, 160-191 б.) негізінде 8-томға (мәтіні:264-275 б.; түсінігі- 448 б.) кіргізілді.

238. «...Жете алмай ақ-қараның анығына»- дегенді маңдай еткен бұл 15 беттік (2-папка, 192-206 б.) үзінді мәтін Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабына негіз болған түпнұсқа болуымен де құнды. Түпнұсқа мен кітап арасындағы айырмашылық аз екенін ескерте отырып, сол өзгеріс орын алған шумақтарды іріктеп келтіріп, ерекшеліктерді арнайы саралауға кірісеміз. Мәселен, «Қызыл гүл көгерсейші солып жатқан» дегендегі «көгерсейші» орнында 1907 жылғы осы кітапта да, оның көп жерін қайталайтын 1907 жылғы «Хал- ахуал» жинағында да «жасарсайшы» сөзі тұрғаны Мәшһүр Жүсіптің кейін шыққан 4-томы түсінігінде (Павлодар, ЭКО, 2004, 421 б.) ескертілген.

239. «Шарасыз амалсыздан жүріп едің»- тармағымен басталатын шумақтың төртінші жолы бұрынғыда, яғни 4-томда «Қысымдық талай жөннен»- деп басталса, түпнұсқада ол сөздердің орнын «Әр түрлі тамашаны»- иеленген. Осы орайда өзгеріс себебін іздегенде, Мәшһүр Жүсіптің бұл жазбаны жетілдірген екінші бір жазбасы болуы мүмкіндігін, тек оның бізге жетпегенін ескеруіміз керек.

240. Мұндағы «бауырларым» орнында бұрынғыда «дін мұсылман»- тұрғанын ескертеміз.

241. Алдыңғыдағы «бас-қосумен» дегенді осы жолғыда «дін мұсылман» ығыстыруы да көңіл бөлерлік.

242. «Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар»- жолымен басталатын шумақтың екінші тармағы маңдайындағы: «Сарт, ноғай жан сақтайды» сөздері орнын бұ жолғыда: «Шаһардаң алып сатқан» сөздері иеленуі де - өзгеріс жемісі.

243. «Көрініс, екі жақтан, топ көбейтіп»- деп басталатын шумақ соңындағы: «Атарға бір мылтық жоқ, оқ көбейтіп»- тармағы орнын «Айғырша тыша берген боқ көбейтіп»- иемденуі де- айырмашылық көрінісі.

244. «Таусылмай ала жаздай күнде жиын»- тармағын ту еткен шумақ соңындағы «мінері» сөзі орнында бұрынғыда «мүбәрак» сөзі тұрған еді.

245. «Жыртылды байға ерумен кедей таңы»- дегенді алға ұстаған шумақтың үшінші жолының басындағы «күпілдеп»- орнын бұ жолы «елді алып» иеленді.

246. «Қайқияр сонда басы болыстайдың»- жолын мандайша еткен шумақтың: «Ақшадан майын сұрап ат пен тайдың»- деген екінші тармағы- осы жазбада ғана орын алған.

247. «Қорқатын адам қайда Құдайынан»- деп басталатын шумақтың басы 1907 жылғы кітапта «пенденің» делінсе, түпнұсқада оның орнын «халықтың»- сөзі иеленген.

248. «Түлкінің басынды тарт хайласынан»- шумағынан кейін орналасқан 62 тармақтық мәтіннің әулеттік мұрағатта сақталмағанын ескертеміз.

249. «Сүлеймен мен құмырсқа» мәтіні осы жазбадан (2-папка, 215-222 б.) алынып, 6-томға (54-57 б.) енгізілді.

250. Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен байғыз» өлеңі тап осы жазба негізінде (2-папка, 222-224 б.) 1-томға (276-279 б.) кіргізілді.

251. «Ай мен Күндей, һәммаға бірдей»- дегеннің мағынасы» мәтіні бұдан бұрын жарық көрді: «Акикат» журналы, 1994 жылғы 4-саны, 87-90 б. Әзірлеген- Н.Жүсіпов. Бұ жолы да осы жазбадан (2-папка, 225-240 б.) алынып, 12-томға ұсынылып отыр.

252. Мұнда күннің өз орнындағы жалпы көлемін емес, жерде тұрған адамдардың көзіне көріну, шалыну ретіне қарап, Мәшһүр Жүсіптің айтып тұрғаны анық. Себебі бұдан әрі күннің жерден өте алыс орналасқаны: «Төрт мың жылдық жолда» екені тегін ескертілген жоқ. «Төрт мың жылдық жолда» тұрған күннің жай қолмен қапсыруға көнетін шағын бола алмайтыны, тек сондай қашықтықтан шағындалып көріну мүмкіндігі екені анық.

253. Мәшһүр Жүсіптің «Төрт асыл, бес береке» туындысының «Бірі-тілде, біреуі- көңіл ойда»- деп басталатын 9 шумақтық бөлімі мұнан бұрын осы жазба (2-папка, 241-242 б.) бойынша «Сарыарқа» журналында (5, 1995, 34 б. әзірлеп ұсынған- Нартай Жүсіпов) жарық көрді. Мәтіннің толық нұсқасы кейіннен Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 4-томында (мәтіні:203-206 б.; түсінігі- 465-466 б.) басылды.

254. Осы мәтіннің төрт асылға арналған кара сөз бөлімінде онда орын алған біраз араб сөздеріне түсінік берілген. Мәселен: «сүннет»- заң, әдет-ғұрып; «мұнафик»- екіжүзді; «ғаміл»- жұмысшы, іскер, қызметкер; «мүнкір»- жаман, кате, лайықты емес.

255. Жоғарыда аталған мақалада (Сарыарқа, 5, 1995, 34 б.) «хасен» сөзінің араб тілінде «жақсы» мағынада қолданылатыны ескертілген.

256. Мәделі Жүсіпқожаның «Бәйтерек, Байзаққа»- өлеңінің бірінші, екінші нұсқалары Алматыдағы ОҒКҚК, 1177-папка, (64-67 б.) және әулеттіктегі 1-папка (193 б.), 4-папка (105 б.) бойынша 7-томда (68-69 б.) берілген. Біз бұ жолы сол өлеңнің аздаған өзгерістері бар үшінші нұсқасын ұсынып отырмыз. Мәселен, осындағы (2-папка, 252 б.) алғашқы шумақтың: «Бұл болса бар өнерің сақтап жүрген»- деген тармағы бұрынғыларда орын алмауы бір ерекшелік болса, екінші шумақтың үшінші жолындағы «тыңлар» сөзінің бұрынғыда «тан қалған» боп алынуы; бұрынғыда шумак басындағы «Тату тұрсаң, көп қосын жимайсыз ба?» орнына осы нұсқада: «Ерлердің қосындағы жамансыз ба?»- делініп, мүлде басқаша келуі- бәрі бұ жолғы мәтінді бөлек ұсыну орындылығын дәлелдесе керек.

257. «Жәуке шешен» әңгімесі де осы жазба (2-папка, 268-274 б.) негізінде 6-томға (мәтіні:145-147 б.; түсінігі-263 б.) кіргізілді.

258. «Абылай аспаған сары бел»- әңгімесінің бірінші нұсқасы осы жазбадан (2-папка, 275-283 б.) алынып, 8-томға (мәтіні:196-201 б.; түсінігі: 439-441 б.) енгізілді.

259. Төлеген қожаның: «Кешегі өтіп кеткен хан Абылай»- деп басталағын өлеңі де осы жазба бойынша (2-папка, 283-284 б.) 7-томда (мәтіні:281-283 б.; түсінігі-390 б.) жарияланды.

260. «Қаржас пен Қанжығалы дауы» (бірінші нұсқа)- әңгімесі де 2-папкадан (285-289 б.) алынып, 6-томда (181-183 б.) орын алды.

261. «Шорманның жас кезі» әңгімесі де 2-папкаға (289-291 б.) иек артып, 6-томға (180-181 б.) енгізілді.

262. «Едігенің Тоғаспен құда болуы» (бірінші нұсқа)- әңгімесі 2-папка (291-302 б.) бойынша 6-томда (мәтіні:127-131 б.; түсінігі-362 б.) басылды. Осы әңгіме мазмұнына қатысты мына түйін мәтін маңдайшасында орын алған: «Төбелестен түсікке- бітім, баласы өлгенге- көңіл»

263. «Әуел Едіге, орта Едіге, ақыр Едіге- осы үш Едігенің бірі болған Едіге би- осы кісі»- деп басталатын мәтін осы жазба (2-папка, 303-311 б.) бойынша бұдан бұрын «Жұлдыз» журналында (8, 1992, 188 б. әзірлеген- Н.Жүсіпов) жарық көрді.

264. «Бұл Едіге бидің немересі-Итемген»- деп басталатын мәтін осы жазбадан (2-папка, 304-311 б.) алынып, 6-томда «Итемген»- деген аталыммен (мәтіні:185-187 б.) жарық көрді.

265. «Қырым «Қырық сан Қырым» атанған»- деп басталатын «Қырым, Ноғайдан бір әңгіме» мәтіні де осы жазба (2-папка, 312 б.) негізінде 8-томға (99 б.) енгізілді.

266. «Бес Жаппас: Төлен байдың жеті баласы болған»- дегенді бетке ұстаған «Наурызбай мен Жанкабыл қактығысы» (бірінші нұсқа) 2-папкаға (313-314 б.) сүйеніп, 9-томда (167 б.) берілді.

267. «Қаржас пен Қанжығалы дауы» (екінші нұсқа)- әңгімесі де (2-папка, 316 б.) алынып, 6-томға (183 б.) енгізілді.

268. «Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы» (екінші нұсқа)- әңгімесі (Мәшһүр Жүсіп, 2-папка, 317-319 б.) 6-томда (178-179 б.) жарияланды.

269. «Шорманға бір бәйбішенің сын айтуы»- мәтіні 2-папка, 320 б. бойынша «Жұлдыз» журналында (8, 1992, 196-197 б. әзірлеген-Н.Жүсіпов), кейіннен Мәшһүр Жүсіп шығармалары 6-томында (184 б.) жарық көрді.

270. «Бір кедейдің тапқырлығы» әңгімесі (2-папка, 323-325 б.) негізінде 6-томға (192-193 б.) кіргізілді.

271. «Қазақтың ең алғаш көрген жұты- Актабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»- дегенді бетке ұстаған мәтін (2-папка, 325 б.) 8-томда (169-170 б.) берілді.

272. «Тәйтеке мен Кетебай сәлемі» 2-папка бойынша (326-327 б.) 6-томға (147-148 б.) кіргізілді.

273. Орынбай Бертағыұлының «Абайділда ханға» өлеңінің 2 нұскасы бар екені, толығырағы ОҒКҚҚ, 1176-папкада (319 (413) б.) да, қысқарағы әулеттік мұрағатта, яғни осы жолғыда (2-папка 329 б.) орын алғаны,- бәрі 7-томда (мәтіні: 62- 68 б.; түсінігі-328 б.) қамтылған.

274. Бөрібайдың «Әудем жер» өлеңінің бірнеше нұскасы бар. Ең толығы осы (2-папка, 330 б.) болумен бірге басқа да туындылары бар екені,- бәрі 7-томда (мәтіні:217-218 б.; түсінігі-381 б.) сараланған.

275. Бөрібайдың «Құн дауына» өлеңінің тууына себеп болған деректер ішінде Едіге биге катысты мәтін ОҒКҚҚ, 1177-папка (204-208 б.) бойынша 6-томда (126-127 б.) берілсе, Бөрібай өлеңінен кейін орын алған «Едігенің алғашқы билігі» мәтінінің екінші нұскасы осы жолы (2-папка,-333-335 б.) беріліп отыр. Бұл мәтін жазылған 334-беттің сол жақ қапталында Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен қиғаштап

жазған мына сөздері орын алған: «Бұрынғының: «Әділ патшаның елін жау араламайды, // Әділ бидің елін дау араламайды»- дегені».

276. «Тайкелтір би» әңгімесі де 2-папкадан (336-341 б.) алынып, 6-томда (мәтіні:142-145 б.; түсінігі-363 б.) басылды. Осы орайда бұл мәтіннің оған (6-томға) дейін «Жұлдыз» журналында (1992, 8, 193-194 б. Әзірлеуші- Н.Қ.Жүсіпов) жарық көргенін еске саламыз.

277. «Байдалы шешен» әңгімесі де осы жазба (2-папка, 341-342 б.) бойынша алдымен «Жұлдыз журналында (1992, 8, 194-195 б. Әзірлеуші- Н.Қ.Жүсіпов) кейіннен 6-томда (мәтіні:122-123 б.; түсінігі-361 б.) жарияланды.

278. «Байдалы және Айғаным» (екінші нұсқа) мәтіні де 2-папка (343-347 б.) негізінде 6-томға (мәтіні:124-126 б.; түсінігі:361-362 б.) кіргізілді.

279. «Қаһарлы Жанақ» мәтіні де 2-папкадан (347-351 б.) алынып, 6-томда (мәтіні:189-190 б.; түсінігі- 368 б.) берілді.

280. «Еламанның баласы Тұрсынбайсың»- деп басталатын бір шумақтық өлең Мәшһүр-Жүсіптің 1907 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабының соңында орын алған «Сәлем хат» өлеңінің ішінде берілген. Тек мұндағы ұйқас құрап тұрған 1, 2, 4- тармақтың соңғы сөздері: «Тұрсынбайсың», «мұнсыз байсың», «қымсынбайсың»- түрінде келсе, Мәшһүр Жүсіпте: «Тұрсынбай-ды», «мұнсыз бай-ды», «қымсынбай-ды»- деп келтірілген (Мәшһүр Жүсіп. Шығ., 4-том, Павлодар, ЭКО, 2004, 29 б.). Біздіңше, бұл 4-шумақтық өлеңді шығарушы Сақау да, ал соны қағаз бетіне түсірген Мәшһүр –Жүсіп. Осы бір сөздердің ерекше ұрымтал болып тұрғанына карап, сол Боштай ұрпағы Арғынғазыға арналған сәлем хатында (1907 ж.) цитата ретінде келтірген болар деп есептеуге негіз толық.

281. «Бестеректің түбінде // Бес үйлі Ағыс демесін»- дегенді маңдай еткен мәтін «Тәуке ханның моласы»- деген аталыммен 8-томда (174-175 б.) басылды.

282. «Бозайғыр»- былтыр өтті-ау, елдің жұты»- деп басталатын Орынбай ақын өлеңінің толық нұсқасы бұдан бұрын ОҒКҚК, Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1176-папкасы (319 (413)б.) және әулеттік мұрағаттағы 2-папка (329 б.) мәтіндерін салыстыра отырып, 7- томда (мәтіні:67-68 б.; түсінігі-328 б.) жарияланды.

283. «Едігенің көрген түсі» (екінші нұсқа) мәтіні де осы жазбадан (2-папка, 359-360 б.) алынып, 6-томда (мәтіні:135-136 б.; түсінігі-362 б.) басылды.

284. «Он төрт жасар бала күнінде Едігеге Үйсін-Төле тоғыз «тоғыз» беріп қайтарған екен»- дегеннің мәнісі мұнан бұрын ОҒКҚК, 1177- папка, 204-206 б. бойынша «Едігенің алғашқы билігі»- тақырыбымен 6-томда (мәтіні:126-127 б.; түсінігі- 362 б.) берілген әнгімеде көрсетілген.

285. «Едігенің көрген түсі» (бірінші нұсқа)- мәтіні де осы жазбаға (2-папка, 362-363 б.) сүйеніп, 6-томға (135 б.) енгізілді.

286. «Сарман мен Шоң би»- мәтіні де осы жазба (2-папка, 363 б.) негізінде 6-томға (169 б.) кіргізілді.

287. «Торайғырдың шешендік өнері»- 2-папка (364-376 б.) бойынша алдымен «Жұлдыз» журналында (1992, 8, 188-190 б. Әзірлеген- Н. Жүсіпов), кейіннен 6-томда (мәтіні:159-162 б.; түсінігі- 364 б.) жарық көрді.

288. «Торайғырдың құн беруі» (бірінші нұсқа) мәтіні де (2-папка, 376-381 б.) алдымен «Жұлдыз» журналында (1992, 8, 188-191 б. Әзірлеген-Н.Қ.Жүсіпов, ҚазМУ-дің студенті), кейін 6-томда (мәтіні: 162-164 б.; түсінігі- 365 б.) жарияланды.

289. «Торайғыр тапқырлығы» мәтіні де 2-папка (381-384 б.) негізінде 6- томда (164-165 б.) орын алды.

290. Мәшһүр Жүсіптің «Хаятбақшы» дастаны акынның өз жазбасы (Мәшһүр Жүсіп, 6-папка, 1-62 б.) бойынша, ара- тұра ұзақ уақыт өткендіктен, т.с.с. өшкен, шетінеген жеке үзіктері Жолмұрат, Иманғали, Мұхаммедфазыл т.с.с. көшірмелері негізінде толықтырылып, 3- томда (мәтіні:113-174 б.; түсінігі:349-357 б.) жарық көргені мәлім. Бұ жолы акынның сол дастандағы жеке сөздер мәнісіне т.с.с. арнап түсінігі 2- папка (385-396 б.) бойынша жеке ұсынылып отыр.

291. «Хаятбақшы» дастанының бастапқы 4 шумағы Мәшһүр Жүсіптің бізге жеткен екі нұскасында да сақталмағандықтан, Мұхаммедфазыл көшірмесіндегі «көшің» сөзі (2-папка, 57 б.) еленбей, Жолмұрат жазбасындағы «көшіп» (3-папка, 48 б.) таңдалуының (3-том, 113 б.) қате екендігі Мәшһүр Жүсіптің осы жазбасы (2-папка, 386 б.) көмегімен анықталды.

292. Мәшһүр Жүсіптің «Адам екі түрлі» өлеңінен кейінгі мәтіндерді әулеттік мұрағаттағы ақынның төл жазбалары, 3-папкасынан бастап келтіре бастаймыз. Мәселен, бұл өлең Алматыдағы ОҒКҚК, 1171-папка, 139-147 б. алынып, Мәшһүр Жүсіп шығармалары 1-томында (Павлодар, ЭКО, 2003, 148-151 б.; түсінігі:394-395 б.) басылғаны мәлім. Сол кітаптың түсінік бөлімінде, 1171-папкадағысы неғұрлым толық үлгі болса, бұл жазбадағысы (1-4 б.) соның бастапқы бөлімі, 21 шумағы бар да, соңғы 9 шумағы жоқ екені орынды ескертілген.

293. Мәшһүр Жүсіптің «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге» өлеңі осы жазбадан (3-папка, 4-11 б.) алынып, 4-томға (192-203 б.) енгені белгілі. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің екінші бір жазбасы (1176-папка, 251-259 б.) бойынша жарық көрген екінші бір «Қолыма қағаз алайын да» өлеңімен мұндағы: «Болмағын жақсы жаман әуел бастап»- деп басталатын 7 шумақтық мәтіннің бірдей болып келетінін ескертеміз. Мәселен ол мәтін мұнда 4-томның 199-200 бетінде орын алса, онда 1-томның 129-130 беттерінде басылған. Біздіңше, Мәшһүр Жүсіптің әр кездегі жазбаларындағы қайталаудың қайсысы бастапқы, қайсысы соңғы екені анықталғанша, бұл екі нұсқаны қатар келтіруде ағаттық жоқ.

294. Мәшһүр Жүсіптің «Нәпсінді атқа мінгізбе» өлеңі де осы жазбаға (3-папка, 12-17 б.) иек артып, 4- томға (мәтіні: 112-120 б.; түсінігі: 444-445 б.) кіргізілді.

295. «Аңқау адам туралы» өлеңі де осы жазба (3-папка, 18-21 б.) негізінде 4- томға (мәтіні: 85-94б.; түсінігі: 435-437б.) енгізілді.

296. «Мәшһүр Жүсіптің тырнамен айтысканы» өлеңі осы жазба (3-папка, 21-26 б.) мен ОҒКҚК, 1173-папкада сақталған Жолмұрат көшірмесімен (9-топтама, 31-37 б.) салыстырыла әзірленіп, 4-томда (мәтіні:275-283 б.; түсінігі- 479-480 б.) басылды.

297. «Мәшһүр Жүсіптің қарғамен айтысы» өлеңі Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен жазылған осы жазбасы (3-папка, 27-30б.) мен ОҒКҚК-дағы 1171-папка (112 (222) (5)-114(224) (1) б.) мәтінімен салыстырыла даярланып, 4-томда (мәтіні:283-288 б.; түсінігі:481-482 б.) жарық көрді.

298. Мәшһүр Жүсіптің «Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөзі» өлеңі Фазыл көшірмесі, (2-папка, 148-149 б.) бойынша алдымен Мәшһүр Жүсіп таңдамалысында (1-том, Алматы, Ғылым, 1990, 82-83

б.) кейін Мәшһүр Жүсіп шығармалары 1-томында (Павлодар, ЭКО, 2003, 151-153 б.) жарияланды. Тандамалыда бұл туынды екі есеге жуық қысқартылып [14 орнына 8 шумақ] берілген. Бұл екі басылымда «Жалғанда мен өлеңді қылдым ермек» деп басталатын алғашқы шумақ жоқ екен, осы жазба (31-32 б.) бойынша тұңғыш енгізіліп отыр. Сонымен бірге кейін табылған түпнұсқаға сүйенбеу нәтижесінде жеке сөздер өзгешеліктері баршылық екені, және туындының «Бұл дүние жолдас емес адамзатқа»- деп басталатын соңғы 4 шумағы Мәшһүр Жүсіптің екінші бір «Ит дүние» өлеңінің басында орын алғаны ескеріліп, ең толығы ретінде бұл нұсқаны осы жолы қайталап ұсынғанды жөн көрдік.

299. Жеке сөз орын ауысуы, қосымшалар өзгерісін сөз етпегенде де, тап осы шумактың бұрынғыларда болмауы түпнұсқа артықшылығын тағы да дәлелдей түседі.

300. «Ит дүние» өлеңі де осы жазбадан (3-папка, 32-33 б.) алынып, 1-томда (мәтіні:153-154 б.; түсінігі- 395 б.) басылды. Мұнда түпнұсқа кейін қолға тигендіктен, өзгерісі бар шумактарды ғана тұтас беріп отырмыз.

301. «Сен өзінді жана жендің» - түйінінде мәніс көп екенін пайымдау үшін де, Мәшһүр Жүсіп шығармаларына үнемі бір көзқарас, бір тұрғыдан караумен шектелмеу керектігін ескерген жөн. Расында, өмір бойы ислам дінін насихаттаған Мәшһүр Жүсіптің бұл арақ сатып әкелу оқиғасын арақ ішушілерді не мақұлдау, не тіпті айыптау үшін емес, сырт көрініске алданатын көпшілік пікірінен де кең ақиқат бар болуы мүмкіндігіне мензеу деп қабылдаған жөн. Сонда күні кеше көпшілік дауыспен шешім қабылдап, соны азшылыққа күштеп таңу орынды бола бермегенін дйттесек, көпшілік үшін дұрыс көрінгенде де кереғарлық болуы мүмкіндігіне назар аударту ақиқатты іздеу күрделілігін аша түседі. Автор максаты: «Ақиқатты қолма-қол танып біте қалу емес, соның қиын да күрделі екеніне назар аударту»- деп қабылдасақ қана сырт көзге ерсі саналарлық арақ сатып алу оқиғасы да қоғамда жетекші орын алған көзқарас аумағында қалу да үнемі орынды бола бермейтініне жарық түсіреді. Қысқасы, Мәшһүр Жүсіптің поэзиясында сөздің көп мағыналылығы, сөздің ауыспалы мағынасы көп қырлы болып келетінін ескерсек, соның шарпуы оның пәлсафалық ойларына да әсер ететінін ескерген жөн.

302. Бұл өлеңнің толық үлгісі әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (7-папка, 131-148 б.) бойынша 4-томда (мәтіні:150-157 б.; түсінігі: 452-455 б.) жарық көрді. Онда толық емес осы жазбамен (3-папка, 52-60 б.) салыстыру жүргізіліп, сараланған.

303. «Мәшһүр Жүсіптің өлер шағындағы сөзі» өлеңінің біраз бөлімі яғни 1-7; 11-17- шумақтарының ОҒКҚК, 1645-папка (209-212 б.), ал басқаларының осы жазба (3-папка, 63-70 б.) бойынша біріктіріліп басылғаны 2-томда (мәтіні:78-82 б.; түсінігі: 351-352 б.) ескертілген.

304. «Қасым ханның қасқа жолы»- деп, ат қалдырған Қасым хан-Жиренше шешеннің замандасы»- деп басталатын мәтін осы жазба (3-папка, 7-72 б.) негізінде 8-томға (162 б.) енгізілді.

305. «Қатқан көнді жібіту» әңгімесі де осы жазбадан (3-папка,73 б.) алынып, 9-томға (289 б.) енді.

306. Бұл мәтін де әулеттіктегі (3-папка, 74-76 б.) бойынша 9-томда (7-8 б.) орын алды.

307. Бұл мәтіннің дұрыс сақталмай, беттің төменгі он бұрышы жыртылып қалғандықтан да, жоқ орынға көп нүкте қоюмен шектелеміз.

308. «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал»- мақалының шығу төркіні де оқуға т.с.с. қиын болғандықтан, кейінге қалдырылды.

309. Бұдан кейінгі мәтін жалғасы бізге әзір жетпегенін ескертеміз.

310. «Қыпшақтың бір Шымырық дегеніне Омардың тілі тиіпті»- деп басталатын осы әңгіменің кеңейтілген түрі ОҒКҚК, Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1176- папка, 56-58 б. бойынша «Ертіс бойындағы қожалар»- тақырыбымен берілген мәтін ішінде орын алғанын (9- том, 217-219 б.) еске саламыз. Аталған оқиғаның қысқа берілуін ескеріп, бұл мәтінді сол әңгіменің бастапқы нұсқасы деп санауға болады.

311. Бәсентиін шежіресінің Тоқмайдан-Қатыс тарауына қатысты мәтіннің кеңейтілген түрі Алматыдағы ОҒКҚК, Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1645-папка, 119 б. мәтіні бойынша 10- томда (194 б.) орын алғанын ескертеміз.

312. «Көтеш ақын деректері» осы жазбадан (3-папка, 89 б.) алынып, 7-томда (мәтіні-29 б.; түсінігі- 312-313 б.) басылған.

313. «Жағалбайлы- бір байдың баласы»- деп басталатын мәтін де, негізінен алғанда, ОҒКҚК,1176- папка (213 б.) бойынша , оған қоса осы

жазбамен (3-папка, 90 б.) салыстыру жүргізілгені нақты сараланып, 6- томда (мәтіні:95-96 б.; түсінігі: 356-357 б.) жарық көрді.

314. «Жігіттер сыбағасы» (бірінші нұсқа) мәтіні де осы жазбаға (3-папка, 91 б.) иек артып, және екінші үлгімен (1176-папка, 214 б.) салыстырыла 6-томда (мәтіні- 96 б.; түсінігі-357 б.) орын алды.

315. «Түзеле алмау әңгімесі» де- Мәшһүр Жүсіптің екі бірдей жазбасының (осы 3-папка, 92 б. және 1176-папка, 214 б.) салыстырыла ұсынылу үлгісі.

316. «Барпық өнері» (бірінші нұсқа) мәтіні де осы жазба (3-папка, 92-94 б.) негізінде 6- томға (98-100 б.) кіргізілді.

317. «Төйте тәуіп» әңгімесінің басы Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы (3-папка, 95 б.) бойынша берілсе, жалғасы Жолмұрат көшірмесінен (3-папка, 140 б.) алынғаны- бәрі 6-томда көрсетілген (мәтіні-191 б.; түсінігі- 368 б.). Бұ жолы: «18. 9. 1938 ж. Мәшһүр Жүсіптің өз жаз[ған] нұсқасынан көшірілді» (140 б.)- деген Жолмұрат ескертуін қосып келтіреміз.

318. «Екі жігіттің өнер салыстырғаны» мәтіні де 3-папкадан (96-103 б.) алынып, 6-томда (102-107 б.) берілді.

319. «Тіней әңгімесі» де Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 3-папка, (103-104 б.) мәтіні бойынша 6-томға (107-108 б.) кіргізілді.

320. «Екі құрдас әңгімесі» - сол жазба (3-папка, 104-106 б.) негізінде 6- томда (108-109 б.) берілді.

321. «Бір епті жігіттің өнері»- 3-папка (106-107 б.) бойынша 6-томнан (109-110 б.) орын алды.

322. Айдабол ішінде Құдияр-Тәштің балалары туып, өле берген тұста, Мәшһүр Жүсіптің бата беруінен соң, алдымен Нұрила, артынша Қайырбек деген балалары болғаны, Нұрилань (1919 ж. туған) кейін Мәшһүр Жүсіптің кіші ұлы Мұхаммедфазылға (1938 ж.) қосылып, бес баланың анасы болғанын, осы кітапты әзірлеуші Қуандық Мәшһүр Жүсіптің сол Нұриладан 1941 жылы туғанын, осы тұста еске саламыз.

323. Бап- Мәшһүр Жүсіптің немересі (әкесі-Мұхаммедшарафи), ертерек қайтыс болған.

324. Төлеубай (1917-1997 ж.) –Мұхаммедшарафидің Баптан кейінгі екінші ұлының аты, Мәшһүр-Жүсіп еңбектерін жинаудағы т.с.с. ол кісінің еңбектері кейінірек арнайы қарастырылады.

325. Бұл тұстағы көп нүктенің Мәшһүр Жүсіптің жазбасында орын алуы әке мен баланың өздері ғана білетін жанұялық түйткілдерге меңзейтін тәрізді.

326. Осы орайда Мәшһүр Жүсіп келтірген нақылдардың қолданылу орнын, жағдайын ескеру қажеттігі туындайды. Әйтпесе «аға- алдырған шаш»- деу ағаны кемсіту үшін емес, өлгеннің соңынан өлмеу, Алладан соның есесін сұрауға бағындырылған келесі тілекке дайындық есебінде қарастыру керек. Сол ұйғарымдардың дәлелі кейін анықталды деуге негіз толық. Мәселен, осында аталған Төлеубайдан кейін төрт ұл тарағаны да өлімнің есесін толтырар жана өмірлерден үміт үзбеу керектігін дәлелдесе керек.

327. Мәшһүр Жүсіптің өзі өлгеннен кейін кесенесінде насыбай т.с.с. қойылуын өсиет еткенін ескерсек, бұл жерде де сол темекіден жасалатын насыбай атушылар үшін кам жеп отырғанын байқауға болады.

328. Мәшһүр Жүсіптің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастаны «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» кітабынан (құрастырып, алғы сөзін жазғандар: М.Жолдасбеков, С.Қаскабасов. Астана, Фолиант, 2002 ж.) алынып, Мәшһүр Жүсіп шығармалары 6- томына (Павлодар, ЭКО, 2005 ж., мәтіні: 296-348 б.; түсінігі- 391 б.) енгені мәлім. Бұ жолы соның түпнұсқасының, яғни Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасының бізге жеткен алғашқы бір бетінің 18 тармақтық үлгісі ұсынылып отыр. Осы 18 жолдың өзінде елеулі үш өзгешелік болуы кітап пен түпнұсқа айырмашылығы баршылық екенін дәлелдесе керек. Мәселен, кітапта оныншы жол: «Ноғайлыны екеуі асырайды» (6- том, 296 б.)- делінсе, түпнұсқада «ноғайлының» сөзінің орнын «көп ноғайды» (Мәшһүр Жүсіп, 3- папка, 131 б.) иеленген. Сонымен бірге он бір, он екінші жолдар кітапта: «Қолында сүйетұғын баласы жоқ, // Перзент үшін екі бай зар жылайды»- қалпында өрбісе, түпнұсқада өзгешелік бар: «Қолында сүйгеніндей баласы жоқ, // Екі бай перзент үшін зар жылайды». Сондай-ақ «Жұртына аттанды деп өкім шықты» (18- жолдағы)- дегендегі «өкім» орынында қолжазбада «даңқы» сөзі тұруы да алдағы уақытта кітап мәтінін не кейінірек табылуы мүмкін Мәшһүр Жүсіп жазбасымен, не Жолмұрат т.с.с. көшірмелерімен салыстыра саралау керектігіне жарық түсіре алады.

329. «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Мес» кітабындағы әңгімелері»- деген аталыммен сол кездегі Алматыдағы көркем әдебиет баспасына берілген шығармалар тізімі, және оны ұсынушы Әшім Бажиков екені- бәрі сол кезде қолданылған латын әрпімен қағазға түсірілген. Бұл орайда Әшім Бажиковтың Мәшһүр Жүсіптің Мәдина деген қарындасынан туған жиені екенін ескертеміз.

330. «Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен жазылған шығармалар тізімі»- деген топтаманың тақырыбын өзіміз белгілеумен бірге мәтін ретін білдіретін сандар да осы жолы қойылғанын еске саламыз. Бұл тізімдерді келтіргенде, Мәшһүр Жүсіптің өз шығармаларын қалай атағанымен таныстырумен бірге аралықтағы бет мөлшерін анықтау мақсатын да көздедік. Сонымен қатар бір кезде тапсырылған «Мес» топтамасындағы біраз шығармалардың кейін онда болмауының, жоғалуының деңгейін де сараптауға жол ашқымыз келді.

331. «Көңілге қына шығып, көзге түрте орналасқан заман»- деп басталатын беттің (3- папка, 137 б.) ең соңында: «Бір рет Қызылордаға жіберуге даярланған сөздер»- деп жазылғанына қарап, біз реттік сан қойған: 47-66- ретті мәтіндердің Қызылордаға [бір кездегі Қазақстан астанасы] дайындалғаны айтылған да, ол мәтіндердің жіберілгені, не жіберілмегені көрсетілмеген.

332. «Қырда қылау, // Қызыл ала бұзау...»- деп басталатын жаңылпаш шоғыры (жалпы саны-7) да осы жазба (3-папка, 138 б.) негізінде 5-томда (103-104 б.) жарияланды.

333. «Арай, арай, арай бар»- дегенді бетке ұстаған тақпақ үлгісі алдымен Алматыдағы ОҒККК, 1177-папка Мәшһүр Жүсіп жазбасы (149-150 б.) бойынша алынып, әулеттік мұрағаттағы екінші нұсқамен (2- папка, 133 б.) салыстыру жүргізіліп, 5-томда (мәтіні-22 б.; Түсінігі:341-342 б.) берілгені мәлім. Бұ жолғыны үшінші нұсқа ретінде ұсынамыз. Осы орайда әр тақпақ алдында рет санын қою Мәшһүр Жүсіпте жоқ екенін, мәтіндерді бір-бірінен ажырату үшін оны өзіміз қойғанымызды ескерте отырып, аздаған өзгерістерге көңіл бөлсек, он төртінші: «Жалғызбын!»- деп зарықпа» дегендегі соңғы сөз бұ жолғыда «тарықпа»- түрінде келумен бірге келесі: «Мұңлымын!»- деп, камықпа»- дегендегі ақырғы сөзді «зарықпа» ауыстырған. Сонымен бірге он алтыншы: «Жаяумын деп, тарықпа» тармағы осы жолғыда мүлде жоқ.

334. «Шөлде жүрген дуадақ» - топтамасында өзгерістер көбейген. Мәселен осындағы бірінші сөз «шөлде» болса, бұрынғыда оның орнын «түзде» сөзі иеленген. Мұнда: «Көлде жүрген қоңыр қаз» // Шөл қадірін не білсін?!»- делінсе, онда: «Суда жүрген сүңгуір // Су қадірін не білсін?!»- қалпында берілген. Кітапта (5-том, 22 б.): «Жалғыздан өсіп көбейген»- делінсе, бұ жолғыда (3- папка, 139 б.) «өсіп» сөзін «өніп» алмастырған.

335. «Тіріліктің қадірін // Өліп көрде жатқан біледі»- дегеннің бұрынғыда мүлде орын алмауы да әр нұсқа ерекшелігін толық қамту мәнділігін аша түседі.

336. «Қырық қатынның ақылы...»- деп басталатын мәтін де бастапқыларда мүлде жоқ, тек осы жолы ұшырасуымен ерекшеленеді.

337. «Төйте тәуін» әңгімесі Мәшһүр Жүсіптің 3-папкасы (95б.) және 5-папкасы (73 б.) бойынша 6- томда (мәтіні- 191 б.; түсінігі-368 б.) берілген. Ал, бұл жолғы мәтін сол 3-папка ішінде орын алған Жолмұраттың көшірмесі, яғни сол үлгінің қайталануы деп санаймыз.

338. Бұдан (3-папка, 142 б.) кейінгі екі бетте Мәснәуиден келтірілген түсініксіз сөздер көп болған соң, біз соның Мәшһүр Жүсіп аударған қорытынды бөлімін берумен шектелдік.

339. Тапосы суреттеме осының алдында (3-папка, 141 б.) «сегізінші» деп біз рет санын қойған мәтін ішінде орын алғаны, Мәшһүр Жүсіптегі сөз-сурет қайталауы осы тұста ұшырасуы- осы бір ойға қайталап назар аударту үлгісі ретінде келтірілген тәрізді.

340. «Ғылым-білім туралы» мәтінінен бастап әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасын келтіре бастаймыз. Мұндағы «ғылым, білім» сөзі сол түпнұсқа маңдайында орын алған.

341. Осы орайда «Ғылым, білім туралы» мәтіні орын алған орта көлемді (дәптер беті көлеміндей) беттердің ашық тұрған бір қапталына кейіндеу қосылғанын танытатын басқа сиямен не қиғаштап, не көлденеңдеп жазылған ескертпелерге де назар аударып отырмыз. Мәселен, бұған дейінгі алғашқы бетте (4-папка, 1-бет) түрлі мәтінді қай беттен іздеуге болатынын ескертулер орын алса, осы екінші беттің оң жақ қапталында: «Қара құн- жүз жылқы, он екі «жақсы». Сүйек құны- елу жылқы, алты «жақсы», өнер құны- «тоқал құн» болды- тоғыз «жақсы»- сөздері келтірілген.

342. «Әркімнің жаны»- сөзімен тамамдалған 3-беттің сол жақ қапталында осы мәтінге қатысты үстеме берілген: «Құдайдың (Хұданың) құдіретінің шеберлігін тамаша қыламын- десен, Құдірет қолымен жасаған шаһарды тамаша қылу үшін, жалған дүниенің жүзінде пенденің жасаған шаһарларысын да әлдеқандай тамаша көріп, пәлен-түген деп сөйлеген болады».

343. «... бірі- жан-жаққа жібермей сақтап» сөздерімен аяқталатын 4-беттің оң жақ қапталына мына сөздер кіргізілген: «Құдірет қолымен жасалған шаһар адам болып жүреді, құс болып ұшады. Он сегіз мың ғаламда болған нәрсе- бәрі біреуінен табылады. Өзін жасағанда, ұзындығы- екі қарыс, жуандығы- бір жіліншіктей екі дінгектің үстіне сыйғызды».

344. Осы «Шүкіршілік тағылымы» орын алған беттің (4-папка, 18 б.) оң жақ қапталында мына үстеме ескерту берілгені: «Ойға салып, ойлай берсеннің- ақыры осы жерге шейін бес қағаздың соңында. Әуел соны оқып, сонан соң бұл оқылады».

345. Бұл арада Мәшһүр Жүсіп атамыз патшаның қол астына кірмеген аралық берекесіз кезеннен тұрақты билігі бардың қол астында болудың артық екенін салыстырмалы түрде айтып отыр. Әйтпесе сол патшалық Ресейдің қазақты отарлау саясатының күшті жүргені басқаны сөз етпегенде, 1907 жылы Қазан қаласында басылған 3 кітабында жете сөз болғаны бұдан бұрынғы басылымдарда (4-том, 3-79 б.; 8-том, 284-290 б.) көрсетілгені белгілі.

346. Осы мәтін орын алған беттің (4-папка, 28 б.) оң жақ қапталында мына ескерту жазылған: «Өзіңнен басқаға пайдан тигізуші болса, дін қарындасқа жуық, жатқа, ағайынға, алашка- бәріне бірдей пайдалы кісі болса, адам сол! Дәнемеге пайдасы жоқ жүрген- босқа аузын ашып, аңкиып жүргенлер».

347. «Баян өңіріне діннің таралу тарихы» мәтіні де осы жазба (4-папка, 34-42 б.) негізінде 9-томға (264-267 б.) кіргізілді.

348. Осы орайда Мәшһүр Жүсіптің «Мешіт зары» өлеңінің әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат (1-папка, 153-154 б.) көшірмесі бойынша 2-томда (мәтіні:88-90 б.; түсінігі- 352 б.) басылғанын еске саламыз.

349. Ақмолла Мұхаммедиярұлының (1831-1895 ж.) біраз өлеңдерінің Алматыдағы ОҒКҚҚ-дағы 1173-папка, 17 «ә» топта-

ма, 8(239)-14 (233) б. бойынша Ақмолланың «Күндер мен түндер» кітабымен (Жазушы, 1986, 59-76 б.) салыстыру жүргізіліп, 7- томда (мәтіні:113-123 б.; түсінігі: 338-341 б.) басылғаны мәлім. Бұ жолы әулеттік мұрағаттағы жазба (4-папка, 65-68 б.) бойынша ұсынып отырмыз. Бұл мәтіннің қашан қағазға түскені туралы осы жазбаның 66-бетінде Жолмұрат ескертпесі орын алған: «Мәшһүр мұны жазған 1910 жылында ғинуардын ... әуелгі онында жазылған... 370 жол барлығы». 7-томдағыдай, бұл 12-томда да осы жазба мен Ақмолланың кітапта басылған туындылары арасында айырмашылық баршылық екенін зерделеуді ізденуші оқырманның өз үлесіне қалдырып, бұ жолы біз Мәшһүр Жүсіптегі жазылу қалпын сақтап бере отырып, тек елеулі дегендеріне назар аудартқымыз келеді. Мәселен, кітаптағы: «Белгісіз өзіне» орын тапса- (115 б.) орнына-мұнда: «Нигире бір ұшадан тахсил тапса» (4-папка, 65 б.) делінген.

350. Ақмолланың «Күндер мен түндер» (Алматы, Жазушы, 1986, 115 б.) кітабында: «Береді мұқтажынша оған малды»- делінсе, Мәшһүр Жүсіпте (4-папка, 66 б.): «Мағрипат, мақтарыңға аңа бады»- қалпында өрістеген.

351. «Мергенге Құдай берсе тұғыры саһим» және «Тағырыпта менің не мықтарым бар»- деп басталатын кейінгі екі шумакта да айырмашылықтар бар екенін зерделеу мүмкіндігін оқырманға қалдырамыз.

352. «Жар-жар» өлеңінің алғашқы екі нұсқасы Алматыдағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1170-папка (8-15 б.) бойынша алынып, Ресей зерттеушісі В.В.Радловтың 1870 жылғы кітабындағы үлгімен салыстыру жүргізіліп, 5-томда (мәтіні.3-8 б., түсінігі:335-337 б.) жарық көргені белгілі. Бұл 4-папка (69-73 б.) толық сақталмауымен ғана (бастапқы парағы жоқ) ерекшеленеді, сөз қолданыстарында біркелкілік сақталған.

353. «Беташар»өлеңі алдындағы түсінік бұрынғыда жоқ болып, кейінгіде ғана енгізілуімен ерекшеленеді.

354. Бұрынғыда «Жар-жардан» кейін «Жұбату», соңында «Беташар» берілсе, бұ жолғыда жұбату ең соңында орын алған. Бастапқыда тек бір тұста: «Мұнша қызмет қылды-деп»- тармағынан кейін «Алғаным тапты жолды- деп»-тармағы түсіп қалғаны (5-том, 10 б.) анықталды.

355. Баймұхаммед Тілеубергенұлының «Гүлқашима» дастаны бұдан бұрын Алматыдағы ОҒКҚК, Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1176-папка, 273-287 б.) бойынша 7-томда (мәтіні:174-200 б.; түсінігі: 363-373 б.) жарық көргені мәлім. Бұ жолғыда жазбаның: «Көзіме көріндіңіз хор қызындай»- деп басталатын 70-шумағынан кейінгі негізгісі 4-папка, 83-98 б. сақталған. 7-томның түсінік бөлімінде бұл туындының көп уақыт Мұхамеджан Сералиннің авторлығымен шығып келгені, шындығында М.Сералиннің автор емес, Мәшһүр Жүсіп тәрізді жинаушы ғана екені Мәшһүр Жүсіп жазбасы көмегімен дәлелденгенін еске саламыз.

356. Бұл арада Мәшһүр Жүсіп Түркістан, Тараз қалаларындағы медреселердегі т.с.с. жазба нұсқаларды ескермей отырған жоқ, ауыз әдебиеті т.с.с. үлгілерінің көбінесе ауыздан- ауызға тарағанын бөліп көрсету үшін жазған деп есептейміз.

357. Мәделі Жүсіпқожаұлының «Бәйтерек, Байзақ» өлеңі Алматыдағы ОҒКҚК- да сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасы 1177-папка, 64 б. бойынша беріліп, әулеттік мұрағаттағы түсіндірмемен (1-папка, 143 б. және 4-папка 105 б.) салыстыру жүргізіліп, 7-томда (мәтіні:68-69 б.; түсінігі: 328-329 б.) жарияланғаны мәлім. Бұ жолы осы жазбадағы өлеңнің соңы сақталмағанын ескерте отырып, 8-шумақтың ондағыдай: «Тату тұрсаң, көп қосын жимайсыз ба, // Елдегі телі-тентекті тыймайсыз ба?!»- қалпында емес, «Елдерді қосындағы жинайсыз ба, // Елдің телі- тентегін тыймайсыз ба?»- түрінде біраз өзгергенін байқадық.

358. «Торайғырдың тағы бір сөзі»- мәтіні де осы жазба (4-папка, 109 б.) негізінде 6-томға (165-166 б.) енгізілді.

359. «Бәсентиіннің шежіресі»- осы жазбадан (4-папка, 119-120 б.) алынып, «Қазақ шежіресі» (алтыншы нұсқа) ішінде 10-томға (313-314 б.) кіргізілді.

360. Өлеңдегі сөз қолданысына т.с.с. қарап мұны «Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені» өлеңінің соңы болар деп шамалауға болады.

361. Мәшһүр Жүсіптің осы жазбаға (4-папка, 188- 195 б.) иек артқан «Жақып сұлтанға» өлеңі 4- томға (216-223 б.) кіргізілгені белгілі.

362. Мәшһүр Жүсіптің осы жазбасында (4-папка, 195-203 б.) орын алған Абай Құнанбаев өлеңдері 7- томда (128-150 б.) басылды.

363. «Жарлыкөл»- деп аталатын көл қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Мәшһүр Жүсіп жерленген кесенеден шығысқа, Майқайың қалашығына қарай 15 шақырымдай жерде орналасқан.

364. Мәшһүр-Жүсіптің Қартқожаға айтқан «Қазақ- бақытсыз ел: маңдайына сыймайсың!»- деген сөзінде көп мағына жатыр. Мәшһүр-Жүсіптің ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басында жазғандарының бәрінде қалың көпшілікті оқуға сан қайталап шақырғаны белгілі. Ал, осы тұста, 1927 жылда кеңес үкіметінің шын пердесі айкындалып, алда қазақ оқығандарының жаппай мерт болып қырғынға ұшырайтынын Мәшһүр-Жүсіптің ерте болжап, өз маңайындағыларға енді басқаша үгіт жүргізгені де байқалады. Мәселен, бұл хаттан ақынның Қартқожаға оқуға жоламауды ескерткені көрінсе, кенже ұлы Мұхаммедфазылдың оқуды жалғастыруына қарсы болуы да-бәрінен нағыз оқығандар үшін төніп келе жатқан алапат қырғыннан аз да болса, біраз адамды Мәшһүр –Жүсіптің аман сақтау ниеті танылады деп санаймыз.

Мазмұны

Жаппардың пайғамбарды қонаққа шақырғаны	3
Маукай деген акынның «Көгершін хикаясы» өлені.....	5
Умисәлім хикаясы	7
Бір ағыраби хикаясы.....	8
Наурызбай туралы.....	13
Адам қолынан келмейтіндер туралы (бірінші нұсқа).....	13
Нышан белгі, әдет-ғұрып әңгімелері	14
Ізбас қажы (бірінші нұсқа).....	15
Мәшһүр Жүсіптің «Мұхаммедканафия» дастаны	23
Әдһам диуана және Ибраһим (бірінші нұсқа).....	25
Абылай тұсындағы заң-жоралғылар (үшінші нұсқа)	77
Едігенің алғашқы билігі (бірінші нұсқа)	77
Едігенің көрген түсі (төртінші нұсқа)	79
Торайғырдың тапқырлығы	79
Арыстан Тобылбайұлы (1811-1880) дерегі.....	80
Жұлдыздар туралы.....	81
Үш нәрсе	81
Бөрібайдың «Әудемжер» өлені	81
Мәшһүр Жүсіптің «Мақұлға айтқаны» өлені.....	82
Мәшһүр Жүсіптің «Хаятбақшы» дастаны (бірінші нұсқа)	82
Ноғай ақсақал сөзі	141
Құлбайдың сөзі:.....	143
Тарихи бір дерек	144
Махаббат туралы	144
Өнер дүниесі туралы.....	146
Өмірбаяндық деректер.....	148
Тобықты шежіресі үзігі.....	149
[«Сөз тапқанға қолқа жоқ»- дегенің мәнісі (екінші нұсқа)].....	150
Мақалдар мәнісі	152
Мұхаммед пайғамбар туралы	153
Адам мүшелерімен Жүсіп пайғамбар өмірін байланыстыру.....	157
Адам денесін ай, жылмен салыстыру	161
Мағамлат ағашы	162
«Мағрипнама» – кітабына байланысты ойлар.....	164

Шоң мен Тіленші (бірінші нұсқа).....	165
Бір кедейдің сараңдығы (екінші нұсқа).....	166
Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған? (төртінші нұсқа).....	167
Дінге қатысты деректер.....	169
Қазақ сөзі.....	169
Қожа Хафиз сөзі:.....	171
Ғалымдар шешендігі.....	172
Мұса Шорманұлы айтқаны.....	178
Хыжаж бен Иосифтің зереклігі.....	179
Ғибрат сөздер.....	180
Мәшһүр Жүсіп өмірбаяны.....	180
Құдайдың бір фазылына алғаны.....	181
Фирдоуси өмірі деректері.....	184
Пайғамбарға берілгендер әңгімесі.....	185
Мәшһүр Жүсіптің бір наза болғаны.....	186
Дінді бұрмалаушыларды сынау.....	186
Қамардин хазіреттен естілген сөз.....	187
Ибраһим пайғамбар жауабы.....	188
Тоғайрақ билігі.....	189
Мәшһүр Жүсіп өлеңдері.....	190
Ұста тұспалы және Жиренше (екінші нұсқа).....	192
Мақалдар:.....	194
Адам қолынан келмейтіндер туралы (екінші нұсқа).....	195
Бұрынғылар айтқан екен.....	196
Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз.....	196
Нұрекен бай туралы.....	198
Л.Н. Толстой және басқалар айтқандары.....	198
Сөз жүгі.....	200
«Ай мен Күндей, һәммаға бірдей» – дегеннің мағынасы.....	200
Адам қолынан келмейтіндер туралы (үшінші нұсқа).....	204
Төрт асыл, бес береке.....	207
Пенденің міндеттері туралы.....	208
Мәделі Жүсіпқожаұлы өлеңі.....	212
Мәшһүр Жүсіптің «Ишарат өлең» туындысы.....	214
Дүние алдаушы.....	215
Бұрынғылардың батасы.....	215

Едігенің бата кылғандағы әңгімесі	216
Оташының бір сөзі	217
Шағын дерек	218
Едігенің алғашқы билігі (екінші нұсқа).....	219
Сақау акын және Боштай.....	220
Ташкент пен Қытай қариясы әңгімесі	221
Тағы бір дерек	222
«Үндемесе де Бабыр еңбегі» дегеннің мәнісі.....	222
Бір шежіре үзiгi	223
«Хаятбақшыда» қолданылған сөздер мәңпісін	
Мәшһүр Жүсіптің саралауы	223
Дүниеге көңілі қалғандықтан, сөйлеген сөзі.....	226
Ит дүние.....	228
Мәулана Руми туралы.....	228
Шәміш диуананың ісі.....	233
Бір жұмбақ.....	237
[Адам, аң әдеттерін салыстыру].....	239
Екі адам дауы	239
Ертіс бойындағы қожалар (бірінші нұсқа).....	240
Бәсентиін шежіресі жалғасы	241
Қанатты сөз	241
Жан, дене туралы.....	241
Үзік деректер.....	242
Көтеш акын деректері	242
Дүниеқордың уайымы.....	244
Географиялық деректер	245
Шежіре: Арғын-Қаржас- Талас тарауы	246
Мәшһүр Жүсіптің балаларына жазған хаттары:	247
Мырзалық үлгісі	252
Семей сапарынан оралу әңгімесі	252
Қозы Көрпеш-Баян сұлу.....	254
Мәшһүр Жүсіп шығармалары тізімі	254
Такпак	258
Мақалдар	260
Өлім түрлері туралы	261
Ғылым іздемеушілерді сынау.....	262

Ғылым, білім туралы	263
Мәшһүр Жүсіптің «Құдірет шеберлігі» өлеңі.....	267
Шүкіршілік тағылымы.....	271
Мәшһүр Жүсіптің «Нығмет иесі» өлеңі.....	274
Орынсыз мақалдар туралы.....	275
Тарихи бір дерек	276
Нығметтің шүкіранасы	277
«Мешіт зары» өлеңіне түсінік	277
Дін тағылымы	278
Нух пайғамбар тағылымы	281
Намазға қатысты парыздар.....	282
Ақмолла Мұхаммедиярұлы (1831-1895) өлендері	288
Тұрмыс –салт өлендері	290
Екінші бір деректер	291
Үшінші бір деректер, «Мышной Шәрип» туралы	293
Төртінші бір дерек	294
Жол сапары әңгімелері.....	294
Ғылымның бір пайдасы туралы.....	296
«Мәшһүр Жүсіптің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені» өлеңі.....	297
Бесінші бір дерек	297
Мәшһүр Жүсіп хаттары.....	298
Мәшһүр- Жүсіпке жазылған хаттар	301
Түсініктер	310

Мәшһүр Жүсіп

Шығармалары. 12 том

15.09.2008 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі KZ Times.
Шартты баспа табағы 24,2. Есептік баспа табағы 19,7.
Таралымы 1000 дана.

«ЭКО» ЖШС-та басылған.
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 32-16-08